

Каз 2
Т 60


СВЯТАН
МАХМУТ

ТОРЬЯИ
ФЫРРОВ

Қ а з а қ С С Р Ғ ы л ы м А к а д е м и я с ы

М. О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты

СУЛТАН



ТОРБИАН

Каз 2
Т 60

МАХИМУТ

ШЫҒАРМАЛАР

797091

Павлодарская областная
БИБЛИОТЕКА
им. Н. Островского

0111

Ар

Екі томдық
Екінші том

ҒЫРОВ

Павлодарская областная
библиотека
им. С. Торайгырова

Сұлтанмахмұт Торайғыров шығармаларының екі томдығы ақынның 1933, 1950, 1957 жылғы жинақтары мен әр кезеңдегі баспа бетінде жарияланған шығармалары негізінде құрастырылды. Түрлі баспаларындағы өлең нұсқаларын мұқият зерттеу, өз ара салыстыру нәтижесінде бұл екі томға енген шығармаларға недәуір текстологиялық жұмыстар жүргізіліп, түсініктер берілді.

Бірінші томға ақынның өлеңдері мен поэмалары, екінші томға романдары мен мақалалары, әңгіме, очерк, хаттары және замандастарының естеліктері енгізілді. Сөз басы мен сөз соңын жазған филология ғылымдарының кандидаты Ы. Т. Дүйсенбаев.

Екі томдықты баспаға дайындағандар: филология ғылымдарының кандидаттары — Ы. Т. Дүйсенбаев, Б. Ақмұқанова, М. Жармұқамедов.

Түсініктерді жазған: Б. Ақмұқанова мен М. Жармұқамедов.

Шығарушылар алқасы:

Б. КЕНЖЕБАЕВ, М. ГАБДУЛЛИН,
Ы. ДҮЙСЕНБАЕВ, Д. ӘБІЛЕВ,
Т. АБДРАХМАНОВ, Ғ. ҚАИЫРБЕКОВ,
Б. АҚМҰҚАНОВА, М. ЖАРМҰҚАМЕДОВ.

Жауапты шығарушы
М. ЖАРМҰҚАМЕДОВ.

Жалпы редакциясын басқарған
Ы. Т. ДҮЙСЕНБАЕВ,
Суретші А. ДЯЧКИН



● ● ● Р О М А Н Д А Р Ы





КІМ ЖАЗЫҚТЫ

Бір сөзім бар шалдуар.
Болмаса да тыңшысы.
Бұ күнде жоқ, соң туар
Роман мен сыншысы.

I

Түскендей әуе жерге қырық күн шілде
Ішкен мас, жегендер тоқ күнде-күнде.
Қысқа түн қымқырылды, таң көрінді:
Кел, шық деп, иек қағып жарық күнге,

Ән салды таңды мақтап сансыз торғай
Бас иіп, бәйік болып, жерге қонбай.
Найқалып таң желіне тербетілді,¹
Көк майса көзі ілініп тұрған сондай.

Асыл шөп, жасыл шықтың иісі аңқып,²
Батқандай мелдігінен нұрға қалқып,
Күлімдеп көктің жүзі көңілі шат:
Жауһардай күн шығар деп бізге балқып.

Көлбеңдеп көкке қарай жердің буы,
Айнадай анандайдан көлдің суы;

Күй билеп суда тұрған барлық қамыс,
Ән салды домбыра мен құстың шуы.

Мақтанып қара түнде нұрын шашқан,
Айдың да өлеусіреп түсі қашқан;
Шығарын сұлу күннің сезгеннен соң,
Бірі жоқ тамам жұлдыз бетін басқан.

Жайылып төрге қарай таңның ағы,³
Көрінді ауыл-ауыл маңайдағы.
Қарайып, өрген сиыр түйе менен
Ауылдың малға толды әрбір жағы.

Ыңыранып қой қотанда таңды көріп,
Күн шықса, жайылысқа кетпек өріп.
Төбеттер үй алдына жаңа жатты
Түн бойы қой күзеткен, ұйқы бөліп.

Таяқты, жалаң аяқ шалдар тұрып,
Сүйкенген үйлеріне қойларды ұрып.⁴
Бір молда шөугім ұстап, тысқа шықты,
Бүкшеңдеп, арба айнала қақырынып.

Қисайған қос секілді жалғыз қара —
Ауылдан арқан бойы тұрды дара.
Қолтықтап «Әптиеке» пен «Құрандарын»,
Жиылып жатыр сонда біткен бала.

Күн хабар сонда берді нұрын шашып,
Бір күлді жүзіменен амандасып:
«Ал, бізге сәуле түсті, алақай!» деп,
Ой мен қыр қарап тұрды жымыңдасып.

Өргізді қойшы тұрып, қойын айдап,
Ерттеп ап арқандағы атын жайлап:
Торсыққа ақ боз үйден қымыз құйып,
Жанына мықтап тұрып алды байлап.

II

Жайлауға кеше қонған Тасболат бай,
Дарыған қыдыр оған, дәулеті сай,
Ақ орда сегіз қанат тігіп тастап,
Жатқаны қор-қор ұйықтап: көңілі жай.

Бейқисап ол жайлауда жердің шөбі:
Көрінбес кірсе ішінен малдың төлі.
Айдын көл айналасы, ат шаршарлық,
Көркейтіп көздің жауын жердің өңі;⁵

Жан-жағы көк майсалы шалғын томар,
Қаңқылдап жалтырына қаздар қонар,
Мөп-мөлдір суы таза, суықтығы:
Шілдеде түскен кісі жаурап шығар.

Өрісі көз көрім жер, ұзақ кеткен,
Мың жылқы тырағайлап ұзап кеткен.
Жер еркін, қуар, қорыр тірі жан жоқ:
Бетімен жей береді аяқ жеткен.

Іргеден бие бауы тұрған пісіп,
Құрақ жеп, ыстық болса, суға түсіп.
Аяқты малдың оңалғанын көріп
Ойларсың кетті ме деп күп боп ісіп.

Сүт тұрды сауған сайын малдан ағып,
Ешкім жоқ азаптанған, оны бағып.
«Ет, ет» деп, қымыз ішіп, көпірісіп,
Қазақтар тек жүрмекте, сандал қағып.

Бұ жерде мекен еткен Керей халқы,
Кең жері, байлығымен шыққан даңқы.
Бұл елде басқа елден де басым еді
Бұрынғы қазақшылық, ата салты.

III

Тасболат жұрттан асқан малды кісі,⁶
Сол үшін өз табының алдыңғысы.
«Болса да аузы қисық, бай сөйлесін»,
Дегендей оңға басқан әрбір ісі.

Он бес жыл болыс болған, Меке барған,
Қазақша еш қызық жоқ мұнан қалған.
Шалдары қошеметші айтушы еді,
— Апырмау, бар ма екен,— деп,— сізде де
арман?

Үйінен күндіз-түні ат кетпеген,
Қонаққа, мырзалыққа жан жетпеген.
Қазақ тұрсын, «начальник», «төрелер де»
Қағысып «пожалуйте» етпеттеген.

Саудагер жүрген-тұрған, қожа-молда
Жем үшін, тұрымтайдай қонып қолға:
Қазақша барып тұрған жуан тұқым,
Үкімі жүріп тұрды оң мен солға.

Бұл дәулет жалғыз ғана өз басында,
Жоқ еді Жақып деген ағасында.
Баласын ағасының болыс қойды
Билеген өз халқының арасында.

Мырзамыз болыс болған Байбол атты;
Орысша білуші еді тіл мен хатты.
Баласы Тасболаттың Жақан мырза
Жағынып әзер алды кандидатты.

Тасболат қимаса да болыстықты
Тіл білмесе қоймайтын закон шықты;
Не баласы, не өзі оқымаған,
Болғанмен кара күшке сонша мықты.

Ал, енді қыларыңды қыл заманға:
Бір білген ауысылмас мың наданға!
Байболды амалсыздан қоя салды,
Кететін болғаннан соң басқа адамға.

Оқуды іздеп еді Байбол жаста,
Мәз болмай, Жақанға еріп, ішер асқа;
Жасы жас, семинарияға былтыр кірген,
Өтірік «приговормен» толды жасқа.

Көрмеді болыстықты Байбол оңды
Жұрт шулап, десе-дағы: «бақыт қонды...»
Көп қашты «оқимын» деп, болыстықтан,
Қоймады жұрт талқысы, ақыр көнді.

Жақан мен Тасболаттың өңі қашып,
Сырты жай болса-дағы, жүрегі ашып:

«Қонақ күт, оқып не бар саған!» дейтін,
Кеткен соң өздерінен Байбол асып.

IV

Екі жыл мұнан кейін заман өтті
Қыршын жас Жақан өлді, ажал жетті;
Ауруы күйдіргі еді, докторға айтпай,
«Құдай сақтар өзі» деп, қапы кетті.

Жылады: «жөн менікі ед», деп атасы,
Сүйтсе де артында бар бір баласы;
«Соған өмір берсін деп», тоқтау айтып,
Бата оқыды, бас жеді отағасы.

Бата оқыр, ағайыны күнде топыр;
Жемтік көріп жиналған молда да отыр;
Қылқиып мойындары шарт жүгініп,
Мықшита «ағузыны» «құран» оқыр.

Жақан марқұм қатынды жасында алған,
Өскен соң бірді айттырған, қылып арман.
Бастапқысы жиырма алты жасында еді
Бесікте бір ұлы бар, туып қалған.

Соңғының болған әбден малын беріп,
Той қылған, қол ұстаған, қойынға еніп;
Біраздан соң алам деп жүргенінде,
Жетпеді мақсатына ажал келіп.

Бәрінен Тасболатқа осы батты,
Қайғырды келіні үшін жаман қатты;

Тірі кісі тіршілік қамын қылып,
Жыл өтті: есін жиды, етек жапты.

Әжібай кенже қалған жалғыз бала
Он екі өтіп, он үшке толған жаңа.
Әжібайға бес жасында-ақ қыз айттырып,
Мал беріліп қойылған оған және.

Оқуға ынтық емес қазақ халқы,
Атадан қалған қате бұл бір қалпы;
«Бай кісі бала оқытып, підие ала ма?»
Дейтұғын Тасболаттай байлар салты.

Үйреткен Таспекеңді өткен сайлау:
Тіл білмеу болыстыққа болып байлау,
Сол жылы шардан қалып ыза болып,
Школға беріп еді Әжібайды-ау.

Екі қыс оқып еді Әжібай онда
Биыл тағы жүр еді оқып сонда:
«Қарағым, ағаң өлді, үйге жүр!» деп,
Тасболат Әжібайды алды қайта қолға.

Алатын неге десең жесірі бар,
(Қазақтың жесір деген кесірі бар).
«Бар болса әменгері жесір кетпес»;
Дейтұғын ескі ғұрып-кесімі бар.

Ү

Әжібай ерке өскен, қағу көрмей,
Бетіне ешбіреуден шіркеу келмей.

Балаға, тілі шықса айналасы
Қоя ма тұрмысынан өрнек бермей?

Тәрбие жоқ қой қазақ арасында
Солайша өскен ата-бабасы да:
Көргені әке-шеше қалай болса,
Алмақшы содан үлгі баласы да.

Еркінше ел жұртына еркелеген,
Әкесі: «Бұл қарағым ерке» деген.
Жан біткен қымыз бенен еттің құлы:
Ел оны еркелетпей қойсын неден?

Боқтаса «қарағым!» — деп беттен сүйген
Болмай ма байға ала көз оған тиген?
Жан-жағы тәрбиесіз, надан болып,
Солардың жұға-жұға кебін киген.

Оқытқан «әліпсін-ә» надан молда,
«Иман шарт», «Әптиегін» беріп қолға.
Онда да тұмыстағы зеректікпен
Үш жылда хат таныған шала-зорға.

Жүр еді орысша оқып өнер бастап,
Әдетін мектеп көріп, бір-бір тастап.
Тасболат тоқтатқанын сөйлеп өттік
Талабын өркендемек бетке жасқап.

Әлпеті алмас қылыш жайнап тұрған,
Ашуы шапшаң, қатты барып тұрған.
Жасынан зейін алғыр, тілге шешен,
Қазақша қара сөзге ағып тұрған.

Қуаты өлеңшілік жүрегінде
Бар еді Әжібайдың сүйегінде.
Үйренген аузы бірақ бейпілдікке
«Тентек» деп сөйленеді жұрт көбінде.

Сымбатты қара торы, орта бойлы,
Кеудесі жылдам сезгіш, жүйрік ойлы.
Осындай, әттең дүние, зеректігін
Оқытпай надандыққа байлап қойды.

VI

Өз қайыны Әжібайдың алысырақ,
Шамасы сексен шақырым, емес жырақ.
Жәмилә — қалыңдығы жиырма жаста,
Сүйегі бос, бет-аузы тәуір сымақ.

Көрмеген өмірінде ұстаз алдын,
Бетімен қазақша өскен далдың-дұлдың.
«Қыз оқыса, хат жазса, бұзылады»,
Дейтін әдет шіп-шикі надандардың.

Жәмиләнің әкесі соның бірі
Әрі пысық жан емес еті тірі.
Шай қамзол, құндыз бөрік кигенменен,
Бес батпан десең болар еттің кірі.

Ондай жан құнт қыла ма үсті-басын,
Биттетер салақтықпен, жумай шашын,
Үлгі алар, үйретерлік кісі көрмей,
Өткізер қазақ қызы өмір жасын.

Әкесі Жұмағұл бай болған болыс,
Алтайдың бір саласын қылып қоныс;
Қажыға Тасболатпен бірге барған,
Басталған содан барып құда болыс.

Баласын со жыл туған ырым қылып
Ат қойған «Қажыбай» деп атандырып;
Ақырда Жұмағұлмен құда болған
Сүйек жақын болайық десіп жүріп.


Көлденең жұрт; «Жарайды, орын» деді,
Той, құдалық, — бәрі де орынды еді.
Бұлар құда болысып, мал бергенде,
Әжібай — бес, Жәмилә — он бірде еді.

Әжібайдың ағасынан қалған қайны
Жанғабыл би байшікеш малға сайлы;
Жалғыз қызы — Жаңылды әуелде де
Беріп еді деп ойлап, орны жайлы.

Жанғабыл неге десең, жерге құмар
Таласып, ағайынымен жүрген бұлар;
Аузы бұлды құдаға арқа сүйеп,
Жанғабыл енді алаңсыз билік құрар.

Ақылы аз Жаңылдың да оқып тұрған
Мінезі құстай ұшып, қонып тұрған.
Сүйегі тым бос емес, іске тәуір,
Парықсыз дарақылау, бойы бұлғаң.

Еш нәрсе оқымаған бұл байғұс та,
Жері жақын бір қоныс, бір болыста.



160567

Әжібайға келіншек боп биыл түсті,
Он сегіз жасқа толар осы қыста.

VII

Жаңылды Жәмиләдан бұрын алған
Бір рет солай етер жөні бардан.
«Не алсын, не босатсын жесірін» деп,
Аздан соң Жұмағұл да кісі салған.

Болғанмен Әжібайдың жасы кіші
Жек көрер Жәмиләні қазір де іші;
Қол ұстап бұрнағы жыл көргеннен соң,
Келмейтін сонан бері еш алғысы.

Бұл сырын ауылдағы білетұғын:
«Малың босқа кетеді» деп күлетұғын.
Тасболат ел шақырып тойын қылды,
Қайынға уақыт болды жүретұғын.

Бала айтты: «Алмаймын да, бармаймын», деп
Әкесі айтты: «Барасын таяқты жеп,
Қажы бардым, сақалды басым мынау...
Бата бұзған не сұмдық сен сүйтті — деп.

Берді деп ойлайсың ба малды босқа?
Өзіме тартпай туған ақымақ, шошқа!
Тілімді әлден менің қайырасың,
Айтайын не бетімді дос пен қасқа?»

Ел айтты: «Біз де тұрмыз намыстанып,
Кетеді елге үлгі боп мұндай қалып.

Сүймесең бір қатынды тағы аларсың,
Әйтеуір, осы ауылға келсейші алып».

— «Разы бол, мен барайын, сендер енді,
Ренжіп ата-анам да қарғай берді;
Әйтеуір, ауылыңа әкеп бір берейін»,—
Деп Әжібай біраз күнде алып келді.

Жәмилә көп жасаумен келіп түсті:
Кілем, тон, шапаны көп әрбір түсті.
Жиыла елі келіп Тасболатқа
«Қайырлы болсындарын!» жаудырысты.

Жәмилә келіншек боп түскен күннен,
Әжібай маңайынан алыс жүрген.
Онда да Тасболаттың түрткісімен
Жылына үш-төрт барып, өмір сүрген.

Әжібайдан Жаңылдың да үлкен жасы,
Нақ разы боп келмеген оның басы.
Баласы жас болған соң іші сенбей,
Жүр еді қысып ұстап қайын анасы.

«Билетпе!» деп Әжібайға сабаттырып,
Кекетіп түзу сөзін теріс бұрып,
Сүйгені барлы-жоқты сөнді Әжібайдың
Тіліне анасының еріп жүріп.

VIII

Үш-төрт жыл өтті сүйтіп бұл арада
Жаңылдан туып салды бір бала да.

Жақанның тұл қатыны байға тимек,
Баласын қимай біраз шыдаса да.

Кете алмай жүрсе-дағы орнын қиып,
Жас кісі қалай тұрсын нәпсін тыйып?
Ішінің томпайғанын сезгеннен соң,
Тұра алмай сөз қылдырған үйге сыйып.

«Мұны да ал! — деп айтты Әжібайға:
Жіберме жесіріңді бөтен жайға;
Алмасаң, балам, сенің ісің тентек
Ағаңның аруағы мен бір құдайға».

Әжібай деді: «Отырма оттап, үріп!
Қақпасым, жүрген жерің бәрі бүлік!
Алмақ түгіл тастаймын екеуін де...» —
Деді де кетіп қалды атқа мініп.

Тасболат жанындағы жұртқа алаңдап,
Ұялып айтқан болды қызараңдап:
«Баланы ерке өсіру бекер екен...
Қарғайын десем, жалғызым... қап, бәлем,
қап!..⁸

Әжібайдың көнбесіне көзі жетті,
Кетем деген жесірді енді нетті?
Ағайыны Тасболаттың Садық деген;
Зорлықпен соған қосып, зар еңретті.

Садықтың алпыс беске жасы келген,
Кемпірі жетпістегі былтыр өлген.
Күтуге енді оны кісі керек
«Жесір ерден кетсе де, кетпес елден».

Сорлы әйел шарасыздан шалға тиген;
Баласы мұнда қалып, іші күйген;
Садық алған уақытта екі қабат
Айтқан ек сөзді болды деп сондай күймен.⁹

Садыққа барғанына үш ай толды,
Баланың туатұғын уақыты болды,
Шалсынып һәм ұялып ел мен жұрттан¹⁰
Себепкер жігітімен тартты жолды.

«Кетті,— деп,— жесірімді алып қашып»,
Сөз қылды Тасболат бай съез ашып.
Жігітке көп мал кесіп айып салды,
Барлық жұрт тентек қылып шуылдасып.

Малына жігіт шыдап сабыр етті,
Сүйтсе де, тым көп еді: батып кетті.
«Қатыннан туған бала менікі» деп,
Садықтың дауласумен өмірі өтті.

IX

Әжібай қазір міне он сегізде,
Әкесін билеп алған осы кезде,
Әке-шеше, қатынды жан деместен
Қырындап қызды ауылды болған кезбе.

Он төртте еді, төрт жылдай заман өтті,
Бай баласы буланып, өсіп жетті.
Үйінен жасқа толып келген қыздар
Тұрмыс басты, күн сайын өңі кетті.

Бұл кезде екеуінен бала туған,
Көре алмай бай қызығын қайғы буған,
Жүдеу бас, киімі кір, күтімі жоқ,
Әжібайдың көрген сайын көңілі суған.

Алмаған басында да Әжібай сүйіп,
Қосылған тек қазақтың ғұрпын киіп:
Әжібай айында бір қатыным дер,
Онда да көңлі түссе құдай иіп.

Астына әсем керін мініп алып,
Үкі тағып, тымағын алшы салып,
Домбыра, сауық-сайран, өлең құнттап,
Қызды қызық жиынға қалмай барып.

Буынып мықынынан ырғаң басып,
Бой салмай шаруасына тиіп қашып.
Маңында беті тәуір қыздарменен
Жүруді мақтан қылды қылжақтасып.

Аузына насыбай салып, сөзін бұзып,
Жолдасы қошеметшіл өңшең бұзық.
Әйелді алдап тастау, сүйтіп тастау —
Қазақша ер жігітке үлкен қызық.

Жем үшін бес минуттік жігіт құмар,
Деп ойлар: «Ең болмады атым шығар».
Көркі үшін көрінгеннің жаратылған
Әйелді мақұлық деп жігіт ұғар.

Қыз да жоқ тазалықтың қадірін білер,
Кісімен түпкіліксіз бой бүлдірер:

«Пәленше бай баласы жолдасым» деп,
Ол жетпесе, мақтан қып айтып жүрер.

Әжібай білді құрығы қайтпайтынын,
Көп қыздар теріс жауап айтпайтынын.
Көркем, пысық, бір байдың жалғыз ұлы
Екенін қыздар-дағы байыптайтынын.

Осылай табылды ермек Әжібайға,
Үйдегі қатын қайда, шаруа қайда?
Айтқанына тез көне қоймағанды
Алдаушы еді алам деп, етіп айла.

Жәмилә тумысынан босаң шіркін:
Білмеді ұстап, ұқсатып үйдің мүлкін;
Салақтықты сыныққа сылтау қылып,
Әжібай сабаушы еді дүркін-дүркін.

Жаңылға түскен жылы шешек шығып,
Бет-аузын кетіп еді бұжыр қылып;
Фельдшер әкеп жасында ектірмейді,
Не болса құдайдан деп, қазақ біліп.

Әжібайға Жаңыл жексұр онан сайын,¹¹
Көрмеді жылға дейін бір маңайын.
Қатындары Әжібайдан әлі үмітті
Демеді: «Басқа өмір қармалайын»:

Неге десең, ата-ана, ауыл-аймақ
Ұқтырған қатындарға әбден жайлап:
«Әжібай әлі-ақ қояды, жастығы ғой,
Жасында кім үйтпеген, тұрсақ ойлап...

Пәленше де сүйтетін баяғыда,
Қатынын жақсы көрген аяғында.
Жақтырар бұ да сені соңыра таман,
Жүре бер, көтере бер таяғын да...»

Бұл сөзбен қатындардың күні кешкен
Тосты, күтті, көңіл жоқ әлі үйлескен.
Сергектік, жинақылық қайдан келсін:
Айрылған ойлай-ойлай ақыл естен.

Сүлесок, былқ-сылқ етіп ауру жандай,
«Уһ!» десе, көкректері жарылғандай:
Бір кісі жылы қарап сөз бастаса,
Мұң шағып, көз жастары ағылғандай.

Ой да жоқ, әлдеқашан кеткен тарап,
Көргенге мұңды көзбен етіп алақ.
Ішінен көлденең жұрт ойлаушы еді:
«Әжібай қалай ұнатсын, бұлар салақ...»

Десе де сырттан көріп қазақ сондай
Шынында қалай тұрсын мәңгі болмай?
Келін боп түскен күннен көздерінің
Құрғақ тұрған күні жоқ жасқа толмай.

Жәмилә, Жаңылменен тірі жесір,
Жас өмір сол қорлықпен өтті-ау есіл!
Шын жесір мұнан-дағы болған артық
Қазақтың тағы үйткізбес ғұрпы кесір.

Бұл кірмес Әжібайдың еш ойына:
Оның ойы кезіп жүр өз тойында.

Жәмилә, Жаңылменен керек емес,
Басқа жерден дос табу бар ойында.

Х

Отыз шақырым Әжібайдың ауылынан
«Қызыл су» деген қала бар бұрыннан.¹²
Атақты «уездной город» болмаса да,
Халық көп мекен еткен әр рудан.

Әжібайдың бұл қалаға барысы көп
Ішіп кетер, жеп кетер — танысы көп;
Қаланың майда тілді байларымен
Тасболаттың һәм беріс-алысы көп.

Кейде ішіп Әжібай мырза бүліп жүрді,¹³
Ыржақтап кез келгенмен күліп жүрді.
Дәулетін төгіп-шашу арқасында
Атаққа «мырза» деген кіріп жүрді.

Қалада Бейсен деген бір кәрі шал
Бейсеннің екі ұлы һәм бір қызы бар;
Орныққан не заманнан сол қалада¹⁴
Дәулеті орташалау, көп емес мал.

Оқыған, бірі — учитель баласының,
Бірі — ішкіш, басқан жері бір қап шығын,
Учитель жаңада опат болып,
Бейсенді қайғы басқан тым-ақ мығым.

Марқұм көп ауырған еді чахоткамен,
Енді қалған баласы Жүсіп деген.

Аппақай сол Жүсіптің қарындасы
«Сұлу» деп, көз сұқтанған сондағы елдің.

Мұны да қазақ ғұрпы шатастырған,
Жасында бір қазақпен атастырған.
Күйеуін ес білген соң, көңілі сүймей,
Жас жүрек жан серігін қарастырған.

Марқұм болған ағасы тірісінде
Қазақтың жақтырмайтын бір ісін де.
Бір қазақ қаладағы жас фельдшерге
Бар еді берем деген ой ішінде.

Таныс боп фельдшер жүрген келіп-кетіп,
Ішкі ойы Аппақайды көңіл етіп;
Жүрегі Аппақаймен құп жарасқан
Бірақ, сөз байланбаған уәде бекіп.

Аппақай хат біледі, мінезі ашық,
Әнге ұста, домбыраға кеткен асып.
Азырақ орысша да сөйлесе алады,
Жасынан жүргендіктен араласып.

Жұрт аузы Аппақайды мақтаушы еді,
Қырындап боз балалар жақтаушы еді.
Қолдары жетпесе де қоразданып,
«Басы бос емес... өттең... қап!» деуші еді.

XI

Ал біздің Әжібай мырза көрсе қызар,
Аузымен Аппақайға бек ынтығар.

Неге десең — «ел мақтап жүрген қызды
Әжібай сүйтті...» деген ат жұртқа шығар.

Көп уақыт бұл туралы қылған кеңес
Шығынсыз бұл кеңесі тағы да емес.
Бір досы айтты: «Жүсіппен таныс болсаң,
Біржолата алсаң да, бермен демес.

Ол Жүсіп ішкіш жігіт, араққұмар ¹⁵
Бір-екі мәжіліс құрып, қандырыңдар.
Бірер жүз саудасына қарыз берсең,
Құрметтеп не десе де, ұшып тұрар.

Одан әрі ол болар пәтер-үйің:
Базарлық қатынына берсең бұйым.
Әзер болса, азырақ ақшаң шығар,
Тәйірі, ол бар кісіге қанша қиын!?»

— «Құп» деді, айтқанының бәрін қылды,
Жүре-жүре Жүсіпті қолы білді.
Аппақайға қаншама жалынса да,
Еңбегін зая қылды, алмай тілді.

Түнде әкесі жататын үйге жатар,
Есікті Әжібай келіп тықырлатар,
Ішінен тас бекітіп дыбыс бермес,
«Ашар» деп, тоса-тоса, таң кеп атар.

Сөйлесер күндіз болса, жүрмес қашып,
Сонда әдепсіз сөз кетсе араласып:
«Ал ендеше мен кеттім» дей жөнелер,
Дәрмен жоқ отырғызар иық басып.

Әжібай қала берер, қашып өңі,
Сонда да өсек қылды жұрттың көбі:
Жат жаққа оңашада өзі-дағы ¹⁶
Мақтанар: «түзелді,— деп,— істің жөні».

Базарлық жақсы нәрсе күнде сыйлар,
Сыра әкеп, келген сайын кісі жинар.
Елтипат ешбіріне қылмаған соң,
Кұр іштен қапа болып жанын қинар.

Аппақай фельдшер келсе, бек қуанар,
Бір-бірін көздерімен қабыл алар.
Әжібай іштен тынып, іші күйіп,
Аңызын екеуінің байқап қалар.¹⁷

Әжібай көрген жоқ-ты шылым тартып,
Тек әдет қылған еді насыбай атып.
Көзінше Аппақайдың бұрқыратар,
Күмістен портсигарын жарқыратып.

Жақтырмай жүр шығар деп қазақшамды
Орысша қымбат киім киіп алды.
Көзінің түк мүкісі болмаса да,
Қымбатты көзілдірік тағы салды.

Аппақай онан сайын суық қарар —
Әжібай ыза болып, іші жанар.
Қалада бақсы-балгер, қазіретке
Әжібай «дуа қыл» деп күнде барар.

Үшкіртті тұз, мейіздің талайларын
«Ақтыққа» қазірет алды талай малын.

Ешбірі ем болмады, ерегісті,
Ауызбен қылса-дағы оңай бәрін.

Бейсенді көп мал беріп байытар еді,
«Енді күйеу менмін» деп айтар еді.
Атастырған жерінің дауы болса,
Оны да мойынға алып байқар еді.

Ағасы Жүсіп-дағы берер еді,
Бейсен де көп сіреспей, көнер еді.
Таңдаған Аппақайдай жарын алып,
Әжібай мал қызығын көрер еді.

Бірақ көңілін Аппақайдың бұру қиын,
Оны бұрып, өзіндік қылу қиын.
Тастап-ақ ызасына кетер еді,
Тағы да көрмей шыдап тұру қиын.

Кей уақыт күйіп-пісіп ыза болар,
Деп: «Қылық жоқ бұл қызда ешбір оңар».
«Көрмеймін» — деп ант ішіп, кетіп қалып,
Үш күннен соң қайта кеп тағы қонар.

Аппақай сүйтті екен деп қалпын бұзбас,
Сөйлесер баяғыша, сыр алғызбас;
Әжібай сәнденсе де, не қылса да,
Ескермес, Аппақайға бәрі бір бәс.

Әжібай білді Аппақай көнбейтінін,
Еш нәрсе құр қуғанмен өнбейтінін.
Басында іздегені атақ еді,
Жабысты шын от енді сөнбейтұғын.

«Шын ғашық» десек-дағы болмас бөкер,
Дәрмен жоқ Әжібайда сабыр етер.
«...Қалқатай, мұңым осы...» дей бастаса,
Аппақай құлақ қоймай тұрып кетер.

Әжібай мұңын жазды қалам алып,
Құр бүйтіп іс бітпес деп қапаланып.
Аздан соң жазған қағаз конверттеліп,
Қолына Аппақайдың тиді барып.

. 18

Аппақай ақыл тауып сүйтпесе өгер,
Бұл ақшамен құтылу еш мүмкін бе?
Кіжініп Әжібай жүрді тіпті өшігіп,
Бұлар қатты сақтанды сонысын біліп.
Фельдшердің бір қалада жолдасы бар,
Сонда көшті орынын ауыстырып.

Жүз шақырым ол қаланың алыстығы,
Бар еді фельдшерменен таныстығы,
Үйренген жерім демей, тілін алды,
Болған соң ниеттерінің қалыстығы?

XII

Енді әңгімем фельдшерден тайғанақтап,
Қайтадан Әжібай өмірін аяқтатпақ.
Сөйтіп Әжібай салбырап қайтты үйіне,
Аппақайдан суынған, көңілі батпақ.

Бізаланып, қынжылып келсе үйіне —
Жаңыл жоқ, Жәмиләсы жүр үйінде.

Әкесі салқын түспен жаман қарап,
Шешесі жылап сөйледі күйіне-күйіне.
«Біз болдық, қу жалғыз-ау, неден сорлы?
Бейсеннің қызы болмай, бәле болды.
Шаруа тастап, ата-ана тілін алмай,
Зар қақсатып бола ма адам оңды?»

Бір қатының кетті үйіне жаяу қашып,
Өлсе қайттік, боранда ол адасып?
Бесікте бала мынау, тастап кеткен,
Өлуге жақындады қарны ашып.

Бір қатының, ана үйде. шашын жұлып,
Екі көзі бұлаудай отыр ұлып.
Бесіктегі баланы уата алмай,
Отырмын әбден шаршап, діңкем құрып».

Әкесі айтты: «Сен болдың — сорға берген;
Ұялтып-ақ бітірдің талай елден.
Егер сенде ми болса, намыс болса,
Қыз алам деп бүлінер ме ең сондай
жерден?»

Бейсен кім? Бізге тең бе, кедей, жатақ?
Жұртты құртқан қызымен болдың шатақ.
Ордалы, жақсы, лайық орын болса,
Бере бер, аямаймын, малды матап.

Не бетімді айтайын, жұрт шуылдар,
Осы ісің басымызға емес пе ар?
Ұят-ай! «Малшы-құлшы, көрінгенге
Көп шашылды» дегенде бет дуылдар.

Кетпей нетті Жүсіпте 500 теңгең:
Нәрсе емес, ол қолынан вексель* берген.
Малы жоқ, танса, даулап несін алдық?
Алшы, кәне, кісің ғой беріп сенген!»

Жәмилә анау үйден сөйлей еніп,
Жылады бірдеңе деп еңк-еңк.
Манадан ашу қысып тұрған Әжібай
Жіберді жүгіріп барып теуіп-теуіп.

Жәмилә сонда жығылып танды есінен,
Әжібай тағы мыжыды тізесімен;
Арашалаған шешесін қоса қабат,
Жықты итеріп ашумен кеудесімен.

Тасболат: «Кет!» деп ұрысты, кетті шығып,
Тағы қайта жөнелді атқа мініп,
Үйіне 15 күндей жоламады,
Баяғыша саудайылық елде құрып.¹⁹

Тасболат көрмей тағы шыдамады:
Ұялды «үйге жүр!» деп, өзі барды.
«Ұрысса да өз әкең» — деп үгіт айтып,
Елінің тіл алғызды жақсылары.

Мұнан соң Жаңылды да төркіндері:
«Өз ерің, ұрса, ұрысса» деп және әкелді.
Бұрын бетін көп ашпай жүруші еді,
Әжібай енді әкесін мүлде жеңді.

*) Вексель (орысша) — қарыз ақшаны мерзімді уақытында қайтарға беретін міндетті қараз.

Жаңылдың жасқа жуылып екі беті,
Таяқ өтіп көгерген дене еті,
Жоқ нәрсені сылтау ғып, тұрса сабап,
Ашуын сонан алмақ Әжібай ниеті.

Әжібай жүрсе үйінде айғай-ұйғай,
Тынымсыз басылмайды салған ойбай.
Көзіне бәрін қылған солар көрініп,
Ұрушы еді жүрегі ішке сыймай.

«Кет!» деді, қайда кетсін ол қатындар?
Ұлғайған һәм бауырында баласы бар.
Не түрлі мехнаттың бәрін көріп,
Құр жүрер шықпаған соң кеудеде жан.

Қалмаған баста ақыл, беттерінде ар,
Бір күні әкесі айтты: «Тіл алмадың;
Бәрін дұшпан көресің айтқан жанның
Мазаны алмай, таңдашы сүйгеніңді,
Әзер болса бір жылғы төлі малдың».

Айттырмақшы ол қызды, бұл қызды да,
Бүгін, ертең хабар сап болмақ құда;
Жеме-жемге келгенде сөзін бұзып,
Әжібай кете берер тайқып шыға.

Неге десең, жүрегі көшпелі оның
Болғаннан, махаббатқа болмас орын,²⁰
Ойлаушы еді: «Түбінде қайда қашар?
Әзірге бек жігіттік — осы жолым...»

Сол оймен Әжібай кетті өз жайына,
Амалсыз үйі көнді ыңғайына.

Көзге: «Мырза, жоғары шық» десе-дағы,
Жексұрын болды зиян сап маңайына.

Әсіресе, бой жеткен қызы барлар,
Әжібай десе, түрлідей көріп зарлар.
Неге десең халыққа әшкереленген
Әжібайдың жүрісінде мұндай мән бар.

XIII

Әжібай мырза саудайылық қыла жүріп,²¹
Кез келгенмен ыржақтап дәурен сүріп.
Ет жақын ағайынның бір қызымен,
Көп жүрген көңіл қосып ойнап-күліп.

Қыз еді ол берілген бір бай жерге
Алыстау болысы басқа екінші елде.
Қалыңдық ойнағалы күйеу келсе,
Қыз бен Әжібай жан құрлы көрмейтін де.

Күйеуі ішке сақтаған бұл жұмысты
Амалсыздан шыдаған, сезсе де істі.
«Босағама бір келер күні болса,
Көрермін!» деп қайраған күйеу тісті .

Сүйте жүре қыз байғұс жуандаған,
Ол кімдікі? Жұрт тегіс біліп қалған.
Жұрт білген соң күйеуі намыстанып,
Тастаған, «алмаймын!» деп безген малдан.

Сыймаса да ұятынан қыз үйіне
Қайда барсын!.. Әжібай кетті өз күйіне.

Ақырда күйеуінің інісі алған,
«Мал кетед» деп, баяғы зорлық дүние.

Алса да қор қып жүрген отаспаған,
Үстіне қатын алған һәм тастаған.
Бір бұл емес, әр жерде осындай ғып,
Әжібай еш жазықсыз ел ластаған.

Бұл күнде Әжібай араз Байболменен;
Араздығының басы — айтылған әңгімеден.
Сырттан Әжібай Байболды балағаттар:
«Болыстықты алмасам,— деп,— бәлем
сенен!»

Бұрын жоқ іштерінде көңіл кірі,
Бұл турада түйедей Әжібай міні:
Бұрын оны өзінен төмен көріп,
Дейтуғын: «қызметшімнің бұ да бірі...»

Ал енді бұл екеуі жоғарғы істен,
Сыртқа шашпай, ішінара ренжіскен.
Көрер қылық Әжібайда болмаса да,
Өз қолын кеспей Байбол күйіп-піскен.

Сөйтіп, Байбол бұл істің ақылын тауып,
Жұртқа күлкі болмасқа қойған жауып.²²

Тұп-тура Байбол болыс өз ісінде
Асқан әділ, жәбірсіз еш кісіге.
Өзі өлмей Әжібайын болыс қылып,²³
Жұрт баурату Тасаңның бар есінде.

Әжібай орысшаны білмес жетік
Және жүр жастық жолын қуып кетіп,
Әуелі қатын алсын, орнықсын деп,
Тасболат жүріп еді сабыр етіп.

Бірақ, бір іс тура кеп Тасболатты
Ыза қылды Байболға жаман қатты;
Тасболат не себепті ашуланған,
Бұрайық сол тураға хикаятты.

Елінен көп ауырмай біреу өлген,
Ақ жуып, таза арулап оны көмген;
Өлімнің тездігіне қарағанда,
Қылды деп біреу қастық ойға келген.

Кісі еді марқұм алған қатынды көп:
Елде өсек болып жүрді солардан деп.
Сол сөзбен жүре-жүре бір қыстан соң,
Тезінен шыға қалды мынадай кеп:

Марқұммен ауылнайлас Қарт деген бай,
Кісі еді аңқау момын, әншейін жай.
Кісіге тиер пайда, зияны жоқ,
Бек сараң жайшылықта тап Қарынбай.

Сол баймен тірісінде болған араз,
Араздығы: «Бермедің, мен малым аз,
Қарындассың, қашан да қараспайсың»,
Дегендей болады ғой жай кемпір наз.

Елдегі жемқор билер атқа мінген,
«Қарау» деп Қартқа азуын басып жүрген;

Марқұмның аға, інісі желіктіріп,
Өсектеп құн даулатқан өшіктірген.

Мирасқорлар бұл өсек сөзге нанған,
Барымта алып, қиратып, бүлік салған.
Байболдан басқа елінің жақсылары
«Бұл істі жайлаймыз» деп қолына алған.

Байболдың жұмысы боп басқа жақта,
Тапсырды бармаса да, деп «Жылатпа!»
Тыңдар ма айтты екен деп: өңшең құлқын,
Байбол кетті, қаһарын тікті Қартқа.

Қырық жылқы, алты жамбы құнға салды,
Өздері қақ жартысын олжаланды.
Сойылған барымта мен он ту бие
О-дағы Қартқа тимей, отказ қалды.

Дәулетті көптігімен төпей беріп,
Дендеді партияда Әжібай жеңіп.
Күн сайын мұны көріп Байбол жағы
Кеміді жазғытұрғы қардай еріп.

Байболға осы кезі ауыр тиді,
Шаршады кетіріп ап ішкі күйді.
Бұл жайын білдірмекке құлын сойып,
Баяғы таластырған досты жиды.

Достардың бірақ көбі келмей қалған,
Қырын қарап, құйрықты сыртқа салған;
Келген достың бәрінің жүні жығық,
Баяғы күріл де жоқ дүниені алған.

Әзер отыр сыныққа сылтау іздеп,
«Қит етсе екен, анжаққа кетеміз» — деп.²⁴
«Талассаң, басым-малым құрбан» деген
Қажыға Байбол айтты мұңайып бек:

«Ағайын, талас дедің, таластырдың,
Жолына партияның мал шаштырдың.
Өзіме өз обалым, өзіме сот,
Демеймін мен сіздерді адастырдың.

Аударып жұртты міне мал өкетті,
Бес айдай аянбадым титық жетті.
Құран сүйіп сендірген кісілердің
Бірі жоқ, бүгін көрсең, бәрі бітті.

Ең шыны, енді хал жоқ таласарға,²⁵
Жөн бар ма татуласып жарасарға?
Не болмаса бәрің де айтып едің,
Мінекей, орын келді қарасарға...»

Күбілжіп үндей алмай түйді қабақ,
Су құйылды, ет келді табақ-табақ.
Суырып жандарынан бір-бір пышақ
Қонақтар келген етті алды қамап.

Бір кісі бір табағын лақтырды итке:
«Байбол, сірә аруақты қорлап бүйтпе!
Ішінде жаясы жоқ тартқан етің—
Көзіңді аш!.. Мені қара! Кісі ме, ит пе?!

Соңыңнан біз жүрміз бе қорқып еріп...»
Сол жерде көп жалынды Байбол келіп.

Қарамай жалынса да, боқтап-боқтап,
Жөнелді атқа мініп атой беріп.

Бұл істі қалған қонақ жақсы көрді,
Сол уақытта мынадай бір іс болды.²⁶
Қазаннан ет алам деп аты тулап,
Жығылып астында қап Жұман өлді.

Тезінен құлақ түріп бұл дыбысқа
Жүгірді кісілердің бәрі тысқа.
Ит қуып, ер тоқымын бауырына алып,
Мөңкіп жүр тор төбел ат шықса тысқа.

Бір қара анадайдан қалған жатып,
Байқаса, дем алыс жоқ, қимылдатып.
Қайқайып құйрықтары балп-балп үрген,
Жанында иттер ерген, жер шаңдатып.

Бұл жығылған Байболдың қоңсысы еді,
Жасында қойын баққан қойшысы еді.
Беті жара сөйлерге тіл ауыз жоқ,
Бейшара талып жатыр шықпай демі.

Байбол айтты, қолын сап өкпесіне,
«Мінеки жаны жатыр кеудесінде».
Қасында бір ақсақал Байболға ұрысты;
«Айтасын жаны бар деп сен несіне?»

Кетпен, шотпен бір салып жайлап жатқыз,
Құдай берді, қалаға жылдам шапқыз.
Біздерден үш-төрт кісі куә қойып,
«Әжібай өлтірді» деп жайын тапқыз.

Орысқа анау күні куә болып,
О да мал тартқызды ғой... біз нақақпыз...»

Өзгелер: «Ақсақалым, таптың! — деді,
Көрдің бе, міне, орнауын бақтың! — деді.
Олар да талай жала салып еді,
Кез келтіргені осы ғой ақтың» — деді.

«Өлтір!» деп, сүйдеп бәрі шуылдасты:
Өлтіртпеді Байболдың ақылы асты.
Қойшыны үйге апарып жақсы күтіп,
Жұрт сөзін естіместен аулақ қашты.

Өкпелеп: «өлтірмеді» деп бишараны,
Кеткен соң Байбол үйге жұрт тарады.
Оңаша тағы бірі шығарып ап,
Байболды былайынша қолға алады:

— Шырағым, мен әуелден сенің кісің,
Менің інім — Қасымды білемісің?
Тілімді алмай, анжақта бұлғақтап жүр,
Аз берсең де, бірдеме қылмаймысың? —

— Ойларың біржолата құртпақ па енді?
Күні кеше бір ат ап, сенім берді..

— Жоқ, шырағым, тоқтай тұр, — десе-дағы,
Байбол үйге жөнелді, үндемеді.

Бұдан соң Байбол келіп Тасболатқа
Ағасын риза қылды шапан, атқа.
Сайлауда «Әжібай болыс болды» деген
Естілді құлақ түрген жамиғатқа.

Әжібай шашса-дағы неше мыңды
Әйтеуір болыс болып, көңілі тынды.
Қосылып Байболменен шығын жиып,
Момынды әлі жеткен типыл қылды.
«Табайын, малым сатып...» дегенінше,
Ұрылып бейшараның жағы сынды.

Шытырайған болыс, билер күңгірт түспен
Топ құрып, әр ауылға барып түскен.
Кеудеңмен партияда тау бұзушы ең,
Ал енді, кедей сорлы, құтыл күшпен!
Тұтылып «шелек жалап» тамам нашар,
Әлділер құтылысты «айран ішкен».

Әлділер неге десең тағы керек,
Жарай ма, партия енді болмас десек?
Залымға сол турадан бата алмаса,
Момынды жемегенде, кімді жемек?

Қылған соң өзін азат залымдар да,
Момынды жегізуге болар көмек.
Көңілін тоқтатпаққа Әжібай енді
Өзіне таңдай жүріп қалың берді.
Өзіндей қайыны да жуан тұқым,
Жастанды құда болып бір бай жерді.

Ажары қалыңдықтың сұлу еді
Дегізді: «Жарар осы!» — көргендерді
Мал берілді, кешікпей келін келді,
Той болды, дүрліктірді тамам елді.
Қыздың аты Зылиха (Зықыш) еді.
Әжібай шат, таптым деп, өзі теңді.

Өткір, пысық, айыбы — өте надан,
«Әжібайды билер-ақ» деп халқы сенді.

Онысы рас, Әжібай мен Зықыш тату,
Болмады ұру, ұрсу һәм мұқату.
Бұларға жеңіл-желпі есебінде:
Көнбесе ұрып-соғып мойындату.
Жәмилә көптен үзген байдан күдер;
Болмай тұр Жаңылға да кезек жату.

Жүре-жүре Жаңылдың балалары
Азғантайлап ес біліп өсті бәрі.
Әжібай да бала қадірін біле бастап,
Дейтінін қойған еді: «әрмен... әрі!»
Жаңылға бұрынғыдан тәуір қарар,
«Шешемді ренжіттің дер» деп әлі.

Жақтырмай Зықыш бірақ бұл жұмысты,
Баяғы күндестіктен тарылтты ішті:
Әжібайдың олай-бұлай айтқанына
Көнбеді, от басқандай ыршып түсті.
Араға жүре-бара өсек еріп,
Ең басы мынау істен бұзылысты.

Баяғы желбастығын Әжібай қоймай,
Жүретін кезі келсе оны да ойлай.
Ер, әйел арасына өсек еңсе,²⁷
Қоя ма махаббаттың отын жоймай?

Зықыштың, үш жыл өтті, баласы бар,
Байына сенбей, ұрыс-таласы бар;
Сол үшін өз-өзінен қуыстанып,
Кеңілінде тыншытпайтын жарасы бар.

Әжібай көп уақытта үйде тұрмас,²⁸
Жұмыс көп, қаласы бар, даласы бар.

Былайша Зықыш кейде ойға кетер:
«Ол мені неге әрдайым ұрсып-кекер?»²⁹
Үндемей ырқына оның көне берсем,
Жаңыл мен Жәмиләдай мені де етер.
«Бұл сені жуас болсаң, жан деп білмес»,
Айтқаны кемпірлердің емес бекер.

.
Даладан келсе Әжібай, түйді қабақ,
Жылатты балаларын қарғап-сабап,
Шай құйса, шынаяқты тарс-тарс ұрып,
Сүт төгілді, қирады шыны-табақ.

Сөйлесе одан жаман екіленді,
Қарамай отыр-ау деп үйде қонақ.
Бөлбеуге түйіп алып беттің арын
Жазықсыз көкеп-шалды жұрттың бәрін:

Бәріне келген жұрттың тағы көйтті,
Әжібайдың не жасырын қылғандарын.
Басқа ұрып, балағаттап, шаң-шұң қылды,
Мүбада араласа шаруа малын.

Көтерер Әжібайда мінез қайда?
Бермейді ұрып-ұрсу ешбір пайда.
Деді Әжібай: «Мен жуыман енді саған,
Көнсең көндің, көнбесең жөнел айда!»

(Мақсұты біржолата безу емес,
Көңілін тоқтатайын деген айла).

Көрмеймін десе-дағы көріп жүрді,
Бірақ көңілін басқаға бөліп жүрді.³⁰

Зықыш та өз жұмысын өзі біліп,
Не қылған жазасына көніп жүрді.
Елеусіз кісілермен ептеп ойнап,
Іздерін ұрлығының көміп жүрді.

Жамандық жасырынбас түсті үстінен
Бір күні Жаңыл көріп бір кісімен.
Әдейі аңдып жүрген өзі күндес
Ел-жұртқа жариялады білісімен.
Зықыштың сонан былай құты ұшып,
Ұялды қорғаншақ боп өз ісінен.

Зықышқа Әжібай болды ешбір жатпас
Жатпақ түгіл қарамас, жауап қатпас.
Жағам деп қылған ісін, не жүрісін
Атады оқты көзбен еш ұнатпас.
Байына бұрынғыдай тиісуге
Зықышта сөйлер тіл жоқ, көңілі батпас.

Бұл қалып айға кетті, жылға кетті,
Зар еңіреп Зықыш солай азап шекті.
Зықышқа үш жыл ұдай жуымасқа
Ішінен қылған еді Әжібай сертті.
Құрсағы жыл өткен соң жуанданып,
Қарайтты онан жаман Зықыш бетті.

Бұл іске Жаңыл күндес қуанады,
Кер кетіп, Зықыш байғұс суалады.
Қайтерін білмей Әжібай күйіп-пісіп,

Жүрегін ащы қайғы, у алады.
«Болған соң өз қатыным не сөгіс бар?
Қай кісі бөтен санар бұл баланы.

Қаламын үйден қусам жұрт сөзіне,
Сырт шулап айтпаса да өз көзіме.
Баласын табар, жүрер, жас қыз алам,
Маған еш өкпелемес енді өзі де».
Деп ойлап Жаңылдардың аузын тыйды
Көруге не болса да өз кезінде.

Жаңылға Зықыш байғұс жалынышты,
Жалынды апатайлап мойнын құшты.
Баласын малайының шырақ қылып,
Жасыр деп қате болған бұл жұмысты.
Шошытып әлде немен азаптанды,
Мезгілсіз жіңішкертуге жуан ішті.

Кісіге көріне алмай бұл күйінде
Шығарды төр үйінен ас үйіне.
Егіліп бордай болып ол жыласа,
Күледі Жаңыл іштен сүйіне-сүйіне.
«Баймен де басқаларды санға алмайтын,
Дәуренім қайда кетті, шіркін, дүние!

Дегенмен, мен байғұсқа енді күн жоқ»
Деп ойлап жас төгеді оқтын-оқтын.
Ойламай өткен күнін Зықыш қайтсін
Шамы жоқ, жатқан үйі қараңғы түн.
Ашамай-баста жастық, жабу-төсек,
Ішінде зар еңіретер тамам боқтың.

Ол үйде Зықышпенен бірге қонақ:
Байланған қотыр бұзау, арық-тұрақ.³¹

(Есіне түсуші еді өткен күндер
Қыз болып бойға толып жеткен күндер,³²
Көңілі, сүйген жармен сөйлескені.³³
Ағаштың саясында жазғы түндер.

Қаша алмай қапияда қалғандығы;
Сол үшін ол байғұстың жанғандығы.
«Айырар бір қара жер, сен қалқам!» — деп,
Мал беріп Әжібайдың алғандығы.
Басында сәжде еткен болып жүріп,
Сөзінен жүре-бара танғандығы;
Сонысына ерегісіп суық жүріп,
Өз-өзін бұл қорлыққа салғандығы.

Көк тұман төңіректің болып бәрі,
Жас болып бетін жуып тамшылады.
Ес те жоқ, қуат та жоқ, үрей де жоқ,
Кеудеде бар демесең шыбын жаны.
— «Ішіңді жеңілтем» деп сұм кемпірлер
Қинайды бишараны онан әрі.

Жеңілер ауруынан уақыты болды,
Сұп-суық қараңғы үйге қатын толды.
Дауысы жас баланың шыр еткенде,
Үстіне жата қалды Зықыш сорлы.
Қатындар: «Мұның не?» деп ұрсып еді,
Зықыш айтты: «Қайғырма, сонысы оңды».
Бір кемпір орап алып кетті шығып,
Аздан соң қайтып келді қарға тығып;

Қараса көмдіруге ертеңінде,—
Бала жоқ!.. ит жеді ме?.. неткен қылық?
Көрінбей тағы он бес күн Зықыш байғұс
Баяғы сасық үйде жатты бұғып.

Өн бойын суық үйде шаншу алған
Сау жер жоқ, бейне құрай қатып қалған.
Сол үйдің сасығынан жиіркеніп,
Ешкім жоқ оны күткен, оған барған.
Тұрса да көріне алмай жұрт көзіне,
Өлімнен ұят күшті дүние жалған.

Барады шай ішуге ауыз үйге
Кісі жоқ бола қалса зәуде үйде;
Бір үйді кеше билеп жүрген кісі,
Амал не, кез келген соң мұндай күйге?
Әжібайдан қорықса да, бойы үйреніп,
Жататын болып еді ауыз үйіне.

Әжібай жүрсе-дағы бәрін біліп,
Ешкімге сыр ашпады, жария қылып.
Бір күні есікті іштен бекітіп ап,
Зықышты жаман ұрды шашын жұлып.
Тұра алмай Зықыш сонда үш күн жатты,
Аузы қан, күрек тісі бірі сынып.

Әжібайдың қыз айттырмақ енді ойы,
Болыс қой әркімге де сыйлы бойы.
Малы да бағыменен таласа өсіп,
Ақша көп, өріс толды жылқы, қойы.

Үйінен көруші еді түзді қызық,
Қыз аулап, қымыз ішіп, жүрер қызып.

Өз үйі жаһаннамдай көрінуші еді,
Келсе азап тартушы еді қанын бұзып.

Өйткені қатындары тұрмас тыныш,
Бір-бірін түрткілесіп қылар ұрыс.³⁴
Кеткен соң құлақ тынышы шыдай алмай,
Ал бірін сабау керек дүріс-дүріс.

Сабаса одан жаман кетті ұлғайып,
Күндікке жылар түге шашын жайып;
Үй іші ұрыс-керіс болғаннан соң,
Жылайды балалар да бек мұңайып.

Берілмес мезгілімен малшыларға ас,
Сол үшін олар ұрсып қылар талас,
Қатынның қарастырап сиқы анау,
Қайғымен әлде жынды, немесе мас...

Жәмилә, Жаңылменен көптен мәңгі,
Мәңгі емес Зықыштың да жайы әлгі;
Ұру, ұрсу, даң-дұңмен милары ашып,
Бастары болып кеткен әңкі-тәңкі.

Үй іші, шаруасы жайрап жатқан,
Со қалпы қонақ келсе бөтен жақтан.³⁵
Шешесі айғайшы боп жүруші еді.
О-дағы жазғытұрым қаза тапқан.

Келмейді бұл қалыпта еш көргісі:
Қайтерін білмей құрыр әбден мысы;
Сол үшін болыстықты сылтау қылып,
Көп уақыт үйде тұрмас жазы-қысы.

Әкесі сөзден қалған, жасы жеткен,
О да ауру: ұйықтай алмай күрк-күрк еткен.
Ендігі Жәмиләнің есі-дерті:
Жақпақшы соны күтіп қызыметпен.

Әуелден Жаңыл жаман Әжібайға,
Жүреді кекеп-мұқап әрбір жайда.
Зықышта бір бала бар: соны күтіп
Алданады, көңілі жоқ оның байда.

Зықыштың мәлім емес осы жайы,
Сырт кісі ойлар Әжібай деп оның байы.
Айтпаса өз ойын шын сырласына,
Білетін сырын оның бір құдайы.

Жаңылдың бір қызы бар Күлтай атты,
Жас бала болса-дағы артық затты;
Тәуірі баласының сол дегізіп,
Жасынан көрген жұртты таңырқатты.

Бұған да біреу қойған құда болып,
Құданың мал жағынан жері толық.
Қытайға қараған ол Керей елі
Қарғы бау беріп қойған келіп қонып.

Керейде Тасболаттың бір құдасы
Бар еді алыс-беріс, араласы.
Екі шал атастырған немересін
Артқыны жақын қылмақ ірәдасы.³⁶

Баланы онда Әжібай білмейтұғын,
Маңында қатын-бала жүрмейтұғын.

Бар баласы баурында кемпір-шалдың,
«Аға!» — десе, — әрі, аулақ жүр!» — дейтұғын.

Бұ күнде ондай емес, алдына алар;
Үсті-басын, күтімін байқап қарар.
Көрмеген байдан қызық шешелері,
Тағы емес баладан да қызық табар.

Қатындар неге десең, ызаларын
Алатын балалардан, ұрып бәрін.
Қолдан келер — қос көз бен баласы боп,
Суытқан балалардың ерте қанын.

Шешені сол себепті көрмес жуық,
Бармастай шақырса да оған жуық;
Жалғыз-ақ шешем дейтін Күлтай ғана
(Шешеге жуық келер әйел бала),

Әжібай қатындарды сабағанда,
Алады арашалап, «қой, — деп, — аға!»

Күлтайын жақсы көрер басқасынан:
Түсірмес үйде отырса арқасынан;
Керейден атастырған мал алмай жүр,
«Ассын, деп тым болмаса он жасынан».

«Мал ал» деп тығыздайды Керей келіп,
Жүз қойды қарғы бауға қойған беріп.
Әжібай ешкімнен мал алмақ емес,
Баласы ер жеткенше ақылы еніп.

Балаға тағы айттыру жастай қатын
Зор қате Әжібайша, емес мақұл.

Тигізіп заман-ғұрып маңдайына,
Білгізген тәжірибесін бұл бір ақыл.

Деуші еді: «Қыз теңіне сүйіп барсын,
Қатынды ер балалар өздері алсын!
Балаға жастай қатын айттыратын —
Іс емес, сол ғұрыптар отқа жансын!»

Жетпеді Әжібай бірақ бұл сөзіне,
Тағдыр ма жеткізбеген, әлде өзі ме?
Әжібай не себепті сертін бұзған,
Оқушым, көрсетейін ой-көзіңе.

Күпшектей айналмалы дәулет пен бақ:
Тұрмыстың кейі қоңыр, кей жағы ақ.
Кейде күліп, кей-кейде қабақ түйіп,
Дүние бір қалыпта тұрмайды нақ.

Сол кезде Әжібайдың қайтып бағы,
Күпшектің айналды оған күңгірт жағы.
Күпшекті бұрып алу тағы өзінен,
Айтайын оның мәнін тыңда тағы.

Ең басы Әжібайдың әкесі өлді,
Шығартып жаназасын, жақсы көмді.
«Атаусыз атақты адам қалу ұят;
Үлкен қып, ас бер» — деген сөзге көнді.

Қонған соң жүз үй тігіп Марқакөлге,
Қалдырмай сауын айтты маңдағы елге.
«Асы бар Тасболаттың, ат жарат» деп,
Сөйленді көп күн бұрын мәжілістерде.

Жиылды асқа саулап Арғын, Найман,
Керейге, Қалмаққа да хабар жайған.
Шыңғыртып асқа сойған жылқылардың
Қандары бұлақ болып ақты сайдан.

Бәйгеге жіберілді үш жүздей ат,
Бәйгесі алдыңғы аттың — он жылқы нақ.
Одан соңғы жүз теңге бір топ шұға,
Қой-қозы артқылары мақпал мен бәт.

Сойылған екі жүздей малдың саны,
Балуан, бәйге... моллалар жатыр әлі...
Ауызша көлденең жұрт есеп қылып,
Он бес мың сом десті ғой шығындары.

Табылды өкпелеуші сонда да етке:
Лақтырды талай кісі етті бетке.
«Ол баста қонақ тойғыза алмасың бар,
Неге айттың «ас берем» деп қиыр шетке?»

Қолымен ерегесе ұстап сойды,
Жуандар көрсеткенсіп жұртқа бойды.
«Бір жолға не қылса да шыдадық» деп,
Әжібай жақ ауыздарын жауып қойды.

Өлген бар, жығылған бар, үш-төрт бала,³⁷
Дау-жанжал ат бәйгеден шықты және...
Жазудың бәрін тегіс орыны жоқ,
Бұл істі аңғарарсыз солай ғана.

Бұл жаздың жайлы тимей келер қысы,³⁸
Бұзылды күзді күннен күннің түсі.

Мұз жауып, қарашада қар бекіп қап,
Жерден шөп жей алмады малдың тісі.

Жазды күн қазақ байғұс шөп шаппаған,
Қыдырып қымыз ішіп қылжақтаған.
Шапса да омбы қарда шар тарапқа,
Қалғандай мал асырап шөп таппаған.

Соғады үдей-үдей боран қаптап,
Қар көмген қара жерді қылып аппақ.
Қатайып қыстың арты барған сайын,
Күйзелді шаруа жаман сасқалақтап.

Шапса да тамыр-таныс орыстарға,
Шана шөп отыз сомға табар зорға;³⁹
Арбасы күзді күні отыз тиын,
Не дерсің сонда алмаған қазақ сорға?

Шөп жұлды кейбіреулер қарды қазып,
Жұлмаған қар жоғында кімде жазық?
Кедейлер байдан келіп ақша сұрар,⁴⁰
«Мал түгіл, кісіме де жоқ,— деп,— азық».

Бай ұрысты: «Дендерің не деген сақ!
Осы ма сұрауға ақша табылар шақ?..
Жасығын асып жерлік отын да жоқ:
Ал, кедей, қораңды бұз, ашаңды жақ».

Шұбырып, тері арқалап қалаларға,
Орыстан нан сұрады балаларға.
Тақтайын Андрейлер былғадың деп,
Шығарды желке беріп шара бар ма?

Аты жоқ бұт көтерер байғұстардың,
Ішінде жаяу малтып аппақ қардың,
— Обалым шөп шаппаған иеме,— деп,
Қандары сел боп жатыр хайуан малдың.

Жіберді шөп сұрата байлар досқа,
Барса шөп жоқ, арбалар қайтты босқа.
Күдерді қолдағыдан үзгеннен соң,
Шапқызды жылқыға адам бар деп қосқа.

Көп жылқы әлдеқашан ығып кеткен,
Қолынан жылқышының шығып кеткен,
Бұйырмай тарамысы иесіне,
Жануар қар астына сапар еткен.

Төгіліп бір боранда барлық құты,
Мал тұрсын, кісі өлтірді тамақ жұты.
Көтермей бір-екі айды ақ сүйек боп,
Жүгенін ұстап қалды қазақ жұрты.

Қыс қылып қылатынын, жазы жетті
Кедейлер қақтап жатыр жасық етті;
Не жесін жасық жемей: сауыны жоқ,
Бұрын тар, кеңейтер ме байлар ниетті?

Жұтатқан жұртпен бірге Әжібай малды,
Үш мыңнан екі жүздей жылқы қалды.
Қалғаны да өз құнын өздері жеп,
Босатты ақша салған сандықтарды.

Көбі өліп тең жарадан қой мен сиыр,
Әр жерде жемтік жатыр үйім-үйім.⁴¹

Бұрынғы ен дәулетке көзі үйренген,
Амал не, Әжібайға болды-ақ қиын.

Жұтаған малдың орны тырнап ішін,
Бұзылар ойлағанда сыртқы пішін.
Орынын немен болсын толтыруға
Жұмсады барлық ақыл, айла-күшін.

Шөп жиған неге десең Байбол аман,
Аққұла амандығы бұған жаман.
Әжібай ойлар: «Айрылам болыстықтан
Тұрмаса малым асып,— деп,— анадан».

Байболды шөп жинады деп қылып мазақ,
Айтатын: «Жер қарада неткен азап?»
Басына заман келіп тигізген соң,
Шулап жүр: «Ақылды» деп енді қазақ.

Сол оймен Әжібай бұзып ішкі ниетін,
Бұрынғы адалдықтан бұрды бетін.
Аударып төңкерді де елін жеді,
Демеді мынау нашар, мынау жетім.

Билердің ауыздығын алып қойды,
Әркімге қаршыға қып салып қойды.
Пайдасын ірілердің солай тапсам,
Ел менен кетпейсің деп танып қойды.

Төлетті асыратқан жылқыларын,
Таңдады билерді өңшең жуан қарын.
«Бірге өлді өз малыммен қайтейін»,— деп,⁴²
Момынның тыңдамады айтқандарын.

Маңында бір ауылдың жемтік жатса,
Ішінен Тасболаттың енін тапса,
«Міндің...» деп, момындардан төлеу алды,
Амал не, мейлің жыла, мейлің қақса.

Момынға жұрттан бұрын мынау батты:
Байболға бәрі жылап барып шақты;
«Обал жоқ не қылса да сендерге!» деп,
Бермеді Байбол жауап, бойын тартты.

Себебі Байбол енді жұртқа нанбас,
Нанбақ тұрсын, сөзіне құлақ салмас,
Алдыңғы партиядан зәрде болған,
Жұрт әкеп болыстықты берсе де алмас.

Көбейді Әжібайдың елінде ұры;
Ұрлықтан ауыл басы емес құры.
Тап өзі болмаса да олжаға ортақ,
Қорғайды, тыю қайда Әжібай мұны.

Жіберіп билер «хотқа» бұл жұмысты
Өзінің дауын сөйлеп, қылды күшті.⁴³
Әжібай сүйеп жүрген бір ұрысын
Уезден: «ұстап бер»,— деп бұйрық түсті.

Әжібай ұстап бермей, жасырды оны,
Өтірік Қытай жаққа қашырды оны.
Қорлыққа ұрлық түбі айналмас па?
Шатылды жасырамы деп жүріп соны.

Уезге: «заграницаға қашты» — деген,
«Біледі жұрттың бәрі, тақсыр»,— деген,—

«Бас салып елге келсе ұстап берем,
Ол иттің залымдығы асты»,— деген.

Тып-тыныш, ол қашқан жоқ, үйінде еді
Баяғы ұрлық қылған күйінде еді.
Әжібайдан зорлық көрген бір бишара,
Уезге «домалақ хат» түйіндеді.

Урядник тез жарлықпен елге шығып,
Ұрыны тауып алды тінтіп жүріп.
Әжібайды болыстықтан түсірді уез,
Ұрыны сүйейсің деп үйге тығып.

Ақыры сотқа кетіп, болып зор іс¹⁴
Әжібайды ұстап алды он шақты орыс,
Адвокат, төрелерге ақша төгіп,
Кепілге шықты біраз Әжібай болыс.

Ізденіп Байбол қабат Омбы кетті,
Жалдады нелер жүйрік адвокатты.
Ақырда, адвокаттар жөнін тауып,
Істерін окружной сот отказ етті.

Еліне келсе, елі жүр қорқып, шауып,
Қытайға қақ жарымы кеткен ауып.
Ең мықты Әжібайға қылғаны анау,
Қырар деп, бізді мүлде қылып қауіп.

Ұлықтан «тоқтат» деген бұйрық алып,
Соңынан ауған елдің әскер барып.
Өлтіріп өлтіргенін қырып-жойып,
Қайтадан айдап келген қанға малып.

Келген соң қазық болып бұлар елге ⁴⁵
Әуелгі орнықтырды мекен жерге.
Бұл ісі Әжібайдың, елдің жайы
Сөйленді көпке дейін маңдағы елде.

Шығыны Әжібайдың бастан асты:
Еңсесін көтерместей борыш басты,
Қалғанын тақыр болып сезгеннен соң,
Аударды ел тоқыратуға ықыласты.

Табылды табалаушы айтпай көзге,
Халқының бұрынғыдан қарасы өзге.
«Ниеті бұ шіркіннің бұзылып еді,—
Естілді: — көрінді ғой»,— деген сөз де.

Тілеуқор, қошеметшіл ағалары
Әжібайға қырын жақты сағалады.
Жолында өлем дейтін достары да
Көзіне күліп, сыртынан табалады.

Әжібайға оқ боп тиді бұл көрініс,
Тамағын ыза буды бермей тыныс.
Талайлар айтқан сөзін жүре тыңдар,
Құртуға қолында жоқ бұрынғы күш.

Мінекей, сайлау болса келе жатыр,
Тұр өне құлақ түріп алыс-жақын.
Елі жүр Әжібайға ыңғайламай
Алуға күшпен тартып, қалта тақыр.

Құр қалу Әжібайға қатты намыс,
Қалай қылар: Елінің түрі шалыс.

Баласы Тасекеңнің шынжыр балақ
Не сұмдық, ел билемей, шардан қалыс?

Бақ, дәулет жеті атадан арылмаған,
Өмірі қарны ашып, тарылмаған.
Естуден, сөйтіп жүріп, өлген артық
Дегенді: «Сөзі жұртқа алынбаған».

Әжібай ойлап-ойлап, амал тапты,
Өзінен кетіrmеске ескі бақты;
Бұрынғы айнып жүрген Керейіне
Күлтайды бермекші боп малға сатты.

Керейлер аман қалған өткен жұттан,
Қорлады деп өкпелейтін бұрын сырттан.
Сұраған сонда-дағы малын беріп,
Өкпені ескі-құсқы болды ұмытқан.

Суысқан Керей құда қайта келді,
Күлтайға қызыққаннан көп мал берді.
Әжібай сол-ақ екен ауқаттанды
Үш қызға тағы құда болып салды.

Балаға жастай құда болман деген
Сертінен баяғы айтқан мүлдем танды.
Қалмады ұл-қызының басы босы
«Жез» үшін Әжібайдың қылғаны осы.

Қиқаңдап, ел азғырып жүретұғын,
Екі-үш жер құдалықпен болды досы.
Жебеді құдалары болыс болды;
Баяғы кеткен бағы қайта қонды.

Немене, бес-алты жыл өтпестен-ақ,
Қораға мал, қойынға ақша толды.

Ортада заман өтті әлдеқандай
Елі де болды жұтты ұмытқандай.
Кең жердің арқасында тез жетіліп,
Береке қайта кірді бас пен малға-ай.

Әжібай көп тәжірибе, көп іс көрді:
Бұзықтық мінезінен сотқа да енді.
Көңіліне соның бәрі ғибрат болып,
Залымдық баяғыдай қылмайды енді.

Халықтың тұрмысы алды ескі қалпын,
Басқарды жақсы ғана Әжібай халқын.
Өткірлік, пысықтықтық арқасында
Шығарып басқа елге де жүрді даңқын.

Берумен жақсыларға араласты
Жарыққа бірте-бірте аяқ басты.
Бастаушы болса, қостап еретіндік
Көңілінен өз-өзінің есік ашты.

Болғанмен өзі сондай, халқы қара,
Айта алмас бата торып оған жөне.
Халқынан түсіретін олжасы көп
Білдірмей жүрер еппен істеп қана.

.
(Бұл жерде көп сөз жоғалған)

Үндемесе, қақай бас неткен жан деп,
Тағы айтса ашуланар ақиқатын.

Кейбірі дұрыс па деп қылған ісін,
Жоры деп кейбіреулер көрген түсін.
Кіжінді сырттан тентек шалдар бүліп,¹⁶
Көңілі деп, өттең Әжібай, қайрап тісін.

Болған соң ас беретін ыдыс кірлі
Әнуар өзі тұрып жуып жүрді.
Жиіркенсе, біз шақырып келдік пе? — деп,
Мінгізді ағаш атқа неше түрлі.

Қонақтар келіп кеткен көңілін бұрып,
Баланы оқытуға бермес ырық.
Қонады кейде келіп Керей, Қалмақ,
Сасытып үйдің үшін тұман қылып.

Әнуар бұл тұрмысқа қарап салқын,
Тыпыршып жүрді біраз бұзбай қалпын.
Өз кебін жүре-жүре кимей қойса,
Білді енді үркітерін келген халқын.

Ойлады тәжірибе қып көрейін деп,
Халықтың ыңғайына көнейін деп.
Табылмас не қаражат, не түзелмес,
Ойды енді басқа жаққа бөлейін деп.

Ол қылды шу дегенде басты тақыр
Демеске қажы-сопы: «азғын, кәпір!»
Тұрса да терістікке іші күйіп,
Дей берді жұрттың қылған ісін мақұл.

Жүрмеді сопыларға тілі тиіп,
Жолықса сәлем берді басын иіп.

Өзгертті сыртқы түрін түгелімен
Қалыпты миссионерлік кебін киіп.

Халыққа сүйте жүре нандырды өзін:
Алғыза бастады ептеп айтқан сөзін.
Әнуәр онан сайын қылды іждағат,
Үміттің көргеннен соң жылы жүзін.

(Бұл жерде де көп сөздер жоқ.)

Қаладан ойнас байын білу керек,
Басына, қолға түссе, міну керек.
Өгізге теріс мінгізіп, ел қыдыртып,
Мойнына құрым киіз ілу керек.

Қабыштың ақша салған жоқ сандығы
Мағлұм енді Әнуәрдің алғандығы,
Тай-тұяқ, жамбы-бұлғын, торғындармен
Белгілі еді екі мыңдай сом барлығы.

Деді жұрт: «Білдіріңдер, оны оязға,
Екі мың тұрсын, бір мың болса да аз ба?
Апыр-ай, бұл адамға сенім жоқ-ау!..
Тағы ұстаймыз деп жүрсек осы жазда».

Дегенде, молда сөйтті, нанбай тұрдық
Жымиып жүрсе де, ішінде еккен сұмдық.
Молдаға пайғамбармын десе сенбе
Көрдің бе ақырында қылған ұрлық...

Манадан Күлтай тұр еді есін жаңылып,
Алақтап не айтарын білмей ақырып.

Әнуәрға жауып отырған жаласына
Ашумен кете жазды іші жарылып.

Деді: «Әжеке, сандығыңыз анау үйде
Бірге тұр жүкпен бірге жиған күйде.
Нәрсені көзіңізге көрсетейін
Кұдайдан қорық, Әнуарға нақақ тиме».

«Оңбасын қызды балам деген кісі
Қылығын қара мұның, жаудың ісі»,—
Деп Әжібай Күлтайға ашуланып,
Шатынап құп-қу болды өңі-түсі.

Именіп, Күлтай онан тайсалмады:
«Айтармын, керек болса, шынын тағы,
Жазықсыз Айшаны да күйдірмеңіз!
Сөзімнің аңғарылсын түпкі жағы.

Сөзімді алмай-ақ қой, пайда болса,
Мен мұны сөйлермін-ақ қайда болса.
Аталық жүрегімде қадіріңіз бар,
Алмаңыз соны жойып, айла болса.

Айтамын сізге, өзіме жаным ашып,
Ауызымды тұра алмассыз қолмен басып.
Өртті сөндірі, балаңмын, барамын да,
Болмаса біреу сөндіріп қанын шашып».

Аңырды сонда үйдегі жиылған топ,
Ешбірі төмен қарап, үндеген жоқ.
Әжібай қарауытып, түтін болып,
Қалшиды кеудесіне тигендей оқ.

Шыдамай үйдегілер кетті шығып,
Күлтайды шығысымен аңыз қылып.
Төркінге Айша, әйтеуір, айдалған жоқ,
Білмеймін аяды ма, іші жібіп.

Әнуәрға ұрлады деп күйе жақпай,
Не себеп, ол жаласын қойды жаппай.
Тергетті оны бірақ приставқа:
«Үкіметті жамандап жүр,— деп,— ұнатпай».

Байбол һәм кей адамдар десіп жалған,
Әнуәр сол себепті аман қалған.
«Бұл жерден жаз шығысымен кетесің» деп,
Пристав Әнуәрдан қол хат алған.

Әжібай араз болды Байболменен,
Көрдім деп бұл турада қастық сенен.
Қаймығып Әжібайдың сұмдығынан,
Қалаға кетті Әнуәр Құмкөл деген.

Күлтайдың әл жеткені екі көзі,
Болса да не қайғысы тартты өзі.
Жанына жаман батар: — «Еліне Әнуәр,
Конвоймен кетті» — деген, жұрттың сөзі.

Біржола түңілсін деген ниетпен,
Айласы ед Әжібайдың бұл көрсеткен.
Айтқан боп жай біреуге Күлтай барда,
Деуші еді: «Ол конвоймен мүлдем кеткен».

Мұны естіп Күлтай әрең өлмей жүрді,
Сонда да ешкімге сыр бермей жүрді.⁴⁷

Үйдегі тілмаш Петька Күлтайды аяп,
Әнуәрдан әкеп тұрды хат пен тілді.

Ол Петька Әжібайдың тілмашы еді,
Сөйтеді деп, оны өшкім парқ қылмас еді.
Сұмдыққа көңілі әзір былғанбаған
Жас еді, Әнуәрмен құрдас еді.

Әнуәр тұрған күнде Әжібайда,
Екеуі қыдырар еді әлдеқайда.
Үйреніп өзі орысша, Әнуәр оны
Үйретер қазақтағы қалып-жайға.

Әнуәрді мінезінен көріп жандай,
Болып еді жат та болса туысқандай.
Әнуәр да көргендіктен сонша жақын
Сөйлеуші еді Күлтайменен өзі қандай.

Үйдегі қатындардың көріп халін;
«Емес қой адамшылық мынау, жаным!» —
Деп тілмаш Әнуәрмен бірге аясып,
Жүрер еді Күлтай, Айшаны айтып бәрін.

Әкеліп сол Әнуәрдан жасырын хат,
Күлтайдың өтіп жүрді көңілін шат.
Сөзбеді бұл жұмысты өшбірі де⁴³
Үй іші, не басқа бір жақын мен жат.

Күлтай бұл жақсылықты іштен күтіп,
Кеткендей сырты Әнуәрді мүлде ұмытып;⁴⁷
Ұялып бір ісінен жүрген жанша
Болады жуып-шайған айла жұтып.

Деуші еді енді оны кім есіне алсын,
Жастықпен бір іс өтті, кетсін, барсын.
Періште болса-дағы жолдан таяр,
Қасында біреу күн-түн азғырған соң.

Баламның өз ұяты өзін жеңіп,
Түзелген, басқа ой жоқ өңі еніп.⁵⁰
Әжібай Күлтай жақтан қауіп қылмай,
Келмес деп Әнуарға да қойды сеніп.

Қар кеткен, наурыздың аяқ кезі
Жайған еді жерге шуақ күннің көзі.
Әжібай өлгендей-ақ үш қатыны
«Ойбай да, ойбай» еді барлық сөзі.

Ардақты әлде мұның баласы өлген,
Атасы, не інісі, ағасы өлген.
Жоқ, аман, ауырмаған ешбірі де,—
Алды деп Әжібай тоқал хабар келген.

Әжібайдан бір кісі әкеп Күлтайға хат,
Жылап еді сол кісіні көргеннен-ақ.
Хатында жазған екен: «Келеміз»,— деп,
Қарағым, жыламасын, шешеңді уат! —

Күлтай айтты шешелеріне ептеп барып:⁵¹
«Не пайда іс өткен соң, ойбай салып?»
Күлтайды өз шешесі қарғап-сілеп,
Қасынан қуды қолға бақан алып.

Аптығып алқымына ашу тығылып,
Қуам деп, бір дөңбекке қалды жығылып;

(Балалар соны көрген осы күнде
Мазақтар әндерін сап, жылап-ұлып).⁵²

Қатындар қуып сонда әр баланы,
Қарғап-сілеп, у-шу қып ай даланы;
Өйткені, Әжібай келіп бүгін жармақ
Жүректе көптен бітеу бір жараны.

Қалмады сықақ қылып күлмеген жұрт,
Қайтеді сүйтпегенде білмеген жұрт,
Кешке ойын, келін түсіс болады деп,
Қыз-қатын сапырылысқан күліп жырқ-жырқ.

Алдынан келіншектің олар бармақ,
Түземек Күлтай үйді, көрпе салмақ;
Күлтайға шеше қайда, үй жөндетер?
Ұрсады: «Жетіспе, — деп, — арсыз салдақ!»

Лақтырды көрпелерін шаңырақтан,
Кілемді жүкті бұзып бұрқыратқан.
Бұлар бүйтіп арам тер боп жатқанда,
Сау етіп Әжібайлар кеп түсті аттан.

Қасында қайын ағасы, қайындары:
— Қош, үйге жүріңіз! — деп кірді бәрі.
Кірсе, қатын беттерін алып салған,
Секілді жын ойнаған үйдің мәні.

Біле алмай сабауға да қайсы бірін,
Ішінен қан ішердей тартты сұрын.
Естілді сатыр-сұтыр таяқ дауысы —
Жаңыл шықты жаулығы жырым-жырым.

Қолға ұстап сирағынан кішкене ұлын,
Жайылып дударланған екі бұрым,
Бар сөзі: «ойбай, ойбай, ойбай да ойбай!»
Жуылып қызыл қанға бет пен мұрын.

Шулаған арашашы қоршаған жан
Зықыш шықты басынан сорғалап қан,
Әжібай: «Кет, талақ!» — деп тепкілеп жүр,
Не дерін қайын ағалар білмей аң-таң.

Жаңыл жүр шырылдатып сәби бала,
Баланы Әжібайға шоқпарға ала.
Біреу кеп өлтірер деп тартып алды,
Кеп қалды келіншек те сол арада.

Келіншек көрді мынау тамашаны,
Тұрса да көзін жауып жібек шәлі.
Қапыда душар болған бұл жұмыстан
Шошыды дір-дір етіп қорқып жаны.

Ісі емес бұл Әжібайдың жаңа көрген;
Мұндайға қатындардың да еттері өлген,
Мұнысы өздерінше күндегі әдет
Тоқалға ауыр тиді жаңа келген.

Болыстың жас келін ед қарындасы,
Аты Ырысты, он жеті жас шамасы.
Жиылып қыз-бозбала ойнағанда,
Мәлтілдеп неге отырды көздің жасы.

Алдынан көрінген соң әлгі форым
Білді ғой бұл келгені қандай орын.

Үйінен әке, ағасын қимағаннан,
Бұза алмай келіп еді ресім — жолын.

Көңілі әкел көз алдына құбыжық елес
Қайғыға көмілгендей не барлық іс...

.
Өзін бір тұтқындағы кісі көрер

Төркіні Ырыстыны сөзбен жұбатып,⁵¹
Әжібайды мақтап-мақтап көңілін уатып,
«Байыңа жақсаң, кем-қор болмассың» деп,
Ат-түйе жолын алып кетті қайтып.

Қалғандай болды Ырысты жау ішінде,
Құлағы керең болып дау ішінде.
Бұл өзі тимесе де, күндестері
Жамандап, килігеді әр ісіне.

Мақсаты күндестердің билетпеске,
Қамтуды осы бастан алып еске,
Тоқалын жақсы көрген бүйткеннен соң,
Оларды Әжібай шаштан сүйретпес пе?

Ырысты жаңа түскен уһ-аһлап,
Жүреді томсырайып ізін бақылап.
Көңілден қапырық кетпес, бой сергімес
Тау басып тұла бойын тұрғандай нақ.

Қолына Әжібайдың түскен кісі
Аюдай болу керек тырнақ, тісі.
Жеңбесе үш күндесін арсыздықпен,
Өмірде оңға баспас ешбір ісі.

Бұл іске күндестері әдіс алған,
Оларда баяғыдан ар жоқ қалған.
Ұрсысып, шаштасудан жалықпайды,
Әйтеуір, тоным ғой деп суға малған.

Әжібай қастарында тұрмас аңдып,
Кетеді қайда болса, сонда қаңғып,
Күндестері соқтығып еш жазықсыз,⁵⁴
Ұрыс,керіс шығарар басын даңғып.

Бар қадар таппақ тұрсын, көріп қызық,
Жылаумен көзге салды әжім-сызық,
Бар-жоқты Әжібайды сүйің де —
Тура кеп мынадай іс, кетті бұзып.

Бір күні Жаңылдың аузы бек бұлтиып,⁵⁵
Әкесі өлгендей-ақ тым қыртыып;
«Бір жеген соқтасын ит қайта жеді» деп,
Долданды қалың бетке ашу жиып.

Зықышқа жеп қойғандай төніп-төніп,
Баяғы айыбын да ашты төгіп:
«Ойнас қып, бала тапқан, бала өлтірген
Қаншық!» деп балағаттар, ұрсып-сөгіп.

Солайша отырса да Жаңыл бүлініп,
Зықыш шат, күңгірт бетке шырай жүріп.
Бұрынғы кекесіннің бірі де жоқ,
«Иә, иә!» — деп төмен қарар көзі күліп.

Зықыштың күндегіден жүрісі жат,
Істеген ісіне де көңілі шат.

Еріксіз ішкі шаттық жымыңдатар
Жазадан құтылатын кісідей-ақ.

Бір жаңа шырай кірген денесіне,
Япырым-ау, жетіседі бұл несіне?
Буына қуаныштың мас болғандай,
Жаңылдың ұрысқанын алмайды есіне.

Сүзілген күнде үмітсіз көз қарастар,
Тұратын сорағытып көзден жастар.
Бірі жоқ, бүгін қайда қашып кеткен;
Еңсесін көтертпейтін ауыр тастар.

Зықышқа қайдан келді бұл несібе?
Оқушым, түсірейін мен есіңе.
«Зықышты Әжекеңе айтып кешірт» деген
Күлтайдың Әнуәр сөзі бар-ды есінде.

Сондықтан Күлтай алып әке тынышын,
Жадыратқан арадағы құрыс-тырысын.
Әнуәрдің аманатын орындаған
Сөксе де өз шешесі бұл жұмысын.

—
Ашар деп бүркеулі істің жұртқа бетін,
Жаңылдан бұрын Әжібай именетін.
Қамшы боп өз ойына Күлтай сөзі,
Міне, енді бұл жұмыстың тапты ретін.

Әзірше сонда-дағы жүрді жасырып,
Жаңылға білдірмеуге бой қашырып.
Үстінен татулықтың Жаңыл түсіп,
Әжекең абройы қалды ашылып.

Жаңылдың бүгін сол ед қыртығаны,
Зықышқа ұрсып аузы бүртиғаны.
Игендей көздің жасын болғаннан соң,
Зықыштың сол — қуанып жымығаны.

Долданып Жаңыл жұртқа әйгілетті:
«Алды,— деп,— тастап кеткен қара бетті.
Ана жыл Зықыш қылған жамандықты,
Бала тауып, ол пәлен-түген өтті».

Жас тоқал «қор болдым» деп жылап жүрді,
Ой ойлап шым-шытырық неше түрлі.
Сөйлескен кісілерге мұңын шағып,
Былайша ағытушы еді ішкі сырды:

«Қор болдым, көп күндесті білмей келіп,
Табар ем, үйде білсем, басыма ерік;
— Олар күң, сенен басқа қатыным жоқ,—
Алдандым деген сөзге нанып, еріп.

Қайта алды мен келісімен тастағанын,
Білмеймін құдай неге бастағанын.
Мұндайын үйде мұның білген болсам,
Жақсы еді былай қарай баспағаным».

Ырысты өз ісіне болмай риза,
Сөйледі келген-кеткен қатын-қызға.
Ол ол ма, сөз жайылды шын ба, өтірік;
«Алмақ,— деп,— тағы қатын Әжібай мырза».

Өйткені жаңада өлген бір ноғайдың
Қатыны танысы еді Әжібайдың.

Жас қатын, баласы жоқ, заты қазақ,
Мүлкіне өзі ие өлген байдың.

Қызығып оған Әжібай дүниесі үшін,
Алуға жұмсап еді айла-күшін.
Екенін дүниесі үшін о да біліп,
Әжібайдың, тимей бірақ, құртты мысын.

Бұл хабар естілген соң Ырыстыға,
Неше рет Әжібаймен ұрысты да.
Ырысты иланбады, тыңдамады,
«Олда!» деп Әжібай айтқан дұрысты да

Жиырма тоғызы міне енді апрельдің,
Көк торғын жамылғаны қара жердің.
Әжібайдың қыз ұзатар тойы ертең деп,
Тиген ед құлағына маңдағы елдің.

Қорадан оқшау тіккен оюлы отау,
Салбырап әшекейлі түр салған бау.
Тігілген оған таяу ақ боз үйлер,
Сыртында нұрға қалқып көгерген тау.

Киініп ағаштар да жасыл тонын,
Жоғалған жер жүзінен қысқы форым.
Жасыл шөп, көз жасындай аққан бұлақ
Бассаң да қай жерге аяқ жүрген жолың.

Дүниеге күннің көзі күле қарап,
Майда жел табиғатты сүйіп-жалап.
Жазды мақтап құттықтап ән салысқан
Адамдар бұлбұл даусын тамашалап.

Қысыр алып қымыз ішіп Әжібайлар;
Күмпиген күпі тастап құнан тайлар.
Көркіне табиғаттың көңіл босап,
Көл қылған көз жастарын терең сайлар.

Мынау той, ауыл үсті толған кісі,
Бықырлап оқшау тіккен отау іші;
Шанқылдап ауыздарын кере сөйлеп,
«Той құтты болсын» десті әр бірісі.

Басына боз балалар үкі таққан
Мақтанып құрбысына бұлғақтатқан.
Білгендер екеу-екеу ән салысып,
Саусақтар домбыраның шегін қаққан.

Жарысқан, көкпар алған, тарыс-тұрыс,
Ойнасқан, әзілдескен, алыс-жұлыс,
Топтанған отау жақта қыз-келіншек,
Естілер ду-ду әзіл, сық-сық күліс.

Шай жасап, табақ-табақ тартылған ет,
Бұл келген қонақтарды қылып құрмет.
«Тиед,— деп,— енді Күлтай біздің қолға»,
Көңілі құда, күйеу орныққан ед.

Жиылған отау тола жасау-бұйым,
Ілінген көз тартарлық асыл киім.
«Ұзатқан мұндай қылып адам жоқ» деп,
Мақтасты жасауларын көрген жиын.

Той өтті кешке таман тарқап қызық,
Таңғызды отау жығып, жүгін бұзып,

Еліне Көңбай құда ат шапқызды
Сүйінші сұратуға қаны қызып.

Әжібай құдасымен кешке таман
Отыр еді көңілдегі бітіп алаң:
«Білмеймін бізден сізді іш тарта ма,—
Деді,— үйге түк қалдырар емес балаң».

Қуаныш кернеген соң бойын буып,
Жымыңдап, езу жимай мұрттан күліп.
Шаттығын көкірегі сыйғыза алмай,
Көңбайдың көзінен жас кетті шығып.

Ол айтты: «Мен ризамын, құдай риза,
Риза шығар бабамыз, бабаңыз да.
Қылық жоқ жасыратын, мың шүкірлік,
Айтпады жұрт не өсек арамызға.

«Шұлғау күң Шәмтік Әжі,— деді өзіме:
Алданба Әжібайдың сен сөзіне!
Жеп көтеді, қыз бермейді» — дегендердің
Көрсетсем, арманым жоқ, бір көзіне.

«Біреумен қойыпты-мыс уәде етіп,
Қапты-мыс бала молда сонда кетіп...»
Деп, алыс та, жақын да таба қылып,
Мазамды алып еді дүңк-дүңк етіп.

Солардың шақырып тұрып тойға бәрін,
Көрсетіп келген жасау, үй сайманын...
Құдайым жеткізген соң бұл тілекке
Өлсем де енді менің не арманым?

Көкірегім, Әжібай мырза, сізге мәлім,
Болмайды менің, сірә, қалт қылғаным.
Өзім тірі тұрғанда бұл дүниеде
Не болсын сенен аяр басым-малым».

Бірталай Әжібайдан да сыр ашылды,
Күлтайдың риза еместігін ол жасырды.
«Дұшпанның к... от басылды» деп,
Мақтауын жолдастары тағы асырды.

Құда сөзі ойына тура келіп,
Отыр еді Әжібайдың жаны еніп.
Қуанып міндетімнен құтылам деп,
Аброймен есенінде қолға беріп.

Күйеуін, құдаларын жақсы сыйлап;
Нәрсесін жөнелтетін ыңғай жинап,
Сенбіге бүрсігүні жүк жөнелтіп,
Указной молда ертең кеш неке қимақ.

Күлтайдан көрмеген соң мінезді жат
Барад деп Әжібайдың көңілі шат.
Жүрегі неге, бірақ, күп-күп етіп,
Қорқады еститіндей бір жаманат.

Көңілінде Әжібайдың бар бір түйін;
Ол — Қабыш, қарамауы шаруа күйін.
Осындай тым болмаса жабдық барда
Жүргені үйді көрмей болды қиын.

Қаңғырып қалада жүр көрмей үйін⁵⁶
Өйткені той болардан көп ілгері

Кеткен еді атқа мініп Қабыш сері;
Қалада жүрмес енді бұрынғыдай,
Өлміш боп таяқ жегеннен бері.

Анау күн алмақ болып орыс қызын
Барғанда, біліп қойған суық ізін;
Орыстың жігіттері алдап тұрып,
Шнедей аузы-басын қылған қызыл.

Ақшасын ұрып-ұрып тартып алған,
Мастықпен Қабыш бірін білмей қалған.
Әйтеуір, өлмеуіне себепші боп,
Керші ноғайлар көріп айқай салған.

Алған соң олар өшін қол іспенен,
Соттасып, тонадың деп, орыспенен.
Келуден құдалары он күн бұрын
Шатасқан Әжібай сондай зор іспенен.

Қабышқа тыюшылық беріп құдай,
Қалаға жуымайтын содан былай;
Үстінен таныс қызы арыз берген,
«Кетті,— деп,— Қабыш алдап», арын сұрай.

Ол жұмыс шым-шытырық дауға кетіп,
Екі жақ арыздасқан дүрілдетіп.
Әжібай төрелерге ақша төгіп,
Іздеткен адвокатты іске жетік.

Бұл қайғы Әжібайды басатұғын,
Сырты бүтін, ішінен сасатұғын...
Қабыштың басы сотқа кете ме деп,
Шығынды ақша төгіп шашатұғын.

Ол ол ма? Анау күні жәрменкеде
Үтқызған Қабыш қартқа бір мың теңге.
Үйінен Қабыш оны жасырса да,
Сөйленген сол маңдағы мәжілістерде.

Әжібай сол себепті Қабышқа ұрсып,
Өзіне ұрысқаны болып қырсық:
«Сөзіңмен дәл к... сүртейін!» — деп,
Жөнелген атқа мініп, Қабыш ыршып.

Келген жоқ қайтып үйге сонан әлі
Ол жоқта өтіп жатыр той мен жыры.
Сол тағы бірдеңеге шатасар деп,
Жүр еді Әжібайдың қорқып жаны.

Ел-жұрты білгендіктен Қабыш сырын
Сұрамас, сөз де қылмас оның жырын.
Жолдастары: «Дәулетіңнің арқасында,
Жүре бер» деп, жел берер, қозғап жынын.

Әжібай айтты отырған құдасына:
— Қабыш ие болмады өз басына.
Қайда жүр? Жабдықпен де жұмысы жоқ,
Мен соның болыс болдым сол жасында.

Асса да жиырма жастан әлі бала,
Айтқан сөз, ақылға да көнбес және.
Адам болудан кетті шығармасам,
Қолына тиесісін беріп қана.

Содан соң не қылса да ықтияры,
Шоқынып хетсін мейлі, одан әрі...

— Жоқ, мырза! үйдемеңіз, жаман сөзді,—
Деп шулап, тоқтау салды құдалары.

Қолында әжесінің ерке өсіп,
Жасынан ең дәулетті жүрді кешіп;
«Малыңды балаң таласын» деген бар ғой,
Бағына біткен шығар осы несіп.

Онымен, құдай берсе, ол тауыспас,
Ондайға жас күнінде кім ауыспас?
Еркелік шығар, онысын әлі-ақ қояр,
Бала ғой қанша айтқанмен әлі де жас.

— Өй тәйірі-ай, бұл күнгеше не балалық?
Тартқаны нағашыға диуаналық,
Айтқанда сондайымда дауға билік
Қалып ед шөмекеңдер тақырқанып.

Баласы пәленшенің дейді халық,
Боп жүр ем болыс қоймақ шарға салып,
Өзгесі басымыздан өткен іс қой,
Жүрмейді сол арасын есіне алып.

Боламын соған ыза, әсіресе,
Байқаңыз сіздер айтып өзі келсе,
Енді өзі адам болсын, мен ұлғайдым,
Берейін қатын алып «қатын» десе.

Жүргені, құдай өмірі, мұндай жан боп,
Көнбесе кеткені ғой басы даң боп.
Болмай ма шыдай тұрса біраз күнге,
Қатыннан менен бейнет көрген жан жоқ...

Деп Әжібай күле сөйлеп, сырын ашып,
Серпіліп қайғысынан жүрген сасып.
Шу етті қатын-қалаш, бала-шаға;
«Кәмиланы Қабыш келді,— деп,— алып қашып».

Қарады отырған жұрт қозғалысып,
Екенін не оқиға көрді барысып;
Үн-түн жоқ, қарауытып Әжібай жүрді,
Бетінен түтін шығып, түгі басып.

Әжібай ренжімес еді бұған,
Өзі де келіншек әпермек болған.
Әкелген жесір, бірақ, біреудікі
Ұзатпақ, мал төленген неше жылдан.

• • • • •
• • • • •
• • • • •

1914—1915





ҚАМАР СҮЛУ

Жіңішке сымға тартқан өні қандай,
Балауыз балбыраған төні қандай.
Ақыл, ой, мінез, көрік түгел келіп,
Толықсып толып тұрған сөні қандай.

Еріткен іші-баурыңды көзі қандай,
Бал тамған майда бұлбұл сөзі қандай.
Жұп-жұмсақ, бып-биязы ішке кіріп,
Жайтаңдап жан күйдірген кезі қандай!

Күлгенде көзіңді алып кірсіз тісі,
Қайнамас оны көріп кімнің іші?
Алмас қылыш жүзіндей аударылған,
Сүйгізіп көлеңкесін әрбір ісі.

Нұрлы жүз жан-жағына сәуле шашып,
Бойының мінсіздігі онан асып.
Өзгеден сып-сыпайы һәм сүйкімді,
Ең арты жүрсе-дағы аяқ басып.

Толған ай шілдедегі жалт-жұлт еткен,
Мұбада көрген кісі қиыр шеттен.
Көлеңкесі күйдіріп күні-түні,
Есінен екі-үш айда әзер кеткен.

Талайы бозбаланың болған ғашық
Уай шіркін! Болсайшы деп бізге нәсіп.
Егер де Қамарменен тіл қағысса,
Күдай ұрып жым болар қара басып.

Омар да қоя берді бетін қақпай,¹
Жүрсе де сонысынан жұртқа жақпай.
Әркімдер құдалықты ойланса да,
Қамар қыз қайдан көнсін теңін таппай

Қамар осындай сәулетпен бұлғақтап болып тұрған кезінде құдай берген дәулеттің арқасында, аброй, атақ бірдей келіп толықсып² толып тұрған кезінде:

Сұлу Қамар, ақын Қамар, жаным Қамар,
Қамаржан, сені ойласам, ішім жанар.
Үлбіреген аузыңнан бір сүйгізсең,
Ішкендей кәусер суын мейрім қанар...—

дегендей өлеңдер сол маңайдағы бозбалалардың аузынан екі елі тастамайтын тасбиғы еді. Және бір нәрсені көңілдері ұнатып, мақтағысы келсе: «Уай шіркін! Мынау Қамардай екен!» десуші еді. Кей уақыт Қамардың көзіне жазатайым көздері түсіп кеткендері де өлдеқандай көтеріліп, қуанып қалушы еді. Қамар біреуінен әншейін бір істің жөнін сұраса да: «Қамар маған сүйдеді, бүйдеді...» деп, неше күндей әркімге бір әйгілетіп, дәурығуға со да жетуші еді.

Қамар осылай³ әркімнің көзіне күйік болған қалпымен күннен-күнге құлпырып, он бес жасына жетті. Бұл кездерінде баяғы теңмін деп құмартып, құлқынын құртып жүретін замандастарынан жоғары секілді телміріп жазған өлеңдер, хаттар судай ағылып келсе де, кейбіреулерін жауапсыз жыртып, кейбіреулерін

өзінің шешендігімен жебедей жерге енгізіп⁴, енді қайтып бас көтеруге жарапмай тастай беруші еді.

Сол кезде аса жақын болмаса да, Омарларға үш-төрт атадан барып қосылатын Сарбас деген ауылда Жәуке деген кісінің оқу соңында жүрген жиырма бір жаста Ахмет есімді бір жақсы зерек баласы бар еді. Жәуке өзі нашар кісі болса да, бар тапқан-танығанын жалғыз баласы Ахметтің оқуына салып, жасынан олай сүйреп, былай сүйреп жүріп, әйтеуір молда атына іліктіріп еді. Бертін келген кездерде Жәукенің ол бейнеті босқа кетпей, Ахметтің арқасында аузы асқа, ауы атқа тиіп, есіктегі басы төрге жетті. Аса байып кете қоймаса да, өзіне-өзі тоқ, жақсы ғана дөңгелек ауқат та бітті.

Бұл Сарбас ауылы осы Омекеңдермен ыңғайлас, жазғы, қысқы қоныстары бір, аралас-құралас еді. Ахметпен Омардың үлкен баласы — Қасен күрдас һәм⁵ жасынан бірге өсіп, бірге оқып, біте қайнаған сырлас еді. Бірінсіз бірі тыншып тұрмас еді. Мұсылманша оқуды өкеуі сабақтас болып оқып рушді сыныфтарын^{*} бітіріп, онан соң ауылнай шkolда оқып тамамдаған соң, Қасенді өкесі гимназияға енгізіп, Ахмет қолының қысқалығынан онан артық ұзай алмай қалғандығына бірсыпыра жыл болып еді. Ахмет онан соң да тағы талпынып оқып, игдади сыныфтарын^{**} бітірді. Бертін уақыттарда үлгілі жерлерді аралап, тәртіп, дүние танығысы келсе де, қартайған өкесін қимай, өзі жалғыз болған соң, қайтерін білмей қарайлап жүрген жайы бар еді.

Және Ахметтің ақыл-ой, зеректігінің үстіне сұңқардың баласындай бітімі жақсы, көзге түсерлік керкі де бар, сөзге шешен, ойдан шығарғыш — ақын, жарып салма өткір еді. Той секілді жұрт жиналған жерлерде өлең болсын, ойын болсын, газет, журнал, кітап оқып, шарифат-насихат айту болсын, ең арты біреуді сықақтаған құлық болсын, бас бәйге Ахметтікі еді. Тартынбай та-

^{*}) Рушді сыныф (арабша) — 3—7 кластар көлеміндегі оқу.

^{**}) Игдади сыныф (арабша) — 10 класс көлеміндегі оқу.

мылжытып сөйлегенде де өзінен үлкен-кішілердің аузынан суық ағызып, көңілдеріндегі уын шығара жаздаушы еді. Соның үшін елдің атқамінер, ақсақалдары: «Оқыды деп Жәукенің баласын айт. Әне, сондай болсайшы», деп, біреуге ақыл айтқанда қызға Қамарды үлгі қылатыны секілді, бозбалаға Ахметті үлгі қылып ұрсушы еді. «Қыз қылығынан» деп... не қылса да, Ахмет осындай-осындай... қылықты мінездермен құрбы-замандастары арасында айтулы һәм ағайын, халқына сүйкімді болып, жас та болса біраз жұртқа атағы да шығып кетті... Міне, осылай Ахмет бас болған жерде бас болып, жас болған жерде жас болып, тіпті ⁶ мас болған жерде мас болып, тоғыз қырлы, тоқсан сырлы жігіт ағасы деуге лайық болып жүрді.

Бірақ аулының малға мастанған мұрындықсыз желбастары ғана Ахметтің зеректігін көре алмай күндеп, іштері жарылып кете жаздаушы еді. «Сонша көтеріп неме керек: кешегі мұрнынан боғы аққан Жәукенің жаман баласы емес пе еді?» деп, жарбаңдап алдына шыға берушілер де аз емес еді.

«Жақсыдан жаман туса — емі болмас, жаманнан жақсы туса — теңі болмас» деген бабаларымыздың жарқыраған жолын надандығы көргізбеуші еді.

Көбінесе себеп: олар жүрген бұзық жолда Ахметтің жүрмеуі, оларға жолдас болмауы, жақсылыққа бастауы, жамандыққа баспауы еді. Бозбалалардың сыртқы жәй әңгімелерінде: бұл маңайда Қамармен азілге, сөзге, өлеңге һәм ақыл, ой, білімге де жалғыз-ақ пар келетін Ахмет екендігі айтылып отырушы еді, һәм бұл екеуінің сын-сымбаты сырттан бір-біріне ұнасқандығына қарағанда, тап шыны да сол болуға лайық еді.

Қамар, Ахмет іштерінен бірін-бірі жанындай көріп жарылып кете жаздаса да, ағасы Қасеннің жаны бірге досты һәм құрдасы болып бірге жүріп, бірге тұрған соң, бірі аға, бірі қарындас секілді болып ⁷ бір-біріне бүгінге шейін ойнап болсын, шындап болсын сыр ашып, сыбырласа қойған жерлері жоқ еді және бі-

раз күнгі ойын-күлкі ғана болмаса, Қамар, Ахмет түпкілікті болып қосыларлық ешбір рет жоқ еді. Себебі: Ахметтің күр жігіттігі болмаса, құда болып аларлық малы жоқ, алып қашар еді, ат салысарлық аудыны жоқ; қолына қарап тұрған кәрі әке-шешесі тағы бар; оларды тастау оңай болып па? «Теңі келсе тегін бер»¹¹ дегенге көне қоятын қазақ па? Өйтпек тұрсын, «Қамар» деп аузынан шығарса-ақ айып салып, бірдеңесін өлтіргеннен жаман тергеуге алатын жайы бар.

Міне, бұған Қамардың көзі жеткені секілді Ахметтің де көзі жетіп, «әйтеуір түпкілікті бола алмайтынымыз ақ, олай болғанда, нақақ біреуді қаралауда қанша пайда деп, олай-былай құмартып құрыстап келгенмен, ақылға жеңдіріп тоқтала беруші еді. Алайда, шын сүйіп күйшілік — бір дерт шыдата ма? «Таң атпайын десе де, күн қоймайды» деген секілді осынша тырмысып, шыдайын-ақ десе де жүрек қоймай барады. Күннен-күнге сабыры қалмай, жатса-тұрса көз алдына Қамардың суреті елестеп жанын қоярға жер таптырмай барады.

Ақыр іштегі дертіне шыдай алмады: біраз күн болса да, ептеп ойнап-құлумен мауқын баса тұру қиялына түсті. Ал, енді Қамардың оңаша уақытын тауып, жүреkteгісін ашып салайын деп-ақ батырланып келеді. Не хикмәт? Қамармен тап бетпе-бет келген уақытта, беті күйгендей ұялып қызара бастаушы еді. Бойына әлде немене бір қорқу пайда болған секілді, тұла бойы тітірегенсымақ қызуланып, қызынып, қуанышты-қорқынышты, аттай тұлап, аузына қарай тығылыққыраған жүрегі сөйлесе дірілдеп кетейін деп, суынып-ісініп, қымтырылып-қымсынып¹², бір жоғары, бір төмен қарап қайта-қайта ұмсынып, ешбір нәрсе айта алмай шыға беруші еді. Сүйтіп іштерінен сүйісіп¹³ күйгендігін көлеңкелеген болып отырысса да¹⁴: «Жаным жарылайын деп-ақ іші-бауырым елжіреп еріп бара жатқандықтан, есалаңданып отырмын, қайтейін?...» дегендей қылып, ақырын баяу ғана аударысқан ықлас көздері бір-біріне түсіп кете¹⁵ қалса, ездерінің ықтияр-

сыз барып шап етіп қосылған көлеңкелерін (сурет) көрген сенілді беттерінен оттары шығып, бір нәрсені шұқылаған болып, күбілжіктеп кетуші еді.

Солай Ахмет әлде неше рет «Әй, енді ме».. деп көңілін бекітіп ¹³ қатайып-ақ келсе де, әлгідей халге ұшырай берді. Таудан, тастан қайтпаған жүрегі Қамарға бір ауыз сөз айтуға бата ¹⁴ алмады. Ол Ахметтің қорқақтығынан, я ынжық, жамандығынан емес; ғашық оты күйдірсе де, ақты қаралауға ішкі батымының бармағандығынан, жүрегінің тазалығынан еді... Жасынан қиянат-бұзықтыққа қарайып үйренбеген таза көңіл жеме-жемге келгенде жиренбей қайтуші еді?..

«Көп жүрдім шыдайын деп іштен жанып,
Кейде олай, кейде бұлай ойға қалып.
Амалсыз арды түйіп қалам алдым:
Кеткен соң ғашық оты бойымды алып.

Ойнайық азғана күн дәурен өтпей,
Тұрғанда басыңыздан билік кетпей.
Шығаршы жүректегі шын сырыңды,
Жаутаңдап екі көзді мөлдіретпей.¹⁵

Талпынып қол сермедім ұшқан құсқа,
Болса да жетер ме деп қолым қысқа.
Көзге күйік көріндің, іш күйдірдің
Мейрімсіз отқа салдың, бұл дұрыс па?

Бір өзіңнен басқаны қойдым жауып,
Ұят па, ойнап күлу теңін тауып?
Көрген соң жалғыз ғана ішің білер,
Жау мұндалап жүрмессіз елге шауып.

Ақ тұйғын талпынбай ма теңге қарай,
Басын көссе, бара алмас көмге қарай.
Дауасы сырқатымның жалғыз сенсің:
Талпындым жаным үшін өмге қарай.

Қарайсың мөлдіретіп жаудыр көзің,
Шын айтсам, шыбын жаным сенін өзің,
Елжіреп іші-баурым ынтығып тұр.
Тез естір мейірбанды жылы сөзің».

Қамар хатты оқып болған соң бір қызарып, бір сұрланып, жүрегі көудесіне сыймай, не ашу емес, не қуану емес, белгісіз қысылып, қарап тұрып бір тынышсыздыққа қалды.

Мұнан соң қайғы басқан кісі секілді әрдайым мұңайып, ойланып жүретін болды.

Бұрын таңның атқанын, күннің батқанын білмейтін Қамар бір о жағына, бір бұ жағына аунақшып, көрер таңды көзімен атқызатын уақыттары да болып жүрді. Себебі: бір жағынан Ахметтей ақыл-ой, парасатты, тең жігіт табылмайтындығын ойлап, бір жағынан әке, ағаларының Ахметті кедейсініп бермейтіндігін ойлап, түпкілікті болмаған соң, күр біраз күнге әрі-сәрі әуреленіп қалудың ретін тағы таба алмай, жатып-тұрып сандала бөруші еді.

...Бір күні қағаз алып, өлде не жазуға ойланса да: не хикмәт, қолы жүрмей жіпсіз байланған секілді бір түрлі мұңайған уайымды түспен қаламды бір сияға батырып, бір қағаз үстіне жорғалатып, бір ұшы-қиыры жоқ ұзын ойға батты да отырды. Бір жазып өшірді. Бір жазып жыртты. Қаламды қайтадан сия ішіне қойып, бір жақ қолымен жағын таянып, көзін сүзіп тұнжырады да қалды. Әрі ойлады, бері ойлады, уысына еш нәрсе түсіре алмады. Біраздан соң ауыр күрсінді де, қайтадан қаламын алып:

«А, құдай, жасты жасқа пар қылғаның,
Біреуді жоқ, біреуді бар қылғаның».

Біреуге алтын, гауһар тахыт беріп,
Астана жұрт билеген хан қылғаның;¹⁶
Біреуге мал мен бақты үйіп беріп,
Ақылсыз екі аяқты мал қылғаның;
Біреуге Аплатондай білім беріп,
Мінер ат, ішер асқа зар қылғаның;
Қыздарын теңге бермей, малға беріп,
Қазақты қара көңіл аң қылғаның;
Мейлі доңыз болсын, қоңыз болсын,
Малдыны кісімсітіп паң қылғаның.¹⁷
Көрсетіп құдіретіңнің шеберлігін,
Бендеңнің миы жетпес таң қылғаның»

...деп жазды да, қағазын жиып, жанындағы домбырасын алып далаға шықты. Әлгі жазған өлеңін жұрт түсінерлік қылмаса да, бір түрлі зарыққан, зарлы жіңішке әуезбен көмейге салып баяулатып, жаяулатып домбыраға қосты да отырды. Басқалар мұның не екенін қайдан білсін, Қамар тағы бір жақсы ән шығарыпты, ал, үйренейік десіп, жүгірісуде еді.

Сөйтіп ойы онға, ақылы алтыға бөлініп өуреленіп жүрген кезінде, Ахметтен тағы мынадай бір хат алды:

«Қалқам-ай, қапа қылдың жауап бермей,
Жүр ме екен қолың тиіп, реті келмей?
Дәрменсіз, дертім қалың, жүрек толқып,
Мен жүрмін сол қападан әзер өлмей.

Қалам қас, мамық тамақ, уыз қойын,
Мөлдір көз, тілің бұлбұл, алма мойын,
Көңілімді көкке ұшырмай дауалатшы:
Алып-ұшып барады тұла бойым.

Апырым-ай, көз қарасың тәуір еді,
Мінезің салмақтылау, ауыр еді:
Жауабың кеше-бүгін болмаған соң,
Көз жасым көктен күйған жауын еді.

Білемін ішкі жағың мені сүйер:
Теңдесін теңдес сүймей, нені сүйер?
Дәл ойың жалғыз қылдың үстінде тұр,
Ауа алмай бір жағына ішің күйер...»

деген жерге келген кезде, Қамардың хатты ақырына дейін оқып шығуға шамасы келе алмады. Сол жерде не болғанын да білмей, тамағында бұлығып тұрған¹⁸ ызалы жастары көзінен ытып-ытып кетіп, оқымастан алып қойды...

Ал, енді Қамардың толған жүрегі, толғанған көңілі олай да, бұлай да толқып келіп тоқталған уақытта, өзіне-өзі сөйлескен кісідей мынаны айтушы еді: «Ахметті сүйемін-ақ, сүйгенім үшін осынша күйемін-ақ, ал енді шыдамадым... қараландым. Күні ертең өл-жұртым екеумізді екі айырып жібереді... Онда не болдым? Қосылуға қарар таппаған көңіліміз айрылысуға неғып шыдатады?.. Әке, ағаларым болса, мені оған бермек тұрсын, бұл жазғанын сезсе де, бұ күнімізді өзімізге көп қылады ғой...» деп, оңашада әлі келетіні баяғы аяусыз көздің жасы еді.

Бір күні өзіне-өзі қайрат беріп: «Қой, бүйтіп күйік үстіне жалқын¹⁹ салмайын; өзімдікі қабырға бірге түсетін күйік қой, енді тағы Ахметті күйдіріп, көрі әке-шешесінің обалына қалмайын; бірдеңеміз елге сезіліп қалса, Ахмет байғұстың талқанын шығарады ғой; сонда олардың көз жасы, қарғысы менің мойныма болмағанда кімге?.. Бес-он күндік ойын үшін, өрі өзімді, өрі оны қараландырып, жұртыма да, құдайға да ұятты болмайын; жанған жаным жана берсін; обалымыз қиюы жоқ, қисыны қашқан дүниеге, оңға баспай, солға басқан қазақтың қара гүрпына болсын.

Бейшараның жанына батыра жазып, көңілін суытайын. Маған әуреленіп Ахмет деген абройлы атынан айрылып қалмасын. Өмір бойы өзім түскен азапқа ол түспесін...» деп, әр жағын²⁰ салыстырып шарқ ұрып келіп, көзінің жасын төге-төге мынау бір хатты Ахметке жазып, беріп жіберді.

«Күп алдым ықыласыңды, замандасым,
Белгілі сенен жақсы таба алмасым.
Сонда да үмітіңді ұз, менен түңіл,
Доп емес әркім қағар менің басым.

Көз тігіп қарадың деп күйе жақпа,
Жақсаң жақ, жөні келер жерін тап та.
Ақылмен алды-артыңды шолып алмай,
Қарны ашқан қасқырға ұсап қойға шаппа!

Қарасам, сүйгендіктен қарамаймын,
Сүйсем де, сол сөзіңе жарамаймын.
Арыстан айға шауып мертігіпті,
Секірме, қолың жетпес көктегі аймын.

Сілтей бер маған жетер қолың болса,
Даңы жоқ, даңғыл жатқан жолың болса.
Ашық жол, асулы қол болар еді-ау
Бірақ жоқ, өттең дүние, соның болса...

Сен шыда, күйіп тұрсың, бір-ақ отқа,
Болсаң да қандай қызу жалын шоқта.
Аузың айтып, әр жағың біліп тұр ғой
Екі оттың арасында тұрғам жоқ па?!»²¹

...деп өзінің шын сырын Ахметке дүмбілдеу аңғарсын дегендей қылып қойып еді.

Неше күндей тыншымай, жатып тұрып ойланып, жанып-күйіп сандалып, ой түбіне жете алмай, дертке дәрмен ете алмай, жаны-жүрегі, көңілі-тілегі Қамардың жылы жауабын күтіп жүрген Ахмет сорлының жүзі хаттың басқы жолын көрген шағында қараңғы бұлт астынан күліп шыққан күн сықылды жарқырап кетті.

«Ойдағым келді ме, жылы жауап берді ме, Қамар мені сүйді ме, сүйгендіктен күйді ме!» — дегендей қылып көзі жасаурап, жүрегі лүпілдеп, өне бойы қалтырап кетті. Аһ не шара... Талайсыз сорлы! ²²

Өлеңнің соңғы жолына қарай аяқ басқан соң-ақ, баяғы қалтыраған жүз, жаудыраған көз күннің бұлт астына қайыра кіргені секілді түнеріп салып жүре берді.

Сонда жападан-жалғыз өзі ауылдан жарты шақырым бір төбе басына шығып, қолының қысқа, қоғамның аздығына назаланып, бір түрлі тарығып-зарыққан, мұңды лебізбен бір олай, бір бұлай жүріп, қайта-қайта айта бергені мынау екен:

Малдылық, маскүнемдік, қарны тоқтық,
Деуші өдім неге керек сыпыра боқтық.
Қазақтың қаны-жаны сонда екен ғой;
Діңкемді күрттың, міне, өттең жоқтық.

Ахмет Қамардың өлгі сөзінің тұқымына ар жағынан қопарып түсініп тұрса да, қозғалып алынған көңілі, құмартып алған жүрегі тағы бір хат жазбайынша тыныш таптырмады.

Бұл жолғы хатын еш нәрсеге түсінбеген құлақсыз саңырау, тілсіз мылқау кісі сияқтанып жанына тидіре, жаралы көңілін күйдіре жазды:

«Әрине, қолым жетпес көктегі айсың,
Қағу көрмей, қарсы өскен қалқатайсың,
Жетпесе де сермедім, ал қолымнан,
Ақыл-ой, зеректікке сайма-сайсың.

Ол рас, менен гөрі малың тәуір,
Малы тәуір кісінің сөзі де ауыр,
Теңіне теңелем деп жүргендердің
Талайын қара қарға қылған жауыр.

Не шара, айтқан сөзім ем болмаса,
Сұңқар мен сұқсыр үйрек тең болмаса²³,
Сен үшін мұнша қапа болмас та едім:
Алды-артым бәрі қысқа, кем болмаса.
Қылмаса құдай нәсіп амал бар ма,
Біраз күн ойнайықшы ең болмаса».

Қамар тағы көрген соң баяғыдай бір жанды, бір күйді,
қайтсін, амал бар ма?.. «Қарға» деген сөзіне қарсы тез мынаны
жазып жеткіздірді, «Суға кеткен тал қармайды» деген ғой сы-
ныққа сылтау іздемей амал бар ма?..

Апырмай, ашық еді сенің көзің,
У жеген қасқырдай ғой кейбір сөзің.
Жайды білмей жарбаңдап жамандарша,
Қарғаң не, қайта ойланып байқашы өзің?²⁴

Қамардың ендігі ойы: Ахметтің өзіне бір жолығып мұңын,
сырын ауызба-ауыз айтысып, көңілдерін жадыратып: «Ретім бол-
мады, айыпқа бұйырмаңыз» деп, не де болса өзінен Ахметті тү-
ңілдіру еді. Оның ретін тағы келтіре алмады. Себебі: соның
өзінде-ақ қатын-қалаш, малшы-құлшы дегендейлер ауылға Ахмет
келгенде, Қамармен көз қарастары бір-біріне елжіреп, еріп, ел-
пілдеп тұруларынан сектеніп²⁵ қалып еді. Қалай ауылға Ахмет
келді, солай жиналысып ортаға алып, ешбір оңашалық бермеуші
еді. Ақыр Қамар тағы баяғы хатқа жабысты.

«Жан құрбым, сабыр етші, жанымды алмай,
Күйіп тұрған жанымға жалқын салмай.
Не сенен, не өзімнен жол табылса,
Қалатұғын ойым жоқ саған бармай.

Тіпті жоқ сенен өзге сүйген кісім,
Мағлұм бір аллаға ұшпу ісім.
Хатыңды көрген сайын қайран болып,
Жол таппай құр қайнайды іші-тысым.

Әрине, өзің теңсің, малың нашар,
Халің жоқ және-дағы алып қашар.
Болса да басың бұлбұл, аяқ дүлділ.
Беруге кісі тапшы аяқ басар.

Ақыл-ой, сын-сымбатта маған теңсің,
Шыбыным, шын сүйгенім — жалғыз сенсің.
Ту бие, қара саба болмаған соң,
Икемге менің елім қайдан көнсін.

Қалса да егер бірі мұны сезіп,
Кетуі-ақ қолын қойып менен безіп.
«Тентекті айып салып айдап жібер»²⁶,
Деп шулап көк малтасын тұрмай ма езіп?

Бейшара-ау, шырт түкірініп жатпас па едің,
Қымызды ішіп, насыбайды атпас па едің,
Шіреніп маңғазсынып, маңызданып,
Лепіріп ақыра сөйлеп, шатпас па едің?»²⁷

Ағайын айдынықа ермес пе еді,
Жимылып жылпылдақтар келмес пе еді.
Аузыңнан шықса, «құдай берді ғой» деп,
Өзі іздеп мені саған бермес пе еді?

Дап-дайын көңілімде тұр ақылдары,
Еш шек жоқ сонда бізді мақұлдары.
«Балаңның бақыты ашылды, жайлы орын» деп,
Шалдардың таптың қағып, тақылдары.

Түсінсең де түсінбей көп жазасың,
Дертіме дәрменімсің деп жазасың.
Тым болмаса біраз күн ойнайық деп,
Өткелсіз, орайы жоқ көп жазасың.

Шыдайық тілімді алсаң қараланбай,
Досқа күлкі, дұшпанға табаланбай,
Өтейік бір күйікпен арманда боп,
Тағы да жара үстіне жараланбай.

Көрініп көзге түссе осы хатым,
«Оқыды» деген бар ед менің атым.
«Қызды оқытпа, оқытсаң мынау ғой»,— деп,
Кейінгіге тимей ме кесапатым?

Қалдырмай бір жағыңнан мұны да ойла,
Тамағыңнан басқаны жауып қойма,
Не пайда, сен де оқыдың, мен де оқыдым,
Қалмаса арттағыға үлгі бойда?

Қайтейін, мен де амалсыз, арманым көп,
Арманды арылтатын дәрменім жоқ.
Бүгін саған барамын, ертең оған,
Оннан да жақсы емес пе атылған оқ...

Қарағым, қаралама, ая мені...
Аяғаннан айтамын мен де сені.

Күйдіріп бір сен үшін ата-анамды,
Елге бүлік салудың келмес жөні.

Жауалты үзіл-кесіл беріп тұрмын,
Берсем де бетім күйіп өліп тұрмын.
Қайтесің, амал бар ма, қазақ надан,
Сен де көн, мен-дағы һәм көніп тұрмын.

Разы, сүйген жарым, қош-есен бол ²³
Құдайым аша берсін алдыңа жол.
Мен үшін бұдан бұлай әуре болма,
Бір жола үзіл-кесіл айтқаным сол.
Шын сөзге тоқтайсың ғой амалсыздан,
Қарағым-м-м-м... разы бол, қасіретім мол».

Бұл хат кешікпей-ақ Ахметке тапсырылды.

Қамардың бұл секілді данышпандығына Ахметтің есі шығып кеткендігі сонша, өзінің тіпті ғашықтығын ұмытты. Таң-тамаша: қазақта «қызды оқытса бұзылуға себеп» деп, қара көңілден шыққан сөзді ойына алып, сол арада жан жеріне тигендей құшырланып-құшырланып айтып жібергендегісі мынау екен:

«Қайтәйін, қара қазақ, шабандығың
Ойлашы, қай жерінде адамдығың?
Қыз оқыса, «бұзылды, ал, кетті» — деп,
Мінеки, айтқызатын надандығың.

Кетпейді Қамар неге маған еріл,
Аһ ұрып зар қылады, көңіл беріп.
Оқумен ойы жеткен шаһыбаздарі *
Тұрады-әу атқан оққа көкірек керіп.

* Шаһыбаз (шарғы сөзі) — сабақ, жоғары санактағы кісі.

Қамар қыз оқымаса нөтер еді,
Әуелі бұлтаң-сылтаң етер еді;
Көзсіз болса алды-артын болжау қайда,
Әр кімнің жетегінде кетер еді».

Енді Ахмет өз ісінің қателігіне Қамардан көшу сұрап, атқан оқ секілді қиындыққа артқы ар-ұятты болжап, қарсы тұрғандығына разы болғандығын білдіріп һәм ақыл айтып, ең соңғы қоштасу²⁹ хатын жазды:

«Қамаржан, мен күйемін сенің үшін,
Әрине, сен күйесің менің үшін.
Ғапу қыл, байқатпайды ғашық оты:
Азғана күн әурелен деген ісім.

Ғашықтық алды-артымды бірдей жауып,
Іс түбін ойламаппын ақыл тауып;
Мен үшін өмір бойы қаралан деп,
Тұрған соң айта саппын көңлім ауып

Ұялмай-ақ ағашқа күйе жағып,
Батылым барды соған өлде нағып?
Ұялам өз-өзімнен жерге кіріп,
Саған жазған сөздерді есіме алып.

Ғапу қыл, данышпаным, айып етпе,
Баспаңыз көрінгенде біздің бетке.
Ал енді, бір азырақ ақыл айтам,
Есіңнен елеусіз қып тастап кетпе.

Елуге жасы жеткен шалға барма,
Малды деп, маңызданған малға барма!

Ел-журтым обалыма қарайды деп,
Түбінде соған сеніп қалма!

Шыдадым күймек тұрсын өлсем-дағы,
Жанымды қирық буынға бөлсем-дағы:
Аһ дүние, іш жанды ғой, іш жанды ғой,
Амалсыз айтқаныңа көнсем-дағы.

Қош өнді, жанған жаным жана берсін,
Басыма кетпес қайғы сала берсін.
Қудая, сол Қамарды бақытты қыл деп,
Ғашығың қолын жайып қала берсін!».

Ақырына: «Қош, қарағым, данышпаным, қош... ризамын» деп қол қойды.

Сөйтіп, көшке таман араларына хат тасушы баланы шақырып алды да: «Ешкімге жымынды білдірместен, осы хатты Қамарға ²⁰ тапсыр» — деді. Сонан соң өзі үйіне барып ас ішуге де шамасы келмей жатып қалды. (Белгілі қайғы...)

Біз жоғарыда сөз басында: Ахметті күндеп, қолынан келсе аяқбайын деп жүрген замандастары бар деген едік. Олар да қанша үзіліп-сүзілгенімен, Қамарға сөздерін тыңдата алмай, ең болған қойдай тұңліп, ендігі бар мақсаттары ²¹: Қамарды қарау үшін, сыныққа сылтау табу еді. Әсіресе, оларға Қамардың Ахметке іш тартып сөйлесіп, басқасын кісі құрлы көрмегендігі — ең батушы еді. Нақ осы уақытта Қамарды Ахметке таңған өсек дүрілдеп тө тұрған кезі еді.

Не қылса да өлгілер онан-мұнан тіміскілеп жүріп, бір нәрсені сөзді ме, сезіктенді ме, өздерінен-өздері елегізіп, түн бойы ұйықтамастан, нтше шұбырып жүру жұмысына мықтап тұрып кірісіп алған еді. Міне, бүгін олардың көктем тілегені жерден табылып, Ахметтің өлгі жазған соңғы хатын қолдарына түсірді.

(Сырттан біреуі бағып тұрып, бала байғұстың жүйкесін құрытып қойған екен). Өлгені тіріліп, өшкені жанғандай қуанып шуылдасты да қалды. «Соқыр тауыққа бәрі бидай», тек хат ішінде «Қамар — Ахмет» деген сөз болған соң-ақ, құдай берді, ақты-қарасын ақтару қайда... Шыдасын ба? Біреу айтты:

— Қарашы, асын ішіп, текеметін тіліп жүргенін, жүріңдер, бәлемді үйінен суырып алып тепкілейік,— деп, біреуі:

— Қой, онда нең бар? Омарға берейік...

— Ойбай, ол үлкен кісі, баласының жамандығын бөтіне апарып басқандай боламыз ғой,— деп біреуі айтты.

— Өзгеден бұрын Қамардың өзіне көрсетіп, өз қылығын алдына келтірер едік, бірақ ол дүзқара біздің қасымызға маңайласпайды ғой,— деп, оны он түрлі күрілдесіп келіп-көліп Қасенге білдіруге байласты. Тұрсын ба, тез асығыс-үсігіс, Қасенді оңашалап: «Досыңның ісі мынау» деп, хатты бере сала қамалады.

— «Кім дос, кім қас, байқамайсыңдар; күле кіріп, күңірене шығатынды білмейсіңдер; еркінсітіп жібересіңдер, аңқаусыңдар, жалқаусыңдар; оның тұқымының ежелден достығы бар ма еді?» — деп үсті-үстіне баспалатып, хатты оқып шыққанша Қасеннің жанын қоярға жер таптырмады. Қасен хатты оқып, істің не екеніне түсінген соң:

— «Жігіттер, бұл хатта біздің жүрегімізді мұздататындай нәрсе көрінбейді. Қамар болса маған да, сіздерге де бірдей қарындас. Күнәсі болсын, болмасын, жабулы қазан жабушымен қоя қояйық. Ахмет болса жұртқа айтпай-ақ қолымыздан келетін нәрсе ғой. Қане, мұнда не бар?» деп, хатты оқып, осынша түсіндірейін-ақ десе де, манағы манағы ма аспанға шалқыды. Қасен тағы бірнеше қайтара:

«Мен сіздерден замандастық ақым үшін сұраймын, даурықпай тараңыздар, үлкендердің құлағына тисе ұят болар» деп, өлгенше жалынып-жалпайса да:

«Ойбай сүйексіз шіркін-ау²², бәрі өзіңнен екен ғой. Қара жүрек, шоқынды болмасаң, осыған жаны бар кісі шыдарлық па?...» деп бәрі жан-жағынан итше шулап төнісіп, Қасенді ашуланбаған ерікке қоймады.

Қасен жігіттердің көлденең килігіп, сөзге түсінбей, осынша бүлініп, бүлік іздеп тұрғандықтарына күйіп кетіп: «Кет деген соң, кетіңдер! Ахметтің сендер садағасына да жарамайсыңдар, «Төңіне тегін бер» деген, Қамар Ахметке лайық, жұмысың болмасын...» деп, ұрсып-ұрсып, әлгі мұрындықсыз өгіздерді де, у-шуға жиналған бала-шағаны да ыдыратып жіберді.

Ұрынуға қара таба алмай, өрмек қылуға жара таба алмай жүрген өңкөй есектер солай екен деп қоя қою қайда? Қазір үйден-үйге қыдырып жүріп, әйгілетпесі бар ма: жай жатқызады... сол түннің өзінде-ақ әр жерден у-шу, түріл шыға бастады.

Бұл әңгіме Омардың бірге туған ағасы Қалтан қажы, Оспан бидің де құлақтарына түсіп, Ахметтің түгін қоймай қопарып: «Қап бәлем, саған қылмасам, өлген әкемнің көріне кірейін» деп тістене-тістене үйіне сыймай көпірісіп жатып өді.

Ахмет секілді қортықтау атаның баласы шынжыр балақ шұбар төс Омарларға қол сөзды деген хабар қазақ ішінде таңырқанбайтын әңгіме емес. «Көтерген сайын көкке шығып, тым дәндейіп кетіп өді. Шоқ!²³ Бола түссін. Құдай тобасын есіне түсірсін бір бәлемнің!» деп табалаушылар да болды. «Жәукені құдай жеткізді. Баласының арқасында пәлен етіп, түген етіп кетті деп ауызға тым ілігіп кетіп өді, міне, ондай нәрсенің түбінде апаты болады ғой²⁴. Тіл, сұқ шыдата ма? Менің жылында тіл кестіріп қояйық дей беретінім не дейсің?...» деп, үлгі көрсеткендері де болды. Қысқасы, азуы алты қарыс Оспан бидің тізесі өтіп қалған момындар болсын, жай сыртқы теңбе-тең ағайындары болсын, енді Ахметке таң атырады деп ойлаған жоқ. Ертең ел-жұртты жинап алып, Жәукенің малын талатып, Ахметті абақтыға берер деп ой-

ласты. Бірақ мәл несі Омар болмағанда, бұл ойларының тезден-ақ қате кетпеулері анық еді.

Омар — турашыл, сәулелі кісі болғандықтан, бірінші: Қамар сияқты баласының абройын сақтап, екінші жазықсыз, нақақ бір еуді бас салып талата қою оқай ма? Және жалғыз баласы Қасеннің бұрмалауымен түзушілікке шапты.

Түнімен жан терге түсіп, ағаларымен талай қызыл көңірдек-тесіп, әзер-мәзер, әйтеуір, ертеңінде еш нәрсе жоқ, тым-тырыс қылды да қойды.

Ал енді, жылпылдақтардың індеріне су құйылды. Дос сүйінді, дұшпан күйінді. «Түрт шайтан, түрті» деп, түнімен аунақшып ұйықтамаған жауыздардың діңкесі құрыды. Тағы ушықтырмай қоя қоятын²⁵ біздің қазақ па?.. «Қай жерден құдай өрмек береді?» деп, ұрынуға қара таба алмай, жұлынып бара жатқан сыпыра желбуаздар көрінген елге, басқан жерге әйгілетіп қана қоймады: түрткілей-түрткілей Омар мен Оспанның арасына от тұтатты. «Бәрі таздың салдары» деп, Ахметке өркін қоя бермегендіктің ушыққан ушығы еді.

Сөйтіп, біраз уақыт өтіп дүрдараз болысып жүрген кезінде, Оспан Қасеннің Ахметпен тағы бірге жүргендігін көрді. Көзі шатынап кетіп сілейтейін деп-ақ ұмтылса да, Ахмет қолына түспеді. Арасына түсіп, арашашы болған Қасеннің өзін көк ала қойдай қылып басын жарды. Тұтанып өршуге бет алып тұрған араздық ал енді, дауламасы бар ма? Дүрілдеген өсектер, гүрілдеген өсектер сұдай ағылды. Әй, не сұрайсың?.. Жылпылдақтардың күні туды, пышағын жалақтатып, көздерін алақтатып, ніс-қоңыс аңдып²⁶ отырған отағасылардың да тілегі бола қалды. Бірақ қанша қысып²⁷ астын-үстіне айналдырса да, Омардың бит шаққандай хабарына бармады. Шашылмады. Жыпылдақ-тықылдақ²⁸ өсек-мөсек тасушы сұмдарды есігінен де қаратпады. Діңкесін күртты. Міне, сол жазасынан ағайындарының бірін де ұстай алмай²⁹ жалғыз үй шошайып қалды.

Қарап тұрсын ба! Омардың намыскер ағалары ел қолына еркін тиген соң, топ жнып барып Жәукенің үйіне түсіп, ойындағысын орнына келтіреді. Ахметтің айыбына екі жүз теңге, он сегіз ай абақты бұйырып, Оспан бидің кеңегесіне тіркесті. «Қанды ата» деп ¹⁰, Жәукенің атын аудартып, болысқа берді. Ахметтің көз көрген ескі достары абақтысын сұраған болып өшіртті де, «Екі жүз теңгені осы боқрауда тауып бере алмаса, айтқаныңыз болсын» деп басын ұстасты ¹¹.

Елдің осынша Жәукені жұлмалаудағы мақсаты: Омарды айтаққа өліртіп алып, Оспанға салу еді, өзді-өзі шабысса, жемсаулары тоятыны белгілі және бұл Омарлар өжелден қанды ауыз атанып, арасына жік түспегендіктен ¹², маңдайына дақ тимей, қағусыз кеткен; өркімнің мұнда ескі кектері бар. Әсіресе, солар осындай реті келіп тұрғанда атыстырып-атыстырып ¹³, ұстағанның қолына, тістөгеннің аузына тоздырып, өш алып қалғысы келіп еді. Бірақ қанша айтқанымен оқыған ғой, олардың бұл тұзағына Омар түспеді. Ол өшкімді керек қылмаған соң құр қайта-қайта Оспанға ұйлығып бара берумен жалықпасы бар ма? Қызығы-ақ: Омар араз болса ғой. Омардың қақпан баспайтын ыңғайын көрген соң, енді отағасылар жақсы атпен татуластыра қою қамына кірісті.

Елінің ықыласына көзі жетіп: «А құдай, сақтай көр, өркімнің аузында кетпегей едік» деп Оспанның кісіге сойған бір-екі тоқтысына жаны шығып, тыпырлап жүрген Омар сорлы татулықтың дыбысы шыққан соң-ақ, ағаларымен баяғыдай бал жаласып кетті. Ахметті ат-шапанымен аяғына жығып, енді ондай мінез шығармасқа құран ұстатып, нан жегізіп, баяғы екі жүз теңгені кешкізіп ат-шапанға разы қылды. Сөйтіп біраз күн ішінде гүріл де басылды, дүріл де басылды. Ал енді Қамардың жайына келейік.

Даңқы жер жарған, шешендігі ел жарған, күліп кісі бетіне қарап көрмеген, ибалы, атақты асыл Қамарымыз жоқ жерден мұндай жалаға ұшырап, бүлік шығып кеткендігіне қайғыра-қайғыра сүзектен тұрған кісідей, құр шыбыны ғана бар еді. Нақақ болса

да, жақсыға жала оңай ма? деп кісі көргенде, аяғынан жерге кіріп кете жаздаушы еді. Бұрынғы жайрандап жүретін қалып қайда? Еңсесін көтермей, қабағын түйіп, үһлеп, аһлап, мүсәпірсіп мұңайып төмен қараумен күнін өткізе бастады. Барлық жұмысы ертеден кешке дейін кітаптан көз айырмау еді. Қатындардың пышпышы қала ма? Қамардың көрінбеуінде бір құбыжық бар ғой деген өсекті қардай боратушы еді. «Нақақ мені қаралап, Ахметті анадай қылуға ұялмаған ел-жұртым, түбінде не оңдырар дейсің?..» деп, Қамардың көбінесе ойлап-уайымдайтыны сол еді.

Қасен оңашада:

«Қарағым, сонша жүдеп немене?», «Ит үрді, керуен көшті», мен тірі тұрғанда, сені жылатып қор қылар дейсің бе? дегенде.

«Қайдан білейін-ау!» деп жапақтаған ¹⁴ көзінің жасы моншақ-моншақ келіп қалушы еді. Алайда, соңғы күндерде Қасеннің сол сөзін демеу көріп, бұрынғысынан көрі көтеріліңкіреп жүретін болды.

Бұлар осындай дуылмен ¹⁵ жазды алды. Күз жетіп, август жұлдызының басында Омар Қасенді оқуға алып кетті. Оқитын Омскі шаһарі екі жүз шақырым шамасында бұларға алыс еді.

Олар жүрердің алдында он күн бұрын Қамардың ашылмаған сорына, оңалмаған жолына қарсы ¹⁶ Жорға Нұрым деген өз болысының (правитель) бұрынғы хан тұқымынан алған қатыны өлді.

Жасында аттан жығылып, бір жақ аяғының ақауы болғанға құрдастары «Жорға Нұрым» деп, сонан елге де «Жорға Нұрым» атанып кетіп еді.

Бұл өзі жеті атасынан бәрі уызы арылмаған, бағы таймаған, қолынан ұры кетпеген, бір жақсылық өтпеген, басы сөждеге тимеген, жамандықтан басқаны сүймеген, бірді-бірге атыстырып, елін қан жылатумен шынжыр балақ-шұбар төс, қанды ауыз атаған бір жауыз еді. Белгілі: қазақта ондай залым адамдардың өзіне қауіптілеу орынды күзеттіріп, сорпа-сүмен алдап қоятын иттері болатыны. Сол арсылдатып қойған иттерінің ең басты тө-

беті — біздің Оспан би еді. Сол кезде бұл өкеуінің залымдығына бір өлеңшінің айтқаны есімде қалыпты.

Халқыңды қан жылаттың, Жорға Нұрым
Болдың ғой заманымда сорға, Нұрым!
Оспан деген жұтқышы тағы шықты,
Бара-бара қайтерсін, қайран күнім!..

деп, құр Нұрымның зұлымдығы мен атағы болмаса, өліпті таяқ деп білмейтін надан, пішіні де жаман, аузы толған боғауыз бен былш-былш насыбай, ішпей мас, әрі нас, елу шамасында жасы бар, қой сақтардың басындай басы бар, жай форманың өзі сұп-суық бүйі сөкілді түксиген, күпсиген, бұқа мойын, өгіз құрсақ, алақан көз, жайын ауыз, добыра сақал, тоқпақ мұрын, бір түрлі нысаналы жануар еді.

Бұрын қатыны тірісінің өзінде-ақ Қамарды тоқалдыққа сұрауға балаларынан именіп, амалсыз жер төпкілеп өліп жүрген Нұрым, енді не жорық. Күні-түні Оспан досынікінен ат үздірмей, Қамарды сұратты. Оспанға, өзінше, Жорға Нұрым секілді дәрежелі ⁴⁷ кісінің күйеу боламын дегені құдайдың көктен айдап түсірген жақсылығы еді. Шылқымайға кірдім ғой деп мұртынан күліп, тіпті бұрынғы бұрынғы ма, төбесі жайлау, төсі қыстау болып, есі шығып еліріп кетті. Бірақ ізденіп келген «қыдырдың» бөтін қайырмай, уәде беріп жіберейін десе де, Омардың мінезі өзіне белгілі ғой: «Құдай жазса, сізден артық кімге береміз. Шыдай тұрыңыз» деп, Омар келуге созбалады ⁴⁸. Нұрым оған да тоқтамай қасына ақсақал, билерін ертіп, «баяғыдан бергі достығымыздың айрылысқан жері осы» деп болыс басымен өдейі өзі келіп салмақты салған соң, оны көтеретін ⁴⁹ лажы қайсы? Қанжыны араласып қалған неме ғой, қия алмады. Қырық жылқы, он түйе, бес жүз сом ақшаға Қамардың сорын қайнатып, саудасын пісіріп қойды. Ауыл отағасылары да: «Жөні осы. Бөрежелді, Қа-

йырлы болсын. Бір-біріңнің ықыластарыңа⁵² қарай, міне, жаңа жарасты ғой» — деп, өліп-өшіп жарамсақтанып-ақ жатыр. Омар келісімен тез құда түсу хабарын бермекші болып, қонақтарын аттандырды.

Артынан көп кешікпей Қасенді оқуына апарып тастап, Омар да келді.

«А, құдай, той тезінен болса екен, битімді сәлар едім» деп, пышақтарын жалақтатып, тыпыршып жүрген ақсақалдар шындасын ба? Бастығы өзінің екі ағасы: Қалтан, Оспан болып жиылысып барып, іс-міс жоқ Омарға қайырлы болсын айта бастады: «Қамаржан бала сияқты бала еді, бақытына қарай жайлы орын көз келді, тек құдай ұзағынан сүйіндірсін! Жылы суға қолын малып, ақ бөкендей ордаға кіре түседі. Жасау... пәлен-түген дейтін емес, тек кешіктірмей берсек разы болатын көрінеді. «Төңі келсе, тегін бер» деп, нашайына келіп тұрған соң⁵³, саған да қаратпастан уәде қылдық. О да келетін кісісіне көледі ғой, болыс басымен өдейі өзі келіп қалған соң, ықыласын қайыра алмадық. Ал, өнді, қайырлы болсын, жабдығыңа даярлан!» — десті.

Мынау сөз Омардың маңдайына тоқпақпен ұрғандай жайсыз тиді. Қайтерін білмей, түсі бұзылып кетіп, бір жеріне біз тығып алғандай ыршып-ыршып түсті. Шын күйіп кеткендігі емес пе, аузына не кіріп, не шыққанын да білмеді:

— Сыпыра бұзылған иттер, дендерің сау ма? Мәжнүн болмасандар, қара жүрек болмасандар... Апырым-ай; апырым-ай, ұялмай, қызармай періштедей қарашығымды аяқты малдан жәман дөңкиген жауызға ұйғардық деп, не беттеріңмен айтып отырсыңдар! Нөден қысылдыңдар? Нөден жүректерің уәлді! Түсіне кірсе қорқатын ноянға Қамарды барады, мені береді деп ойладыңдар ма? Құдай, құран, көз-жас, обал деген нәрсе естеріңде бар ма? Жоқ, малмысыңдар! Сендер бір аяқ ас берген кісіге имандарыңды да сатасыңдар! Қысқасы, мойнымға қапшың салып, қайыр тілеп күн көрсем де, Қамарымды оған беріп жылата ал-

маймыл. Байлығы, болыстығы өзіне. Өзім де аштан өлейін деп отырғаным жоқ. Ет жегілерің келсе, өзім-ақ сойып берейін. Болмаса Қамардан басқа ермек жетпеді ме? Қамар тұрсын, Қамардың тырнағын да бермеймін. Добыра сақал Нұрымның басқан ізінен садаға! Аулақ жүріңдер, аулақ!—деп ұшып көкке, ұшып жерге түсті.

Сол арада отырған отағасылар:

— Омар, сен сол томырық мінезінді қоя тұрып, сөз тыңдашы, ақыр ұнамаса, біреуді-біреу зорлай алмайды ғой,—деп ортаға алып шуласып¹³, ал көп төністі.

— Көне, сен бермегенде, Нұрымның қай жерінен мін тауып бермеймін дейсің! Малды десең малды; өлді десең өлді; атөтегі анау; жеті атадан үзілмей келе жатқан бақ-дәулеті мынау. Тегін кісіге бақ қона ма? Сол арасын қарасайшы. Көрі дейсің; жасынан мыңның ішінен бұлғақтап, мөлеленіп өскен¹⁴, өлі бейнег көріп беті қайтқан кісі емес; өзгер болса қырықтың ішінде шығар; сол көрілік қылушы ма еді? Ол түгіл, алпыстағы мен де бір қызды көртәйтатын жайым бар... Әр қайда Омекең білсін деп, үлкен басын кішірейтіп, алдыңа түсіп жалпылдап жүреді. Сөзіңді қайтарып, көңілің қалып көрген кісі емес, қайта көкті жерден кегінді, текті жерден теңінді өпергеннен басқа, сонша сөгетін Нұрымның не жазасы бар еді? Біз айтсақ, өз пайданды айтамыз. Нұрымның малын біз алғалы отыр дейсің бе? Қамар бір сен емес, бөрімізге бірдей, ортақ бала; қастық айтамыз ба? Заман өлдінікі болып барады. Дүнненің не халі жоқ, қанша айтқанмен сондай қолында ісі бар, күші бар кісіге неқ сүйеу керек. Ал енді оны қояйық. Мынау сақал-шашы ағарған өкі ағанды осы жасқа көлгенде өтірікші қыламысың¹⁴. Егер, алдадың деп өштесіп кетсе, кім біледі, іс басында тұрған кісі ғой, не қылса да Қамарға сол орынды лайық көреміз. Барады, жылы суға қолын малады! Өзі би, өзі төре, өзі патша болады да отырады. Кеше хан тұқымынан да қыз алған Нұрым емес пе еді? Сен хан-

нан ақылды емес шығарсың. Қолындағы екі-үш огей баласы дейтін шығарсың. Оларды күні ертең еншісін беріп, ...теппекші болды. Жұрт іздеп те таба алмайды. Әйтеуір атаның аруағымен алдыңа келіп тұрған «қыдырдың» қадірін білу керек қой...— деп, бірі қалмай данышпансып, үсті-үстіне баспалатып барып қойысты. Әншейінде тасбиғын тартып, оны-мұныға кіріспей отыратын Қалтан қажы да бұрқырап:

— Бұларға өзі секілді қара жүрек орыс болмаса, не Ахмет секілді сыпборбай, шала қазақ болмаса, басқа мұсылман кісі жаға ма? Сен шоқынды, былшылдады екен деп, мен пайғамбар жағасынан асқанда, қажы басыммен өтірік айта алмаймын. О баланың билігі өзімде. Шоқындырған Қасеніңді қайда шоқындырсаң, онда шоқындар! Қамарды тағы орысша оқыған біреуге беріп, сүйегімізге тақба қыла алмаспыз. Қазаққа берсек, қазақта мұнан артық кім бар? Соған барып та обал болатын болса, қияметте мен арқалайын, куә болындар! Нұрымнан артық пайғамбарға береміз бе? Басқа былшыл сөзді қой! Келер сәтке күде түсір! Ендігі сұм заманның адамы да бір түрлі: бала бармайды дегенді тауып алыпты. Әке берсе, қыз қайда бармаушы еді? Сені көріп отырып бала қалай оқсын? Қақбастан салып жіберейін бе? Әлде, жас деп отырсың ба? Молдалар балығыға батқан әйел баланы күйеуге бермеген қатты обал, дейді. Былтыр Қарбай ишан да айтты... деп, шатып-пұтып бір жағынан ол ақырды.

Оспан қанша айтқанмен би кісі ғой, ол жайлап сездірді:

— Мені өтірікші қылып, өлтіретін жерің де, көметін жерің де осы. Қияметке дейін көріспей, азып-тозып өркімнің аузында кететін жеріміз де осы. Бар, қай таңдағанын ал. Қабырғаға да, қатыныңа да кеңес! — деп тұрып кетті. Ол кеткен соң жұрт тарады.

Омар енді көптің талқысын көрген соң, қайтерін білмей, от алып ораққа түспесі бар ма? Бір жанды, бір күйді; кісі өлтірген кісіден жаман түсі де өзгеріліп кетті. Әлгі ағаларынан бәзейін

десе, азып-тозып әркімнің аузында кетсек, тұқымымыз оқбай кетеді ғой деп, елден қорқып барады (алдында жүрегі шайылып қалғаны бар ғой). Безбейін десе, Қамар секілді қарашығының өйтеуір суреті адам мақлұққа қосақталып, өмір бойы іріп-шіріп, жылаумен күні өтуіне көзі жетіп, ойлағанда іші-бауыры елжіреп, күйіп кете жаздаушы еді. «Суға кетіп бара жатқан тал қармайды» деген ғой, қатынына ақылдасқан болып еді: «Өзің білесің де. Үйінде жасау көп дейді. Не қылсын. Орынды жер ғой. Бұл кімнің құдағны дегенде де...» деп... отырған сұңқарының дәмді сөзін өстіп, саған ақылдасқан мен де ақымақ деп, онан жаман сақалын жұлды.

Ал енді мұнан соң да Жорға Нұрымның түрткісімен «ақылды» ағалары көзекле-көзек келіп тыныш таптырмады. Омар ең қысылып, көсер кеңірдекке келген уақытта:

— Қамар көнбейді. Анау күні Қасен де қайта-қайта тапсырып еді: «Айтаққа өріп, Қамарды шатастырып алушы болма» деп. Омардың айтысы сол-ақ өкен, жан-жағынан дүрсе қоя берді.

— Өне, сөйтіп баланы жаман үйрететін өзің. Бетімен жібергеннің жазасын анау күні татсаң да, саппайсың,— деп бір жағынан оны қатыны құрғыры қостал шаужайлады.

Омар:

«Осы қатын неге бер дей бероді? Әлде, Қамардан бірдеңе сөзді ма өкен?» деп ойлап:

— Қамардан сұратыңдар, ол еш нәрсе демесе, мен не қылайын — дәді.

Қатыны ашуланып:

— Иә, Қамар саған жөнін айтқалы тұр, оның ықтиярына жіберсек, Ахметтің қасында патшаны да керек қылмайды,— деп ол баяғы таусылмас тұназзибанға* көтті.

* Тұназзибан (плабыз) — түркі әйелі деген сөз, бірақ бұл жерде әйелсіз әйел деген ұғымды білдіретін.

«Шығасыға кесі басшы» деп, бұл жолы Қамарды да қара басты. Істің бәрін біліп жатса да, алдыңғы ұятынан жасқанып, дүкенді қызу үстінде соға алмай қалды. «Мен үшін оурәленбел» деп, көріне батыршылық қылып зарлап тұрса, Омар көнбес пе еді қайтер еді?..

Омар үндемей төмен қарап отырып-отырып ⁵⁵ жыламсырап:

— Қамар секілді асыл туған қарашығым, сендердің надандықтарыңа шынымен-ақ қара тоқты болғаны-ау! Көз жасы, обалы мойындарыңа! Ләйім көздерің ашылмасын! Мейлің итке, мейлің құсқа бер... Ай, бағы ашылмаған, қарағым-ай!.. Надандық-ай-й!..— деп еңіреп барып, бүке түсіп жатып алды.

Отырған кісілердің бірсыпырасы:

— Қайтсін байғұс! Екі қарашығының бірі болған соң қимай жылайтын шығар. Әйел бала қанша басы алтын болса да жат жұрттық екені өсінде бар деймісің? Бұрын бала ұзатып көрмеген кісі сүйтеді ғой...— десті.

Оспан:

— Жынды неме! Жыны ұстап отыр да. Әйтпесе, одан басқа кісі бала өсірмеп пе еді? Бар! Мәймөңкелейтін дәнеңесі жоқ. Жұмыс бітті. Келер сенбі — бабаларымыздың сәті, келіп құда түссін,— деп, өзінің суылдақтарының бірін жіберді. Тап жүрерде құлағына сыбырлап:

— Ақ білектің күші, ақ найзаның ұшымен икемге келтіргөнімді Нүрекеңе сездірерсің, жарай ма? — деп қойды.

Неге тұрсын, құдағын тігіп ентелеп тұрған құдалар айтылмыш күнде сап ете түсті.

Омар қайтсін, амалы бар ма? Іші түтін, сырты бүтін, өлмегенге қара жер, құр сүлдері ғана өрт сөндірген кісідей болып жүріп, тойын қылып, құдасын түсіріп жөнелтті. Көлер сәтке, онда мал алуға барды. Жанын салып, сый-сияпатқа ауыздарының сум құрып: «Айттым ба, бір Қамар тұрсын, жүз Қамарлық орын» деп куілдесіп қайтысты.

Жорға Нұрым беретін қалың малынан бір тиын да қалдырмастан құтылып, осы боқырау артынан Қамардың соқа басына разы болатындығын білдірді. Омар ендігі жолы, пәлен-түген деп тайғақтаса да, жұрт тағы көндірді.

Ал, енді Қамардың басына түскен заман ақыр былай тұрсын Қамардың қатар өскен замандас, тұстары²⁶ «Шіркін, Қамар-ай, шынымен сол дөңкіген өгіз секілді немеге көтеді-ау!.. Қыздық байы мал екен-ау!..» — деп, аяп, қабырғалары қайысып, көздеріне жас алды. Тіпті соқына түсіп бүлік шығарған әлгі елірме замандастары да Нұрым мен Оспанның дымын қалдырмай, сақал-мұрттарына дейін өдемілеуші еді...

Оны айтасың, Ахметтің шықпаған не жаны, не сәні жүр дейсің. Мынау зұлымдықты көргенше, қаңғыл өлейін деп, оқуды сылтау қылып, екі жүз шақырым жердегі шаһарға кетті.

Көтерінде Қасен досына жазған хаты мынау екен:

«Жан достым, хат жазамын сізге таман,
Күр сүлдер жаным шықпай, жүрмін аман.
Жазбауға шыдатпады сорлы көңлім
Болған соң Қамаржанның халі жаман.

Құдайым келтірген соң істі қырын,
Кез келді сор маңдайға ақсақ Нұрым.
Ашылмас тұман, айнымас бұлт жапты
Ал енді, кімге ұрынсаң, соған ұрын²⁷,

Толып тұр кеуделері от пен жалын²⁸,
Есітіп тұра алмастай айтқан зарын,
Көндірді ағанды да өңшең жұтқыш,
Аянбай бұлқынса да қолда барын.

Кәрі ағаң — Оспан, Қалтан құдай атқан!
Қамарды зәр жылатып ұстап сатқан.

Болмасқа кетті Қамар ғазиз баурың,
Үміт жоқ, қайта шығар күні батқан.

Бұл күнде осы жайда қарашығың;
Ауыл толған у да шу қара шыбын.
Даярлап, даурығысып, қамданып тұр
Қамардың батыруға қарашығын...

Шыдамай күйіп-жанып, кеттім қашып,
Қылмауға көзге күйік жан таласып.
Бұл күнде өлетінмін сол қайғыдан
Қамардың халін ойлап жаным ашып.

Қош енді, бірге жүрген, құрдасым-ай!
Тар жерде талай жолдас, сырласым-ай!
Енді мені көрмессің, разы бол,
Ғарасат майданының күні ашылмай».

Тағы Қамар достының Жорға Нұрым секілді «сүйкімді жануар-ға» кез келіп зорлауына қарсы, бұрынғы қазақ қалпынша «жар-жар» орнына «зар-зар» айтып қалдырған хаты мынау еді:

(Бұрын да сол елде күйеу мен қалыңдығының қалпына қарап «жар-жарды» Ахметке шығартып алып айтушы еді),
«Жар-жар» орнына «зар-зар»⁶⁰.

Кетпес қына таулардың тасында дүр зар-зар,
Кетпес қайғы Қамардың басында дүр зар-зар⁶⁰.
Нұрым ақсақ жорғалап қасында дүр зар-зар,
Алжымаса, көрі емес, дәл елу-ақ жасында дүр зар-зар.
Қошемет, мақтау Нұрымның сөзінде дүр зар-зар!
Қарт бураның форымы өзінде дүр зар-зар!
Ащы қайғы, қанды жас, тыңдаса оны жібір тас,

Сорлы болған Қамардың көзінде дүр зар-зар,
Күйек сақал Нұрымның негінде зар-зар,
Ит мұрындай тікендер жиегінде зар-зар,
Түсі суық қоңыздай, жеп сөмірген доңыздай,
Кеспеге қара жоқ шығар сүйегінде зар-зар,
Аузы толған боғауыз, насыбайға тоқ ауыз,
Бір жақсылық жоқ ауыз, Қамарға соны төңгерген,
Көзінді ашла, ел жауыз! Зары-зары, зар-зар!
Қарт қара құс сұқсырға⁶¹ қалайша төң зар-зар!
Мал мен бағы болған соң, көпіріп шалқып толған соң,
Қара қарға болса да барқылы «ем» зар-зар!
Бірің — күн де, бірің — түн, бір көмеге салса да,
Сыйысу жоқ зар-зар!
Сүйіп болған ғашықтар қылдай жерде қалса да,
Қиысу жоқ зар-зар!
Әуреленбе, кү ақсақ төбеден алтын күйсаң да,
Сүйісу жоқ зар-зар,
Аққу құсты жапалақ қалай алар зар-зар!
Ойлап па едің ақ түйгын, төкке қалар зар-зар!
Қорлығыңа шыдамас, дүние салар зар-зар!
Мал мен басың таланыл, басың отқа қаланып,
Сұлу алғыш ақсағым, сонда болар зар-зар!»

Уәделі күнінде басшы, қосшы, сауықшысымен сөулеттеніп,
ілу-жыртыс, кәдені адам айтар емес мол қылып, көшкен елдей
пай шіркін! Біздің ынтығып тұрған болыс күйеуіміз де келіп қал-
ды-ау,

Не тұрыс бар! Абыр-жұбыр той болып қалмасын ба?

...Келмей жатып қатындардың!

— Бай деп, кісі деп Нұрымды айт, «Кәріліктің алды, жігіттік-
тің соңы» деп, шіркін өрледі ғой; Қамар секілді қосағының тұс
келуі сонысына қарай ғой. Ой, өркенің өссін! Алғаныңмен қоса

ағар!» — деп, ауыздарын кере-кере алғыс айтып, мүлгісіп қалғандары Нұрымның шынымен-ақ дүние аямағандығының белгісі еді.

Бұл тойдың қалпы мынадай болды:

Жамбас ұстап, жал шайнап, мынау жақта.⁶²

Дүрілдескен ақсақалдар.

Сойған малдың қаж-жынына тойып ана жақта!

Күрілдескен төбеттер,

Төр алдында қарындарын сипай-сипай

Қалжыңдасып.

.
(Бұл арада үш бет жоғалған)

.
Айран сұрап шелекті жасырмайын.

Ежелден дегдарлымсың тұқымы оңған,

Малыңа, басыңа да қыдыр қонған.

Ағаңа ат мінгізер жөнің келді,

Айырылсаң тағы өзің біл даңғыл жолдан.

Ат берсең алты алашқа мақтар едім,

Аузымда өле-өлгенше сақтар едім.

Басқан жер, барған елге жайып салып,⁶³

Ат берген қызметіңді ақтар едім.

Құдайым сүйіндірсін ұзағынан

Сақтасын дұшпандардың тұзағынан!

Тіл-сұқтан, қауіп-қатер қағас қыл деп,

Қол жайып мен тұрайын бұл жағынан —

деген кезде Жорға Нұрымның көзі қызарып, өкіленіп көтті.

«Е, еһ..» деп, жан-жаққа қарап, кеудесімен көтеріліңкіріп жөте-

ліп қойып, әбден өсі шыққандығы сол емес пе, қасындағы ат қосшысын көрмей:

— Жұмабайшы, Жұмабай! — деп айғай салған. Қасындағы Жұмабай:

— Не айтасыз! — деген соқ!

— Баршы, астымдағы жүз теңгелік сүр жорғамды, елу теңгелік ер-тоқымымен мынаған әкеп мінгізші! — тағы шапаның деп үстіндегі шапанын шешіп тастап, отағасыларға қарап: Ал, мынаған салыңдар! — деген.

Отағасылар:

— Бәрекелді, бәрекелді, мәрттігіңе болайын! — деп шу ете түсіп, ақшасы жоғы жанындағы бәкі, орамалына дейін берген (ақыр, «өлімнен ұят күшті» ғой).

Жалғыз-ақ өлейін деп өле алмай, өз жанын қия алмай, қайғылы қапада, күндіз-түні жапада, жылау да еңіреу, бәрінен де көңілі қалып, жүрегі от боп жанып, жылаудан басқа шама жоқ, құдайдан басқа пана жоқ, жылағанмен өнері жоқ, қолынан көлөрі жоқ болып жүрген сорлы Қамар мен халін көріп жаны ашитын Омар болмаса!

Бір күн тойса есектер,
Ми жоқ алдын есептер.

деп, тойған тоққа, жмылған топқа буланшысп²⁴, папырыспаған жан жоқ еді.

Қайсы бірін тауысайын: ішті, жеді, қайырлы болсын — деді. «Қамар» деп ауызға алған жан жоқ; күйлесті, көпірісті, кетті, барды — «той» тәрқады.

Келгеннен бері Жорға Нұрымның жүздестір деп түрткілеуімен сыпылдақ қатындар Қамардың назасын алса да, қайда маңайына дарыту, ыршып-ыршып түсуші еді.

Міне, бүгінгі кеш қол ұстатпақшы болып, Оспандікі «қыз ұялтар» кәдесін алған; жабағы сойып, өйдік тамаша ойын қылмақшы болды⁶⁵.

Қамар бұл ойынға бармай пәле қылады ғой деп қорықса да, не ойлағанын кім білсін, шақырысымен Қамар өзі бастап оңай-ақ барып қалды. Оған Оспанның да, естіген Нұрым-хүйеудің де төбесі көкке жеткендей болды. Жалғыз ол өкеуі емес, өркім-ақ: «Ой, тілеуің берсін! есті тентек қой қанша айтқанмен...» десті. Бірақ Қамар баруы барса да, ойнап күлумен жұмысы болмады; ас-су іше алмады; көрсең жарылып көтер ме екен дерсің. Қысып-ғанда тамағына тығылған көзінің жасы моншақтай түсіп, булықты да отырды. Оның үстіне былтыр құда болмастан бұрын тағы Нұрым кеңіл қосайық деп, сөз айтқызғанда:

«Ататай, болдым ғашық мұрынықа,
Көк бурыл иектегі құрымыңа.
Кірпідей аяқ-қолы жиырылған,
Қосылар күн болар ма тұлыбыма?» —

деп ажуалап⁶⁶ сыбағасын бергендігі есіне түсіп «Сүйткен ба-сым!.. Енді шынымен-ақ сол өгіздің арқасын сипауға барғаным ба-ау?» дегендей қылып, бір қыздың тізесіне сүйеген маңдайын көтеріп ала алмады.

Есі бүтін замандастары мұны көріп, ойнау қайда, бәрі Қамарға қарап мұңайысып: «Уай, дүние, жалған-ай!» дей түсіп отырып алды.

«Арсызға алты күн мейрам» деп, арсыздардың онда не ісі бар, сарт та сұрт мейрамдары қызысып, қызыл көңірдек болысып-ақ жатыр, бірақ «алдыңғы арба қайдан жүрсе, соңғы арба содан жүреді ғой»⁶⁷, татымдылары аңадай болып отырған соң, бұлардың мейрамдары да көпке бармады. Бір заманда үйдің іші тым-тырыс, өркімді қапалы мұнар шұлғағандай⁶⁸ біртүрлі бел-

гісіз уайым-қайғы да қаптап алған, қара күңгірт, көрлі тұман ішінде түнерісіп, томсарысқан біртүрлі аянышты көріністе еді.

Міне, бұл көрініс екі сағатқа созылып, тамашаға батамыз деп жиялған желбуаздар кірерге есік, шығарға тесік таппағандай болды.

Әкесін екі аршын шүберек кәде өлтірген қатындар да даладан күзгі ақша қардың аязы қысып, үйден Қамардың жылағаны қысып, не қыларын біле алмай, құр шыбжалаңдап, жүгірісіп кіріп шыға берді.

Тап сол кезде Қамар ұйқыдан шошып ояғандай ұшып тұра келе сала, көзінің жасын төгіп-төгіп жіберіп, жұртқа қарап қамығып мынаны айтты:

Көр, міне, Қамар қандай, аға, бауыр!
Келе ме қайта айналып өткен дәуір!
Еріксіз бір есекке қостың, елім,
Дүниеде не қорлық бар онан ауыр!

Бәріңнің аузыңдағы Қамарыңмын
Ортаңды жарық қылған панарыңмын.
Іш пысса, қайғы қисса, әдейі іздеп,
Бұлбұлдай сайратуға табарыңмын,

Ал, өнді көріп тұрсың, халім мынау
Халімді қарап қылған залым мынау.
Тым болмаса он бестен аспай жатып,
Қорлықпен өткенің бе, қайран күн-ау!

Шыныммен сол Нұрымға кеткенім бе,
Бәлеге құтылмастай жеткенім бе?
Малы көп, мал сияқты пасық қақпас
Жанымды соған құрбан өткенім бе!

Еткенім бе? Еткенім бе?! — деп тұрып, талықсып жығылып кетті...

Су бүрікті, үйтті-бүйтті, біраздан соң Қамар үһлеп, өсін де жиды.

Міне, Қамардың мұнысына көз жастары бетін жуып, жанынан жан бөліп бергендей болып аяғандар да болды.

— Ойбай! Өтірік, жаны шықсын! Сондағысы Ахмет пе? — дегендер де болды.

«Байтал тұрсын бас қайғы», ойнау тұрсын, уайым арқалап бірсыпыра жұрт тарасып та бітті.

Тақ атып барады. Күзгі ақша қар мен түйдектелген ұшпаның ызғары еркіне қоймай, «қол ұстатарды» тосқан кәдешіл қатындардың аяқтары тоңып қатып барады.

Бір жағынан шымылдыңтың ішіне сыймай тықыршып, онан бір, бұнан бір өңмендел қарап; «А, құдай, Қамар! А, құдай, Қамар!» дей түсіп, жалған дүниенің жартысындай дөңкиіп Нұрым отыр, анда-санда көрініп кеткен қатындарға:

— Бұл немене? Болсаңдаршы! — деп қояды.

Қамар қатындардың қанша жалынған сөздерін керек қылмай, маңайына барған кісілерді жұлып-жұлып тастап, өлде қашан жатып алған. Бір бұрышқа бүркеніп, қырғи қуып түсірген торғайдай бір уыс қана доп-домалақ болып тығыла тықсырылып, қайтсем жан қалады дегендей мүсәпірсіп жатқандағы формы мұсылман адамның сай сүйегі сырқырайтын көріністе еді.

Бір мезгілде жан күйер жеңгесі — Оспанның қатыны бүрқырал келіп:

— Қашанғы бұған әке-шүке деп жалынамыз? Міне, тақ атты, жүріңдер! Алып жүр! Не заман!.. Ұят-ай! Сақалды басы... Ойбай-ай!.. Болыс басымен әлі тосып отыр, әлі тосып отыр. Мұның ықтиярына көне берсең... Ойбай-ау! Дуаға айналған бас емес пе еді? Көшегі жыпсыр Ахметті білемісің? — деп, түр-түрдың астына алды.

— Ал деп он шақты қатын сүйреп, жұлмалай бастап құдайыға соқтып өсау құлындай бірі басы, бірі қолы, бірі аяғынан алып⁶⁹, алысып-жұлысып, қаумаласып, шырылдатып, қақсатып, әйтеуір, мың пәле, жүз машақатпен Нұрымның қасына жеткізді-ау!..

О қылды, бұ қылды, «күйрықтан алды, құлақтан басты» деген секілді қолын ұстатты, шашын сипатты, тиісті нәделерін алды. «Міне, жаным, әйтеуір сіз үшін көрмегенді көріп, қолыңа әкеп бір тапсырдың... Обалың өзіңе...» деп, қатындар шықты көтті...

Жалғыз-ақ ірге тыңдаушылардың ғана үйдің ішкі бөлмесіннен күбірлескені естілуші еді.

Не тұрыс бар, Нұрым қатындар шығар-шықпастан-ақ, Қамарға жармасып, мамықтай үлбіреген мойнына кеспәлтөктей қолын жіберіп, күнәктей бір қап сақалы мен сасық аузын таяп әймалай бастады.

Апырым-ай! Қамарға әзірәйіл шөңгелі тигендей, тер онан да мұнан да кетіп қалшылдап, қысылып⁷⁰ ыршып түсіп шалқалаймын деп, басын бөренеге соқты. Қызыл шеке төбелесіп жатқан кісі секілді дүңгір-дүңгір өтеді. Нұрымның «Mahl Mohl Nege... nege!..» деп жұлмалап тартқан дыбысы естіледі. Ақыр Қамар:⁷¹

— Не болды, жарықтың, тоқтай тұршы! Сөйлесейік,— деп алдап тоқтатты да, мынаны айтып, көлеңкесін бір-ақ көрсетті де үйден шықты:

Айтайын шын сырымды ауызба-ауыз,
Дөңкіген күнәк сақал, сасық ауызі
Ақ жүзді, ақыл-ойлы ақ сұқсырға
Дәрі емес мал секілді малды жауыз.

Уай, шіркін, өмір сүрмек меніңменен,
Мал шашып, маңызданған ебіңменен;
Өлсем де отқа күйіп, суға түсіп⁷²,
Бір минут тұра алмаспын сеніңменен,—
деп...

— Қая, бәлемі — деп («өлмегенге қара жер») Нұрым қалды;
ызаланды, қорланды, оттай жанды. Ақыр, ызасына шыдамай, өлгі
ат берген өлеңшісіне мынаны шығартып, Қамарға бергізді:

Әй, Қамар, бұлқынсаң да түстің торға,
Абайлап қарасайшы оң мен солға.
Бекерге тәтті аузыңның дәмі кетер,
Тілімді ал, осы күннен өуре болма.

Қалатұғын орның жоқ менен қашып,
Айтамын жақсы көріп жаным ашып.
Бүгін солай жүрсең де ертеңгі күн,
Отырарсың мойныма қолыңды асып.

Енді біл, жатар орның жайлап қойғам⁷³
Басыңды қу қазыққа байлап қойғам.
Барар жер, басар тауың — бәрін-дағы
Өл десем өлетін қып сайлап қойғам⁷⁴.

Әрине, сөз сенікі келмей кетсең,
Келер болсаң, иттей қып басқа тепсем
Ішкізіп итаяқтан сары суды
Дүниеде арманым жоқ соған жетсем.

.

Қамардың хатты көріп қайтарған жауабы мынау еді⁷⁵.

Ол рас, менің жоқ қой басар тауым,
Нәрсенің көз алдымда бәрі жауым;
Жалғыз-ақ тиыш жерім — қараңғы көр,
Сонда барып жатамын, бар ма дауың!

Етімді сен сילהан құрттар жесің!
Қабырдағы хашарат* жұрттар жесің!⁷⁸
«Ауызға сөз, маңдайға көз боп жүріп,
Қор болған, міне, осылай Қамар» — десің.

Бір өлем күнде өлгенше саған тиіп,
Кетемін келмес жерге қаным қнып,
Ол жерден ала алмассың, бара алмассың,
Болыспын деп айқайлап, кісің жиып.

Майысып солқ-солқ өткен өрім талмын,
Жас алма пісіп тұрған шөкөр балмын.
Елуде сенің жасың, мен он бесте,
Ойлашы, мен қалайша саған дәлмін?

Әр құстың лайықты жемі бар ғой,
Әр кімнің өз алдына теңі бар ғой.
Алтын, гауһар үстіме орнатсаң да,
Көңілім сүймес, оллаһи, сені бар ғой!

Сую-сую бола ма зорлауменен,
Көңілді ұстап тұру жоқ торлауменен,
Көңіл болса, қосылмай тоқтала ма,
Оқ атып, қылыш шауып, қорғауменен.

Оқа ма қылған кісі малды жолдас,
Әйтәуір, суреті адам, жанды жолдас.
Мен емес сүйетұғын сені көңілім:
Буланба, бүркылаңның ақыры оқбас.

*) Хашарат (арыш) — күрс, құмырсқа мағкасында.

Осыны кергізбейтін надандығың,
Надан болсаң, болмайды адамдығың.
Мен адам, сен жануар, ал қалайша!
Қайтейін, түсінбесең — жамандығың!

Әрине, сен қу қазық, сен қу қазық,
Қалмапсың ол жерінде жолдан жазып.
Балауыз, балбыраған бала бұлбұл
Қалайша жапалаққа болады азық?!

Мына сөздер де Нұрымға жығылған үстіне жұдырық болып, одан жаман салын суға кетіре берді... Және ішіп кетер, жеп кетер суылдақтар менен жаман-жұман қатындар болмаса, жас атаулы қыздардан жалғызы Нұрымның қасына жолаған жоқ. Бәрінің көңіл-көзі: Қамарды аяуда, жыласа жылап дегендейін қолдарынан келерлері болмаса да қасында еді...

Міне, бүгін кеш Қамардың некесін қиып, өртең дүйсенбіге жөнелтпекші күні. Уау, дүние! Мұны естіген Қамар не халде, Омар не халде?.. Біраздан соң Қамардың басына түскен қайғы секілді түйдектелген ызғарлы ұшпаның бұлтымән аралас⁷⁷ мейрімсіз кеш қараңғысы келіп жайылды. Үйлерге шам жағылып, жұрт іңір шайларын ішіп болған мезгіл еді.

Сол елде указной молда Бәйтек деген мұндай нiс-қоқыстың дыбысын сезісімен-ақ «Құласатіл масавилін»^{*} әрқалай келіп Нұрым мен Оспанның арасында өтірік-шынды сабап⁷⁸, қыбын тауып неке қиярға пышағын жанып, талай бас, жамбастардың түбіне жетіп жатқан еді. Бүгін оның да көңілі көтеріңкі, өншейін-ақ саңқ-саңқ етеді. Апырым-ай! Қайдан толып кеткенін білмеймін, күйеу отырған үйде аяқ басарға орын жоқ. Бірін-бірі кимелеп, тікесінен тік, қылқиысқан бозбаласымақ жастар да тіпті нін тіре-

*] «Құласатіл масавил» (арабша) — діни кітап аты.

сіп өсікті сымдырып барады. Бү бишаралардың әттең Қамарды аяп, іштерінен Нұрымның етін жегендей болып тұрса да⁷⁷, «Сендерге не бар? Шың!» — деп, біреуі көзін алартпаса жарар еді деп, бәйек болып⁷⁸ тұрудан басқа амалы жоқ еді. Бір бұрышта әнесі бүгін өлгендей түнеріп, жауап та жоқ, сөз де жоқ, төмен қарап, жермен жер Омар отыр.

Жоғарғы Қамар отырған бөлмеде сар масадай дуылдаған қыз, қатын, бала-шағаның көптігі сонша, тіпті аяқ алып жүргісіз, ине түсерге орын қалмаған...

Бір қыздың қолтығына тығыла қарлыққан дауыспен өлеусірей бұлыға зарланып бүк түсіп жатқан Қамар. Оның жан-жағы толған замандастары: «Есіл, Қамар-ай! Шыныңмен-ақ сол жауызға көтесің-ау!...» дегендей қылып, «жан төсілімде» қоштасқан сехілді ығы-жығы, бірі басында, бірі аяғында мұңайысып отырып алған. Көргенде көңілінде жарты мысқал мейрім-шапқаты бар адамның жүрегі жарылып кете жаздайтындай бір аяушылық көріністе еді.

Не гажап! Оны-мұнысына жүріп тұрған кісілер де көңілсіз, біреу зорлагандай ғана амалсыз, ілгері басқан аяғы кейін кетіп жүр еді...

Міне, екі күннен бері Нұрымның да жүні жатыңқы, иығы салбырайып, төңір алғырды мүлдем қара басып кеткен.

Әне! Бір мезгілде Бәйтөх молда ұшып тұра келіп, киіз боқшасының ішінен шөттерің тышқан кеміріп кеткен жалба-жұлба «Құласатіл масанлін» алып ашты, көзілдірігін киіп:

— Қане! Дестарқан, неке... су, күміс салу керек... куа,—деп бөлсеніп, сыбанып жұмыла бастады. Төз бір-екі жануарды өкіл сәйлап, ауызбен: «алды, берді, тигізді, сүйгізді...»

Ал, енді куәлікке әлгі үйге сыймаған жәстәрдың қане бірін тапсыншы. (Молда боқшасын алысымен-ақ: «Ойбай! Қамарға бөтіміз шыдамас» деп бәрі қашып жіткен.)

Күйеудің ат қосшысы мен бір жасамыс біреуді әйтеуір сүйрегендей қылып, куәлікке тұрғызып:

— Бар! Сұрап, ырымын қылындар. Ата-анасы берген соң жетеді, сонда да...— деп Бәйтек молданың мыңқ-мыңқ өткен ызғарлы суық дауысы анау үйдегі Қамардың жүйкесіне тиіп кетті.

Апырым-әй! Бүктетіліп, сұлық қана өлеусіреп жатқан Қамар жылан шағып алғандай басын жұлып ала-сала, қарлыққан даусына да қарамастан, жұлынып-жұлынып айтып жібергендегісі мынау еді:⁹¹

Жұртым-ау, құдайыңды ойлаймысың,
Ұстап сату әдетін қоймаймысың?
Көптен бері зарлаттың аямастан,
Жетер енді со-дағы, тоймаймысың?

Шыныңмен сол Нұрымға қиғаның ба?
Бес қара сатып алған иманың ба?
Әділдік, құдай, құран естен шығып,
Жауыздың жалмауына сыйғаның ба?

Жұртым-ау, Қамар қандай, Нұрым қандай?
Құрым сақал, қоңқиған мұрын қандай?
Нұр шашып, жалт-жұлт етіп жайнаған жүз,
Қарашы, бүгін қандай, бұрын қандай?

Уай, дүние! Болмаса еді жалғыз аты,
Құл болсын маған салса арғы заты,
Қол ұстасып жүрсем де: теңім болса,
Жиһанда табылар ма рақаты?

Тұратын мал емеспін тоққа алданып,
Ұшатын қарға емеспін боққа алданып.
Жұртым-ау, саңылау қайда, мның қайда
Қалайша бар дейсіздер жоққа алданып?

Есекке еп білмейтін зорлап қосып
Жүрмісің бала тілеп, ажал тосып!
Жүзін көрсем, көргендей өзірейілді
Сөлкілдеп тұла бойым көтер шошып.

Ұзақшыл, рақымы кең құдай қалай,
Жазықсыз жапа тартқан қыршын жан-ай!
Егер, алла ұзақшыл болмаса еді,
Жер жұтарлық ісің бар талай-талай,—

деген кезде, Бөйтөк молда қолына кітабын ұстай сала жалма-жан Қамарға жүгіріп келіп Нұрымға жақсы атты көрінбек үшін, мыжып-тыжып, ақыл-тоқтау айтқан болды.²²

Сонда Қамар өйтәуір ақ үстінен қара тани ма деген адам еді деп, бір жағы жұртына шаққандай қып, қапасын бөліп, ұрмақ шишмасының * тамшысындай²³ сап мөлдіреген көзінің күйікті жасын тырс-тырс өксіп төгіп отырып, мынаны айтты:

Уһ-уһ, молда-ай, шықты жаным, күйді жаным!
Өлімді сол сұмырайдан сүйді жаным.
Не жаздым қор қылғандай ел-жұртыма
Дөңкітіп соқыма сап хайуан-малым.

Шыдатпай күйіп-жанып іші-тысым
Чаходқа, күрт аурудай көткен түсім.
Күлкі жоқ, көңіл қапа, жүрек жалым²⁴,
Қайтейін, өз ағамнан болған қысым.

Не болар соған барып менің халім,
Барады ішке сыймай қайғы-зарым.

*) Шишма (гелерма) — ұрлау, бастау деген сөз.

Өмірімді сол жауызға қор қылғанша,
Өлтір, жұртым, қолыңнан, адал қаным!

Бармаймын матасаң да, байласаң да,
Кәрі итті алтын жағып майласаң да.
Өлемін осы арада оны көрмей,
Көнбеймін бұғаулатып айдасаң да.

Он беске жаңа келді менің жасым,
Келмейді түндегі ұйқы, батпайды асым.
Малды деп, мал секілді шалды көрдің,
Құрығандай өзім теңді замандасым.

Жүретін сойып сатып, жасы-қарты
Мал емес төрт аяқты өйел халқы.
Уау, молда, түзулікті айт құдай үшін:
Жоқ па өді күпу * деген неке шарты?

Молда:⁸⁵

— Шырағым, ренжітпе атаңызды,
Бұзбаңыз құдай дескен батаңызды.
Сүннетін пайғамбардың қабыл қылмау —
Зор күнә; мен айтайын қатаңызды.

Қамар:

— Күнә емес кемге бармау, сауап шығар,
Қарның үшін қайтарған жауап шығар.

*) Күпу (арабша) — төң дәрежесі бір деген сөз.

Қызықты қызыл гүлдей жас жүрегім
Сорлы бол қандай жалын қаулап шығар.

Пайғамбар тең емеске бар деген жоқ
Зар жылатып бес қара ал деген жоқ.
Шал болсын, пасық болсын, сасық болсын,
Сата бар, әйел заты — мал деген жоқ.

Басыңды әлектікке сал деген жоқ,
Өмір бойы бәлеге қал деген жоқ,
Шірісін шірік байдың табанында
Әйелде жарты тын жан деген жоқ.

Молда:

— Ата-анаң сені өсірді қандайыңнан,
Асырады ас кетірмей таңдайыңнан,
Әуелде бір алланың жазуы сол:
Шал болса да, бара көр маңдайыңнан⁸⁴

Қамар:

— Ай, молда, түзушілік қайда қалды,
Жазып па құдай бізге сасық шалды?
Құдай тұрсын, ынсапты пендесі де
Қоса ма қу ағашқа өрім талды?

Молда:

— Тәуекел, бекем байла бөліңізді!
Түсірме бүлгіндікпе еліңізді!
Пәленшенің баласы солай демей,
Сөкпеңіз құдай қосқан еріңізді!

Қамар:

— Қызыл жібек тәнімді жүн қылмаймын,
Жарқыраған күнімді түн қылмаймын.
Неке қияр ала алмай қаласың деп,
Шалға барып басымды күң қылмаймын.

Батады деп қорықпаймын өлім дауға
Тым болмаса бермеді дені сауға.
Мені аяса, мал үшін жылатпасын,
Бермесін олсырайған обыр жауға.

Сөзім сол — мейлің жандыр, мейлің өлтір!
Қисық десең, қанеки, дәлел келтір!
Не шарифат, не низам айтты ма екен,
Елудегі шалға бар деп жемтір-жемтір.

Молда:

— Не дейді ұялмастан мына арсыз!
Көпірдің көрмейсің бе беті қансыз!
Ахмет жас, Нұрым шал ғой деп ұйтқытып,
Аздырып жүретіндер бар ғой жансыз.

Айтайын шарифатты, низамды қой!³⁷
Разы шарифатқа боласың ғой!
Ажамға^{*} ажам күпу, арабқа араб,
Басқалардың бәрі де жаңылыс ой.

Қамар:

— Кім шыдар шарифатқа, жалаңызға?
Бояма қара көңіл қараңызға.

^{*}) Ажам (арабша) — араб жұртынан өзге елдер.

Дұрыс-ақ, ажамға ажам күпу болса,
Көмпір тең бе он бестегі ер балаңызға?

Молда (ашулашып):

— Көп сөзді қой, сү әкел, неке оқимын,
Аятып күрсі, алхамды жеті оқимын,
«Бисмылла» деп, ішіне ақ күміс сал!
Бір-бірін сүйгендей ғып жеке оқимын.

Қамар:

— Бола ма ризасыз неке дұрыс?
Ұялмастан айтасың неге бұрыс?
Дуала, мейлің үшкір, мейлің түкір!
Бақыр, шақыр болмасқа кеткен бұл іс^{те}.

Молда:

— Үндеме, дұрыс-дұрыс, дұрыс-дұрыс^{те},
Өз мойныма обалы болса бұрыс.
Бұзылған бадбақыттың бұзық сөзін
Біздерге жармайды тыңдап тұрыс.

Қамар:

— Тыңдамасаң, өрі көт мыңқылдамай,
Жүк артқан өгізге ұсап ыңқылдамай,
Жерді қап, жемтігіңді жегір, молда!
Неке қнар алам деп қылқылдамай.

Молда:

— Шырағым, ашуланба, жай бір сөзім,
Монтандығым болмаса егер шықсын көзім!
Араңа мұсылмандық айтамын деп,
Бәлеге қалдым, міне, менің өзім.

Қамар:

— Мұсылман болсаң, ауылыма айт, жылатпасын,
Көл қылып, көзім жасын бұлатпасын.
Жас алма, қызыл гүлдей уыз тәнге
Добыра сақал дурақты құлатпасын¹⁰.

Молда:

— Мұндай іс, білемісің, жаман атақ,
Бармасаң да береді байлап-матап.
Малдан құрық, басынан сырық кетпей,
Бермесе дау көбейер болып шатақ.

Кіргізбе дау-жанжалға атақ басын:

О да отыр амалсыздан төгіп жасын.
«Баталы құл арымас» деген сөз бар,
Бір жолға бар, қарағым, асыл тасым!

Қамар:

— Сөзіңді естімеймін кетші, молда!
Өлемін оған бармай осы жолда.
Қасық қаным берейін өз қолымнан
Підиемді алып мақсатқа жетші, молда!

Мал үшін малға табынып құдай атып,
Шырлатып бір жауызға мені сатып.
Мастанып тең мен кемді көзі көрмей,
Жойылсын, жұртым емес, қалсын қатып!

Талансын дауға малы, жауға басы!
Қиылсын қырық буыннан қыршын жасы!
Осының бәрін қылған Оспан ағам,
Жібермес, құдай білер, көздің жасы.

Көу-көүлөп, қыздырмалап, қымыз ішіп,
Сыртынан бәрін билеп өлшеп-пішіп.
Әділдік, құдай, құран естен шығып,
Қайырлы болсын десіп, бір күлісіп.^{II}

Ұялмай оны қостап өңшөң күшікі
Жапырылып, ыңғайына ұшып түсіп,
Атың өшкір, ақылсыз Ослан ағам!
Мәйрің қансын енді қанымды ішіп!

Құдай-әй! III...

Жас жүрек бола ма екен шалмен күпу?
Қу ағаш бола ма екен талмен күпу?
Майысқан өрім талдай жас қыздарың
Болмайды екі аяқты малмен күпу!
Ұялмастан «күпу» деп неке оқып,
Тіпу, молда, жүзіңе тіпу-тіпу!

Ойласаң, таза мөнен сасық тең бе?
Ғалымға қара көңіл пасық тең бе?
Неге, неге көрмейсің, соқыр молда,
Байқасаң, асыл мөнен жасық тең бе!!

Молда (біраз төмен қарап, көзіне жас алды):
— Қайтесің, шал болса да, малы бар шал,
Мал болған соң, аузында балы бар шал;
Сен бұлбұл, ол қара құс болса-дағы,
Қосатын сені өзіне халі бар шал.

Шырағым, бәрі де рас айтқан сөзің,
Өртеді іш-баурымды жасты көзің,
Қайтпейін, аясам да, малым жоқ,
Өркімнің көз ұшында жүрмін өзім,—

деп Қамардың шырқырап шыққан зарлы сөзіне еріп кеткендіктен өзінің қай жерде отырғанын білмей сөйлеймін деп, молда бишара қол-аяғы жерге тиместен далаға шығып қалғанын бірі білді. Нұрым мен Оспанның:

— Текпіле! Текпіле!,— деп, қатты-қатты тығылған дауыстар естіліп, сол сағатта-ақ аузын шие жегендей қылды да тастады. «Байтал тұрсын, бас қайғы», молда-екөңнің бес теңгелік шапаны да әркімнің қолында кетті; «Бастан құлақ садаңа»: өңіріндегі атынан және айрылып, жаяу үйіне қашты.

«Ілем деп жүріп, ілігіп кетті» деген сол; әйтпесе, ең құрғанда он теңге мен бір жақсы шалан кимеймін деген молда бишараның ойы бар ма еді? Енді оған ұқалдық па, тағы қалған сақалын жұлғызып, абақтыға жібермей мұнымен қойса сол..

Ойбай, ана жақта Қамарды бас салып құшақтап:

— Асыл туған қарағым, данышпаным! Қара басым қанға боялып, малым жауға, басым дауға таланса да, сені ренжітпейін бермейін, жүрегімі бермейін, қарағым, асылым, құлыным, жұлғыным,— пәлен-түген, деп өкіріп-бақырып, сақалынан суы сорғалап Омар жатыр.

Өксігені өксіп, томсарғаны томсарып, жылмағаны өтірік тал болса ауыздарын кемсеңдетіп, әйдей, Қамарды айнала, түнерген қатын-қалаш, қыздар отыр.

Қанша қара жүрек болғанымен, сондағы кісілер не шығарларын білмей, не отырарын білмей, әркімнің көз алды қараңғыланған секілденіп, ал өнді, белгісіз қиямет күні тұмасын ба.

Бір олай, бір былай аунақшып, жарыла жаздап, булығып, онда сандық үйелеген өгіз секілді ыңырапа түсуден басқаға шамасы болмай, ардақты күйеуіміз — Нұрым отырды.

Онан сайын Омардың «кетші, кетшінің» астына алған жанды дауысы тамам ауылды басына көтеріп, өрлеп барады.

Оспанның да құйрығына қыл батпай¹² Нұрым ыңыранған са-

айы бетіне қарай түсіп, жаны шыға жаздап, күр анау үйден мынау үйге көзекпе-көзек жүгіре берді.

Міне бұл ақыр заман, ақыр тақ атқанша бірден-бірге қаптап ұйлығы берді. «Бұлардың ұят, қойыңдар!» деп айтуға ешкімнің тілі келе алмады; қайта «қызық көреміз бе, ойбай, құдай басқа бермесің, жүрі!» десіл, жұрттың көбі үйлеріне тарасып бітті. Ың жоқ, шың жоқ²². Жалғыз-ақ Омардың: «кетші, кеті Қамарымның басқан ізінен садаға кеті!» — деген баяғы қорқынышты жаман дауысы мен кейбір жарамсақтанған шалдардың Нұрымды жақлаура-тып: «Әй, қызды оқытып... Қызды оқытып... бәрі сол оқып... Ахметпен жақындасқанның көсірі ғой, дуалы бас қой, дуадан күшті болып па?» — деп қоңырсытқаны ғана естілуші еді.

Оспан Омардың жанына барып:²³

— Мұның не, ұят емес па! — деп бірдеңені мыңқылдайын деп еді.

— Өзіме де, саған да пышақ саламын! Түбіме жетіп, тұқымымды құртайын деп жүр екенсің. — деп өзіне дүрсе қоя беріп ұмтылған соң, өзер қашып, жан сауға қылып қана құтылды.

Ақыр, Оспан Нұрым досына:

— Ісіміздің жайы мынадай болды. Әлгі жынды неме баласы жылаған соң қимай жүр. Қазір бірімізге пышақ салып алудан да тайынатын емес. Қамарға да кінә қойып болмайды: дуадан күшті болып па! Жәукенің шала қазақ баласы қыларын қылып болған соң, өз ұятын өзі біліп, қашып кеткенін көрмеймісің! Қап! Құдай соны қолға беретін күн болса... көремін де, мырза. Бұл жолы ұят та болса қайтып, соңынан өзіңіз білсеңіз қайтәр еді! — деп, тартып алу жағын сөздірді.

Нұрымның қасындағы төбеттер:

— Біз мұндай қорлықты қайда көріп едік! — деп бұлқынайын десе де, Нұрым әлгі Оспанның тартып ал деген сөзіне түсініп, баса берді.

Нұрым енді ішкі пікірін⁸⁶ ішінде сақтап қайтпақшы болды. Жүрерде ауыл ақсақалдары жиылып:

— Бұл жолы жердің үстімен келіп, астымен қайтқандай болдыңыз. Көптен бетіңіздің қайтқаны да осы шығар. Құдай күдіреті — дуаға амал нешік? Ендігі келгеніңізше Омарды, бәрін көндіріп даярлап қоямыз; болмаса, өзіміз болып тартып әперейік; көңіліңізге еш нәрсе алмай кетіңіз, мырза, мырзаке! — десті...

Қайтсін, амалы бар ма, «Өлмегенге қара жер» солбырайыл атына өзер мініп:

— Әй, бәлем-ай, сені ме? — деп, тістенө-тістенө Нұрым қайтты.

Мұны естіген жұрт:

— Ойбай, Омардың соры қайнады, тәтті аузының дәмін көтірді ғой, — десті.

Нұрым кетісімен-ақ:

— Ал, шоқынды, түбіме жеттің! Қанә, мықты болсаң, бермей ұстап тұршы, көрейін. Қияметке дейін көрмеймін! — деп, Омардың жер-жебіріне жетіп, жан күйер ағалары Қалтан мен Оспан да шықты.

— Құдайға тапсырдым. Көрмесең, көрге көміл, жауыздар! — деп Омар қалды.

Тағы шуыл, тағы дуыл, тағы өсек даулап⁸⁷ ала кетті-дағы, онан басқа не дейсің? Жұрт аузындағы: «Пәлен-пәлен өтем деп айтыпты; анау шабам, мынау қабам деп айтыпты...» деп күн бұрын үрейін алып куілдескен өсекке қарағанда, ертеңінде-ақ Омардың күлі де қалмаса керек еді. Жоқ, аман-есен он күн, он бес күн өтті. Омар онан сайын қатайып бойына ке болып алды. Шабысты қалаға, жаудырысты арызды, бұтты-шатты дегендей⁸⁸ ұшы-қиыры жоқ сасық даудың ішіне кіріп кетіп шатасты да жүрді...

Мұнан бұрын Омар «Әне келіп қалды... Міне, әкетеді Қамарды» деп, көлеңкесінен қорқып дегендейін елегізіп бәтен үйге

қоюға өзінен басқаға және сене алмай қару-жарағын даярлап, үйінің ішімен түн бойынша үрпісіп, көрер таңды көзімен атқызушы еді... Міне, бүгін елінің «жақсылары» жылып, жаз жайлауға барысымен, Омарды беруге көндіріп, Нұрымды алуға көндіріп, қай осы уәдені бұзған жағынан бөлеміз деп, жайғастырған болып қойып еді.

Соның үшін Омар үйіне келіп:

— Оған шөйін бір қара қалай көрмесізі? Құдай жеткізер, Қасан ағаң да келер, қарағым! — деп, көптен көңілдері тыныш тапқандай болып, бұрынғылары ұмытқа айналған секілді есін жиып, етегін жалқандай Омардың да, Қамардың да әлдеқалай бір балбырап, алаңсыз тәтті ұйқыға кіріскен түні бүгін-ақ еді.

Ah! Не шара! Таң алдында күндізгі бітімнің күр алдап, Бигам қылу өкендігі көріне бастады. Алаңсыз тәтті ұйқыда жатқан Қамар өкесінің:

— Оябай! Кісі! Қарағым, Қамар! — деген асығып шыққан жан дауысын естіп, төбесіне мұзды су құя салғандай атып тұра көлсе, бейбақ, бишара не көзімен көрсін: көз алды самсаған сары қол: қолдарында бөлсенген білектей-білектей қамшы; өке-шешесінің басы-көзі қып-қызыл қан, үсті-басы далба-дұлба, әрбіреуінің қолында жүр, құр: «Оябай! Оябай! Өлдімі!» деп қырылдаған дауысы ғана шығады; жабылып ашаға байласып жатыр. Нұрымның:

— Бәлем, бермейтін мықты неме ғой! Көрейін мұның сотын! Өйтеуір, сүйегін сындырып, көзін шығармай, өлмесе де, өлімші қылындар! Дәндейін деген өкені... Әлгі мені сүймеймін дейтін дүзіқара қаншығы қайда! Тигіз менің қолыма... — деп, төбет иттей төпкілене күрілдеген ашулы суық дауысы үйді басына көтеріп барады. Жүрегі төбесіне шығып қорыққаннан қалш-қалш етіп дірілдеп, діңкесі құрып тұрған Қамар сорлыда ненің есі болсын, үш-төрт жігіт ақырып:

— Жүрі! Неге тұрсың! — деп ұмтыла берген кезде, апырым-ай, Қамар жанталасқандай терезе деп ойлады ма немене, пәрме-

нінше ұшып келіп кеткенде, үйдің бөренесіне басын соғып шап-қасынан түсті. Ес те жоқ, түс те жоқ, құр кірлігі ғана қимылдап, көгеріп сұлық жатты: «Соқырдың қолына, саңыраудың жолына түспе» деп, қолына түскен соқ сыпыра көкілі соқырлар²⁸ өлген-тірілгеніне қарасын ба? «Ойбай, бұл дүзіқаранікі айла ғой» дөсіп, арбаға көтеріп ұрып, ең алдымен жөнелтті. Алмасақ та, бізді талады дейді ғой,— деп, Омардың үйінде іске жарарлық нәрсе қалдырған жоқ. Не қылса да, ойына келгендерін істеп, дүрілдесіп кете барды. Қамарды алды. Қалған, Оспанның айыздары қанды.

Мұны ауылдың көбі күндіз білсе де, «Ойбай, бірдеңесіне ілігіп кетерміз» деп, Нұрымнан қорқып жалғыз келмеді; қайта, Омар ойбайлаған сайын, жүнді күпілерін бүркене түсті.

Тақ атысымен-ақ, «Нұрекең жүз кісімен өзі барып, Қамарды әкепті, бірақ айла болса керек, Қамар үйінен шыққаннан талып, әлі есін жөнді жимаған; өлсін-өлі ауызына келгенін сөйлеп, шатаса береді дейді» — деген хабар жұртқа дүңк өте түсті.

Өйдей-ай!.. Не сұрайсың, қайырлы болсын айта Нұрымға қарай ағылған лек-лек кісі!.. Бара салысымен «Ой, сабазың! Жарайсың! Сол керек еді... Қоса ағар» деп, қайырлы болсынды түс-түс жақтан жаудырысып-ақ жатыр. Нұрым да «омин-омин» деп, аузын толтырып, жалаң бас есі жоқ, түсі жоқ, терлеп-төпшіп, екі езуі құлағында, алақандай шегір көзі ақайып, жирен сақалы қауднып кеткен, әншейін-ақ, күр-күр өтеді...

Барын аяп қалмай, «Ас та төкі!» деп, келгенді ақ майға жығып жіберіп жатыр. Және мына даудың кезінде жұртқа жалын-ныштылау ғой, қанша мықты болғанымен «батырға да жан керек» емес пе? Ат сұраған ағайынның да, ас сұраған ағайынның да бетін қайырмай, дос-досына ат шаптырып, күн-түні дамыл көрмей, әйтеуір, жұртты өзіндік қылып алды...

Жауы жанынан табылған жақындары жабылып діңкесін құртқан Омар сорлының құр қынжылып, сақалын жүлудан басқа не

ядді бар! ¹⁰⁰ Бірге туысқан ағаларының сиқы анау... Ондай-мұндайлар бүгін ішіп-жеп отырғанда Омарлық болса да, ертеңінде қорқып Нұрымға кетеді. Жалғыз басы олай шалты, орысқа-орманға берды, малын да, жанын да азмаған болды: «Жалғыз қаздың үні, жаяудың шаңы шыға ма!» Шыбын құрлы көрген кісі жоқ; бір ғайдай далақтап титығына жетіп бара жатқан соң шарасы бар ма? «Көп қорқытты, төрең батырды», жүні жығылды да қалды... ¹⁰¹

Нұрым қолына еркін тиген соң, Қамарды күтпеу қайда? Шыбын жаны соның үстінде шықсын деп, нiлiп төсек, жайылыл жастық болып, өліп-өшіп барады. Дөңкілп келіп қолын артып, яки, аяған болып бір жерін сипап, сүйем дей ме, немене, күйектей бір қап жүнді сақалы мен сасық аузын Қамардың үлбіреген аузына тақал апарғанда, Қамардың шыбындай жаны шығарға орын таппай шырқырап, кінәлғандағысын құдай мұсылман баласының басына бөрмесін! Қандай талмаусып әлсіздөніп жатса да, қалай ¹⁰² маңайына Нұрым келді солай, шағатын жыпан кіріп келе жатқандай тітіркеніп, қысыла бастаушы еді; бөз-бөз етіп қырғидың тырнағы таянған торғайша шырылдап тулағанда, денесін көз көлген нәрсеге соғып, бұрынғысынан он есе төмендеп қалушы еді. Қамардың мұнысын айла деп, жекіріп-ұрысыл, сабал көріп те біраз байқасты. Жоқ, жоқ, күн асқан сайын, еттен, халден айрылып, айла болмай, шыңға айналды.

Уайым-қайғымен әлдеқашан-ақ чехотка болып қан-сөзден айрылған сорлы ғой, оның үстіне мына қайғы қосылып, әлгі үшқан жүрегі орнына түспей дамыл-дамыл басы айналып, шатаса беретін болды.

Белгілі, қазақта мұндай әуруды жалмауыз ншандар, алдамшы қожа-молда, бақсылардың қарайтыны. Және бұл жарықтықтардың қайсысы да болса, қазақ өлінде бар ғой. Аяқ жетер жерден алдырып қарата бастады.

Бұл алдаушы жауыздардың қайсы бірі басында дұа бар деп, қайсысы қызылды-жасылды тіл-сұхтай бірдеңе жабысқан, басын

айналдырып тұратын сол деп, қайсысы тіпті дәнеке де емес, жанықтық-мастық деп, Ахметпен желігіп аруақты қорлағандай болғай, кешегі қара шаңырақтағы жарықтық бабақ Құттымбек аруағы тегін дейсің бе? Сол аруақ мұны тауып жатқан. Өне Омады соқты ма? Тағы қарап тұр, Ахметті де соғады. Зиратқа түне шырақ жағып, құрмалдық союға керек... деп, жүзі жүз түрлі айтып жатушы еді.

Міне, бұлардың қайсысына болса да Нұрым мырза сүт ұйып:

— Пәле, пәле, тіпті жөні бар; аруақ асыға ма, саса ма? Егер ұмытсақ та, жарықтықтар жебеп-желеп жүреді ғой,— деп арқан шымырлап кетіп, тез мола басына түнетіп, талай ай мүйізді, ақ тұяқтыларын құрмалдық қылып, жамбасы мен терісін емдеушінің өзіне ұстатса да жазыла алмады...

Онан соң үшкіру, түкіру деген нәрсе күнде көпір¹⁰³. Қолыңда сандықтай құраны, алхам мен құлқуалла білетіндердің ауызыңда дамылы жоқ. Емдеуші мұндай көп болар ма, үйге сыймай лық етеді. Көбіне тиын түспесе де, «Бір тойған шала байлық» деп, еңмеңдей беруші еді...

Тағы қорықтық күйе ма, қара малдың өкпесімен қағып көшірме, жыңға орау, «қырық аяқ сумен ұшықтау», «бозбұға, сарбұға», жеті түрлі дәрі-дәрмектің басын қосып емдеу ме, не керектігі әйтеуір, осылар секілді «қасиетті» қазақ емдерінен оллау ағам¹⁰³ қалғаны бар ма екен?

«Қамардың басын айналдырып, сөні сүйдіреміз» — деп, жеті қара мейізге, тұзға, қантқа дуа оқып, Нұрымды алдаушылар да толып жатыр.

Нұрым тек ауылға басына шалма ораған біреу келсе: «Қырықтың бірі Қыдыр деп еді, лепесі қабыл болмас па екен!» деп, жанына мейіз, тағы сондай тәтті нәрселер алып жүгіріп, үшкіртіп жүруші еді. Садақаны кесек-кесегімен тастайды.

Не қылса да, Қамардың ауруы күннен-күнге күшейіп, болмас-

қа айналды. Маңайына Нұрым жақындаса, яки ем қылдырса, тым төмендеп кетеді.

Сонда Қамардың ішінен күбірлеп, ылғи аузынан тастамай айта беретіні жалғыз-ақ мынау еді:

А, құдай, енді мені күйгізбей ал!
Жауыздың суық тәнін тигізбей ал!
Антым бұзбай алдыңа мен барайын,
Ахметтен басқа жанды сүйгізбей ал!

Мұны шала-шарпы естіп қалғандар: «Әне дуа! Әне дуа, көрдің бе!» — бір-бірін түртісіп, шулай қалушы еді.

Қамардың жайы мұндай болған соң, «іштен шыққан шұбар жылан» шидата ма, араздық, пәленді қойып, Омар да күні-түні қасында болды...

Мұның емі ылғи қожа-молда қоймай үшкірте беру десе де, Омардың жан ұшырған іждаһатымен қаладан доктор алдырып көрсетіп еді:

— Емдейтін уақыттан өтіпті. Алырым-ай! Чахотка болғанда да біртүрлі қуаттысы екен, болса бір-екі айлық қана өмірі болар. Шатасатыны қорқып, жүрегі ұшқандық, әлсіз болған соң өсін жия алмай тұр. Емдетпей, өз ықтиярына қойып күтсе, онысы басылады. Қаратам деп өуре болма, жай күте беріңдер, — деді.

Мұны естіген жұрт: «Ойбай, доктор былшылдайды, түкті де білмейді. Чахотка дейтін мұныкі жетел емес қой. Қашан да болса, нәлі дертке нанбайтын доктордың әдеті емес пе? Өзгесін қойшы, сөйлеп шатасатыны қорыққандық деген кәпірдің кәпірлігі ғой. Мұныкі нәлі дерт: — Өбілда ншанға бақтыру керек. Сол кісіге қаратып Иманбек, Жамантайлар жазылып кетті ғой...» деген соң тез өзінің баласын қос атпен жіберіп, өлінің жақсыларына қағаз жазып, екі күндік жердегі ншанды алдырды. Жарықтың қасында екі-үш муриді бірге келді. Келісімен-ақ, Жорға Нұрым асты-үстіне түсіп:

— Тақсыр, мынадай бір мүскіліміз болып тұр. Сөті болып жазылып қалса, жанымнан өзге қалағаныңыз сіздікі,— деп, арғы көмейін білдірді. Мұны естіп ишан-өкең де мұртынан күліп:

— Иншалла, қара кітапқа қарап, аруақ жар болса бірден қылармыз. Анау бір күнгі ерте намазынан соң, таһаратпен жатып көрген түсім теріс емес еді. Біз тәжірибе қылмай келмейміз ғой,— деп, Нұрымның танауын күн бұрын шелектей қып делден тіп қойды.

Әйда-ай! ¹⁰⁴ Бүгін түнде әне жерде шарта жүгінген, жыбыр жыбыр далайыл қайрат, мына жерде сарт-сұрт еткен таспыл пен субхан алла су жағала дей ме немене, көзін жұмып, дамығып кеткен мұридтер.

Жай етке бола жиылған кейбір шалдардың өзі өліктей алмай солықтап, тіпті ишаныңнан асырып өлтіріп барады. Қазандай ақ сәлде, пұшлақтарына түскен ақ шапан төмен қарап тізіліп, үзіліп тұрған біртүрлі айбынды, құдайы жандар болғанға, ауылдың кіруге қорғанған жаман-жұман кісілері де: ¹⁰⁵

— Жарықтық әулиелер ғой! — деп, сырттан тұрып мүлгісуші еді.

Босаға толып сығалап кеткен қатын-қалаш жабықтан сығалаймын деп таласып мүлдем киізді жыртып өлтіріп барады ¹⁰⁶. Ишанның шатып-бұтып айтқан түпсіз өтірік өртегісі мен қиратып, сындырып айтқан азанын естігендер де:

— Ой, садағаң кетейін, жарықтық әулиелердің дауысын қарасайшы, бүркіттің дауысындай қалай саңқ-саңқ өтеді! Осы күнгі ноғайша киінген қатыбас молдалардың қандай хатымкөрдасына жолықсаң да әу-у-у деп, дауысы к...нің астынан шығады ғой,— деп, арқасын қиқаңдатып қоюшы еді.

Анау тамырымды ұстатамын, мынау кітап аштырамын, теғы тұмар алып үшкіртем, қақтырамын, соқтырамын... деушілер де көп, күн бұрын беретін сәдақаларын даярлап, жоғы қарызданып сұрап жүгірісуде еді.

Жарықтықтар тартатынын тартып, аузы-басын қисандатысып дилбе¹²⁷ болған мал секілді бірсыпыра селкілдеп, шұлғысып болған соң, екі сағаттай күтіп отырған етті жел пықжысып ұйықтады-ау...

Ертеңінде бір мұриді:

— Аурудың несі арамызға көк өгіз болып келіп жүр екен, өйтпөуір құдым,— деп, түс те көріп шықты. Нұрым оған нанып, едәуір көтерілді.

Таңертеңгі шайды ішер-ішпесте-ақ жнылған кісілер ншанның қолын ұстаймын деп етік-метігімен періп кетіп¹²⁸, мүлдем үйді былап бітірді. Жұрт жабырласып басылған соң, қожекең байға байша: бала-шаға, асты-үстіне дейін қазып сұрап; кедейге кедейше: негінің ұшымен жүргізіп, амандасып болды. Қазандай ақ сөлдесін қоқштып шартта жүгінді; қозы құйрығындай аршын жарым тасбығын тізесінің үстіне қойды, көзілдірігін киіді; бәлінен шүберекпен бұған арасының көгерген несі кеудені ататын, жалба-жалба шеттерін тышқан жел кеткен, сандықтай атам заманғы бір жазба кітапты ашып бұрқыратып отырды да, ең ауылі кітаптың жайын сөйлей бастады:

— Бұ кітаптың ең түбі бабам қазірет Ғалидан қалған Жағпар Садық өуліненің кітабы. Атам нарқұм Бұхарадан жеті жыл іздеп, қолына өзер түсіріп алған екен. Жарықтық өзі өлерінде: «Күтпесең, таһаратсыз ұстасең, соғып кетеді, болмаса өле-өлгенше азық болар» деп өсмет қылып еді; ақыры тегін кісі емес қой, айтқаны келді. Осы гой біздің сүйенетініміз,¹²⁹— деп ал кеп шулатты.

Оған үй ішіндегі ақсақал, қарасақалдарының «не, не!» деп жандары кіріп:

— Ой, жарықтық-ай, өуліне кітап екен гой. Бәсе жазуын қарамы таақтай-таақтай, қағазының қалыңдығынан-ақ белгілі түр гой,— десіп, жабылып жүзін сипап¹³⁰, сүйгені сүйіп, қолдан-қолға түсірмеуде еді...

Ал, өнді ншекең қасиетті кітабына қарап жібере сала:

— Апырым-ай, дуа бойына әбден сіңісіп алған екен¹¹¹. Жүрегінің басына барып байлануға аз-ақ қалыпты. Мұны көптен неге қаратпаған? Сонда да әзір қатер деген сөз көрінбейді. Бойында қызылды-жасылды тіл-сұқ бола жабысқан көз секілді ұшығы да бар-ау өзінің... Тап осы кезде екі-үш түрлі аурудың басы қосылып, ерегісіп тұр екен: мұның ең әуелі ұшығы кетсін үшін¹¹², жеті жылғы ту қойдың өкпесімен қағып, сары ешкінің қарнын құшақтатуға керек. Сонан соң жеті күн ұдайымен оқып зікір салып, басындағы дуасын аламын. Оған болмаса...— деп, ал, емдеуге кірісті¹¹³. Қақты-соқты, сөйледі жоқты, үшкірді, түжірді — бәрін де қылды... Ақ шынаяққа ішірткі қып, мынаны жазып ішкізді:

Егер біркім өрсе бұ дұғаны бітіп ішсе бәс, ол кішіге жан зәхмәти тимағай, межіреп діркі дұға бодыр.

Ағозы белләһи мен әлшәйтәи әлрақим бисмилла и

Имлақа	Мәкселманә	Мыршош	дыбырос
Шәзнәп	Кіпішттыйош	Қытмыр	Сақыр ақыр ғымыр рып йо-ян

Мойнына һәм киімнің сау жерін қоймай, шоқлардай-шоқлардай қып зияндаш дұғасы деп тақтырды:

Зияндаш дұғасы бодыр

а а а	ғ ғ	һ һ	арсым	м м м
д д д	б б	а а а	ғ ғ	һ а а

Түсындағы шымылдықтың бауына ілген Исым ағзам* ба иерек, елде не мазарат өтөктей-өтөктей дұғалықтан Қамардың беті-жүзі көрінбейді. Жан-жағын Мәккеден... деп, қажылар әкелген алтынды күрек, түрлі мешіттің планын (формын) салған қағаздарменен қоршап қойған. Тіпті, адам сұрар емес тілдей-тілдей ұзыншақ дұға жазулы қағаздардан аяқ алып жүргісіз.

Әншейін-ақ қасына сүре** таңитын сопысымақ сұмырайларды жимп алған, қырық мәртебе ясин*** шұлатып шыққызып, әр шыққан сайын, түрегеліп ¹¹¹ азан, тақбір**** айтып, қонынзыл мен алқуран ма Но... лақол ола қот... ақыры... жақыры... шан-шан! Ан... ын... қойшы, ис-с-с сүп, күп-пі Тіпу-түп-тіңі! астына алып, баспалатып-ақ жатыр-ау...

Бірақ бұл өндердің қай-қайсына болса да Қамар разы емес, аза бойы тік тұрып бір нәрсе дейін десе:

— Өне дәртінің несі өрегістірді,— деп, оған жаман өкіленіп кетіп, былш-былш үшкіруші еді.

Міне, бүгінгі мешізің сәла бастамақшы. Нұрымның кең зал үйіне «таһаратсыз бір жан отырмасын, соғып кетеді» деп қожа-молда, алхам құлһуалланы***** сіндыра біледі-мыс деген заттардан қырық-елу жанды ¹¹² алқа-қотан отырғызып, бәрінің нақ ортасына Қамарды үстөттеп қойып, ал ишөкөң зікір бастап, жағалай отырған кісілер өкіріп көп, тулап шуласпасың ба! Көзің жамандық көрмесің! Жұлынып алды көтті, алды көтті...

Біраздан соң:

Қайсысы қылжалақтап, маған «зікір түсті» дегендей қылып жығылып жатыр...

Қайсысының ауыздары нәпіріп қиқылдап, шикылдаған болып... қайсысының бәріктері ұшып кетіп, бастары бір-біріне соғылысып...

* Исым ағзам (арабша) — құдай аттары тізілім жазылған дұғалық.

** Сүре (арабша) — құранның бөлімдері.

*** Ясин (арабша) — құранның бір бөлімі, аят аты.

**** Тақбір (арабша) — құлаштық ретпен құлайды ұмметтау.

***** Құлһуалла (арабша) — дүтіннің бір түрі.

Әне біреуі ишанның қолынан ұстап, шыр айнала жүгіріп, бұрқылдап...

Міне біреуі: мырс етіп күліп жіберіп, көйін шөгініп, аузын басып қырқылдап...

Онан-мұнан сығалап қараған балалар мен қатын-қыздардың шек-сілесі қатып, жырқылдап...

Кейбір есті қатындар күлгендерге ашуланып:

— «Кетіңдер, не бар онда? Қызық көремісіңдер»,— деп бырқылдап...

Одан сайын ишекең де¹¹⁶ кеудесін көтеріп қойып дәуірлей түсіп:

— Бабамнан қалған көк көптер,— деп, аптыға-аптыға ыңқылдап...

Анадайдан көз жіберіп:

— Апырым-ай, жарықтық ишекең! — деп, үңіле қараған шалдардың бастары да қылтылдап.¹¹⁷

Өкіре тулап, жұлына-жұлына ән қосқан мүридтердің дауысы да екі шақырымға жетіп сұңқылдап...

Қайсы бірін айтайын, өйдай-ай, не сұрайсың, мерекеге батысып-ақ жатыр-ау!

Зікір қызып келген кезде, Қамарды өліктіріп жүгіртем деп, ишекең әлденеше қайтара барып сүйресе де, болдыра алмаған соң, назаланғандай болып, аруақ, құдайға жалбарынып, әудие мәсайықтарға сыйынып, бабаларын шақырып, дөнен бұқаның кеудесіндей күжілдеп, омырауын ашып тастап, көзі қызарып кетіп, жұлына-жұлына танаулатып, мүридтерімен ду қосылып айтқандағысы мынау еді:

«Кеспи-теспи, ай алдау!
Мапи қалби Ғайрулда-ау!
Ин ләм алдау құлқынға
Мал түспейді, аллам-ау!

Әуелі жар бол жөбей гөр!
Күтты қожа, Сартымбет!
Одан соң сүйел, демей бер,
Аруақты туған Байымбет!
Алдау үшін айтамын:
Мәдинеде Мұқамбет!

Ауызға алдым сені де
Түркстанда Қожахмет!
Қалдырмасын тағы да,
Үргеніште балуан Ахмет.
Құлқын жайын қарастыр,
Пөл-түрөйсiк, ишан қазірет!
Уала түскіт, тым-тырыс,
Сүммөл ашми қазірет...

Ла бәдду, алсам да илассубиқ¹¹⁸
Ғышуруна таһарат.
Ин лам жансүр — ила ат-айғыр
Япыршу, медет шайқам нақышбент.

Айналайын ишан-ау!
Аруағыңды жисаң-ау!
Мүридтің халі мүшкіл¹¹⁹
Бұңа насырат қылсаң-ау.

Баһауадднн дуана,
Пәлекетін қуала.
Ин лам акун біраз күн,
Нұрымның ғайын уала.

Япірім, гайып иран қаусыл ағзам!
Шадияр, масайықтар, имам ағзам!
Мақсұты-алқом, сүммөл, құлқын,
Сол үшін мәжнүн тамам ағзам.

Я галнял — зұлпуқар!.. hu-hu-hu.. леп, алды кетті, алды кетті. Ишекеңдер екі-үш сағаттай құтырған өгізше өкірісіп болған соң күндегі қалыпша ақ майға лықнысып, тағы бірсыпыра ауыздарың қисандатысып, тасбиқ алып отырған болып ұйықтады. Ертеңінде бір мүриді ұйқыдан тұрысымен, Нұрымның көзінше ишекеңе қарап:

— Апырым-ай! Дертінің иесі күшті өкен: қасына жақын жатқан менімен алысып, мынау көзіме түнде қара кездігін тығып алғанын көрдіңіз бе? Әйтеуір сіз арашаламағанда,— деп, күбілжітіп қойды. Ишекең тамағын кенеп, көзін алайтыңқырап қойып:

— Иә, түндегі ме? Ол маған неше күндей келіп бата алмай жүр еді, ешкімге өзін ауыздан шығармасқа керек. Соңғы өкеуінің атын аңғара алмай қалдым, бастапқы үлкендерінің аты: Әмина, Сәлима ма, Халима ма еді? — деді де, боқшасын ақтарып қағаз алып, жаза бастады. Қағазға қамыс қаламмен баттитып тез Әмина, Сәлима, Халима деп жазды да, «күйдірейік батшағар дүспандарды» деп, отқа жандырды. Нұрым енді аурудың иесі күйді, жазылады деп нанып, қуанышы қойнына сыймауда еді.

Өстіп жеті күндей шатпаған шатақ қоймай, пәрменінше көңілденіп-ақ қараған болды. Қамарды үш-төрт жігітке ұстатып қойып, шапқымен төбесін тесті. Өзінің күн бұрын шаш, тырнақ, жібек, тағы түрлі нәрселерден істеп даярлап қойған түйіндерін қанға бояп, өлгі тесіктің ішінен:

— Оқуменен бойындағы дуасын шығардым, енді жазылады, мінеки! — деп алып, жұртқа көрсетті. Бұған халықтың нанғандығы сонша:

— Бишараны құдай ал, құлым — деді ғой,— десіп, шу ете түс-

ті. Бірақ Қамар күн өскан сайын жер кетіп, нашарланып барады; онда жұмыстары да жоқ:

— Қожекөң қарағалы еңі тәуір, пәлен-түген...— деп, Нұрымның ыңғайына қарай сөйлеушілер көп еді.

Солдай біраз шатып-бұтып шаршаған соң, ишекөң жарықтықтар қайтуға қамданысты.¹²⁰ Тап жүрерінде Нұрымға қарап:

— Әйтеуір сіздің шақырып, біздің келгенімізге қарай, бабаның көрі аруақтары жар болып, садағаң көтейіндер, басындағы дүесы алынып, ең күшті науқасының бөті қайтты ғой, енді қызылды-жасылды,¹²¹ анда-санда есім аударыңқырап тұратын үйреншіктілеу бірдеңесі бар, о да біраз әлсіреді. Мұнан былай бірте-бірте тәуір бола бастар. Ақыр бойына сіңісті болып бара жатса, мына жердегі Көңілбай бақсыға бір-екі оқытып жіберерсіңдер; мұндай нәлі уақ¹²² дөртке тәуір дейтін. Бірақ, оңаша қалдырмаңыздар, дәрәтсіз маңайыма бармаңыздар, әрегісіп көтеді. Онан соң күйге кіргізбе кесепаты бар» деп, Нұрымның жөк көретін бір-екі адамын көрсетті. Нұрымның қуанғандығынан шөлектей танауы дөлдкіп кетіп:

— Жеті атадан тілеулес аруағыңнан айналайым, тақсыр, пірім-ай! Мұнда тағы бір-екі күн болыңыз.— деп, үзір қалып жібермеді.

Жат елдегі пәлен мырза барғанда, соны берілті деген атақ болсын деп, олжаны ишекөңдерге ойдағыларынан екі есе артылдырып берді. Соған біліңіз: жанындағы мүркідтеріне дейін бір-бір ат, шалам кндіріп қайтарды. Ишанның Нұрымнан қашан босауын аңдысып тұрған қазақтар, ишанды қайдан еліне қайтарсын: қолдан қолға түсірмей ала келіп жөнелді. Оның ішінде кітап аштыратыны бар, қақтырып-соқтырып, үшкіртіп түжіртетіні бар,¹²³ тасбі аламын, балалы боламын деп жүрген сопылар да бар,— не қылса да сол маңайдағы қазақтар: «Іздесе табылмайтын жарықтықты құдай қолға айдал көп бергенде...» деп жүзі жүз түрлі мұхтаждықпен алды ат, айғыр, қошқар, арты теңге-тебен са-

120 С. Төребергін, II том.

дақаларын даярлап, тым-ақ күштар болып тұр еді, қолдарына тиді. Оған соңғы есебін құдай өзі білмесе, пәнденің аузы жеткізе алмас.

Мұнан былай Қамардың жайы күн сайын төмендей берген соң, ишанның әлгі сілтеуі бойынша Кеңілбай бақсыны алдырды. Ишанға қылған сый-құрметтерді оған да көрсетіп, айтқан лепесіне бәйек тұрып, Қамарды қолына тапсырды.

Бақсы:

— Қамардікі үйірлі жын, қайда... бұл аушырысымен-ақ маған сезілген. Әуелгі жындарымды шақырып, аруақтарымды жинап, үш күндей ойнаймын. Жеті қуыршақ, жеті қара тікен, тұз, үш жылғы қара ту ешкінің сүйегімен көшіріп, жолға тастап зират айналдырамын. Тіпті жазылмай қалмайды. Дертінің иесі жеңіле-йіп бара жатса, жылайды, жалынады, сүйтті екен деп, зындар, аяушы болмаңдар, бәрін қылдыратын¹²⁴ жыны, аурудың иесі,— деді.

Алдында ишанның умалауынан зарзеп болып қалған сорлы Қамар бақсы ойнайын десе, ойнамақ тұрсын маңайына жақын барса да, ұядағы балапандай шырылдап міз бақтырмады. Ойбайдан ойбай сәлді. Бақсы:¹²⁵

— Әне, құдай берді! — Ол дертінің алдымнан қорқып, именейін дегені. Иншалла, жазылайын деп тұр. Ауру — құдай ісі, айыбы бар ма? Жамандығынан болған жоқ қой. Мұны ортадағы подвалға винт қағып, мойнынан байлап және екі қолын артына жұмсақ орамалмен тақып қоярға керек,¹²⁶ — деді.

Отырған жұрт: «күп, күп» деп, бас салып айтқанның бәрін қылды. Сонан бақсы білеудей сегіз қырлы сарбас қамшыменен өзін-өзі ұрып, бүлініп кеп: «аруақ! аруақ!» деп жындарын шақырып, көзін алақтатып, тілін салақтатып, шыр-әйнала, бір олай, бір бұлай зырылдап жүгіріп, ал кеп ұрмасын ба!

Қамар сорлы мүсәлірсіп, шырылдаған дыбыспен:

— Әй, ағатайлар! Дүние, ақыретте көк есегің болайын! Мы-

надай қорлықты көрсеткенше, жанымды қинамай біржолата өлтіріңдер, құным сұраусыз болсың. Болмаса қолымды босатыңыз, өнім өлейін!...— деп, мұсылман адамның сай-сүйегі сырқырағандай зарлап көп жалынып өді, оты қазақ қайдан қабылдасын?

— Апырым-ай! Мына бақсыға өрегісуін қарашы! Ишанды да шыбын құрлы көрген жоқ еді. Құдай бірдеңе береді, үндеме,— десіп, онан жаман қынтып былай түсті.

Қамар осындай жазықсыз қиналуға ызаланып, тым болмаса, өлуге де босана алмай тарыққан соң, аузына не келсе соны сөйледі. Бақсекең онан сайын бұрқырап бірдеңені көріп тұрған кісі секілденіп:

«Ақ боз атты қасында,
Әуей көгі басында,
Анау кірді миыңа,
Жүректелі жаныңа;
Аруақ жәрдем бермесе,
Істің түбі барады
Шама келмей қыңға...»

деп, Қамардың үстіне төніп, дырау қамшысыменен басқа, көзге беталды төпелей бастады. Қамар сорлының құлындағы дауысы күрекке шықса да: «Бишара-ау, дертіңе шипа берсін, саған кім болса да қастық қылып отырған жоқ қой» дөуден басқа бақсыға қой дәуші кісі жоқ еді. Себебі: күн бұрын бақсы ұқтырып қойған: таяқ дертінің несіне тиеді, тілті басын отқа тықса да зиян жоқ, қайта жылы күйеді деп.

Қамар қанша жалынса да мейрім қылар жұртының ояқы мынау болды: өз бетімен өлуге де қолын босатпай қойды. Қашан шығып кеткенше ыстық жан шіркін шыдата ма, тұщы өтіне ащы таяқ өтіп шыдатпай бара жатқан соң, Қамар бақсыны ағатайлай бастады («Қасқырдан қайрат кетсе, ешкіні апа қылады» деген сол)

және көп кісі жыылған ыстық үйдің сасық ауасы ауру Қамар тұр-
сын, сау кісіні булықтырып өлтіріп барады.

Міне, Қамардың тәуек өтіп жалынғандығына үйдегі әңкей ми-
сыз өгіздер:

— Әйда-әй! Құдай берді! Қамар жазылды! Дөрттің несін біз-
дің бақсының жыны жөңді,— деп, маз-мәйрам болысты. Бақсы
да енді сабауын қойып:

— Ә, солай ма! Ә, сүйтуші еді ғой, баяғыда...— деп, біраз кү-
ліңкіреген болып, тағы өкіленіп бүрқырай бастады. Бүрқырап,
қырқырап, тәлтіректеп, есін білмеген кісі болып жүріп, ақыре
жұлынып мынаны айтты:

Айналайын, аруақ-ау!
Толғанайың, аруақ-ау!
Жан қысылған кезінде,
Қолға алайын, аруақ-ау!

Қара қасқа ат бек мініп,
Жал-құйрығын шорт түйіп,
Бурадайын түксініп,
Қарт қабандай бүкшініп,

Көк келтер, менің жолдасым,
Көз жасымды исейші!
Ап жыланды қолға алып,
Айдаһарды соңға алып,
Ақ борандай долданып,
Қара бүркіт қарағым,
Түйіліп келіп тисейші!

Ақ боз ат мініп жарысқан
Ауыздықпен алысқан.

Жоғымды іздеп табысқан
Дұшпаныммен шабысқан
Ай астында алты аруақ!
Сауыт-сайман асынған,
Нас адамды басынған,
Омырауы ашылған,
Аузынан көбік шашылған,
Жер астында жеті аруақ.

Қара Шотай, бабам-ау!
Мәдеткер бол балаңа-ау!
Иентен сүйеп жіберсең,
Қалай да жол табам-ау!

Осы үйде бар бір құла ат,
Екі жылдай құр құла ат,
Бар да көзің төз жоғалт,
Кесел болып тұр бұл ат.

Тағы да бар көк өгіз,
Қасында бар көп өгіз,
Ауыртпалық соған түсіп тұр,
Жалған айтты демеңіз!

Бесуін зорға өлтірдім,
Ең үлкенін келтірдім;
Бұған шамам келмеді,
Не қылсам да өлмеді,
Садақаммен болмаса,
Құр айтқанға көмбеді... —

деп, бақсы талықсыған болып, кінәңдап жығыла кетті.

— ...Ой, аруағыңа болайын,— деп, бақсының қатты-қатты күрілдегеніне разы болып отырған жұрт:

— Уай, сабазың! Енді қайтсін-ай...— деп бақсыға су бүркісің, әрқайсысы өзі білетін құлқуаллаларын оқысып, біраз дем салысты.¹⁷⁷ Аузын қылжалаңдатып ішінен әлденемені күбірлеген болып, жыбырлап сұлқ жатқан бақсы: «Ой, алла-ай, ұйықтап кеткен екенмін» деп, жарты сағаттан соң, біреумен алысқан кісіге ұқсап, екі қығынан дем алып түрегелді.

Және бақсының «дәретсіз кісілерді шалып кетеді, мұныкі көремет күшті һәм үйірлі жын» деп, жұртты қорқытып, су жүрек қылып қойғандығы сонша: қашан кеш болды жарықсыз, серіксіз, қандай әулиемін деп жүрген кісілер болса да далаға шыға алмады. Түсінде ме, еңінде ме, әйтеуір, елегізіп, о жер, бұ жерден сары ит пе, қара ит пе керек, топтанған қыз-келіншек, пәлен-түген көрдім деушілер де көбейіп кетті. Әйтеуір сол ауылдың кісілерінің көздеріне ажал көрініп тұрғандай-ақ таубе-таулыққа бір келтірді. Беталды үрейленіп, көзіне әлде нәрселер көрініп, кірпігін ілмей шығушылар да аз емес еді. Тіпті өмірінде басы сәждеге тиіп көрмегендердің өзі дәретсіз, бісмілласыз жүрмей, қалтырауық сопы болып алды. Кеш болса жүректері ауыздарына шығып, лүпілдеп, ауыздарында: «бісмілла, бісмілла... лахаулы уәла қуатен...» жан-жағынан оқынып жүруші еді.

Бақсы жұрт нанған сайын құтырып, күнде-күнде: «Мен бүгін пәленмен алысып шықтым, түгенмен жұлысып, ұйықтамадым»,— деп, қиюы жоқ тұлсіз өтіріктерді ағызып, құр зәрелерін ала беруді білді.

Бақсының әлгі ауыртпалық түсті деген малдарынан тезінен садақа қылып құтылысты. Көбін оқбех кесі — бақсының өзіне қойды.

— Бейшараның бақыты бәр екен: Ахметке барса нәсін бөріп қаратар еді, барлығыңыздан білінбей жатыр ғой,— деп, Нұрғамды онан сайын қаудитып қоюшылар да аз емес еді.

Осы калыпта бақсы үш күндөй қараған соң, міне, бүгін зиярат айналдырып, көшірмекші күні, зиярат ауылдан екі шақырым жол үстінде. Қасында он шақты күдөй ұрғандар бар, бастығы Нұрым Қамарды түндікке орал алып, аруақ-қудайға жалбарынып, зияратқа барды...

Бақсенең тағы бұрқылдап, жөз қамшысын бір олай, бір бұлай бұлғап, Қамарды тізерлетіп зияратты айналдырып жүрген кезі еді. Анау жерден бұларға қарсы бұрылып жүрген бір-екі атты кісі көрінді. Бұ кім деп тұрса, Омар мен баяғы күйікке шыдай алмай, оқуға қашқан Ахмет сорлы болып шықты. (Қамардың мынадай жайын естіген соң, онда жүріп тағы тынши алмай, көзі барда көріп қалайын деп, қалашымен бірге аңсап-сусап келіп жатқан екен.)

Нұрым «бұ кәпір қайдан жүрі!» — деп таяқтың астына алып, кұяйын десе де, қасындағы Омардан бата алмады. «Амансың ба!» — деген болып, алақандай шегір көзінің оғыменен қарап, жақтырмаған ызғарын көрсетіңкіреп қойды. Ахметтің басыда ісі жоқ, есі-дәртті Қамарды көруде. Сөйлесе ықтиярсыз жылап жібергендей көз жасы тамарын бұлықтырып, бақсыны ішіп-жөп қайнады да отырды. Бақсы зияратты жеті айналдырып, жұмысын жұмыстап болған соң, Ахмет Қамарды көруге ыңғайланды. Нұрым:

— Қой, әлі үйге барсын, сендерді көрген соң тағы да далада сөйлеп,¹²⁵ үйтіп-мүйтіп жүдеп қалады ғой... — деді. Бақсы:

— Ойбай! көшірген соң тоқтатып тұру жарамайды; ағруды артына қаратпастан тез алып жүру керек, — деп түндікке оралған қалпынша ду көп ала жөнелісті.

Омар мен Ахмет аттарына өздер мініп, әлгі кісілердің сөндарынан ақырын салбырап қана ілбүде еді. Ақда-сәңда іштерінен «үһ!» деп шыққан ыстық дем мен ытып-ытып кеткен көз жастары беттерін жуып отырды.

Қастарындағы Нұрым-күймудің әлде не мазарат әңгімелер сұрап: «Маһ-моһ» деп, маңқылдаған дауысы естілсе де, жауап беруге шамаларынан келе алмады, өз жұмыстарымен бола берді. Ақыр, Нұрым мырза бұлардың қасында шындей алмай өшкім үндемеген соң, жоқ бір нәрсені сылтау қылып ауылға қарай озды.

Біраздан соң бұлар да келіп түсіп Қамардың қасына берды. Омарды қойшы, ол енді не де болса істің басынан көріп көзі үйреніп жүр ғой, мінекей, тосыннан көрген Ахмет сорлыны айтсайшы! Оның көзіне Қамар қайдан Қамар болып көрінсін! Бір көрген кісінің елестеп, есінен кетпей неше күндей ішін жандырып, ұйқы-күлкісінен қалдыратын сұлу Қамар адам шошып кеткендей қияпатқа кіріп өзгерілген. Азырақ көз пернесі мен сыңсып шыққан нәзік қана дыбысы болмаса, мынау Қамар деп жанын берсе де, нанарлық қияпатта емес еді.

Соның үшін көрген жерден-ақ, Ахметтің жүрегі тас төбесіне шығып:

— Ой, пірім, алла-ай! Мынау Қамар ма? Қамаржан ба, қалқажан ба, шын сол ма? — деп, киімін шешпестен жүгіріп барып, жастығымен қабат құшақтап, өкіре құлай жетті...

Омардың өз басына туып отырған ақыр заман аз емес қой. Міне, бұған мына Ахметті қуып жібермегендігіне өкініп, көгеріп-сазарып отырған Нұрым қайтті дейсіз! Бір істі, бір келті, не қыларын білмеді, қалшылдады, дірілдеді. Ақыр, ашуға булығып шыдамағандықтан, үйден шығып кетті. Бір ол жақ, бір бұл жаққа шығып ебелентеп, Ахметті айнала қипақтап бақсы жүр. Андасанда:

— Не болды? Қойындар, қойындар. Жаңа жазылып келе жатқанда тағы ауруы ерегісіп кетеді ғой; мынаның өзі бір есер немесе екен ғой! — деп қаттырақ жөкірген болып қояды. Жай отырған кісілерге Нұрымның ыңғайына қарай қозғалуға арғы жүректері ырық бермеді.

Ахмет біраздан соң басын көтеріп, Қамардың маңдайына қолын қойып, үстіне түсіп кеткендей біртүрлі аянышты қыяпатта бетіне қарады да отырды.

Қамар бақсының жұлмалауымен өсін жоқ алмай жатыр еді. Ойында жоқ жерден қасында төніп отырған Ахметке көзі түсіп кетіп «құдай көрсеттің бе!» дегендей қылып күлімсіреп жіберді. Үмсініп, қозғалыңқырап еді, тұруға шамасы келмеді. Құр қолын созып, Ахметтің қолын жүрегінің басына әкел, сырттан басып қысып-қысып қойды. Біраз жаутаңдал қараған соң, көрген қорлықтарын шаққандай қып, көзінің шып-шып шыққан жас тамшысы екі жағына қарай, бірінің артынан бірі қуып моншақтай бастады. Көздеріп, көгілжім тартыңқыраған өрнін жнырыңқырап, кемседегені білінді.

Омар:

— Қой, қарағым, қиналып қаласың ғой,— деп жыламсырап көзін сүртіп еді.

— Ага, тұра тұршы! — деп, Ахметке қарай аударылды. Шаққансымақ, ыңырсып қана:

— Жан достым, Ахметпісін, жанымбысың!¹²⁰ Қайдан, қайдан келдің! Қайда жүрдің! Қарағым дейтін Қамарыңды көргелі келдің бе! Міне, Қамарың! Көр, көр!.. Міне, көр...

Қорлықты зорлықпенен көрген Қамар,
Амалсыз бәріне де көнген Қамар,
Айдай әлем аузымың сұын құртып,
Арманда арсыздардан өлген Қамар.

Құдайға бүгін алса арманым жоқ,
Түкөнген түк сақалға барғаным жоқ,
Қорлықта қосыла алмай кетсем-дағы
Әйтеуір, жүзің көрмей қалғаным жоқ.

Қарағым, жатыр өдім сені тосып,
Өуелден сүйген жарым құдай қосып.
Мұндай күйге ұшырадым, ғашық достым,
Сақалды перғауыннан жаным шошып.

Көтейін, берірек кел, арыздасып,
Азырақ сөзіңді өстіп, мауқым басып.
Тіріде обалымыз — қазаққа ғой
Құдайым қияметте қылсын нәсіп.

Санаулы, қалқа жаным, қалған күнім,
Талмаусып шықпай жатыр көрдің бе үнім?
Нұрыммен өмір сүрген бір күнімнен
Жақсы ғой қабырдағы мың күн, түнім.

Уақытым қош айтысар болды сізге,¹²⁰
Баратын әлгіде айттым жолды сізге.
Мың қайтара жаныңнан құрмалдық боп,
Әжелші мен берейін қолды сізге.

Қайтейін мен қимамаймын, шыбын жаным!
Аһ, дүние, қимағанмен недүр халім!
Сүйгенге бір қосылып, сүйсіне алмай,
Құртқа жем болғаның ба, ғазиз төнім?

А, құдай, өзің тексер көз жасымды,
Әділсің, көріп тұрсың жас басымды.
Мың шүкір, бүгін өлсем, арманым жоқ,
Көрсеттің жаным сүйген жолдасымды.

Жаратқан құдайымсың мейірбанды,
Асырадың рақметіңмен барша жанды.

Айтайын қолым жайып тілегімді
Ахсаң мейірім қылып, нақақ қанды.

Тоқтау бер, мұнан былай қазағыңа,
Шалдардың қызды салмай мазағына!
Дуасы бишараның қабыл дәл ең,
Сол үшін мен ыразы азабына.

Сонан соң жұртты аздырған ишанын ал!
Соңынан судай ақсын жөні жоқ мал.
Надан сопы, мүридін айырмастан
Тамұқтың дәл түбіне апарып сал!

Тағы да балгер-бақсы — бәрін де жой,
Жалғыз-ақ, жаны аштын жастарды қой!
Қақшаңдаған қақпас шал тағы кетсін,
Қабыл қыл тілегімді, құдайым-ой!

Қазақта қыз туған жоқ менен артық,
Құлпырдым он бескеше бағым артып.
Майысып пісіп тұрған дер кезімде,
Малды шал анталады иттей тартып.

Ғибрат ал мен сорлыдан, қазақ қызы!
Түйрейтін мал менен шал — саған бізі.
Оңбайды бұл әдетпен қазақ халқы,
Бол себеп ақырында қалмасқа ізі,¹⁰¹

— Уай, дүние!.. Арманда кеткен қыршын жаным-ай!.. Қазаққа мұнан былай жарық көрсет... Қанағат бер, құдайым-ай!.. — деп басым иілеп қойып, ақырым айта алмай, шаршап қалды.

Ахмет естіген сайын өкпелі шымырлап, үзіліп кете жаздаған-дай болып, өгізіп жылап отырып мынаны айтты:

Кетіп ем күйін қылмай сенен қашып,
Шыдамай, тағы келдім жаным ашып.
Астында алты қырдың жүрсем-дағы,
Өртедің іш-баурымды қайран ғашық.

Сені кім отқа салған шырылдатып
Қойыпты тамағыңды қырылдатып.
Құтырған көк төбеттей аяқ-үрс етіп,
Бақсыны кім әкелген ырылдатып.

Келіп ем көзі барда көрейін деп,
Көрген соң, күйігіңнен өлейін деп.
Шыдамай бұл қорлыққа мен отырмын,
Өзімді сенен бұрын көмейін деп.

Артыңда не боламын тірі қалып?
Барады ішім күйіп, от боп жанып!
Көрсеткен саған қорлық жауыздардан
Кетермін, тым құрғанда, өшіңді алып...—

деген кезде, анау үйден Нұрым есікке қарай алтығып жүгіріп келді. Келді де Ахметке дүрсе қоя берді:

— Тұр, шықшы! Сүйреп шығарыңдаршы! Қарашы, мұның сығандығын, аярлығын... Дуаны қылып-қылып, сиқырлап, міне, бірікісіні өлтіріп отырсың, сөйтіп, монтансығаның — мен сенен осының өшін алмай қоятын шығармын, сыбағаң сақтаулы. Өзің не істеп жүргеніңді білемісің? Бәлем, осы сен кімді басынып жүрсің? Байла итті ашаға! Орысқа апарып беремін, — деп ¹³³.

Сол-ақ екен жай отырған бақсы ұшып тұра келіп, жұлымып ала жөнелді:

— Дерттің несі тіпті ерегісіп кетіп, міне көрдің бе, дерт бұрынғысынан күшейіп болмасқа кеткен. Құдайдың күдіреті, жа-

зылғанша кісі жуытпай қов тұр деп едім. Бәрім қылып, сұқыр-
лап жүрген залым сен екенсің ғой,— деп.

Тағы тұрмады, «шық-шық» тың астына алып, бас жоқ, көз жоқ
Азметті жұмқалап, есікке қарай сүйреп бастады.

Азмет отырған жұртқа қарап:

— Ағатайлар, бір бас минуттай ғана пұрсат беріңіздер.¹³¹
Өзім де шыққалы отырмын. Тым болмаса біраз арыздасып, көңі-
лімізді бәсәлік,— деп жыламсырап, тұзыр қылды, жалынды.

Сол арада тағы Нұрымның:

— Арыздасатын мұның несі еді? Үр итті! Байла! Байла! — де-
ген дауысы мен Қамардың:

— Жан достым, қайда кеттің? Менен қаштың ба? Көзіңмен
жөнелті! — деген дауысы қатар естілді.

Үйдегі кісілер Азметке:

— Шырағым, бағанадан бергің де жетті. Шыға ғой, Нүрекең-
нің ешуы басылсын,— деді.

Бақсы:

— Шыға ғой деп жалынатын не бар? Мұны да бірдеңе ереліс-
тіріп тұр. Дәдесін қолыма берейін! — деп жүгіріп келіп, дырау
қаншымен Азметті ал кеп сойды, ал кеп сойды, бір нәрсені көр-
ген кісідай екіленіп-екіленіп, тіпті араша беруді қойды. Отырған
кісілер арасына түсіп,¹³² арашашы болса да, итеріп-итеріп тастап,
қайтадан Азметке ұмтылды. Апырым-ай! Жан дәрмен Азметтің
неғып қолы тиіп қалғанын білмеймін:

— Бұйтіп аяған жанның...— деп, салды пышақты бақсыға, жы-
ғылған жерде теуіп-теуіп тастап ұмтылды Нұрымға. Қолының ұшы
тнер-тнеместе-ақ оны да қызыл-ала қан қылды. Әйтеуір, ортаға кі-
сілер түсіп, тез қашып үлгіргендіктен ғана өлмей қалды.¹³³

«Өз бетін аямаған кісі бетін шнедей қылады» деп, қане жал-
ғыз адам ұстап қолына Азметті түсіре алсыншы! Көбінің-ақ бетін
шнедей қылды. Ұстанақ тұрсын ешкім маңайына да баспай алды-
алдына қашты. Ақыр жан тәтті. Сонда да оңай ма? «Ер екеніңді


білейін, ер өлтіріп байқашы!» деген гоы, жүректің қызуы, қанның қайнауы, жанның күюі, ызааның тасуы шыдатпай Ахмет мынадай іс істеп салды. Істерін істесе де қайтерін білмей, күр айналақтап үйдің ішіне жүгіре беруден басқаны білмеді. Әбден есі шытып кеткендігі гоы солай сандалып жүргенде, жнылып келіп қалған кісілерді көріп:


— Қарағым, Қамар, міне сенің үшін жаным, қасықтай қаным, қош! — деп жүгіріп есіктен шыға берген кезде, алдынан қатарымен екі сойыл тиіп, Ахмет бұл дүкеннің залым тұрмысынан ақыреттің әділ тұрмысына қарай әрманда көшіп жүре берді. Жұма күні өкінді уақыт еді.

1014



● ● ● **ӨҢГІМЕ, ОЧЕРК, МАҚАЛАЛАР, ХАТТАР.**





ЗАРЛАНДЫМ

Әңгіме

.....
Роман деуге болады мұның өзі
Фельетон тәртібінше әрбір сөзі.
Құрылған надандарға мысал-айна
Не шара соқыр болса көңіл көзі.
Қаны бір, мұны оқыған қарындестер,
Қалып тұр қараңғыда ғазиз бастар.
Өзі мас, көңілдері тас болмаса,
Ағызар, халін аяп қанды жастар.
Иесі білім-өнер туысқаным,
Жан қнып жұртың үшін ту ұстадың.
Төз, жылдам бар шамақша ұмтылып қал,
Барады отқа күйіп туысқаның.
Күл болып, қарасы өшіп жойылған соң,
Артынан не болады қуысқаның!

Сазарада өмір көшіріп жүрген қазақ балалары үш түрлі жолда болады.

Біріншісі: жасынан бір ауыз ғылым оқымаған, әліпті таақ деп те білмейтін, айуан секілді ішіп-жеп, мал бағып, өсек аңдып, айтпа ауыз шошитын неше түрлі бұзық мінездерменен қараңғылықта күнін өткізіп барады.

Екіншісі: бұрынғы аян молда, надан қожа, ишандардың жолымен кетіп, атсаң оқ, айтса сөз өтпейтін¹ мидарын шатастырған кияли болады.

Бұл екі түрлі дертке мұптала — кіріптар болған туысқандарымыздың дәуасына рахметі мол алла өзі мейірбаншылдық қылмаса, басқа тәуіптердің қолынан келмейтіндігі көңілінде ойы болған өркімге күн секілді ашкөре болса керек.

Үшіншісі — Біздер.² Біздер-дегі сазарада өмір өткізген қазақтың көк өрім³ қыршын жастарымыз. Ең әуелі бұрынғы атақты молда, аруақты қожалардан оқып, кішкенеілерімізге Әліп үсүн ән⁴ мен Әбжат⁵ таусылмай, тәуірлеріміз «Кесік бас», «Тақи гажалы»⁶ секілді пайдасыз кітаптардың санын түтесе алмай, жымыз шіріп, алтынмен аяулы асыл өміріміздің ең қымбатты уақытын босқа көтіріп, әбден шатасқан едік. Сол уақытта ілгері басқан аяғымыз кейін кетіп, оқығымыз келмей, өсалаң кісі секілді не ғыл, не қойғанымызды да аңғармайтын едік. Мұның себебі молдадан ба, өз өзімізден бе, оқыған кітаптан ба, әйтеуір нешік болса да, дүниен шәкірт атанып⁷ жүре беруші едік. Солай болса да, бұл уақытта көзіміздің жасын құдай иген секілденіп, тәртіпті

¹) Дәліл үсүн ән — дәлелдене өскі оқытуға арнап таңытқанын Әр тәлілі.

²) Әбжат (арыстан) — дәлелдене сол арнап таңытқанын оқы.

³) «Кесік бас», «Тақи гажалы» — тегісіз пайдасыз басшылар кішкене кітәпшалардың аттары.

медреседен тәртіпті оқу оқып, «Ұсул тағлім»^{*} көрген молдалар еліміздің әр жеріне келе бастады.

Баяғы қазекеңнің түзулікті, һәм түзулік айтқан кісіні жек көріп, ынтымақ-бірлікке келмей қалшыып қалатындығы бұрыннан-ақ әркімге мәлім ғой, бұлар тән-жандарын сарып қылып, халықты ұйқыдан оятып, түзулікке шақырып, тәртіпке салуға қандай қызықтырып, жақсылыққа сүйреп уағыздаса да, туғаннан бері ата мирасындай болып сүйегіне сіңіп, көңіліне орналасып қалған надандық шіркін жуық маңда жақсылық сөзді естірте қоя ма? Не қылса да, мыңнан біреу болмаса түсіне алмаған, жазаласа дұшпан тұтып, сөз жүргізіп, өсектей бастаған. Сол себепті тәртіпті програм түзелмеген болса да, барлық иждаһатын сарып қылып, қандай ауыр машақаттарға шыдап, мүмкін қадар тәртіптеп, шамасы келгенше пайдасын тигізуден жалықпай, аз да болса ғылым-өнер⁵ тарата бастады.

Һәм біздер де тәлім алуға кірісіп біраз оқыған соң, бұрынғы машақаттанған күндерімізге қарағанда көзіміз ашылды, рахмет нұры шашылды деп біліп, қуанышымыз қойынға сыймады.⁶ Бұрын мұндай жақсылықты мың ұйықтасақ, түсімізде бір көре алмай, мың иіскесек, бір сезе алмай жүрген сорлы басымыз-ай, енді несін сұрайсың! Көңіліміз тасып, қайратымыз асып, күн сайын ілгері басып, қараңғыдан жарыққа қарай ұмтылып, надандықтың тұманын серпіп тастап алды-артымызға қарамай зырқыратып бара жатқанда, надандықтан болған бір кісіге жолығып, көңіліміз жасып — аһ, дариға-ай! Тоқталып қалдық-ау! Құдай көз жасымызды иіп, тағы да жүргізе ме? Яки, сорлы болып, қараңғылықтан шықпай қаламыз ба? Ақырын бір аллаға тапсырып тұрсақ та, бізге жолыққан апаттың түсі суық, рақымы жоқ, ыңғайы тым жамандау, ақыры қорқыныштырақ көріне береді.

Құрметті, білім, өнер иесі, жаны бір, қаны бір туысқандарым!

^{*}) Ұсул тағлім (*арабша*) — методика, педагогика деген мағанада.

Басымызға келген жақсылық, жамандық аянышты халдерімізді айтып, кемшілік, қоршылықта болып, қараңғылықтан шыға алмайтындығымыздың себептерін көрсетіп, сандалып тұрғанда, тым болмаса қапамызды шығарып зарланып қалайық та!

«Ердің халі білінер лебіз айтса,
Кімнің халі білінер қарап жатса»

деп атақты Ақмолда шағыр (ақын) айтыпты ғой.

II

Біздер жаңа пікірлі қазақ шәкірттеріміз, әрқайсымыздың ғылым оқуға иждаһатымыз зор, ықыласымыз мол, молдамыздың жеңіл түсіндіруі себепті көзімізді жаңа-жаңа тырмалап ашып келеміз; күн сайын надандықтан қашып келеміз; әрбір сөзді ұғарлық зейініміз де бар; надандықтан болған ұлы апаттардан сақтаса, ғылым, өнер үйреніп, алдағы күнде халқымызға һәм миллетімізге пайдалы адам боламыз ба деген зор үміт пен таудай талабымыз да бар.

Неге десең, бұл уақытта, бағымызға қарай үйретушіміз түзелді және тәртіптеліп ғылым да түзелді. Түзу ғылымнан, түзу молдадан оқыған шәкірт неғып түзелмесін?

Бірақ, біздерді оқытуға ата, ағаларымыздың ықлас-ниеттері түзелген жоқ. Олардың бізді оқытуға ықласы жоқтығын мынадан білеміз: біздерді ең әуелі оқуға бергенде молдаға өздері апарып тапсырмайды. Бірақ бізге айтатыны мынау:

— ...Пәленше сондай бір оқуы терең, үлкен молда ұстапты, шырағым, күн жылыда, жұмыс болмаған уақытта, анда-санда ғана барып сабақ алып жүр. Әзір малға қарап жатқан жоқсың. Мұнда жүріп текке ойнап етігіңді жыртқанша, намаз сабағын пысықтасаң да, барғаның тәуір ғой. Жұмыс реті келгенде, бармай да жүрерсің...

— Аға, мен қалай барам? Өзіңіз қолдан апарып тапсырсаңыз болмай ма? — десең:

— Оңбайтын антұрғанның сөзін қарасайшы? Жалғыз қорқып барасың ба? Сені ешкім жемейді! Сені ешкім жемейді! Қорықсаң, пәленшемен бірге бар; сол айтар сені молдаға: мынау пәленшенің баласы, сізден сабақ ала тұрайын деп келді деп. Әкең қайда десе, үйде жоқ; сондай жұмысқа кетті; өзім барып батасын алармын деп айтты дей сал; егер сұраса, сұрамаса үндемей-ақ қой. Бұ молда берсең алып, бермесең еш нәрсе сұрамайды дейтін... Өзім барып-ақ молдаға мәңісін айтуға⁷ бірақ бүгін басым ауырып отыр.

— Аға, бізге қандай кітап оқу лайық болады? Молдамызға ақылдасып, өзінде бар болса, кітап сатып аламыз ба? — десең:

— Қарашы, мынаның ақмақтығын. Оқитын болсаң, шығында-нып кітап алмай-ақ, осындағы барын оқып бітірсең де жетер. Тап бес жыл оқуыңа жарайтын кітап тауып берейін... Баяғыда атамыз жарықтық Қара қожадан қояр да қоймай жүріп, қалау қылып, ат беріп алған екен... Қожекең жарықтық, көзілдірігін киіп оқып отырушы еді; балалау күнімізде біз де көріп едік...— деп, миымызды шатастырып, мәңгі қылудан басқа пайдасы болмаса да, мақтауын жеткізіп, бес жыл тұрсын, он жылда таусылмайтын, бір кісі өзгеретін, бас-аяғы жоқ, арасынан көгерген исі кеудемізді ататын, қырық бөлек жазба кітап арқалатып қоя береді...

Мұны оқып қайда барып оқамыз?

Миымыз шіріп жуадай соламыз.

III

Егер өздері апарып бере қалса, етіктерін шешпей, «Ассалау-мағалайкүм» деп, саусағының ұшын беріп, молдамызға аманда-

сады. Әрі-бері көсіліп, шіреніп, қақырынып, ешкімді елемеген секілденіп, мал біткен қас маңғаз екендігін білдіріп болып, біраздан соң:

— Е, молдеке, мына бір баламызды ойын ойнап, киімін жыртқаннан да мектеп көргені жақсы ғой деп, сізге әкеліп отырмын. Бұрынғы оқып жүрген кітабы мынау еді, жарықтық Арқар ишан: балаға ырым қыл деп бергенде, бір қошқар беріп батасын алып едім. Шүкір! Лепесі теріс болған жоқ, құдай мұны оқуға жеткізді, сау тамтығы қалғанша тастамай, осының өзін оқытасыз ғой...— дегенде молда:

— Мұндай босқа өмір өткізетін хикая (әңгіме) кітаптың баланы көк ми қылып, шатастырудан басқа пайдасы болмайды. Өзінің білген шамасынша, әуелі зәрулігі болған «Иман уа әдеп, дін үкімдерін» үйрететін һәм зейінін ашып ақыл беретін, ұғынуына қолайлы, заманына лайықты бұл уақытта пайдалы кітаптар көп. Соларды оқыту керек. Болмаса құр дауыстап, мәз болып, аузы айтқанын көңілі білмей сарнағанды оқу деп айта алмаймын дегенде, атайлары:

— Ой, тәйір-ау! Жас молдалардың осындайы бар. Біздің бала кітап талғамайды. Сәндемей-ақ оқыта бер. Пайдасыз болса, бұрынғы қожекемдер білмей оқытып па? Кітап жақтырмайтын молданы осынша жасқа келіп көргенім жоқ... Қайыр, әдейі сіз айтқан соң, бес-он тиынды аяймыз ба... әуелі осыдан шыққан соң, ыңғайына қарай көре берерсіз. Болмаса, біздің бала кітапты жыртып, оқуға жаратпай тастайтын жас бала емес. Бұрында мектеп көрген. Жасы да едәуірге келген бала. Кітабыңызды кірлемес, жырtpac, оқып беруге беріңіз.⁸

Қысқасы, молда айтып түсіндіргенше, ақыры бірқатар дау-жанжалға кетеді. Мұнымен күн кеш болып, сол күні басқалар сабақ ала алмай қалады. Молдамыздың сөзіне түсінгені:

— Молдеке, олай болса, өзіңіздегі бар кітапты оқыта беріңіз. Ақшасын соң ала жатарсыз. Кәнекей енді, молдеке, ай мү-

йізді, аша тұяқты бір боз қасқаға бата қылыңызшы. Омин-омин,— деп, аузын толтырып, бетін сипап, мықтап тастаған кісіге ұқсап:— Әйтеуір тілеулес болып оқыта беріңізші,— деп, маңызданып күпісіне сыймай, қорбиып шығады.

Түсінбегені:

— Ойбай, мына заманақырдың молдасы қалай еді? Тіпті, басы қақиып, икемге көнбейді ғой,— деп қолымыздан сүйрей жөнеліп шыға беріп, молда мен оқуымыздың аузын барғанша сөкпеген жерін тастамайды. Мұнымен қоймай жүрген-тұрған жерінде:

— Пәлен молда... солай болып... бұзылған екен. Сондай... бұзық шарифат айтты...— деп, айтуға ауыз шошитын шіп-шикі өтіріктермен неше түрлі жала жапсырып, халықты даурықтырып, ақмақтығы арбаға сыймайтын өңкей мұрындықсыз надандарды молдамыздың соңына салып қояды.

Бес-он тиынды қиынсынып, молдамен ұрысып, «Енді желкеміздің шұқыры көрсін!» деп, қолымыздан сүйрей жөнеліп, үйге әкеп асық, доп ойнатып, қой бақтырып, нешетүрлі бұзық мінездерге үйреткен өздері жазалы болмай, баланың көңіл, көзін ашатын қыршын жасын «дарарумен» босқа өткізбей, адам санына қосатын, пайдалы кітаптар оқытамын деп, ақылын айтқан молдамыз жазалы болған соң амал бар ма?!

Бұл адам суретті жарықтықтарға жасаған өзі ынсап беріп, түзулікке салсын деуден басқа айтар сөзіміз аз секілді көрінеді.

IV

Егер кітап әлер деп, тіпті қоймай жалынып жылап тынышын ала берсек, қабағын аузына түсіріп, бір тиын шықса, жаны шыққандай көріп, 10 тиын, 20 тиынды бір қарадан артық көріп ызбарланып, көзін алайта қарап зәремізді ұшырады. Бір баланың оқып шыққан кітабы бар деп естісе, өлердегі сөзін айтып,

жалынып-жалпайып қоярда-қоймай, оқып беруге деп сұрап әпереді... Бермесе:

— Қап бәлем, тұра тұр. Сенің де бір ісің түсер,— деп, көргісіз болып өкпелеп кетеді. Атқа мініп, баяғы Аққожа ишан, Қожамберді молдалардың қырық парша болып көгеріп кеткен, баяғы жоқ бытпырған жазбасын тауып әкеліп:

— Хаты қалай ірі. Қағазы қалың... жарықтық қып-қызыл әулиелерден қалған кітап қой,— деп, бас-көзін сипап: — ырым болар, шырағым, осыны оқы,— деп, басымызды құтылмастай пәлеге салып әурелендіріп қояды.

Егер молдамыз мұндай кітап қолайлы емес деп айтты десек:

— Ой, ақмақ, надан! Көрінбе көзіме! Бұрынғы ишекемдер, қалпекемдер білмей оқытып па? Сұм заманның молдасы да бір түрлі.⁹ Ептеп кітабын өткізгісі келеді. Оны білмейтін мұнда бала жоқ. Молданың малы жұтап бара ма? Өз пайдаңды білмейсің, осындағы оқуды білсең де жетер... Бұрынғылар осыдан оқып-ақ молда болған. Оқытпаса, қайтып кел. Мен де молданың оқытқанына дым-ақ риза болып жүргенім жоқ. Құдайдың шығарған «Әлібін» оқытпай, сауысқанша «ата, тата» деген бірдеңені тез хат таниды деп оқытып, бұрынғы білетіні «Әбжат» пен «Әліп үсүн әнді» ұмытып қалыпты. Үйтіп хат танығаны құрсын! Мен осынша жасқа келіп, «аға, жаға» деген оқуды естігенім жоқ. Сұм заманға қарай не шықпас дейсің. Заманақыр боларда молда көбейіп «екі үйдің бірі молда болады» деп, қожекем, ишекем жарықтықтардың қақсап, зар қағып жүретіні осы екен ғой...— дегенде, қасындағы көңіл көзі ашықтау, «Ұсулжәдиттің» пайдасына түсінген біреуі:

— Қой, пәленше... олай демеңіз, мұнан бұрын балаларымыз Қарабай молда, Қоңыр қожалардан оқып, төрт-бес жылда «Әптиектің» қарасын жөндеп оқи алмай, тәлтірептеп, мыжып жүрмеуші ме еді. Есептесем, бұл молданың оқытқанына үш-ақ ай болыпты. Осы күні баламыздың жазуы баспадай, кітап, құранды оқығанда,

тіпті, өзімізді жаңылтады. Жаңада оқыған сіздің балалар да жазып, хат тануға айланып қапты. Жұдырықтай бес-алтыдағы Жұмай, Шалабайдың балалары да жаз десең мүдірмейді, жазылған хаттарды оқығанда бөгелуі жоқ. Бұл оқудың жеңілдікпен тез білдіретін пайдалы оқу екенін мен осыдан да аңғарамын. Бұрын балаларымыз оқуға бар дегенде, аза бойы тік тұрып, көзінен жасын төгіп, жаны шошушы еді. Енді тамағына да қарамай, оқуға барам деп, лыпылдап өліп тұрады. Сен жек көрген; «аға, жаға, ата, қата...» деген оқуда, намазда соны айт демейді. Болмаса осыны айтып, иман қыл деп тұрған жоқ. «Әптиек», «Құранға» жолама, намаз оқыма, ораза тұтпа деп айтпайды. Қайта, соларды тез үйреніп білуімізге шығарған, тетесін тапқан сайман емес пе? Дін жайын балаларымызға ұғындырып үйретуіне қарағанда, бұрын он жыл оқып, «Мұхтасардан»* шыққанмен де иманды жөндеп білемін деп айта алмаймын. Аузымыз айтқанды ойымыз білмей, текке лағып, сарнаумен күн өткізіп жүрсек керек. Ишан, қожа, қалпелердің тайынша-тұйыншамызды алу үшін өтірік алдап, дым білмесе де шарифатты ыңғайымызбен соғып, баяғыдан бері де аздырып шаршатқаны да жетер. Рас, молда көбейсе, халық олардың алдағанына көнбейді. Өздерінің шын дұшпаны солар екен деп біліп, батасын алып сыйлап, малын беру тұрсын, бұрынғы алдап, азғырғандарын бетіне басып ұрсып, сөгіп, келемеждеп, бастарына заманақыр түсіреді. «Заманақыр боларда молда көбейеді» деп бастарына түсетін, осы ақыр заманды біліп айтқан ғой. «Ләйім, білімділер көбейіп, солардың басына заманақыр тұсын» деп тілейік те баяғыдан бері сарнап, қожаның да, әліптің де қызығын көрдік қой. Енді ынта-көңілімізді салып, шын ықыласымызбен өзімізді оқытып, білімді, өнерлі қылайық. Жоқ-жітік молданың керек деген саймандарын тауып берейік. Пішенші де шалғы, тырнауыш, көлік, азық-түліксіз шөп ала ал-

*) Мұхтасар (арабша) — діни кітап аты.

майды ғой. Бізден басқа білімді жұрт балаларын оқытуға малын, жанын салады. Ал енді, «құдай сүйген» біздің қазақ он тиынға кітап әпере алмай, елден сұрап, яки, молда мен оқуды жамандап, үйге әкеліп қой бақтырып, асық, доп ойнатып, ақмақтыққа баулып қоямыз. Анық айуандығымыз емес пе? Бізді құдай қалай оңдырсын? — дегенде:

— Ойбай! — деп теріс қарап, ишекем, қожекем жарықтықтардың: оңай болса да жуыма, осылай жеңілейтіп, дәндетте-дәндетте¹⁰ зәддіңді ұратын айла дейтіні тап осы ғой. Ата-бабамызға пір болған ишекемдердің сөзіне нанбай, оларды алдаушы деп, сөгіп отырғаны бұзылғаны емей немене! Астапыр-алла! Тәуба, құдай сақтай гөр! Бірдеңесіне ұшырап кетерміз. Бар, кімге оқысаң оған оқы, бұзылмақ тұрсын, шайтан болып кет! Оқуды бүгін бітіріп, ілімді хатим қылсаң да, бір тиын шығарып әперетін кітабым жоқ. Өз жөнін түзей алмай жүріп, әлгі бір орыс сияқты қақайған неме маған білгіштеніп үлгі айтқысы келеді. Ешкімнің де шатқан сөзінің бір тиынға керегі жоқ. Мен баламды содан үйреніп оқытам ба екен. Білімді болса, бейшара әуелі өзінің пәленше-түгеншелерін түзесейші. Ақшасын газет дей ме, журнал дей ме, орыстың алдауыш бірдеңесіне шашқызып, өз балаларын әуейлендіріп ақмақ қылғанымен тұрмай, мені айналдырып, менің балаларымды әуей қылғысы келеді. Оны білмейтін байғұс, мені жынды деп ойлады ма екен? Қой, балам, желікпе!¹¹ Сені көре алмағандықтан айтады. Болмаса, менен басқа саған кімнің жаны ашиды дейсің...— деп данышпансып,¹² батпақтан шығады десе, шалқалап жығылып түбіне кетеді. «Жаны ашығаның мынау болса, мұнан да жарылып өлгенім жақсы» деп ойлап, ішіміз қайнап, көзіміз жайнап, іштегіні сыртқа шығаруға дәрмен жоқ, айта берсе арман көп, амалсыздан үніміз өшіп, жүйкеміз құрып, дымымыз шықпай қала береміз.

Қайтейік?!.. Талайсыз сорлы¹³ болған соң, амалымыз бар ма? Тағы біреуі, бір жағынан, кеңірдегін созып:

— Ғылым-қисап деген сан ба немене бірдеңесі бар екен; соны оқытып, балаларға бірқатар есептетіп әурелейді екен. Түк оқымаған мен де ақша табылса, есептей алмай ақымды ешкімге жегізбеймін және «тәртіпке саламын» деп, балалардың бірін-біріне сабақтас қып қояды екен,— дегенде, қасындағы қампиып мырзасынған біреуі:

— Ия, пәленше, оның рас. Біздің Қалижанды да әлгі жаман, өлейін деп жүрген Тұяқбайдың баласымен сабақтас қылып қойыпты. Со да рет білмейтіндігі емес пе? Бүгін бөлек оқытсын деп айтып жібердім. Болмаса, мен де жібермеймін. Бұл қай қылған мазағы екен? Қарағыма молда табылмай жүр дей ме екен? Болмаса, байғұстың білгені-ақ осы ма? — дегенде есік жағынан біреуі:

— Кейбір молданың шәһәрден жаңа келгенсіп, басы қақиып кететін әдеті емес пе? Әйтпесе, біздің бала мен жығылғалы жүрген пәленшенің баласы арасындағы парықты дым оқымаған мен де білемін. Сабақтас болсын-ақ, сонда да Жұмабайдың қасына отыруы, сіз бен бізден бұрын, молданың өзіне ұят қой,— дегенде:

— Сен құрлы соны білмеген соң, амал бар ма? Тегінде шәһәрде оқығандардың көбі ел ішіндегі жақсы-жаманның парқын айыра алмайтын көрінеді. Жарықтық, Досбай қазіреттер бала секілді елпілдеп айтқаныңнан шықпаушы еді; тәуір баланы жөндеу балаға күттіріп қоюшы еді; баламызды жанындай көріп, қалтасынан бауырсақ, қант беріп жұбатып қоюшы еді; «кітапқа ақшаңды шығарма» деп, жазып оқытушы еді; жарықтықтардың оқуы үлкен болса да, кішіпейілдігі қандай! Енді «тәртіп-сәртіп» деп сіресіп, қақиып қалатын молдаға қалдық. Есепті оқытып не керек? Оны қалдырыңыз деп едім. «Ата-бабаларыңыз да айтқан екен: «Есеп білмеген есек» — деп,— өзіңмен тұрмай балаларыңды да есек қылғың келсе, тіпті, оқытып не қыласың?» — деп, көптің көзінше ұялтып сөгіп тастады. Анау күні пәлен мырза да:

«Баламды бөлек оқыт, жаман Жұмабаймен сабақтас қылғаның не?» деген екен: — «Мырзеке, Жұмабайдың балаңа білгенін үйреткеннен басқа зияны жоқ, оның ықласы бар; сіздің балада ықлас жоқ. «Әр қашан бала да әкесіне қарап ықласты болады» — депті ғой. Оқу бай, кедей, жақсы, жаман деп таңдамайды; кім иждаһаттанып ықыласын салса, оқу соған табылады. Егер, таңдаса сіз секілді мал біткен адамдар ғылымды болып, мұндай ақмақтық сөздермен бізді ренжітпек тұрсын, олай-былай деген надандарды ауызға ұрып, жөнге салмас па еді? Тегінде малым көп деп басты қақайтқанға оқу, білім табылмаса керек. Бір аяқ саумал бермей қояр деп қорқатын оқу байлардың қасындағы көршісі емес қой. Маған бай, кедейдің баласы бәрі бір. Мен бірінен-бірін артық көріп, құдайға дұшпан бола алмаймын. Бұрынғы молдаларыңша тайынша-тұйынша бермей қояр деп қорқып, ыңғайымен жүріп, мырза болмақ тұрсын, патша болсаң да, саған бенде бола алмаймын. Қысқасы, итшілеп күн көрсем де¹⁴ түзуліктен безіп, надандардың ыңғайымен жүре алмаймын. Құй оң құлағыңмен есті, құй сол құлағыңмен есті», — деп жаман қатты сөгіп, сол мырзаның екпінін басып тастапты. Сонан бері пәленше... молда бар жерде жымдай болып отырады. Қайта, бұрын молданың сөзін күлкі қыла беруші еді, сонан бері жамандауын да қойыпты. Бірақ дос-дұшпанымның көзінше ұялтты деп өкпелеп жүрсе де, молданың қолын ұстап жарасыпты. Енді молданың сөзін қоспап, өзімізге пәле болған секілді көрінеді, әйтеуір, осы молда икемге көнбей, сірескектігімен жұрттың бірсыпырасын аузына қарататын, — деп әңгімелерін тоқтатады.

У

Жөнді жарытып қалам, сия, қағаз, қарындаш та әпергісі келмейді. Осыдан біліңіз; әлдеқалай жазуымыз бытыспасын деп, жолын кеңдеу қылып жазсақ:

— Молдеке, мынау шәкіртіңізді байқап та отырмайсыз-ау, жолын тым кең қылып жазып, анау күнгі жұмада әперген бір табақ қағазын тауысып тастапты. Міне, қарашы, жолының арасына кісі сыйғандай, алла сақтасын, бұған не шақ келеді? Тегінде ескеріп отыруыңызға керек қой,— деп, бірқатар маңдай терісін аузына түсіріп ренжіп қалады.

Надандық себепті, білімсіздіктен осындай болады ғой деп ойласақ, жоқ, олай емес, білсе де көзі тар, көңілі қара қорыстығынан екендігі көрініп тұрады. Қалайша десеңіз, егер өзінен басқа біреу баласына қағаз кетірдің деп ұрсып молдаға ренжиді дегенін ести қалса, өз қызығына осынша сараң болып, итке не көрінді екен деп жамандағанда, дүние жүзіне сыйғызбайды. Өз бас-тарына келген уақытта онан жаман құдай атады, екі тиынға арын сатады, батпаққа батады да қалады, қорыстықты салады, мырзалықты танады.

1912





ҚАЗАҚ ІШІНДЕ ОҚУ ОҚЫТУ ЖОЛЫ ҚАЛАЙ!

Қазақтың қай жерінде болса да молда таралмаған, аз-аздап болса да төте оқу жайылмаған жер жоқ есебінде. Сол молда атанған адамдарымыз мейлі ескі жолдың қу мүйізді, құлқын өңештілері болсын, мейлі жаңа жолдың жарып салма, жарық ойлы, ғылым, педагогиканы судай ағызатын азуы алты қарыс атақтылары болсын қазіргі қалпында¹ қазақ ұлтына пайда тигізіп ғылым, өнер шашудың² қиындығы іштен тума соқырдың көзін ашу секілді орайы жоқ өткелсіздеу көрінеді. Міне бұған қазақтың қазіргі молда ұстау формын көрсетемін. Міне сен оқыту жөнінен жақсы ғана хабарың бар, жақсы жерлерден төртіп, тәрбие алған молдасың. Ал сені келді де қазақ мырзалары: «Мектеп басың мынадай... бір жерде екі-үш ауылмыз, оқитын бала маңайымызда адам айтар емес, көп, кемпір-семпір жығылып қалса тағы өз бақытың»³ деп апарып алдыңа 15—20 бала жиып беріп те қойды.

Ал енді, қалай оқытуға керек? Бұлардың саны қанша болса, сабақтары да сонша басқа-басқа, әр қайсынікі әртүрлі. Балаларының жайын түсіндіріп реттеймін деуге көне қоятын қазақ па?! Бірінің баласы жүйрік, бірінікі жорға, бірінікі шабан. Бәрінің бас-

тарын қосып ұстайын десең, істің түбі жаманға айналатын болған соң амалың бар ма? Онда да жігерлі болсаң, балалардың әкешелерімен талай қызыл кеңірдекке келісіп, ең азы алты-жеті бөлімге бөліп оқытуға көндіре алсаң сол. Осы күні қазақ ішіндегі молдалардың қолында жеті бөлімнен кейін шәкірт жоқ. Себебі: бір тәртіпше бірінші бөлімнің балаларын ата-анасының разы болмағандығынан, я бір уақытта жиналмағандығынан екі-үш бөлім қылып оқытуға тура келеді. Олай болғанда әрбір бөлім басына күніне екі мезгіл оқытқанда ең азы үш түрлі сабақ үйретуге керек.⁴ Бөлім басы үш сабақтан күніне жеті бөлімге 21 сабақ болады. 21 сабақты жақсылап үйретуге 21 сағат уақыт керек. Міне сонда мейлің бұлбұл бол, мейлің дүлдүл бол, 21 сағаттың жартысы 10 сағат оқытатын шамаң бар ма? Жоқ. Оған сен де, балалар да, мырзаң да шыдамайды. Алдыңа келген баланы қуып жеңілейтуге шамаң тағы жоқ, онда мүлдем қаражүз атанып елден қуыласың, әрі жөндеп оқытуға шамаң келмесе, әрі шамаңның жоқтығын айтсаң,⁵ бұ күнің өзіңе көп болатын болса, «күл болмасаң, бұл бол» деп тез-тез суылдатып бірін-біріне тіркеп, ескі қу мүйіздердің ар жағында су мүйіз болмағанда қайтесің? Және сенде ұят деген нәрсе тағы бар, ол сенің бұл ісіңе разы болып тыныштық бере қоя ма?! Өз ісіңнен өзің жиіркеніп балалардың алдында кісі өлтіріп қылмысты болған кісі секілді амалсыз байлауда⁶ тұрғандай болып отырмайсың ба? Әрине, солай. Менің түсінуімше қазақ ішіне оқудың таралмауы, таралса да ілгері баспауының бірінші себебі: молдалардың үйрете білмегендігінен емес, үйрету тізгінінің қолдарына берілмей, осындай бәлелерге ұшырауларынан деп білемін.


Биыл газеттерде әлденеше рет жазылды: «Қазақ оқығандары өз жұртының баласын оқытуға арланады. Бойына теңгермей ақмақтық қылады» деп. Олар неге ақымақтық қылсын, олардың көбі ел-жұртымның табанына қадалғанын маңдайыма қадаймын деп жүрген талапкерлер. Бірақ қызмет қыла бастаса, әлгідей бә-

лелерге жолығып, заразап болғандықтан қашады. Онан қашқанда басқа орынға кіріп төре боламын демеяді, жалшылықпен күнелтсе де жұрт баласын өз қолынан бүлдіруге беті шыдамайды да, көзіне күйік қылғанша, бой таса⁷ қылып өлгісі келеді.

Қысқасы, біздің қазақ халқына тұрған молданың мисалы⁸ мынау секілді. Бір кедей адам базарға жалғыз атын сатады. Аттың бағасындай⁹ екі есе борышы болады. Оның үстіне бала-шағаларына киім, тамақ керек, анаған айна, мынаған тарақ керек, біріне болса, біріне жоқ, қайтерін білмей бишараның басы дал болмай ма? Біздің мұғалімдеріміздің басына түскен жүк тап осыдан кейін емес. Осы жүкті жеңілейту жағын¹⁰ қарастыру керек.

1913





ӨЛЕҢ НӘМ АЙТУШЫЛАР

Заманның айдауыменен күн асқан сайын қазақшылықтың шылығы жылжып кетіп барады. Байқаймын, сірә шылық кеткенменен жәй кетпесе керек. Қазақтың бұрынғы сән-сәулетінің бәрін түп көтере ала кетсе керек. Ай-хай! Көк шалғынға ақбоз үйді шаңқайтып тастап, шалжиып жататын сән-салтанат қайда! Оған аузымды ауыртпасам да белгілі, ол енді көрген түс мисалында,¹ «жер бауыры суық» деп қоюға лайықты нәрселер. Көрдің бе, ең арты домбыра-сауық, тәтті-тәтті әндерімізге дейін азайып қара күңгірт қапаға булыққан заманға қарай дедектеп барамыз. Мұнан біраз бұрын анда барсаң — әндеткен өлең,² мұнда келсең — домбыра-сауық, ең арты малшы-құлшыға шейін ұлып даланы жаңғырықтырып,³ мазаңды алушы еді. Топтан озған ақыны бұлай тұрсын, ауыл басы сайын болмаса да, мырза басы сайын бір-бір сауыққой әншісі болушы еді.

Міне осы күні болыс басы ілуде біреуді-ақ табасың. Енді бір азда «әу» деп дыбысын шығарған кісі көре алмассың десек те қате болмас. Кемпір-шалдарымыздың да: «Ай-хай, заман-айының» біреуіне қосылып жүрген осы әндеріміздің жоғалып бара жатқандығы.

Бұл не дейсің, баяғыдан бері жыр жырлап ән салғаннан болатын болса болды. Қайта біткені игі дейсіңдер ме? Жоқ, жоқ. Көңіл қарайтып, рух бұзатын ескі балдыр-батпақ өлеңдердің тұсында әннің базары аспанға шығып мынадай жаңа рух, таза қан, түзу кеуілді халқымызға қолмен жұлып тыға алмай жүрген тарылмалы заманда сөне қалуы баяғы ашылмаған қазақтың сорыдағы. Сор дейтінім:⁴ бір халықтың сүтпен бірге байланысқан ірікшірік қара кеуілдерін аршып, жаңа рухпен қандандыратын,⁵ таза бейілімен жандандыратын машина, шын жүректен шып-шып шырқырап шыққан өлең жыр, әдебиет деген нәрсе болады. Көңілді түзейтін машина өлең жыр дедік. Ол машинаның тетігін біліп сайратып, есіткендердің аузынан суын ағызып көңілдеріндегі уын шығаратындар кім?! Ол неше түрлі әуез білетін әншілер, жыршылар. Халықтың көңлі машинаның тетігін білетін әнге ұста адамдар. Сайраса жібиді. Қысқасы: сырнай, яки домбыраны тарта білмей құр перне басып барқылдату қандай сүйкімсіз болса, әніменен айтылмаған өлеңдер де сондай сүйкімсіз болады. Маған салса,⁶ майы тамып тұрсын, әнсіз құр өлеңмен жақсылық сездіргенің сол, жұртты өздеріңнен бездіріп аласың. Соның үшін бізден басқа бақытты, талайлы жұрттардың⁷ әнпаздары өнегелі өлең, үлгілі тақпақтарды жаттап алады. Сонымен шәһәр-шәһәрға жүріп, халыққа естіртіп, жүрек қозғап буын босатады. Халық оған қалыпты театрға кірген секілді билетпенен жиналады. Халықтың арғы-бергісін қозғап, естеріне түсіріп, мұң-мұқтаждарын зарлап, кем-кетігін көрсетіп, әдемі дауысыменен құйқылжытып тұрғанда, қандай тас көңіл болса да жібімеген еркіне қоймайды. Халықтың қайдағы-жайдағысы ойына қозғалып түсіп, қандары қайнап, тіпті арқалары қызып кетеді. Әркімнің көңіл көздерінен жастар моншақтап, бойлары балқығандай шарт та шұрт⁸ қол шапалақтасып, ақшасының үстіне мың қайтара «Тәңір жарылғасын» айтып тарқайды. Медіреселердегі әдебиет кештері де осы мақсатпен жасалады.


Аса суырып әкeтeрлiк бола қоймаса да тәуір-тәуір ой қозғарлық өлеңдер бiзде де болып келедi. Бiрақ болғанымен жүргiзе бiлушi жоқ, айтушы жоқ, жесiр тұр.

Байқаймысын, бiздiң қазақ ән құмар халық. Газет оқып, не шарифат, не насихат айта бастасаң, құлағын салар-салмас шеттеп кетедi. Бiреу қолына домбыра ұстап ән сала бастаса, ойдағы-қырдағысы жиылып, сегiздегi бала, сексендегi шалына дейiн қалмай қамалап, айтшы-айтшылап жанын жағасына келтiредi. Мағынаны керек қылмаса да, әнге бола жиылады. Бара-бара не болса да сол әндегi рух сүйегiне сiңедi, құлағында қалады. Соның үшiн ескi кiсiлер «пәленнiң өлеңiнде де бар ғой» деп келтiрiп отыратын. Не ғажап? Баяғыдан берi жыр жырлап тойдық деп қол сермейтiндер сәулелi деген адамдарымыздың өзiнде бар.

Сендердiң мақсаттарың қазаққа жан кiргiзу болса, бұларың лаққандық, әдебиеттiң не екенiне түсiнбегендiк, тым болмаса «Тақи ғажап»⁸ оқып шықпадыңдар ма? Онда да айтады: «дажал деген бiреу шығып, халықты гүрiлiмен, дүрiлiмен ерте алмайды, әншiсi, сырнайшысы, сауықшысымен қызықтырып ертедi» дегендi көрмедiңдер ме? Қысқасы, бiр халықтың әнi кетсе, әдебиетi жесiр қалады, сәнi кетедi, сәнi кетсе жаны кетедi. Қазақты жансыз ағаш қылып отқа жаққыларың келмесе, әндi сақтаудың қамын қылыңдар.

Молдалар! Жас балаларды ән үйренуге қызықтырыңдар! Жаңа шыққан өлеңдердiң жүрек жандыратындарынан үнi жақсы балаларға әнге салғызып қойсаңдар-ау! Шiркiн, қандай өтiмдi! Өлең айтушы әнпаз адамдарды жұртқа есерсоқ деп көрсетпей, естi деп қадiрлi етiп көрсетуге тырысыңдар, болмаса жым-жырт... деп сөйлегеннiң аузына қарап қалатынымыз хақ.⁹ Дұрыс, басқалардан шамамыз келмегеннен айрылдықы деймiз, мiне бұған не деп сылтау табамыз! Масқаралық емес пе?

⁸) «Тақи ғажап» — татар тiлiнде басылған кiшкене кiтапша аты



ДУЫРМАЙ ЕСІМНЕН ЖАҒЫЛҒАНЫМ

5 июльде кешкі шайды ішіп бола берген мезгілде, бір бала ентелей басып келді де, қақалып, шашалып:

— Молдеке, кітап! Неке қияр!.. Неке кітап сұрайды...— деді. «Неке» деп құлағыма тиісімен-ақ, сасқандығым сонша: үйден ата шығыппын. Себебі: алдында естігенім бар да: «Жақын ауылда бір келіншектің 18 жасында күйеуі өліп, тиерлік жөні түзу кісі болмаса да, алты жылдан бері балаларын қимай шыдап-ақ отырып еді; биыл оның үстіне соры қайнап, сүйеніп отырған жалғыз ер баласын қызылша алып кетіпті. Апырмай! бейшарадан өлі күнгі үйтем-бүйтем деген сөз шыққан жоқ еді; солай болса да жақын ағайындары: «Енді бізде қарайлайтын нәрсесі қалмады, бір күні орнын сипалап қалармыз, қызға алданып отырмас» деп, өздерінен өздері қобалжысып қайын атасының інісі — саңырау Жүсіп деген жануарға ықтиярсыз басып тигіземіз деген соң, қорадан қораға қашып тығылып, зар еңіреп жүр» деп.

Мына залымдықты ести тұра, күймесің бар ма?

— Некені де, кітабыңды да білмеймін. Тұр, аулақ жүр,— дедім. Бала дүрсілдетіп ала жөнелді.

Артынан тағы тыншып отыра алмадым.¹ Бір замандасым келіп сонымен: «Ай, қазақшылық-ай! Обал-ай!» — деп сондай бейшаралардың халдерін қайғырысып, әңгімелесе-әңгімелесе жүріп ауылдан бірталай ұзап кетіппіз. Артымыздан: «Молдашы, молда!» деп, бүкіл елді көшіріп айқайлаған дауыс шықты. Апырмай, бірдеңе болып қалған екен. Ауыл отағасыларынан ұят болды-ау: «молданы шайтан қуып кетті дейді-ау», — деп, қыпылдап, ысқыра-ысқыра жүгіре басып келсек, — баяғы қатын алатын сырбаздық тап өзі екен.²

Омырауы ашылған, етек жайылып кеткен, жайдақ атқа мініп, алдымнан қарсы шықты. Ес жоқ, түс жоқ,³ кеудесімен жер соққандай:

— Ет пісіп тұр. Жүріңіз. Молдеке, жүріңіз. Кітабыңызды ала жүріңіз.⁴ Қатты-қатты оқыңыз! Қасіретті адам ғой, — деп атымен ентелетіп, мүлде үстімді басып кете жаздады.

— Баруға уақытым жоқ... олай, былай... — деп едім.

— Апырмай! Тіпті білмесеңіз де, төбеңізді көрсетіңіз, — деп ішіп-жемеге қоймады.

Енді барып ықтиярсыздықты көзіммен көріп, неке оқымай білгенімді қосып зарлы⁵ бейшараның көңіліне медеу болып қайтайын деп ойладым. Нақақ біреудің көз жасына қаламысың деп айтушылар болса да, әлгі жолдасымды ертіп, жаяу жүріп кеттім. Бара жатып:

— Жүсеке, жеңгей рұқсат бере ме? Келініңіз ықтияр ма? Күйеуі өлгеніне қанша болып еді? — деп сұрастырғылаған болып едім:

— Қатты-қатты оқыңыз. Сіз барған соң, болды да, — деп даурыққан жарықтықтың өз сөзінен басқа сөзді ести алмадым, сөзімді де естірте алмадым.

Барсақ, ет пісуге тақалған, жер ошақ басын айнала қамап алған қатын-қалаш, үй ішінде де аяқ басарға орын жоқ; пышақта-

рын алақандарына жанып, кеңірдектерін соза күрілдесіп отырған сақалдылар:

— Бәрекелді. Қайырымен болар; молдекең де келді. Жоғары шық,— деп, шу ете түсті.

Келін біз отырған үйде болмағанға бұл бейшараны қай көріне тығып булықтырды екен деп, басқаға құлақ қоймай, онда-мұнда қарай-қарай еттен де құр қалдым. Бір жағынан анау жерде отырған қатындардың: «Оған тигенше жарылып өлемін; алты жыл күттім, менен не күнә таптыңдар деп, кеше ойбай салып дауыс қылып еді. Пәлен қайнаға байлаймын деп, түгеншенің байы да ақырып қорқытқан болды... Ойбай! Көнетін емес. Бүгін некесін басып қиғанмен тұрар деймісің...» деп, бір-бірін түртісіп, сөйлескен пыш-пыштары құлағыма келіп, одан жаман құтымды ұшырды.

— Неке суын әкел! — деп, даярлап, екі сыпборбайды⁶ куәлікке сайлап, Ғалиядан сұрап кел деп жіберді де: — Ал, молда, оқитыныңды оқи бер,— деді. Мен:

— Су да керек емес, оқу да керек емес, көзбе-көз тиемін деген сөзі керек, неке сол,⁷— дедім.

Сол-ақ екен ақсақалдар бәрі маған үрпиісіп: — Сен қайдан оқығансың? Мүйізі қарағайдай жуан молда да,⁸ қызыл молда да басқа үйде отырып-ақ куәлерден сұратып оқи беретін,— деп, ал келіп дуылдасты.⁹

— Бұл үйтетін қыз емес, байы өлген қатын...— деп, қанша әуреленсем де, онан жаман шабаланып лаға берген соң: — Сырттан басып некесін қиюға уақытым жоқ,— деп, киіне бастадым.¹⁰

Біреулері:

— Қой, молда шарифаттың жөнін айтатын шығар, басқа кісі кіргізбей, молдамен үшеу-төртеуің барып келе ғой,— десті.

Қотанның ар жақ шетінде жатып қалған бір қараңғы үйге бардық. Шам жаққан уақытта үйдің сол жағында бір жаман шапанды бүркеніп, теріс қарап, басын жүктің жер астына кіргізе, тазы қуып кебекке қысылған көжекше, қайтсем жан қалады дегендей,

доп-домалақ¹¹ бір уыс болып, қарлыққан дауыспенен бейшараның ішін тарта-тарта, булыға зарланып жатқан формын көріп жүрегімнің қайда кеткенін білмеймін. Иманым тітіркегендей болып тұла бойым қалтырап кетті. Қасына барып «басыңды көтер» деп айтуға қане¹² жалғыз адамның батылы барсыншы. Еркектердің тықпалауымен бір-екі қатын барса да, қақпандағы қасқыр секілді жұлып-жұлып тастаған соң, қайта баруға бата алмады ма, немене. Қайтадан екі қатын бас жағына қарай шегінісіп, қабырға құран оқитын молдаға ұсап екі жерде шошайды да отырды. Бір отағасы: — «Апырмай, шымылдық құрмайтын ба?¹³» деп, безектеп барып анау жерден шымылдық әкеліп құрды.

Бір мезгілде менің һәм куәлерімнің «разымысың» деп, баспалатуларымызға қарсы¹⁴ бір түрлі зығырланып күйген дауыспен: — Құдай біледі, олда разылығым жоқ. Дүние ақыретте разылығым жоқ, жоқ...— деп өксіген, мұңсыған дыбыс естілді.

Бір жағымнан мынау күйдіріп, бір жағымнан екі куәнің өтірік «разы», «разы» деген сөзіменен, ақсақалдардың алдыма су толтырып қойып, «құтпа оқы!» деп, бір теңгені алдыма қойып, сылдырлатып қамаласуы, ай, не керек! Көрде қысылғандай-ақ қысылдым-ау! Разы болса, бесті-он тиынды олжаланып, әйтпесе, неке оқымай, залымдығына тоқтау айтып, материал алып қайтайын деп ойыншық көріп келген молдекең көптің талқысына түсумен не қыларын білмей, бір олай, бір былай алақтап, сасқандықтан көзі шарасынан шықпасын ба...

Жаңа келген мені осынша састырып, шығуға тесік тапқызбай отырған жұрт анау зарлап жатқан бейшараның не жанын қалдырды екен деп ойлап, мүлде есімнен айрылыппын. Әр қайсысынан дабыл тойды болып қалған сорлы құр жатып егілгені болмаса, бас көтеруге шамасы келе алмады. Мен шыдай алмадым:

— Бұл не деген сұмдық! Қазақшылығыңды қойсаң, әкелерің өле ме? Құдайдан қорықпай, адамнан ұялмай, ықтиярсыз неке

қияйын деп жатқандарың мынау. Оның үстіне мені шақырып был-
ғамақсыңдар. Біреудің көз жасы обалына қала алмаймын! — деп
бұрқырап тұра келгенімде¹⁵ бәрі жабылып:

— О не қылғаның, молдеке? Ырза, ырза, көптен ырза...¹⁶ Ән-
шейін қасіретті кісі, бұрынғы күйеуін қайғырады. Құтпа білмесеңіз
де, батаңызды беріп кетіңіз, отырыңыз, — деп, тағы бір теңге са-
лып, қолдарын жайысып қамалап отырып алды.

— Олла алмаймын,¹⁷ мың теңге берсең де алмаймын, көз жас-
ты алмаймын...¹⁸ — деп, керілдесіп жатқанымда:

Аят оқылмаса да, неке суын ішкізу ырымы деп, күйеуге ішкі-
зіп шымылдық ішіне апарса керек.

Су-муымен аспанға шыққан аяқ пен мынадай зарлы дауысты
естіп, тағы салғыласуға дәтім шыдамады, басымды ала қаштым.
Дауыс мынадай еді:

— Алты жыл кимай күткен, қайынатам!
Мынау ма сонда берген алғыс, батаң?
Өлсем де отқа күйіп, суға түсіп,
Койнына мылқау иттің қайтіп жатам?
Алты жыл кимай күткен, қайын енем!
Қай жерде қайтқаны бар көңлің менен?
Қайныңның өзі түгіл, атын айтсаң,
Шошиды селк-селк етін барлық денем.
Алты жыл кимай күткен, құлыным-ай!
Он үзген омыртқамды, жұлыным-ай!
Қарбаңдап, сүйіп мауқым басатұғын,
Айрылып сенен-дағы ұлыдым-ай!
Алты жыл кимай күткен, ауыл-аймақ!
Алдыңнан кесе өткем жоқ, құдай айғақ.
Күйіп тұрған жанымды отқа сал деп,
Көтердің түс-түс жақтан бәрің сайғақ.
Ал енді менің қайда барсам тауым.
Нәрсенің көз алдымда бәрі жауым.
Інінді алтындасаң, құлқым сүймес,
Басқа жоқ, онан өзге айтар дауым.
Жазанды ақіретте құдай берсін.
Жер болып жетім-жесір жылай берсін.
Жиылып бәрің бірдей мені жеңген
Ел-жұртым, қалай ерсің, қалай ерсін!





ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ӨЛЕҢ КІТАПТАРЫ ЖАЙЫНАН

Белгілі, мұнан бес-он жыл бұрын хат біледі-міс деген қазақтардың қолдан-қолға түсірмей, құлқынын құртып құмартып оқитын кітаптары: «Зарқұм», «Салсал», «Алпамыс» тағы солар секілді «қырды-жойды», «қиратты», «жеті бас», «айдаһар», «пері», «жалмауыз кемпір», «дәу» дегендей ұшы-қиыры жоқ түпсіз өтірік, қисынсыз хикаяттар еді. Міне бұған қазақ отағасылары көздерін жұмып, нанып, мейірлері қанып, кеңкілдей түсіп, шұлғысып, мүлгісіп отырғаны еді. Сондай шөп-саламмен қандары ұйып, жандары ұйықтап қалғығаннан қалғып қаннен-қаперсіз отырған бір заманда... «тұр-тұрдан хабар келіп, ұйқыдан маза кете бастады». Бырқырап ұйықтай беруден жиренбеген, бұрын мұндайға құлақтары үйренбеген халық «Аллаңнан ойбайым жақсы» дегендей қылып, әуелгі кезде ордаңдаңқыраса да ¹ көздері шалған соң, көкіректері сезініп, құшағын жайысып жабырласып түсісті. Бұрынғы «Зарқұмдарын» құмға көміп, «Салсалдарын» суға лақтырып, пері қыздарын аспанға ұшырып, ақырындап ескі достарына хош айтыса бастады. Сонан бері ² қарай беттері бермен етпеттеуде. Жаңа бір жас иіс туды дегенді құлақтары шалса, қолдарын жайып,

құшақтарын ашып, иіскеуге — мұрындарын, сүйеге — ауыздарын даярлап тұрмақ та. Қазақ секілді қараңғы көшпелі халықтың ішінде шыққан газет, журналдардың малтықпай тез жүріп, жеңіл кетулері сол етпеттеп тұруларының арқасы, әйтпесе Самарқан, Түркстан, Бұхара, Ташкент жақтағы газеттер секілді адым жер шықпай, арбасы төңкеріліп қала берер еді. Олар мәдениетті болғаны қайда? Атам заман. Ата-бабаларымыз өнер-білімді сол жақтан іздеген...

Бет бері қарап, қол оң жайылғаннан бері қарай жыл сайын бестеп, ондап «жас иіс» жаңа талап рисалар да* туып тұрды. Бірақ бұларды туды деп құр туғанына ғана³ сүйсінбесе (екеу-үшеуін бұлай қойғанда)⁴ «осы қарағым ер жетіп ернім аққа тиер-ау» деп үмітке кіріп түшіркенерлік біреуі жоқ, — «Қой бұты қозы саны» дегендей құраған, сұраған бірдеңелер. — «Бұрынғы қиссаларымыздың-ақ (әдебиет) ақ көңілге күйе жағып адастырудан басқа пайдасы жоқ, бас қатырғыш хикаят еді» дедік. Ал енді адастырмай қанға қуат, көңілге көрік беріп алды түзуге қарай бұра бастайтын ақ үстіндегі қара қайсы? Ол жоғарғы айтқан кейіп жоқ, келісім жоқ, құр қатын ойбай. Екшеп-екшеп қарасақ «ойбай-ойбай бетім-ау, қайтермін-ау! Пәлен-ау, түген-ау деп» құр зарланған ойбайдан басқа дым да шықпайды. Қайта бұрынғыларымыз «хикаят» болса да тілі қазақша, рухы қазақ рухына қарай бейім келгендіктен өзін сүйдіруші еді. Бұл жаңа ойбайда шата тілдер көп араласқан. Кейде шүлдіреп, кейде шолжыңдап жығылып-сүрініп жүрген жайы бар. Шүлдірге мысал:

«Қолына ал қаламыңды,
Қайғырып хал мұстақпал заманыңды.
Намуне әр нәрседен көшіргіш ал,
Яза бер, ойына алған кәләмінді.⁵
(«Мілі шығыр»)

*) Рисалар (арабша) — кітапша деген мағынаны білдіреді.

Халықты бүкүн құяп шығып шеттен
Біслахлық енді керек ертеректен,
Ашық қыл біздің үшін ғазым атам»...

(«Әдебиет өрнегі»)

Керексіз шолжыңдап алғанға мысал:

«Ойладым бір хикая шығаруға-ай,
Қалсын деп жақсылардың құлағында-ай,
Қазақтың өткен халін есітіп мен...»

Сүрініп соқпағы қиыспағанға мысал:

«Хан болып, халықты билеп бағзылары,
Көрсетіп әділшілік мінген таққа,
Қан төгіп, бағзылары қаһарлы боп,
Аямай зұлымшылық еткен халыққа,
Ішінен дін үйренген ғалым шығып,⁶
Үндеген, хақ деп білген шариятқа,⁶
Үйреніп дүние ғылымын данышмандар,
Тырысқан шақыруға жұртты жарыққа;
Табылып арасынан жауызлар да,
Жол бөгеп надандықпен тартқан артқа...»

Қараңыз осылардың ішінде қайда қазақ тілі, қайда қиысқан назым?^{*} Қайда көңілге, тілге ойнау,⁷ теп-тегіс, өрескелсіз өлшеулі өлең?..

Бұзылған қанымызды түзеп, қарайған көңілімізді жуып, жанымызға пайда, дертімізге шипа болады-мыс деген жарыпсал жаңа әдебиетіміздің «нысана нұсқаған қол, көрсеткен жолы жоқ құр «қатын ойбайға» айналып, әркім соны ән көріп бара жатқан соң, қазақ жазушылары-ау, алдарыңа салып айтып отырмын: құр ойбай дегенмен ойбайдың да ойбайы бар ғой, жылаудың да жылауы бар ғой. Туыстағы тұрмыс дерті, зығырыңды қайнатып, бармағыңды шайнатып ықтиярсыз ызалы ызғарын төгеді, сай-сүйегің

^{*}) Назым (арабша) — ұйқасты өлең деген ұғымды білдіреді.

сырқырарлық ащы зарлы бебеулерін қағып көңіл толғағын, жүрек түйінін тарқатады. Мен анық ақ сүйек, аты жоғалмайтын өлең деп, өнер деп соны айтамын. Сырт көрінісі қатын ойбай тұрсын шайтан ойбай болып көрінсе де, дәмі бар, маңызы бар ойбай сол, қайнаған қанның, қиналған жанның, толғатқан көңілдің, толғанған жүректің сығындысы сол. Соның үшін ондай «ойбай, ондай «бебеу» табыла қалса, салған жерден өзі де дертке шипа бола кетеді. Басқаларға қарағанда пайғамбардың жүрегінен құйылған құрандай соқыр кісі сыбдырынан танырлық⁸ аққұла ашық тұрады. Марқұм Абай өлеңдері секілді.

Қарасақ бұл айтқандардың бәрінде де өздерін жұртқа ауыз айтып көрсетушілік бар. Мәселен, марқұм Абайдың:

«Өткірдің жүзі
Кестенің бізі,
Өрнегін сендей сала алмас...
Саудырсыз сары қамқаны
Сөзімде жаз бар шыбынсыз...»

деген өлеңдері секілді. Бірақ айтқандары артығыменен шын. Шын жылаған жастың тамшысы,⁹ рас қайнаған сорпаның сөлі болғандықтарынан сезілмейді, сезілсе де басқалардікіндей көзге қатты, көңілге суық тимейді. Қайта өзіңді сүйсіндіріп¹⁰ әкетеді. Осы айтылған ретпен болмай күндікке ізденіп, өзінше ойыңнан ұйқасыңқырап шыққан керекті-керексіз сөзді «өлең» деп қуанып жаза беру — дерті жоқ кісінің ыңқылдағаны. Толғағы жоқ қатынның бебеулегені қандай жексұрын болса, бұ да сондай жексұрын болады. «Қисынсыз қышқырған неткен тантық» деп Абай айтқанның кебіне ұшырап жүргендер көп.

Нағыз шынын айтқан уақытта,¹¹ қазақ тілінде деп бастырылған кітаптардың көбінде қазақтың иісі де жоқ. Неге десең дені бытпырақ, бытпырақ болмағандырының ағыны теріс. Рухын тексерсек, баяғы айтылған «қатын ойбай». Ал енді, қазақтықты сіріге

жамаған былғарыдай қай жеріне апарып жапсырамыз! Мен тілімізге шата тілдердің шатысуынан¹² бегірек тілдің ағыны төріске бейімдеп, өріс алып бара жатуынан қорқамын. Біз бұралқы тіл кірмей ұйысқан сөз болса, ойбай мынау қазақша екен дейміз. Ескі сөздің қасбағына жаңа сөздің қаймағын апарып қатарластырып қарасақ, ол ағын мен бұл ағынның арасы алты айшылық алыс кеткендігі көрінеді. Мәселен, мынау сөз:

«Әбілхайырдың Россия қол астына кірудің мақсаты һәм де қазақ хандарының халық қасында күшсіз екендігі, саяси істерде қазақ һәм басқа шарық халқының хайлакер, ант бұзғыш, суэ-қасд* екендігі Русь үкіметі қасында анық мағлұм болмағандықтан, Әбілхайыр ханның бұл өтініші жоғарғы даһираларда** қуанышпенен қабыл етілді.¹³ Неге десеңіз қан төгусіз, тек тұрғанда бірнеше миллион халықтың өзі тілеп қосылуы Россия үшін бір шәриф^{14***} еді».

Бұл мұсылманша оқу мен жазушы атына кірген жастарымыздың тұңғышының сөзі. Жоғарғы мынау сөздің ағынына салыстырып қараңыз:

«Қазақта бір мақал бар еді: «Батыр деген бір барақ ит, екі қатынның бірі табады, би деген ақ шарифат, ілуде бір-ақ қатын табады» деген. Сол айтылған билер ұлы жүзден шықты; Үйсін Төле би орта жүзден шықты; арғын Тәйтеке би кіші жүзден шықты; Алшын Әйтеке би, ең ақыры кеше қазақ Россияға қараған заманда Шоң билер болды. Ол қазақтың ортасынан құдай жаратқан билері бар заманда халық қандай халде болды, қой үстіне торғай жұмыртқалаған заман болды. Кеше Шоң деген кісі тоқты ұрлаған ұрыны тарттырып өлтіртті. Жеті ұрыны бір көлдің басында тарттырып өлтіргеннен, сол көл «Ұрының көлі» атанды». Міне бұл

*) Суэ-қасд (арабша) — арам ойлы деген мағынада.

***) Жоғарғы даһираларда (арабша) — жоғарғы ортада. («высший круг») деген сөз.

****) Шәриф (арабша) — қадірлі, қымбатты деген сөз.

тым армантындағы кісінің сөзі емес, мұнан 50—60 жыл ғана бұрын жазылған сөз.¹⁵

Мұның аты: тіліміздің орнын сипалап қалуға бейімдеп бара жату болады. Осы күні қазақша сөз боп жазылады.¹⁶— қара бұқара жеңіл ұғынады. Егер орысша оқығандардың аузынан шықса, ноғай мектебінде оқыған шәкірттердің аузынан шықса, құдай өзің жөн бер!.. Шәкірттер өзді-өзі ғана ұғынады да қояды. Қара бұқара құлақты саңырау,¹⁷ дәнеңесін аңғаруға болмайды. Бұ... қалай? Мен түсіне алмаймын, жауап та бере алмаймын. Бұларды мен сыншы болып сынап жазып отырғаным жоқ; сыншы болуға өзім сыннан өткен кісі емеспін. «Сабасына қарай піспегі» деп көргенімше көзге шыққан көсеудей сүйелдерін ғана көрсетіп отырмын. Шын тездің қолына түсіп түзете бастаса, бір журналды бір кітаптың сыны толтырар әдебиетімізді бар деп атауға болады. Бірақ жетілген жұрттардікіндей азуы алты қарыс емес. Соған қарай сыншы да балаң, бар моншағымызды бай қызының қолындағысына апарып салыстыра берсек, біздің бұлбұл дегеніміз қарға болып, дүлдүл дегеніміз есек болып шыға бермес пе екен?

1913.





ЖАЗЫҚСЫЗ ТАМҒАН ҚАН

Тарбағатай тауының жотасынан созылып түскен бір салалардың арасы сарқырап аққан бұлақ. Жағасындағы көгал жер жырақтарда ақбоз үйлі ауылдар. Біз бұл ауылдарды аралап, біріне қонып, біріне түстеніп жүріп, бүгін бесінші қоналқаға Мәселім деген бидікінде едік. Менің еріп жүрген кісілерім бұл елдердің сыйлайтын жуандары болғандықтан, олар көрген сый-құрметке мен де ортақ едім.

Түсе сала қымыз құйылып, үш қабаттап салынған таза көрпеге отырған соң, аяғымызды көсіліп, жастыққа жантайыстық. Үй иесі «малға бата қылыңыз» деген соң, далаға шығып, бес күннен бергі әдетімізше, бір тай, бір қойға бетімізді сипап келіп отырдық. «Осымен сегіз тай болды ма, әлі алдымызда неше тай, неше қой жатыр-ау», деп төменірек отырған бір отағасы төрге қарап күліп қойып, кейбірімізді жымың еткізді.

Кеш болды. Әлі ішіліп жатқан қымыз, желініп жатқан ет. Қымыз шекені қыздырған соң жастыққа шалқайып жатқан мырзаларымызға да әңгіме-ермек керек болып, біреуді біреу түрте сөйлеп қалжыңдасу басталды.

Мәжілісіміздің ақсақалы Құрбан қажы:

— Балалар, құр қалжың неге керек, газеттерің, қыссаларың болса оқыңдар! — деді.

Газет дегенге үй иесі ынтасыз болғандай:

— Біздің бұл Қытай елі, әзір ондаймен үйірлігі жоқ; біреу ондайды айтып отырса, құлаққа кіргізбей, домбыра шертіп, яки бір іске айналғымыз келеді, — деді.

Бұл сөзге біздің мырзалар да қарап отырмай, тұс-тұсынан өздерінің орыс елі болып, оларға қарағанда ашық пікірлілігін көрсете, ондай-мұндай айтқан болса да, айтушының көңілі үшін ғана тыңдалғаны білінген соң, ұзаспай тоқтасты. Біреуімізден «Бақытсыз Жамал» кітабы табылып, үйдегілер енді соны тыңдауға айналысты. Өзгелері тыңдағанмен не жақтырды, не жоқ. Манағы ақсақал Құрбан қажы түгел оқытып естіген соң:

— Құрғыр осындай әдеттердің қате екені рас-ау, бала күнімде осындай қыз алып қашқан бір жігітті тас теңдеп түйеге асқызып өлтіртті осы Мәмәтек, — деп маған қарады.

Мен оны қалайша өлтіргендігін сұрап, ескі қазақы мінездерді жаза жүруге көңілім бар екенін білдірген соң, бір қолымен тас-пиғын тарта-тарта, көсілген аяғын жинаңқырап Құрбан қажы сөзге кірісті.

— Балам, бұл көріп жүрген елің Мәмәтек атанады. Мәмәтек осы күні мың шамалы үй; үштен біріміз Қытайға қараймыз, Мәмәтек ішінде ең жуаны Атантай атанатын міне біздер; қалмақ қатынынан туған жіңішкесі — Ешке деген ел. Сол Ешкенің менімен адас Құрбан деген жақсы жігіті болды. Біз көрдік: қып-қызыл нарттай, жігіттің төресі еді, жанып тұрған өрт еді. Сол жігіт пысықтық қылып, менің әкемнің ағасы Тана бидің қылышынан қан тамып тұрған кезінде, інісі Шаланың Мүни деген қызымен көңіл қосып жүріпті.

«Дуай, дуай сәлем де ақ Мүниге,
Сағынғанда зар болдым бір көруге.

Екі ортада сары бел, сары жон бар,
Әттең, ат шыдамайды сар желуге!»

деген өлең сол Құрбандікі.

Олар Ласты деген жерде, біз Терісайрықта отырамыз, арасы 35 шақырым.

«Сары белі» өзің көрген тау ғой. Ақ Мүни десе ақ Мүни, өзі кісі жұтып қоярдай сұлу да еді.

Бір күні кешке Құрбан барса, Мүнидің ауылы жартасқа қонған екен. Сезіктеніп, ол кезде Құрбанды аңдып жүрген кезі болса керек, үйге кіруге қорқып, іргедегі жартаста әрі отырып, бері отырып, таң атуға айналған соң, отырған жерінен бір тасты алып, қыздың тұсына лақтырыпты. Қыз да ұйықтай алмай жатады екен: үйге тиген тастан далада Құрбан тұрғанын сезіп, тысқа шығып жолыққан екен десуші еді.

Мәмәтек мың үй болса, әлі осы күнге дейін бірінен бірі қыз алыспайтын әдеті бар. Оның үстіне Мүни күйеуге беріліп қойған қыз. Құрбанның «Ешкелігі» тағы бар. Құрбанға Мүниді алудың жалғыз-ақ жолы: алып қашып, елден-жерден бөзіп кету еді. Құрбанды жастық дерті бұған да шыдатты. Әке-шеше, бауырларын мұндағы Мәметектің талау-талқысына тастап, Мүниді бір түнде жабықтан шығарып алып, жол тартты. Құрбан бұл істі істерінде Ешкенің басты адамдарына білдірген жоқ, өзінің туысқандарына да ақылдаспапты. Ақылдасса, «Жуан атаның баласы өлтірмей тыныш таппайды, малмен құтыла алмаймыз» деп қорқу айтатынын білген.

Тананың хан болып тұрған заманы, інісінің қызы үшін Ешкені қалай тентіретем десе де, қолынан келеді. Тананың сол сырт ызғарының өзіне шыдай алмай, туысқандары һәм Ешке болып қуып барып, Қалбаның арғы бетіндегі Матай ішінен сүйіп қосылған екі жасты алып келді.

Ешке басымен інісінің қызына қол созғанға Тана бидің сүйегі сырқырап, Құрбанды өлтіртпей ашуы тарқайтын болмады. Екеуін

де өлтіртіп, Мүни үшін Ешкеден құн һәм айып алмай бітпеймін деп жатып алды.

Қыз бен жігіт кісенде бір ай жатқан соң, жұрт жиылыс жасап: «Бұларды қайтуші едің?» — дегенде, Тана би:

— Екеуін де өлтіріп, айтқанымды қыламын,— деген сөзінен айрылмады.

— Ешкелер Мүни үшін құн тартпауды ойлап, Құрбанды өз қолдарынан өлтіргелі көзін тартып байлап топқа әкелді.

Кешегі өзекті «Шилі бастау» дейді, соның ат шапқан, өзіміз отырған қырына жұрт жиылған еді. Менің сонда 16-дағы кезім бө екен..., әкемнің қасында жүрмін.

Тас теңдеп, түйеге өзін асқалы жатқанын біліп, Құрбан қолы байлаулы, көзі тартулы кісенімен өзектегі біздің жұртқа қарай ойбайлап қашты:

— Жұртым-ау! Қаныма ортақ болмасаңдаршы! Мені тым болмаса өлтірем деген елдің қолына берсеңдерші! Енді Мүниді өлтірмеңдер!—деп зар илеп жалынғанын есітіп тұрдық. Кісі жанталасқанда мықты болып кетеді екен ғой: асамыз деп сүйрелеген жігіттерге бой бермей, арпалысып бақырып жатты. Мұны көріп, менің әкем Кенжемырза Тана бидің қасына шауып барып:

— Асылғанды кесетін, түйілгенді шешетін, бұрын мұндайға ханнан қалған үлгі, қарадан қалған жол бар ма? — деп еді.

Тана би үндемеді.

Сонда Тананың қасында мына Төртуіл елінің сол кездегі Әлібек дейтін әкімі бар, ол да үндемеді. Бір-екі ақсақал, бұрын мұндайдың бәрін өлтіргендік жолын айтты. Әлібек, Тана екеуі бірден үндемеген соң әкем:

— Қаны жұқса өздеріңе жұқсын, жүр, балам, былай кетейік,— деп мені тізгінімнен ұстап, топтан шығарды. Ауылға қарай жүрдік. Қалай ауылға біз де жүрдік, Құрбанды да асып, түйені желдіртіп жіберді. Сонда түйенің басын жетелеген өзінің туған ағасы Олжеке, айдаған Ережеп дейтін кісі. Осы күні екеуінің тұ-


қымы да оңбай кетті. Сонда күн күйіп кеткен секілді, қызарып көрініп, қараңғылық түскендей болды.

Тас теңдеп, түйені желдіртіп жүргенде, әкем тағы шыдай алмай, жібін қиып жіберейін деп қайта шауып барса, Құрбан аяғын бір иіріп жиып алып, қайта сылқ түсіріп жібергеннен, жаны шыққандығын біліп қимай қайтты. Мойыны сала қарыс ұзарып, беті топыраққа боялғаннан баржиып ісіп, көзі қызарып шарасынан айналып шығып кеткен екен, көргенде жүрегім тіксінді деуші еді әкем.

Кешегі өзің көрген бейітке Құрбанды апарып қойысты,— деп ақсақал сөзін тамамдады.

1915





САҚЫП ПЕН ЖАНТҰРСЫН

Терісайрық өзенін жағалап жүрген кісіге Тарбағатай тауының алыстан аласара-аласара бейне өзенге сәлем берген секілді кішірейіп, тоқтаған салдарымен дүмін кейін салып паңдық, бой күйездік басқан балаларына мақтанып, одырайған жоталары көрінеді. Тағы біраз жүрсең, кейбір таулар бейне Терісайрықтың дамылсыз аққан суын шығарып салатын секілді жанаса жүріп отырып көлденең келген тағы бір тауға сөйлесіп қала береді. Тағы жүре түссең, Терісайрықтың суға үңілген жарын кекеткен секілді, еңсесін өзенге қарай салып



СОЦИАЛИЗМ

Адамның жаратылғаннан осы минутке шейінгі өмір тәжірибесімен тама-тама жасалған нәрсе дария болса,¹ тамшыдай таныстығы аз жұрттың бірі біздің қазақ. Қазаққа ілгерілеу керек болса мұны аз қалыпта қалдырмай, көбірек, көбірек тұрсын, бәріне танысып жетілген жұрттардың қатарына қосылу керек. Олармен бірге адам баласының жеңіл күн көруіне, тегіс бақытты болуына жол табысу керек,² іздесіп ат салысу керек. Жол іздесіп ат салысу сол жетілген жұрттардың қатарына келіп алғаннан кейінгі болатын жұмыс. Әзіргі бізге керегі қайткенде солардың білімін тез үйреніп, қайткенде сол қатарға тез қосылу қамын қылу. Мұны болдырайық десек, болдырып алуымыз оңай және тез. Сіз айтарсыз: «Біздің қазақтың ұғысы, қазақ күн көрісі сол ер жеткен жұрттардың мұнан неше жүздеп емес неше мың жылдар бұрынғы қалпында жатыр, сонша көп³ уақыттардың бәрін аттап қалай тез қатарға келе қояр екен»,— деп. Бұған біраз мысалдар көрсетейін.

Адам пайғамбармен құрдас бір бала осы күнгі ер жеткен жұрттардың бір жігітінің¹ білгеніндей білімінің бір тарауын (ай-

тайық дәрігерлікті) білуге осы минутқа дейін өлмей тірі жасауы керек.

Ғайса пайғамбармен құрдас бір баланың 1918 жыл жасап үйренуі керек. Осы заманда, 1895 жылда туған бір баланың туған күндегі білімі Ғайса пайғамбардың құрдас баласының туған күндегі білімінен артық емес, бірақ бұл балаға Ғайсаның құрдас баласының біліміндей білім алу үшін 1918 жыл жасау керек емес, 23 жыл-ақ жасау керек. Адам пайғамбармен құрдас баланың білімін білуге 23 жыл-ақ жасау керек. Шынында осы заманның баласы 8 жасында оқуға кіріссе, 16 сына дейін гимназияда оқып, әртүрлі ғылым жайларынан хабардар болады. Ар жағында 5 жыл университетте оқып дәрігер болса, 21 ге келеді. 22—23 жасы тәжірибе көріп, іске қолы, көңілі жаттығуға кетсін дейік. Бұл неліктен? Бұл әрине жаралғаннан бергі миллион-миллион ата-бабалардың мыңдап-мыңдап жылдарды басынан өткізіп,⁵ миллиондап құрбандықтар беріп осы күнгі буындарына піскен астай даярлап беріп кеткендіктерінен. Осы адамшылық ата-бабасының миллион жылдар даярлаған нәрсесін осы күнгі бір баланың 10—15 жылда біліп кететіні секілді Европа жұртының қазақ халіндегі халінен мыңдап жылдарды өткізіп барып жеткен осы күнгі біз сұқтанатын халіне⁶ қазақтың жетуіне мыңдап, жүздеп жылдар керек емес, ондап, жиырмалап, көп болса отыздап жылдар керек. Европа халқының көп жылда жеткен жеріне біз аз жылда жетеміз. Себебі: олардың даярлап салып қойған жолымен барамыз. Олар секілді жол салуға айналып кешікпейміз. Жол салғандағы көрген бейнеттерін біз көрмейміз, адасып айналмаймыз. Неге? Олардың мыңдаған жылдар ішінде, жүздеген буындарының еңбегімен салулы даяр жолдарынан жүруді ғана білеміз. Егер де қазақ Европаның даяр жолдарына түспей өз беттері, өз алдарына жол жасауын тосып отырса, Европа қатарына кірудің алыстығы сонда болар еді. Сол уақытта қазаққа осы күнгі двухкласныйлардың қабырғасында ілулі тұратын жердің бас картасының өзін жасау

үшін қанша жылдар керек болар еді? Енді қазақтың алдында «адам боламын» деп ұшып тұра келгенде, желкелеп жығып,⁷ орға лақтыратын Николай тұсының чиновниктері жоқ. Солай болған соң тегіс жұмыла іске кіріссек 20—30 жылда Европаның білгенін біліп, Европа қатарына қосылып кете алуымызға тарихтан япондар мысал бола алса керек. Мұнан 58 жыл бұрын 1860 жылдағы япондар жайының осы күнгі біздің қазақтың жайынан неменесі артық еді? Қайта ол кездегі япондардың есуасы болса да атадан баласына мирас болып көшіп отыратын даймиос (губернатор) шогундеріндей (наместник) кесел біздің қазақта аз. Япондар осындай халінен 35—40 жылда ержетіп Европа халіне кірді. 1895 жылында Қытайды шалқасынан түсірді⁸. 1904 жылда⁹ «бөрікпен ұрып жығамын» деген Руссияны шалқасынан түсірді. Әрине, япондар осы халіне Европаның пісулі астай даяр өнерін алумен жылдам жетті. Біздің де солай жылдам жетуіміз үшін тегіс жұмыла үйренуге кірісуіміз керек. Солай болған соң мектеп, медіресе, газет; журнал, кітаптарымыз көбейіп, Европадағы адам баласының ауыр күн көрісінен құтылып бақытты болуына себеп болатын ғылымдарды үйрете беруі керек.

Адам баласының ауыр күн көрістен құтылып бақытты болуына себеп болатын Европадағы ғылымды мен екі жікке айырып ұғамын, бірі — дене азығы, бірі — ар азығы. Дене азығы дегеніміз — осы күнгі адам баласының жеңіл күн көруіне себеп болып жүрген саймандар білімі; мысалы: пароход, от арба, телеграмма,¹⁰ телефон, ұшатын аэроплан, көліксіз электрик яки пар қуатымен жұмыс атқаратын машина, тағы-тағы сондайлар.¹¹ Телеграм арқасында атпен кісі жібергенде бір жылда алатын хабарымды бір сағат ішінде аламын, неше мың шақырым жердегі керекті кісілермен бір күннің ішінде тілдесемін. Бұл күн көрістің жеңілдеуі емес пе? Қалғандары да осы телеграм секілді түрлі күн көрістің¹² түрлі жағын жеңілдетеді. Дене азығы дегеніміз бұлар болса, ар азығы дегеніміз — әділдік. Осы соңғы ар азығы — әділдік табыл-

май басқа дене азығы өнерлердің көбеюімен жалпы адам баласының күн көрісі ауыраймаса, жеңілеймейді, бақытсыздығы көбеймесе, азаймайды. Ар азығының ер жетпегендігінен Европадағы адам баласының күн көрісін жеңілейтеді, бақытты қылады деген өнерлердің бәрі, адам баласының бірінің етін бірі жеуіне, бірінің қанын бірі ұрттауына жұмсалып жатыр; неше миллион жас жігіттер¹³ мүшелерінен айрылып кем болуына, неше миллион адам кеуделерінің тау-тау болып үйіліп¹⁴, қара құс пен қасқырға жем болуына, көрі ата-ана баласынан айрылып, жәрдемсіз жас келіншек, жас балалар панасынан айрылып көз жастарының сел болуына:

Неше қыршын жастардың
Кеудесінен оқ өтіп,
Ауыздарынан қан кетіп,
Ішіне тартылып көздері,
Ыңырану болып сөздері,
Шытынап көкшіл көздері.
Елестеп көзіне арманы
Жетем деп ойға алғаны.
Елдегі қатын-баланың,
Әке-шеше, араның
Көрмей жылап қалғаны.

Қар астында, қараңғы халде басында жастық, аузында сусын жоқ, қара жермен¹⁵ тең болуына жұмсалып жатыр.

Міне сондай заманда
Жау әскері қалаңда
Мал-мүлкіңнен күдер үз!
Ажары тәуір қатын-қыз
Зорлауы мен таланда.¹⁶
Талай митар бұрқырар
Саз балшықтай табанда.
Адам күші жетер ме
Мұнан да әрі жаманға?!
Сондайларды үялмай!¹⁷
Қосармысың адамға?
Больницаға барғанда,
Сай-сүйегің сырқырап:
Кейбіреулер қорқырап,¹⁸
Кейбіреулер қырқырап,
Дәрігер пышақ салғанда:
Кейлер шыңғырып, шырқырап,

Кейінің ерні кезерер,
Ымдап жұтым су сұрап.
Өкпе тұсы жан жерден,
Жан тұратын әр жерден.
Кейінің қаны бүркырап
Қайғыланып отырар,
Көзден жасы жылтырап.

Міне осы айтылған бәлелерді адам баласының басына оңай¹⁹ түсіріп отырған ар азығынсыз дене азығы өнерлердің өскендігі. Өнерлердің өскендігі түсірді дейтініміз: бұрын мен қанша қанға шөлдеген жауыз болып, адам өлтіргім келсе де бетпе-бет келмей, өлтіре алмаушы едім. Ең мықты болып кеткенде де екеу-үшеуді-ақ өлтіруші едім. Енді мен неше шақырым жерлерден пулеметіммен, снарядыммен неше жүз кісіні бір жолата қиратамын. Шайтан қолдап жел жау жағына қарай ыға қалса, ү жіберіп те қиратамын. Жау жұрттың қаласына ұшып барып көшедегі қатын-балаларды да бомба тастап қирата аламын. Поезым, телеграмым, телефоным, пароходом тағы-тағы сондай өнерлерім бәрі адам өлтіру жұмысының тез болуына, өнімді болуына жұмсалады. Жау жағы да менің жағыма осыны қылады. Ал, осы екі жақтың дене күші емес өнер күшімен соғысқаннан не нәрсе келіп шықты? Дене күшімен соғысқандағы опаттан адам баласының²⁰ көбірек өлуі, көбірек қуырдақ болуы, көбірек азап тартуы, көбірек көз жастың төгілуі шықты.

Және осы дене азығы — өнерлердің мұнан да үлкен бір бәлесі: өмірлік құл қылуға себеп болды.²¹ Дене азығы — өнерлерді бұрын иеленген жұрт, кешірек қалған жұртты алып жейтін²² ақым, тамағым деп білді. Өнер, күш игіге, жаратылыстан күн көруге керекті нәрселер шығаруға жұмсалып орнына кешірек қалған жұрттың үстінен күн көруге жұмсалды. Кешірек қалған жұрттың өнер үйренуіне, ілгері басуына жол қоймады. Қайта неғұрлы кейін кетіріп, бірін сойғанда, бірі оттап тұратын малы секілді жасап иждаһат қылды. Осыны «мен үйренген өнерді үйреніп қойса, маған оңайлықпен тамақ бола қоймайды, қарсы тұрады» —

деп істеді. Бейшара жұрттар өздерін біреудің малы болуына²³ хақы жоқ екенін біле тұра малы болды. Неге малы болды? — Мылтыққа, поезға, пароходқа, телеграм, телефон, завод, фабрик, электрик сияқтыларға²⁴ аналар бұрын иеленгендігінен малы болды. Бұлар неге иеленбейді?²⁵ — иелендірмейді. Неге? — малы болушылықтан шығады. Бұған тарихтан да,²⁶ осы күнгі өмір жүзінен де мысалдар көп. Айтайық, өнерге ертерек иеленген басқаларды алдамшылығы жоқ «тағы» деп тітіренген болатын. Европа халқы кешірек қалған Америка, Азия, Африка, Австралияның тұрғындарына не көрсетпеді? Малы тұрсын адамдарын кемелеп әкеп Европа базарларына сатпады ма? Европа оларға қарағанда періштесінген хайуандарды нанға у қосып беріп қиналғанын қызық көрмеді ме?²⁷ Жұмысқа өгіздеріндей жегіп, олардың маңдай тері, табан ақыларымен семірмеді ме? Мысалды алыстан іздемей-ақ, кешегі Николай тұсындағы чиновниктердің өзімізге не қылғанын еске түсірсеңдер жетеді. Арқаларымызда қамшыларының табы әлі де тұрған шығар. Қазақты көргенде жыланды көргендей құшырланып ұратын, яки ұрғысы келетін салтқылы приставтар, маңдайындағысы жалмауыздың жалғыз көзіндей жарқырап, «тақсыр» деп құлдық ұрып тұрғанда да қан ішер түсін бұзып бір минут қазақ бетіне қарамайтын төрелер²⁸ қазақтың мың игі жақсысының мойнына бұршағын салып айтқан²⁹ мың ауыз сөзінен жалғыз араққор тілмаштың айтқанын шын көріп, соған қарап үкім қылатын әкімдердің елесі әлі көз алдымыздан неге кете қойсын. Осының бәріне қазақ «соған лайық жазығым бар» деп көнген жоқ, «көнбесек, бізді қырып тастайтын қолдарында қару, өнері бар»³⁰ деп көнді. Міне көршіміз Русь жұртында бізден гөрі өнердің ер жеткендігінен тапқан пайдамыз: Русьтің не қыл дегеніне көніп тұру болатын.³¹

Соңғы кезде Европа халқы бұрынғы Америкадан Сойля базарына кемелеп құлдар жіберіп сатқызған Колумбыларды теріс көріп құлдықты бітірдік десе де, құлдық жыл сайын көбеймесе

азайған жоқ. Адамзаттың 100-ден 99-ын, яки 1000-нан 999-ын қалған бірі өгізіндей жегіп³² терлерімен семіру. Осы 20-ғасырдың ең алға кеткен бір нәрсесі 100-ден 99 яки 1000-нан 999 кісі өмір бойы күніне 12 сағаттан тері ағып, айтайық жер астында, көр ішінде денсаулығын бұзып жұмыс істеп жүріп өлгенінше тамақ, киімге жары алмай кеткенде, қалған бір кісі туғалы жұмысқа қолын тигізбей сайрандап жүріп жылына пәлен мың яки пәлен миллион пайда табады. Міне ғажап! Өмірін дамылсыз жұмыста өткізген 99 яки 999 кісі неге өлгенше³³ тамаққа жары алмай кетеді де, дәнеңе істемей жүрген біреуіне мыңдап, миллиондап пайда келеді? Бұл туралы төменде социализм мәселесіне кірген уақытта жазармын.

Міне Жан Жак Руссо, Толстой секілді данышпандардың «мәдениетті жер жұтса, е, демеймін» деп мәдениеттен көңілдері қарайған себебі осы. Неғұрлым дене азығы — өнер өскен сайын адам баласының бақытсыздығы өскендігінен.

Міне осыны жазған сағатымызда да ар азығы ер жетпегендігінен қазақ секілді жаңа тірілейін деген жұрттардың көріп отырған зияны аз емес. Кеше ғана Николайдың мысалы: Николай чиновниктерінен арқасы босаған минутінен бері қарай біздің қазақтың бір тамшы күші, бір тиын ақшасы, бір минут уақыты болса, бәрін ауыр күн көрістен жеңіл күн көріске айдайтын өнер — ғылымдардың тура өзіне ғана жұмсалуды керек еді. Жоқ, маңайымыздағы жұртта ар азығының ер жетпегендігі бізге оны қылғызбай отыр.

Міне жоғарғы жазылғандардан ар азығынсыз құр дене азығы өнерлерді үйренгенмен ауыр күн көрістен құтыла алмайтыны, жеңіл күн көріс, бақытқа жете алмайтыны³⁴ білінсе керек. Соның үшін қазақты бақытты қылуға кірісе бастаған біздің мектептеріміз, матбағатымыз осы бастан жас буындарымызға Еуропаның дене азығы өнерлерімен бірге ар азығын да беру керек. Ар азығынсыз құр өнердің өсуімен басқалардың бақытты бола

алмағаны секілді, келешекте қазақ та бақытты бола алмайды. Ілгері кеткен жұрттардың тарихының қатесін енді ілгерілейін деп тұрған жұрттар істесе, көре-біле отқа түскендік болады. Тарих ғылымының пайдасы да алдыңғының қатесін кейінгінің істемейінде.

Жә, манадан бері қақсалды: адамды бақытты қылатын ар азығының ер жетуі деп, бұл ар азығы не нәрсе? Еуропа жұртында қандайлық өскен нәрсе! Қазақта қандайлық бар? Енді мен сөзді солай қарай аударып, білгенімді баяндасам керек.

1918.





ҚҰРМЕТТІ ШӘЙБАЙ ТУЫСҚАНЫМ!


Сөзінде тұрмады деп өкпелей көрмеңіз, түгел жазып беруге уақыт болмағандығын жазылған қағаз, қалам, қара сия формасынан да аңғарарсыз. Және ораздағы уақытым қазақ шаруасынан аса алмайтындығы мәлім ғой. Неге десең, бала оқыту, құран, тарауық, рекағат... тиын-сиын, пайда... қарастырумен болады ғой. Және мұны да біліп қойыңыз. Өзіңіз көргендегіден біресе көбейтіп, көп сөздер қосып түзедім. Осындай тетрадь қағазымен отыздан аса қағаз шамасында болар, бәлкі, қырық болуы да мүмкін. Сөз жобасы осы жеті бөлімнен де белгілі болар.

Сұлтанмахмұт.

Егер реті келіп, бастыртam деп айтушы талапкер болса қарастырарсыз. Қолайлы тапсаңыз хат жазарсыз. Тіршілік болса, әбден түзеп, түгелімен жазып, мұнан орны келмесе, жіберуге де болады.

Басқа турасы өзіңізге мәлім.

1912 жыл, 15 август, Баянауыл.



ҚҰРМЕТТІ БАСҚАРУШЫ!

Мынау біраз сөзіме журналыңыздан орын берсеңіз екен.

Мен өзім Семей облысына қараған Баянауыл маңындағы Ақбеттау болысындағы бір фақыр адамның баласы едім. Ғылым іздеуге арманым болса да, дәрменім болмай жүрген жайым бар еді.


Биыл өзіміздің болыстың бас адамдары Ғаббас, Садық, Ілияс қажы, Шоң балалары мені есіркеп 90 теңге жинап беріп, Троицк шәһәріне жөнелтті. Биылша мұнда әзірлетіп, келешек жылы «Ғалияда» оқытуға уәде берділер. Бұлардан басқа Ақкелін болысындағы Садуақас мырза Шорманов та жәрдем етуге уағада берді.

Мен Троицкіге 25 ноябрьде келіп, басқа медреселерде оқу ертерек басталғандықтан, жаңарақ тәртіпке салынып ашылған Ахон Рахманқұлұлы медресесіне кірдім.

Нұр барлығын білгізген, көрмегенді көргізген, аяғымды басқызыған, көңілімді шатлықпен судан тасқызыған жоғарыда есімдері жазылған мырзаларға көңілімнен алда разы болсын айтамын!

Сұлтанмахмұт Торайғырұлы.

1912
Троицк қаласы.



БАСҚАРУШЫ МЫРЗА!

Осы хатымды журналыңызға бассаңыз екен.


Көрмеген азабы, тістемеген қазаны жоқ болып жүріп, «қазақ, ноғай» ұлтына аянбай қызмет көрсеткен өткір тілді, жүйрік қаламды қыршын жас Әкрам мырза Ғалимовтың ойындағысын орындай алмай арманда кеткен қайғысына отты көңіл, жалқынды жүрегімізбенен ортақтаспыз.

Марқұмның ата-ана, туған-туысқан жақындарына: «бәлеге сабыр, қазаға риза қайтесің, құдай ісі; алдыңғы сапарын қайырлы етсін; бір сіздер емес, жұртқа керек бала еді» дегенді айтамыз.

«Адам жайын ауылдасы білмейді, істесі біледі» дегендейін, істес болған кісілерімнің ішінде Әкрам мырза сирегірек қолға түсетін бір асыл зат еді. Тек құдай міллетке есесін берсін.

Сұлтанмахмұт Торайғыров.

1913
Троицк қаласы.



ӨТІНІШ

Омск уезінде Көшен қарауыл, Шабар-Шаншарұлы нағашым еді. Хабарласуға адресін білмеймін. Білетін құрбыларымның бірі жігіттік қылып жазып жіберсе, қандай алғыс айтар едім.

Адрес: «Айқап» басқармасы, Сұлтанмахмұт Торайғыровқа,
Троицк қаласы.

1913,
Троицк қаласы.



«АЙҚАП» БАСҚАРМАСЫНА ХАТ

Өткен октябрь жұлдызының 26-сында Троицкідегі «Русско-татарская школдың» бас учителі Латифолла мырза Ғабдулғазизов дүниеден қайтты. 29-шы октябрьде, бейсенбі күні жаназасы оқылып, аса қадір-құрметпен жамбасы жерге тиді. Марқұм ес біліп ержеткеннен бері қарай татар мiллетiне көп еңбек сiңiрген, сақалсыз балалар былай тұрсын, көп сақалды балалардың көзiн ашқан, Троицк шәһәрiнде не түрлi жақсылық iстерге себепшi болған бiр кiсi едi. Сонысына қарай өлiмi де жұртқа қадiрлi болды. Медреселерде дәріслер (сабақтар) тоқтатылып, қайғысына ортақтасты. Рухына құран хатым айттырылды. Жаназасына жер қайысқан кiсi жиылды. Бас адамдары қабiрiнiң қасында марқұмның қылықтарын сөйлеп, көңiл көздерiнен күйiктi жастар моншақтатып, ұмытпайтындықтарына уағада еттi. Мiне, көздерi ашылып, көңiлдерiне сәулe кiре бастаған жұрт балаларын оқытушының қадiрiн қалай бiледi!

Мұнан бiр жұма бұрын, 23 октябрьде Қостанай уезi, Обаған болысының қазағы Жамалиддин мырза Бейсенов Қазанға ауруын қарата барғаннан қайтып келе жатып, үйiне жете алмай, Тро-

ицк шәһәрінде опат болды. Марқұм «Русско-киргизская школа-ның» заведующийі еді. Қыршын жас (жұмысы) жақсы қазақ балаларының школға кіруіне көп көмегі тиген, қазақшылық ісінде шын мұсылман бір адам еді. Мұның опатын Троицк қазақтарының көбі білмеді. Мұның өлімінің жай қазақтың өлімінен көп айырмасы болмады. Бұл біздің қазақта оқытушының құны не дәрежеде қымбат екенін көрсетеді. Байқаңыз, біздің оқытушымыз қалай көмілді, бізбен туысқан, қатарымыз деп жүрген татардың оқытушысы қалай?

Ердің еңбегін ел білерлік заман бізге де болар ма екен? Біздің еңбекшілерімізге де сондай күн туар-дағы! Бірақ қашан, қашан? Қайда?

1913
Троицк қаласы.

С. М. Т.





[ТАРБАҒАТАЙҒА ХАТ]

Мен өзім жұмасында екі ғана обед етем (ет татам), құр шай мен нан. Киім алғаным жоқ. Киноға, вечерлерге бір мәртеба болсын барғаным жоқ. Күні-түні айналдырғаным ала қағаздың беті. Әбубәкірдегіден басқа бір тиыным ақымақтық жолға кеткен жоқ. Он хат жаздым, Әбубәкірден әлі бір жауап жоқ. Мына шошқалыққа не жаным шыдар! Өз обалым өзіме. Мен оған шәкірттікті басынан кешкен деп, жұрттың бәрін сендей көріп сендім. «Қазаққа» бұл туралы жаздым, не өнеді...? 25 сомды артымнан жіберетін болған соң, үйдің кезіндегі бір зәру жұмысына қалдырып едім. Неше хат жаздым, хабар жоқ. Әкем менен малын неге аясын. Бірақ ел болып қорқып, «атты алады, малды талайды» деп, қалаға қатынаспай жатыр ғой деп ойлаймын.

Халім осы. Сонда да қайғырмаймын, бір тиыным қалғанша оқимын. Сонан соң, тұрмыс қандай жүк салса да көтерем. Бірақ көңілім оқуда болмақ.

1916.
Томек қаласы.

Сұлтанмахмұт.

ЕЛДЕН

Устькаменогорск уезден

Семей облысы Ускамин уезінде Найман Қаратай елі деген ел бар. Бұл ел екі мыңдай үй. Бәрі бір болысқа қарайды. Волостной управителі һәм қазақ қалпында да бас адамы Ғабділкәрім мырза Ережеп баласы дейтін кісі. Бұл ел Алтай тауының сала-саласына ыдырап көшпелі қалыпта тіршілік етеді.

Ғабділкәрім мырзадан басқа да ашық пікірлі Ғабдылразақ хажы, Мұса, Хұсайын, Есмұқан, Қамбар секілді жаңа заманға назары түзу адамдары бар.

Жаңада осы Қаратай елінің жақсылары әйелге кеңшілік беру һәм жесір дауын жоғалту турасында әдейі бастарын қосып кеңес құрды.

Мәжілісте не пәле, не жанжал шықса түбі жесір дауынан шығатындығы сөйленді. Жесір дауының болуына себеп қазақ қызының теңіне берілмеуі һәм жастай атастырылып қойылуы екендігі айтылды, жастай атастырылып қойылуға себеп қазақ қызының малға сатылуы десті.

Бұл істердің барлығының да қате екендігі айтылып, ел болып мынадай приговор жасап, жұртқа әшкерелетуге һәм сол приговор бойынша іс жүргізуге қаулы қылысты.

Қаратай елінің приговор қылмақшы болған нәрселері мынау:

1) Қаратай елінде енді мұнан бұлай ешкім ұл мен қызын жастай атастырып қоймайды. Егер атастырып қойса, өскен соң «сүймеймін» деген жағына ел жақсыларынан рұхсат, мал берген жағының малы айыпқа салауат кетеді.

2) Ер жеткен ұл һәм қыз бірін-бірі көріп мән-жайларын аңғарысып ризалық білдірместен бұрын әр екі жақтың әкелері құдалық сөйлеспейді.

3) Бұрынғыша қырық жеті пәлен байтал, пәлендей деген қалың мал һәм кәде мүлде қалады. Әркім өз қалыбына қарай қызына беретін жасаудың сомасындай ғана күйеуден шағындап мал алады.

Қаратай елі бұл приговормен бірге күйеуден алынатын мал һәм қызға істейтұғын жасау қандай кісілер арасында қай мөлшерде болуға керек екендігі турасында ақылдасып жоба (правила) жасамақ. Жасаған жобаларын һәм ескі ғұрыптан көрген зияндарын, әйелге еркіншілік беру адамшылық һәм құдайдың әмірі, патшаның низамы екендігін бір кітапша қылып жазып бастырмақ. Бастырылған жоба кітабын әрбір газета басқармаларына жіберіп жұртқа жария қылмақ. Қаратай елінің қолында үй басы сайын осы кітап болып, айтылған жоба бойынша іс қылмақ.

Сол жайында «енді міне біздің бастағанмыз осы болсын» деп Хұсайын һәм Ділдәйім деген кісілер балаларының бір-біріне ризалығының соңында қалың малсыз құда болмақшы болысты.

«Біз осылай қылмақшы болып тұрмыз» деп Ғабділкәрім мырза Крестьянский начальникке айтқанда:


«Киргиз! Сендер ынтымақсыз халық. Мұны істей алмайсыңдар; істей қалсаңдар асып тұрған адамшылық, мен орыс газеттерінде жазып адамшылықтарыңды жариялармын һәм қолымнан келгенше жәрдемдес, тілектес боламын», депті.

Бұл жұмыс қазақтың айтып тастап кететін көп сөзінің бірі емес. Қаратай елі анық мұны істемек, бұл жұмысқа сыбанып кі-

рісушілері (Ғабділкәрім, Ғабдылпразак, Мұса секілді он алты адам) әбден сенімді, жұртына айтқанын істететұғын кісілер. Бұлардың бұрынғы әдетінде де жастай атастырылып қойылып яки зорлықпен беріліп «сүймеймін» деген қыздарға ерік беріледі екен; байлап, матап бергізу бұлардың қалпында болмайды екен. Біреумен көңіл қосып қашқан қыз қайтарылмайды; айып-еншісіз тиісті малы бергізіледі екен. Сондықтан көршілестері Қытайға қараған керейлерде һәм Зайсанға қараған елдерде бұлардың бұл қалыптары «Қаратай елінің осынысы жаман, бүйте берсе қойында қатын тұрмас» деп айыпқа алынып, мінеліп сөйленеді екен.

С. М. Т.





ЕСКІ СӨЗ

Орта жүздегі Өз Тәйтеке бидің үрім-бұтағы, аулының игі жақсыларымен оннан аса кісі өрдегі Қуандыққа жолаушылап барыпты.

Ыстық шілде күнінде шаңқай түсте бір ақ боз үйдің сыртына тұра қалып, сөйлес қылса, адам шықпаған соң өздері кіріп келіп отырысыпты.

Сөйтсе оларға сөйлесу үшін шығарлық жан жоқ екен. Екі кісінің құшағы жеткісіз бір бәйбіше қатын отыр екен. Екі жылқының терісінен қылған бір қара саба қымызға лық толулы тұр екен.

Бәйбіше жөн сұраған жоқ. Бұлардың шаңырқап келгенін көріп, орнынан әрең тұрып, зорға қозғалып барып, сабаны пісуге мұршасы келе алмағандықтан аяғымен толқып, «балалар, біреуің келіп шараны аузына тоса беріңдер»,— депті. Сонда бұлар мырс-мырс етіп күліп жіберіпті,— дейді.

Бәйбіше бір көлді бір көлге қотарғандай сабаның аузын қисайтып құлатып шараны шарасынан асыра құйып: «ал, балалар, іштеріңе сыюы білсін, орталарыңа алып іше бер» деп шаршап, «һ» деп отыра кетті,— дейді.

Бұлар қымыз ішіп кенеліп, маңдайлары терлесіп, өздеріне өздері келіп болған соң, бәйбіше баяулап, қоңырлап сөйледі дейді:

— «Жылағанды сұрама, күлгенді сұра», деп еді, балалар! Мына мен қымыз құйып жатқанда күлдіңдер-ау, сонда неменеге күлдіңдер? — дейді.

Онда олар айтады:

— Сіздің сабаны аяғыңызбен толқығаныңызға күлдік.

— Оның несіне күлдіңдер?

— Біздің жақтың қариялары асты аяғымен төпкен ырымға жаман деп ұрсып тастаушы еді. Мына кісі ырым-жырымды білмейді екен-ау деп, өзіміздің жақта көрмеген нәрсеміз болған соң, бізге ерсі көрініп, соған күлдік,— дейді.

— Балалар, бұрынғының мақалын естіген жоқ екенсіңдер, «барында батып іш, жоғында сатып іш, тәңір беріп тұрғанда шалқаңнан сұлап жатып іш». «Дүние деген шіркін кетер болса, өпкеніңмен келмейді, бері беттеп келер болса, тепкеніңмен кетпейді». «Кедейлер ырым етер, ырымы қырын кетер» деген екен, ырымшыл болсаңдар елдерің кедей екен ғой, кедей елдің кісісі кекірт келеді деген бекер емес қой» дегенде бұлар дәнеме айта алмай ұялып қалыпты.

Теруші СҰЛТАНМАХМҰТ.



● ● ● Е С Т Е Л І К Т Е Р





ӘЛКЕЙ МАРҒҰЛАННЫҢ ЕСТЕЛІГІ

Сұлтанмахмұт еш уақытта да өз айтқанынан басқаға көңісі келмейтін. Мен бала кезімде Сұлтанмахмұтты екі рет жолықтырдым. Ұзын бойлы, құбаша жігіт еді. Ауылға келгенде, өзін басқадан жекелеп, ылғи ойға батумен, бір мәселелерді іздеумен уақытын алатын. Сұлтанмахмұтта ешбір жеңілтектік, бос сөзге үйір болу деген жоқ еді. Ол оқымаған жай халықтың өз арасында отырса да, ылғи мәдениет мәселесі туралы әңгіме айтып отыратын.

Екінші жағынан, Сұлтанмахмұт ауылда жүргенде дәйім адамның мінезін, психологиясын сынап, көңіліне жақпаған адамдар туралы отырған жерінде бір-екі ауыз өлең жазып қалдырып отыратын. Сұлтанмахмұттың бұл тәрізді жазған өлеңдерінің көбі оның шығармаларына кірмеген сияқты.

Сұлтанмахмұттың дүниеде жек көргені арамза бай мен залым болыстар еді. Бір жыл жаз күні, мен әлі күні ұмытқаным жоқ, менің ауыл мектебінде оқып жүрген бала күнім еді, Махмұтты көруге бір көршілес ауылға бардым. Онда Махмұттың менімен ісі жоқ, тек жиналған халықтың алдында империалистік соғыс жайында оларға әңгіме айтып отырғанын көрдім. Бір уақытта Махмұт пен біз қарайтын елдің болысы өзінің шабарманынан хат жіберіп, «біздің үйге келіп, қала жайынан әңгіме айтсын»

деп Махмұтты шақыртыпты. Махмұт хатты оқып болған соң болыстың шабарманына ашуланып қарады да:

— Мен Поштай ауылына барып сауын айтатын шапқыншы емеспін, әңгіме іздеген кісі өзі келер! — деді.

Махмұттың бұл сияқты еркін сөзі ол кезде жат болатын. Махмұтты тыңдап отырған жұрт қуанарын да, қорқарын да білмеді. Бірақ есіктен шығып бара жатқан болыстың шабарманы өзінің әдетінше:

— Шоқпыттың баласы, бұл да кісі болған екен! — деді.

Махмұт осы сияқты бірегей айтатын сөзін бөгеп қалмайтын турашыл болғандықтан, оны қалың бұқара өте жақсы көруші еді.

Махмұт жүрген жер әрқашан жиын, базар болып, оқуға талпынған жас жігіттердің көбі оның төңірегінде жүретін.

Махмұтты ең соңғы рет 1919 жылы көрдім. Онда Махмұт аурудан әбден арықтап жүдеген. Мен ол кезде ашық еш нәрсені айырмайтынмын. Оқуға түсе алмай, Керекуде Мәшһүр-Жүсіптің Әмен деген баласының үйінде жатыр едім. Бір күні Сұлтанмахмұт келді. Әменмен сөйлесіп отыр:

— Үміт деген нәрсе қашан да болса адамның серігі ғой, мен ауруымды жазып, сендермен бірге қызмет істегім келеді, — деді.

Әмен ол кезде қазақтан шыққан большевиктердің бірі болатын.

Сұлтанмахмұт менің жайымды сұрап, біліп, орысша оқып жүргеніме қатты шат болып, біздің ауылға бір бара алмай кеткеніне өкінді. Бұдан кейін Махмұтты көруге болмады.

М. ӘЛКЕЙ.

1940. 22 маң.

ШӘЙБАЙ АЙМАНОВТЫҢ ЕСТЕЛІГІ

Мен Сұлтанмахмұтпен жастан бірге өстім. Сәби шақтағы сатыр-сұтыр ойынды да, бала кездегі әліппиден басталатын оқуларды да бірге өткіздік. Екеуміз екі жаққа оқуға кеткен, екеуміз екі жақта қызмет істеген уақыттарда Сұлтанмахмұт екеуміз үнемі хат жазысып, достық, туыстық сезімдерімізді білдіріп отырдық. Сұлтанмахмұттың ең қиын шақтарында қаражат жағынан болсын, емдеу жағынан болсын қолымнан келгенінше көмек көрсетуге тырыстым. Ол қатты ауырған кезде Омбы қаласынан оқып алған дәрігерлік білімімді, тәжірибемді Сұлтанмахмұттан аяғам жоқ. Сұлтанмахмұттың өзін де, өлеңдерін де мен өте жақсы көруші едім. Сол себепті ме қалай, оның көптеген мінезі мен істері, өлеңдері мен сөздері менің есімде қалыпты. Соның ең нақты дегендерін айтып беруді борышым деп санадым. Олар төмендегідей еді.

Мен жас кезімде тұрымтай ұстауды, оған торғай, бөдене ілгізуді қызық көруші едім. Кей күндері Мақышпен (ол кезде Сұлтанмахмұтты еркелетіп Мақыш дейтін) бірге ойнамай, өз бетіммен тұрымтайыма торғай, бөдене ілдіруге кетіп қалып жүрдім, өйткені Мақыштың өзі мен шақырғанда бұл қызыққа бармайтын, маған ермейтін. Бір күні, жалғыз қалғанына ызаланды ма, әлде басқа ойы болды ма, мен тұрымтайымды қолыма ұстап отырғанымда, ол жаныма жетіп келді де, қолымдағы тұрымтайымды шапалақпен тартып жіберді.

— Тұрымтайыма неге тиісесің?! — деп мен ренжідім. Сонда ол томсырая, кәдуілгідей салмақтана түсіп мынаны айтты:

— Сенің тұрымтайың зорлықшыл, жыртқыш! Соны біле тұрып сен оған кіп-кішкентай кінәсіз құстарды жәбірлетесің. Мен сол үшін оны ұрдым.

Сұлтанмахмұт тарс-тұрс ашулануды білмейтін, жәбірге көнбейтін ақылды бірбеткей еді. Мұқан молдадан оқып жүрген кезімізде оның осы мінезіне қызығып, біз Сұлтанмахмұтқа әдейі ызаландыру үшін жабылатынбыз. Бірақ ол тіпті де ашуланбайтын. Біздер онан сайын ерегісіп, оны түйебас қылуға шейін баратынбыз. Кейде Сұлтанмахмұттың бір жерлері ауырып та қалатын. Біздің бетімізді қайтармақшы болған Сұлтанмахмұт бір күні әкесіне ақ шоқпар істетіп алады да, сабаққа келгенде бізге көрсетпей бірге ала келіп, қардың астына тығып қояды. Сабақ біткен соң, біз әдеттегідей асыр салып, Сұлтанмахмұтты ортаға ала бастадық. Сонда Сұлтанмахмұт шегіншектен барып, қар астына жасырып қойған әлгі шоқпарын суырып алып, бізге қарсы қасқая тұра қалып, сол арада қолма-қол мына өлеңді айтты:

Кәнекей, енді бәлем тиші маған!
Шоқпармен бір-ақ салып басың жарам.
Бәріңді дүркіретіп қуып тастап,
Үйіме батыр болып жалғыз барам.

Бұл өлеңді біздер сол арада жазып алдық та, шоқпарын тартып алып, сындырып тастадық. Ол еш ренжіген жоқ. Кейін бұл өлеңді бүкіл бала жатқа айтып жүрді.

Бұдан бұрынырақ кезде, Сұлтанмахмұт екеуміз қыстың сары аязында ойнап жүрген кезімізде, мен байқамай оның ескі тұмағының құлағын жұлып алдым. Сұлтанмахмұт біраз үндемей тұрды да, мені жақын кел деп шақырып алып, мына өлеңді айтты:

Тұмағымның құлағын,
Жұлып алдың, не түсті?
Үспді-ау енді құлағым,
Міне, суық жел есті.
Не деп айтам апам,
Біліп қойса бұл істі?

Мен ұялып қалдым, ұялғанымнан өзімнің басымдағы тұмағымды кигіздім, Сұлтанмахмұт оны өзіме қайтып берді де, өз тұмағын жалпितып киіп алды. Мен оны үйге алып келдім. Шешеме тұ-

мағының құлағын тіктірдім. Сөйткенше кеш болып қалды да, Сұлтанмахмұт біздікіне қонбақшы болды. Баласын көзден таса қылғысы келмейтін Шоқпыт іңірде жетіп келді. Бірақ Сұлтанмахмұттың біздің үйде екенін білген соң, тамақ ішті де кетіп қалды, сөйтіп, түнде Сұлтанмахмұт екеуіміз бірге жатып, ертеңінде оқуға бірге бардық.

Біз осылайша күйеу Мағзұм, Садуақас молдалардан да бірге оқып, балалық шағымызды бірге өткіздік. Тек 1911 жылы ғана біздің ауылға Семейдің мұғалімдер семинариясын бітірген Ақметолла Барлыбаев дейтін мұғалім келіп, үш бөлімді бір класстық орысша мектеп ашты да, мен соған ауысып кеттім. Сұлтанмахмұт мұсылманша оқып қалып қойды. Бірақ қыс бөлініп, жаз ылғи табысып жүрдік.

Сұлтанмахмұт нені болса да салғастыра ойлап, оған өзінше сеніп барып иланатын еді. Бір иланса, одан қайтуы оңайға соқпайтын. Ал беті қайтса, сол минутында сілкіп тастап жүре беретін. Әсіресе зорлық-зомбылық, әділетсіздік, алдау-арбау оның жүрегіне тікенектей қадалатын. Ол бұларға қарсы бар күшін сала күресетін, егер жеңдірмей бара жатса, бұлан-талан ашуланып, қатты ызаланатын.

Бір мысал келтірейік. Біздің елде Қарер, Қарабек, Хамза дейтін үш жетім бала болды. Қарабек безгек сияқты бір аурумен сырқаттанады. Баланың аңқау шешесі алдыңғы істерін білмей басқа елдегі бір тәуіпті шақыртады. Тәуіп қойдың өкпесімен қағып жазамын деп, бұлардың бір тоқтысын сойғызып тастайды. Бұл тәуіп осыдан бұрын елдің бір сырқат адамын емдеймін деп өлтіріп алған болатын. Мұны Сұлтанмахмұт та жақсы білетін. Қарабектікіне осы тәуіп келді дегенді ести сала ол жетіп келді. Келсе, тоқты сойылған, тәуіп баланы ума-жума зікірлеп жатады. Сұлтанмахмұт «мұның не, тоқтыны неге сойғыздың» дегенде, тәуіп оның өзіне ұрсып маңайына жолатпайды. Сұлтанмахмұт ызаланып, ши астында жатқан оқтауды ала сала тәуіпті бастан періп қалады. Тәуіп балаға енді ем дарымайды деп кетіп қалады.

Сұлтанмахмұт жастайынан көп оқыды. Әуелде діни мектептер біраз уақытын алғанымен, ол кейін әртүрлі пәндерге, көркем әдебиетке жан-тәнімен кірісіп кетті. Сұлтанмахмұттың бір қасиеті ол кез келген нәрсені оқи бермейтін, әуелі байқап, не білетін адамдардан сұрастырып көретін. Сұлтанмахмұт тіпті арабша оқып жүрген кезінің өзінде де сол оқитындарын дінше қа-

зақшаға аударып, талдап, «осылардың не керегі бар» деп отыратын еді.

Сұлтанмахмұт әсіресе көркем өдебиетті көп оқыды, көп жаттады. Абайдың, Ғабдолланың, Салтыков-Щедриннің, Лермонтовтың шығармалары мен ауыз әдебиетін, халық өлеңдерін жас кезінің өзінде бас алмай оқып, ылғи жаттап жүруші еді. Кейініректе Л. Толстойдың, Гончаровтың, Кольцовтың, Некрасовтың еңбектерін де көп оқыды. Соларға еліктеп өлең де жазып жүрді. Мәселен, ол Троицкіде оқып жүріп жазғы демалысқа келген кездерінде бір ретте Ғ. Тоқаевтың «Шурале» деген лақап атпен шыққан «Яшин ташлар» (жасыл тастар) атты көк тысты екі жұқа кітабын ала келіп, ондағы сықақ, мысал өлеңдерін аудармақшы болды. Онда саудагерлерді, Құсайын қажыны келекелейтін, қыздарды әжуалайтын, сынайтын өлеңдер, әңгімелер көп екен. Сұлтанмахмұт соларға еліктеп, өзінше «Сымбатты сұлуға» өлеңін жазды. Ғабдолланың осы кітаптағы көп өлеңін жаттап алды: Ғабдолланың:

Ақдүр пәки саплары,
Көкдүр пәки саплары
Отыз бештә, қырк бештә
Қыздың «мотур» шақлары, —

дейтін кәрі қыздарды мазақтаған өлеңін әзіл етіп үнемі айтып жүруші еді.

Аты есімде жоқ, Ғабдолланың сол кітаптарының бірінде ұлтшылдықты мысқылдайтын өлең сияқты бір үйлесімді әңгіме болды. Онда асханаға келген біреу бұрышқа шашалып, жаман қиналады. Көзінен жас парлайды. Сонда көлденең біреу «неге жылайсыз» деп сұрайды. Бұрышқа шашалып отырған оқығандау кісі «Милләтім үшін» деп жауап береді. Сұлтанмахмұт осыны өлеңмен аударды. Аудармасы тамаша еді. Ол өзінің «Тентектің жиған шоқпары» деп атаған қолжазба кітабын осыдан кейін жазды. Оған Ғабдолланың жаңағы кітаптарынан аударғаны, өз жазғандары енді. Қолжазба кітабы «Сымбатты сұлуға» өлеңінен басталатын еді. Бірақ ол кітабы кейін жоғалып кетіпті.

Сұлтанмахмұт өлең жазардың алдында көп ойланып, көп толғанатын, маңайындағының бәрін ұмытатын, жақын адамдарымен де сөйлеспей қоятын. Ол сол ойлану кезінде есінен танған адамға ұқсап кетуші еді. Басын төбесінен саусағымен айналдыра беретін. Далаға жеке шығып кететін. Ал жаза бастаса-ақ, өте тез бітіретін, басқа нәрсемен еш айналыспайтын. Ол «Кедей» даста-

нын да, «Адасқан өмір» дастанын да бір-бір жұманың ішінде бітірген еді. Бұл екеуін жазарда кітапты көп оқып жүрді. Мен Герценнің кітаптарын да оқып жүргенін көрдім.

Сұлтанмахмұт Мәшһүр-Жүсіппен 1919 жылы талай рет кездесті: екі рет өзі іздеп барды, Баянауылда да талай кездесіп жүрді. Мәшһүр оның өлеңдерін көшіріп алатын еді. Өлі өсімде, Мәшһүр Сұлтанмахмұтпен біздікінде бір кездескенінде: «Қобыланды тұқымынан шыққан батыр Қажымұқан болса, Торайғыр тұқымынан шыққан ақын сенсің», — деген еді.

Сұлтанмахмұт біздің жақта совет үкіметін орнату жолында көп еңбек етті. Ол ауыр сырқатына қарамастан ел ішінде волком сайлауын жүргізді, кедейлерді ел басқаруға, билікті өз қолдарына алуға үгіттеді. Көптеген баяндамалар жасады. Сөйтіп жүргенде ауруы асқынады. Ол сонда да ел аралаумен болды. Сол ел аралап жүріп, бір күні Баянауыл болысындағы қаржас елінде Жанысбай дейтін байдікіне түседі. Сұлтанмахмұттың сырқат екенін және совет үкіметіне қызмет етіп жүргенін бұрыннан білетін Жанысбай, волкомның уәкілі ретінде барған оған реңінің нашарлығын көріп, жөтелін көріп, жаны ашыған болып, ертеден жатқан алмастың бір қасық ертіндісін береді, Сұлтанмахмұт менің әуелден ескертіп қойғаным бойынша:

— Дәрігердің рұқсатынсыз ішпеймін, рахмет, — дейді.

— Қарағым-ау, о не дегенің, мен осыдан жазылған жоқпын ба. Сен маған, — деп Жанысбай иландырады.

Сұлтанмахмұт ішеді, бірақ артынша уланып, қолма-қол түнде-летіп маған келді. Мен ол кезде Баянауылда болатынмын. Мен дереу дәрімен уытын қайтардым да, енді елге — Ақбеттауға барып тынығу керектігін айттым. Сұлтанмахмұт менің айтқанымға көнді.

Бұл кез 1920 жылдың қысы болатын. Төсек тартып жатып қалған Сұлтанмахмұттың өз үйінде жағдайы болмады, сол себепті менің немере ағам Шерияздан өз үйіне апарып, жеке бөлмеге қойып күтті. Бөлменің ішіне қарағайдың бұтағын іліп, алмастырып отырдық. Қысырдың қымызын бердік. Әр түрлі ем жасадық. Сұлтанмахмұт біраз айығыңқырады да. Сол сергіңкіреген кезінде «Дала ақыны мен қала ақынының айтысы» атты дастанын жаза бастады. Бірақ көктемде сырқаты қайта демдеді де, одан өрі жазуға мүмкіндігі болмады.

Күн жылынғаннан кейін Сұлтанмахмұттың өз қалауы бойынша әкесінің киіз үйін бір төбешікке тігіп, сонда күттік. Сұлтанмах-

мұт бұл кезде әбден әлсіреп, совет үкіметі жайындағы кішкене кітапшалардан басқа ештеме оқи алмады.

Сөйтіп, аса қадірлі замандасым әрі туысым Сұлтанмахмұт 1920 жылы 21 май күні түстен кейін дүние салды да, ойлаған мақсатына еркін жете алмай, бастаған шығармаларын аяқтай алмай арамыздан кетті. Ол өзінің «Кім жазықты?» романын да қайта жазбақшы еді, мұнысы да орындалмады.

Мен осының бәріне кейін күйініп те жүрдім. Сұлтанмахмұттың: «Қала ақыны мен дала ақынын» бітіре алмай барамын. Әр ақынды өз қалыбында, өз ниетінде, өз сөзімен сөйлетіп едім. Бірақ менің қала ақыны деп отырғаным да совет ақыны емес, капиталистік қаланың ақыны еді. Поэманың соңында үшеуін де техникаға жүгіндірмекші едім, жиған-тергенімді тапсырғанда, осы жайды қадағалап айтарсың» — деген өлер алдындағы сөзі әлі есімде.

Сұлтанмахмұт менен бір-ақ жас үлкен еді. Бірақ біз оны бәріміз де аға тұтатынбыз. Оның өлер алдында айтқан өсиет есепті ақылы да, бізге борыш етіп қалдырған тілектері де менің көкірегімде сақтаулы. Егер уақытым болса, Сұлтанмахмұт жөнінде өзімше арнайы очерк жазам ба деген ойым бар. Мұның өзі марқұм Сұлтанмахмұт үшін де, оны сүйіп оқитын көпшілік үшін де пайдалы болар деп ойлаймын.

1980—4-5 шонь.

Ш. АЙМАНОВ.

НҮРКЕ ЖАНАЛИННИҢ ЕСТЕЛІГІНЕН

Мен Сұлтанмахмұтты 1919 жылдың октябрь айынан бері білем. Екеуіміздің ауылымыздың арасы 125 шақырым. Бізде — Баянауылда боқырау жәрменкесі деген үлкен жәрменке болып тұрды. Сол жәрменкеде мен Сұлтанмахмұтты бірінші рет көрдім. Ол ноғайдың үйінде жатыр екен. Сол үйге Сұлтанмахмұтты көруге сағат үштің кезінде өзім іздеп келіп сәлем бердім. Оны көптеген жігіт қоршап отыр екен.

Мені Сұлтанмахмұтпен Шерияздан деген немерелес ағасы таныстырды. Бірақ мен Сұлтанмахмұтты Шерияздан таныстырмас-тан бұрын да білуші едім.

Сұлтанмахмұт сол кезде-ақ құрт ауруымен ауырып жүр екен, өйткені оның жанында түкіретін шынысы тұрды. Шынының аузын жауып ұстайды. «Аузын ашып қойса, ішіндегі құрт далаға шығып кетеді», — деп әзілдеп отырды Сұлтанмахмұт.

Сол жәрменкеде жүргенімізде, сауда жасап жүрген орыстың ноғайдың саудагерін көріп, Сұлтанмахмұт:

— Осы күнде де сауда жасап жүрген орыстың, ноғайдың саудагерлерін мен ақылы жоқ ақымақ деп түсінем. Біз өзіміз осы күні уақытша Колчакқа бағынып отырған халықпыз, ал осы саудагер орыс, ноғай байларының ойына бұл кіріп те шықпайды. Әсіресе, міне, біздің Ақмола, Қызылжар ноғай саудагерлерінің есі жоқ екен, — деді.

Сол уақыттың өзінде де Сұлтанмахмұт: «Сірә, менің өмірім ұзақ болмас, сонда да осы жаңа дүниенің, жаңа тұрмыстың, жаңа өмірдің шет жағасын болса да көрсем екен»,— деуші еді.

Сұлтанмахмұтпен танысып, біраз әңгімелесіп отырғасын, қостасып-амандасып кеттім мен. Содан елге барғасын мен ауырып қалдым. 7 январь күні Сұлтанмахмұт біздің ревкомның сайлауына келді. Сол ревкомның мүшесі болып сайланды. Сайлауда екі жақ болды, бірі — байлар жағы, екіншісі — кедейлер жағы. Сол кедейлердің жағы Сұлтанмахмұтты ревкомның мүшесі етіп сайлады.

Сұлтанмахмұт Далбан ауылына келгенде, мен де Сұлтанмахмұт сияқты туберкулезбен ауру едім. Мені ревкомның мүшелігіне Сұлтанмахмұт өзі сайлатып қойды. Содан ай жарым өткесін мен ревкомның қызметіне кірістім. Сосын май айы болып қалды. Сол кезде Сұлтанмахмұт қатты ауру деп хабар келді. Мен көңілін сұрау үшін Ақбеттауға жүріп кеттім. Келіп көңілін сұрасам, екі иығынан демін алып жатыр екен. Ол кезде май айының 15—16 шамалары еді. Сұлтанмахмұттың әйелі жоқ болатын ол кезде. Сонда Мәлике деген бір қызды Сұлтанмахмұт: «Мен бәрібір өлем, бірақ осы Мәликені алғаным болып есептелсін, қасымда бір-екі күн болса да отырсын»,— деп қасына отырғызып қойыпты.

Сұлтанмахмұт мен барғасын менен сұрады:

— Ал сен алыс жерден келген екенсің, сенің елің не болып жатыр? Біздің елде әлі совет заңы жүрмей жатыр. Бізде мына бір Жақып хажы деген пәле жасап жатса керек. Дегенмен совет деген Жақып түгіл оның әкесіндей кісінің де мойнын жұлып алады ғой. Ал енді заман сендердікі. Менің бүгін-ертең құрт қолқамды қиюға жақындады. Менің сендерге көп түсіндіруге шамам жоқ. Елге қалай да тез еңбек сіңіріп, дұрыс басшылық етіңдер,— деді.

1945. 22 маусым.

Нұрке ЖАНАЛИН.

КЕНЖЕТАЙ АЙМАНОВТЫҢ ЕСТЕЛІГІНЕН

Жасында Сұлтанмахмұттың маңдайында кекілі болды, білмеген адам оны әйел бала деп қалушы еді. Бетінде шешектен қалған бұжыр дағы бар сарғыш бала еді. Інісі Бәшен Шоқпытқа тартқан. Сұлтанмахмұтты нағашысына тартқан деуші еді. Шоқпыт Қарауыл елінен көшіп келіп, Бибішке үйленгеннің келер жылы тастан, топырақтан қалап, Торайғырға қараған жер шетіне жалғыз қыстап, үй салып алды. Қорасы да тастан қаланған. Үйдің қалыңдығын бір кездей қылып қалады, артық бейнет, артық расходқа қарамады. Су да алыс болды. Су алатын бұлақ барып-қайтуы үш шақырымдай еді. Осы қыстауға бірнеше жыл қыстады. Оған қажымады, жалғызбын демеді, Сұлтанмахмұт пен Бәшенді езі оқыта бастады, үйткені өзінің аздаған арабша хат танытыны бар еді. Жаз ел жайлауға көшкенде, әйелінің жақыны Жақсылықтың баласы Тортай дегенді «балаларымды оқыт, сабақ бер» деп қолына ұстады. Тортай домбырамен өлең айтатын, арабша бәйіт айтатын еді. Өзі жас, түнде алтыбақан қасында болады. Шоқпыт оны талай алтыбақан басынан алып қайтатын.

Ел Келбет дейтін жайлауда, Шоқпыттар бөлек ауыл. Ай қараңғы. Түн. Біздің ауылдың қотанындағы қойы үрікті. Ауыл у-шу, шулап үрген ит. Бір лақ бақырып барады. Қасқыр алып қашып барады деп, барлығымыз қуып келеміз. Беті төменгі тас шұқыр. Бір уақта лақ жақтан адамның ойбайлаған дауысы шықты. Келсек,

біреу біреуді сабап жатыр. Бұл не десек, лақ болып бақырып қашқан Шоқпыттың бала молдасы Тортай екен. Лақ бақыра жөнелгенде, Шоқпыттың қабаған шолақ төбеті жұрт айтақтап далаға шыққанда қуа жетіп, Тортайды алып ұрған. Іле жүгірген Шоқпыт Ақшолақ қасқыр алып жатыр ма деп келсе, молдасын талап жатыр екен. Айырып алдық. Шоқпыт айтады: — Мен мұны балаларымды оқытады, тәлім береді десем, мұның қылып жүргені мынау. Ендігәрі мұндай істеме. Сені көріп балалар не болады?

Біздің ауылда да молда бар. Ауыл арасы жақын. Бізді Жұмат оқытады. Бірақ біз қой өрісінен барамыз. Ұйқымыз келіп қалғып отырамыз, түк ұқпаймыз. Шоқпыт олай оқытпайды, балаларының ұйқысы қанған соң асын беріп, сонан кейін оқытады.

Тортайды бір-ақ жыл ұстады. Одан кейін Садуақас молдадан бәріміз бірге оқыдық. Біз бұрын хат таныдық. Мына екі бала кеш, бірақ бір айтып берген сабақты Сұлтанмахмұт жаттап алатын болды. Шоқпыт балалары өсе бастағанына өте қуанушы еді. Балалары не тілесе соны орындап тұрды.

Өскен сайын Сұлтанмахмұт адамға жақын, жуас, бет-пішіні сүйкімді, жылы жүзді болды; өгей шешеге еріксіз жақты: өзінің ішінен шыққан баладай болды, басқалығы болмады. Сұлтанмахмұт қызықты бала еді: басқа балаларша артық ойнау, былғану, күлмен ойнау онда жоқ, қолы-басы таза. Көбінесе жұрт осы тазалығын ұнатады. Сұлтанмахмұт он-он бестен аса бергенде Мұқан молдадан оқыды. Мұқан молда Сары деген елден. Сары ішінде Тұлжан ұлы атанды. Мұқан өзі молда болса да, шарифат жолын көп күтпейтін еді. Өзі баласын орысша оқуға берген, Жақия дейтін баласы Омбыдағы медицинская школада оқып жүрді. Қыс оқуда, жаз ауылға келіп жүрді. Баласы орысша оқыған соң, өзі де бірер қақбай орысша тіл біліп, перевод кітапты көп оқыды. Отырған жері күлкі, сауықшыл адам еді. Оқыған балаларына басқа молдаларша дүре салмаушы еді. Шарифат орнына өлең жаздырып, өзі өлең жазушы еді, сабақ арасында бір-бір ауыз өлең жазып, балалардан оған жауап күтуші еді. Мұқаннан оқыған Сұлтанмахмұт пен Шәйбай көбінесе өлеңге қарай бейімделе бастады. Мұқан молда Сұлтанмахмұтты жазған жауабына ырза болып жақсы көре бастады. «Бұдан оқыған бала бұзылады» деп жұрт балаларын шығарып алды.

Бір күні Шәйбай екеуіміз Махмұтқа барып қайтайық деп Шоқпыттікіне бардық. Барсақ Махмұт үйде. Біз барып отырғаннан кейін, Махмұттың шешесі Бибіш:

— Ойбай, сендер осы күлкілеріңді қойшы, жай жүріңдерші! Мына Махмұт қымыз ішіп тұрған жерінен қымызын іше алмай, көрдің бе бүгін жылқышы Ахметтің қылған ісін? — деді.

— Иә, не болты? — дестік.

— Бүгін Садық үйінің таңғышын кесіп, киізін тіліп тастапты. «Мұны қылған Кенжетай, Шәйбай, Махмұт үшеуі, мен көріп қалдым» деп бүлік салған жоқ па осында.

Біз таңдандық. Сонда Махмұт:

— Осы Ахметті бір сабап берші, Кенже аға! Барғанда маған сүйген көзімен қарағаны құдайдың көріне кіргенімдей болушы еді, — деді.

— Жарайды, орындайын, бірақ ақыма бір-екі ауыз өлең керек, — дедім.

— Құл! — деді ол.

Махмұт тапсырған жұмысты орындап:

— Менің тілегім не болды! — дегенде, — Кенже аға, ұмытып кетіпін, әйтсе де, — деп қарындашын алып мынаны жазып берді:

Ақ сәуле, күміс жүзді, құндыз қабақ,
Сен — гүлсің не шапқан жарып сабақ.
Болғанда көзің — жақут, етің — торғын,
Қасың — ай, шашың — жібек, мамық тамақ.
Жүзің — нұр, сөзің — алма, аузың — алтын,
Самород, қоспасы жоқ нарыз балқын,
Шомылған сүңқар бойың нақ гауһарға,
Бұрқырап нұр төгілсін, маған талпын?
Бір сенсің дүние көрген көзім нұры,
Жарқырап жаным тартар, көңілім гүлі!
Егілген ер көңілім қол сермейді,
Тартса да аспаннан кеп жұмақ хоры,
Жан сәуле, кеуде күйген, жүрек жалын!
Кеудем от, жүрегімнің байқа халін
Дауасы ауыр дерттің — жалғыз сенсің,
Қолың бер кетсін қайғы, сөнсін жалын!

Міне, осы өлеңді домбырамен әнге салып айтып жүрдім.

1911—1912 жылдарда Сұлтанмахмұт оқимын деп Керекуге барды. Басқа да оқу іздеді, бірақ таба алмады. Одан кейін Троицкіге барам деп талап етті. Шоқпытта оқытатын хал жоқ және баласының білгенді біреуге молдалыққа тұрып бала оқытуын қалады. Осы тұрада Махмұтқа көп ой түсірді. Шәйбай арқылы Шәйбайдың әкесі Аббасқа айтқызды.

Аббас — оқыған адам, адам қарайтын дәрігер. Оқимын деген баланы жақсы көретін және Шоқпытқа айтатын: «Осы балаңды

оқыт, осында бірдеме бар, ойлы адам болады, бұл тек адам болмайды», деп, Сұлтанмахмұт оқуға жүрмек деген сөз құлағына тиісімен өзі басшы болып Махмұтқа қаражат жинап берді. Бергендер — Шерияздан Айманов, Аббас Айманов, Садық Қорабаев, Қамар Қасымов тағы осы сияқты.

Троицкіге барып бірер жыл оқып, 1914 жылы қайтып келді. Сұлтанмахмұт өскен, білім алған, бірақ қаражаты кемдігінен бітірмей қайтқан. Ғабдолла Тоқаевтың сөздерін көп жинаған. «Айқап» журналын алып оқитын болған. Көп шығармалар шығарған, журналға да сөз жазған. Біз ортамызда Махмұт сықылды адам болғанына өте қуанып қалдық. Сұлтанмахмұт біздің бұл қуанышымыз бен үмітімізді өле-өлгенше ақтап кетті.

Айманов КЕНЖЕТАЙ.

1941. 20—25 март.



СОҢҒЫ СӨЗ

СҰЛТАНМАХМҰТ ТОРАЙҒЫРОВ

(1893—1920)

Сұлтанмахмұт Торайғыровтың шығармаларын талдағанда біз соңғы кезде әдебиет тану ғылымында өріс алған хронологияны сақтайтын әдісті қолданатын боламыз. Бұл әдістің ең ұтымды жағы: автордың алғашқы шығарған өлеңінен бастап, қуалай отырып, өмірінің соңында жазған туындыларына талдау бергенде ақынның өсу жолындағы ерекшеліктерін, табысы мен сәтсіздікке ұшырауын, барлық творчествосының эволюциясын айқын көреміз. Рас, бұл тәсілді қолданғанда, жоғарыда аталған Сұлтанмахмұт шығармалары деп саналып, жазылған жылдары шартты түрде көрсетіліп келген бір топ өлеңдерді жеке талдап, алдымен олардың ақынның туындысы екенін анықтап, ашып алуға тура келеді.

Сөйтіп, С. Торайғыров шығармаларын осы еңбек көлемінде, қазіргі бар мүмкіншілігімізді ескере отырып төмендегі жіктер бойынша тексерсек дейміз:

- а) Сұлтанмахмұттың лирикасы.
- б) Сұлтанмахмұттың поэмалары.
- в) Сұлтанмахмұттың прозасы.
- д) Сұлтанмахмұт шығармаларының текстологиясы.

Бұл жерде ескерте кететін бір жағдай бар: соңғы 30 жылдың ішінде С. Торайғыровтың әдеби мұрасына қосылған 40-қа тарта өлеңнің бәрін бірдей тексерусіз кіргізе салуға болмайды. Бұл жөнінде өз ара кеңесіп бір тұжырымға келгеннен кейін, оның өзінде Сұлтанмахмұтқа таңылған шығармалар деген атпен жинақтың аяғына жеке топ етіп берген дұрыс деп танимыз.

Қысқасы, біз өз тексеруімізді, талдауымызды С. Торайғыровтың түп нұсқалары сақталмаса да, күдік келтірмейтін шығармаларына сүйене отырып жасауды мақұл таптық.



Сұлтанмахмұт Торайғыровтың бала кезінде жазған әзіл, сықақ өлеңдерінің көбі жоғалып кеткенін жоғарыда айттық. Дегенмен, ақынның «Айқап» журналының редакциясына орналасып, көркем әдебиетпен бірыңғай шұғылдана бастауына шекті ара-тұра шығарған бір топ өлеңдерінің қолда бар үлгілеріне жекеше тоқтамасқа болмайды.

Әрине, жас ақынның бұл шығармаларының бәрі бірдей шын мағынадағы көркем туындылар емес. Алайда, бұдан аңғарылатын жас талапкердің ұтымды жағы: ол өзін қоршаған шындыққа селсоқ, немқұрайды қарамаған, айналадағы қайсы бір ұсқынсыз көріністер мен құбылыстарға өз тарапынан баға беріп, олар жөнінде әрдайым өз көзқарасын білдіріп отырған. Кемшілігі: қағаз бетіне түскен автор ойларының мазмұны әжептәуір бола тұра, соған лайық поэтикалық түр үнемі таба бермейді. Яки, шынайы шындық сұлу өлеңге айнала алмаған. Әрине, бұл әрбір өнер иесінің өсу үстінде кездесетін қиындық, кемшілік. Демек, бұған қарап С. Торайғыровтың тұңғыш қадамының өзінде-ақ әлеуметтік тақырыпқа көбірек бой ұрғанын, ақындық өнеріне еріккеннің ермегі, немесе әншейін уақытша қызықтау деп қарамағанын, қайта, өз заманының кезекте тұрған күрделі мәселелерін шешудегі бірден-бір күдіретті құрал деп танығанын жоққа шығаруға болмайды.

Сондықтан да, С. Торайғыровтың айрықша назар аударған тақырыбы: оқу, білім алу мәселесі болуы да кездейсоқ емес. Өйткені, бір жағынан, сол кездегі қазақ даласы үшін бұл ең маңызды істің бірі десек, сондай-ақ, ақынның өз басы да білім алуды аңсаған қазақ жастарының ең алдыңғы қатарында болатын. Сөй-

тіп, жалпы халықтық мүдде мен жеке бастың тілегі деп көлуі жас ақынның бұл жөндегі өлеңдеріне ерекше мағына, мазмұн берді. Осы қарсаңда жазған «Зарландым» деген мақаласында Сұлтанмахмұт сол кездегі қазақ сахарасында ағарту жұмысының нашар халде екенін айта келе, оқуға талпынған жастардың алдынан кездесетін кедергілерді қынжыла баяндайды. Сонымен бірге жазушы жаңа заман туғызған жаңа әдіспен оқып, білім алудың кезеңі келгенін мақаласында үгіттеумен ғана шектеліп қалмайды, осы тақырыпқа бірнеше өлеңдер жазады («Оқып жүрген жастарға», «Талиптарға», «Оқуда мақсат не?», «Бір баланың тілек батасы», «Алғыс»).

Енді солардың кейбіреулеріне қысқаша тоқтап өтелік. Мәселен, «Оқып жүрген жастарға» мен «Бір баланың тілек батасы» деп аталатын өлеңдері өз ара үндес келеді. Бұл жерде автор өнер-білімнің жалынды үгітшісі, жастар тілегінің жаршысы:

... Тәуекелге бел бусак,
Көңдегіні аламыз,
Жеткізбей кетер жүйрік жоқ,
Қусақ бәрін шаламыз...

дей келіп, өлең аяғында:

Ойынды енді ұят қыл,
Қалсын былай балалық!

деген ұран тастайды.

Екінші өлеңінде осы ойды шәкірт баланың тілегі арқылы білдіреді:

Оқыт бізді, әкестай!
Қам көңілдер болсын жәй,
Надандықтан құтқарып,
Қуанта көр, құдай-ай!¹

Шөлін қандыра алмай сан жылдар бойы өнер-білімді аңсаған қазақ жастарымен бірге жас ақынның өзі де жалынышы мен қуанышы аралас жалынды үнін қосқанын көреміз.

¹) Бұдан былайғы келтірілетін өлеңдердің бәрі М. О. Әуезов атындағы Әдебиет пен өнер институты қазір баспаға дайындап жатқан жинақтың қолжазбасы бойынша беріледі.

²) Сонда.

Осы тақырыпқа арналғанмен «Талиптарға» мен «Оқудағы мақсат не?» деп аталатын шығармаларында біраз жаңалықтар бар. Ақын жеке бастың тілек-арманы шеңберінен шығып, сол оқуды бітірудегі түпкі мақсаттың неде екенін ашқысы келеді. Оқыған жастар кім үшін қызмет етулері керек, әлде олар қара басының қамын жеуден аса алмай жүре ме, онда соншама талпынып азаптануда қаншама мағына бар деген орынды сұрақтар қойып, сол сұрақтардың қоғамдық сырын іздейді, өзі құралыптас жас түлектерді дұрыс бағытқа сілтемек болады. Біреулердің құранға мүлгіген діндарлықты бет перде етіп, бұқара халықты алдап келгенін, немесе екінші біреулері заң-законды жаттап жем тапқанын яки үшіншілері сары ала түйме тағып өз еліне қырғидай тигенін ескерте келе, ең абзал міндет халқыңа қалтқысыз, адал қызмет істеу, надандыққа қарсы күресу, көпшілікті жарыққа бастап алға қарай ұмтылу деген тәрізді өнімді ойлар ұсынады. Қысқасы, ақын ойлары негізінде ағартушылыққа келіп тіреледі демекпіз. Бұл жерде ол ел арасындағы ұсқынсыз көріністерді атап, санап өткенімен оларға қарсы белсенді түрде күресудің жолдарын айқындап сілтемейді, керек десеңіз, қатал сын мен ащы ажуаға да үнемі бара бермейді.

Сонымен қатар, бұл өлеңдерде ақын поэзияға қажет қасиеттерді көп ескермейді, бар ниеті көңілдегі ойын жеткізу, соны айтып ұқтыру ғана тәрізді. Мысалы, «Оқудағы мақсат не?» деген өлеңін он бір буынмен бастап, орта кезінде жыр түріне көшеді де, ақырғы шұмақтарын тағы да сол байырғы қара өлең үлгісіне салады.

Сұлтанмахмұттың шәкірт кезінде діни оқуға беріліп, біраз уақыт тақуалыққа салынып жүргені, кейінірек өнер-білімді үйрететін мектептердің босағасын көрген соң өзінің дін құшағында өткен өміріне өкінгені жоғарыдағы бір тарауда айтылған еді. Бірақ, бұдан ол тез арада қол үзіп, діннен ада-жұда бас тартты, пышақпен кескендей бірден тыйыла қалды деген ұғым тумасқа керек. Сондықтан да ақын «Мағынасыз мешіт» деген өлеңінде діннің түп негізіне күдік келтірмейді. Құлшылық ету ритуалының жиылған жұрт үшін жат, түсініксіз екенін баяндап, сондағы молдалар құдай сөзін айтып отыр ма, әлде халықты алдаудың тәсілі ме деген ішкі сенімсіздіктен әрі онша тереңдеп кетпейді. Дегенмен діннің өзі болмаса да оның басында жүрген қожа-молдалардың қалың жұртты алдап келгенін, өз басының да біраз уақыт «жолдан жолсызға қарай бұрылып, жарық таба алмай, қа-

рақғы тұманда адасумен» келгенін жақсы түсінгенін көреміз. Мұнысы дін жолына соқыр сенуден арыла бастаудың алғашқы нышаны еді.

С. Торайғыров өзінің қысқа өмірін халықтың қалың ортасында өткізгендіктен ел арасындағы оқшау да оғаш көріністерге көкіл бөлмей отыра алмаған. Сол кездегі қазақ аулындағы ауыр, көп сөз болса да шешімін таба алмай келген мәселенің бірі әйел теңдігі болатын. Өмірінің әр кезінде ақын осы тақырыпқа сан рет оралып, ақырында «Қамар сұлу», «Кім жазықты» секілді көп сек шығармаларын арнағаны мәлім. Әзірге біз ақынның сол 1912 жылғы жазған «Түсімде көрген бір аяныш хал» деген шағын өлеңін атап өтпекпіз,

Осы 1912 жылдың жемісі ретінде «Арыстан мен тышқан», «Көк өгіз», «Мысал», «Арабшадан», «Екі тышқан» деген шығармаларын сөз еткенде жас ақынның орыс-татар әдебиетімен таныса бастаған кезінде ежелден келе жатқан тақырыпқа мысалдар жазуды машық ете бастағанын, сонымен бірге аударма ісімен де шұғылданғанын көреміз. Біздіңше бұл мысалдарға ерекше бір мән беріп, оларда жоқ мазмұн мен жаңалықты іздеудің қажеті бола қоймас дейміз.

С. Торайғыровтың осы жылы жазған өлеңдерінен көркемдігі мен идеялық нысанасы жағынан оқшауырақ тұрған үш шығармасына («Қандай», «Анау-мынау», «Жарлау») айрықша тоқтап өткен жөн.

Бұл өлеңдерді бөліп қарағанда біз тосыннан керемет пайда болып, дүниеге жаңа бір ақын келді де, ол тек осы туындыларынан бастап қана өзінің бірден шын ақындық қабілетін көрсетті деген келте тұжырымнан аулақпыз. Алайда, Сұлтанмахмұт Торайғыровтың өмір құбылысына тереңірек үңіліп, өз арманын үлкен арнаға қарай меңзегенін танымасқа тағы да болмайды. Сырт қарағанда бұл шығармалардың қайсысынан да тақырыптық немесе түр жағынан ерекше жаңалық табу қиын; өйткені ақын қазақ аулының сол қараңғылық мүшкіл халін, сол баяғы бай-жуандар мен қожамолдалардың озбырлық әрекетін, сол бір кезде жапа шегіп, зарлаған қазақ әйелдерінің мұңды тағдырын сөз ететін тәрізді, бірақ мұнысында жаңа әуен, жаңа нышан бар. Демек ол ауылдағы ауыр жағдайды бұрынғысындай тек қана баяндап, іштей күйзелумен қанағаттанбайды, осындай жексұрын көріністерге өзінің ашықтан-ашық қарсы екенін енді жасырмайды. Россия топырағындағы көршілес кейбір елдердің алға кеткенін үлгі ете отыра,

өз халқының тым артта қалып қойғанына қатты қынжылады, бірақ келешекке үміт көзін тігеді. Қысқасы, қазақтың әдебиет әлеміне жаңа бір зор таланттың келіп, өзіндік батыл үнін қосқанын, ой-арманы мен тілек-талабын білдіргенін көреміз.



а) ЛИРИКАСЫ

С. Торайғыровтың лирикасы сан алуан: мазмұны терең, тақырыбы бай. Өзінің лап етіп жанып, өрттей лаулаған қысқа өмірінде ақын талай-талай кезеңді белестерден өтті: басын тауға да ұрды, тасқа да соқты, тыным таппай болмыс шындығын іздеп шарқ ұрды, халқына адал қызмет ету жолында кей сәтте сара жолдан адасты да, бірақ ұзаққа алыстап кетпей өз ортасына тез оралып, қараңғы түнекте жатқан елінің көгіне, «өрмелеп шығып күн болуды» арман етті. Осындай қызу әрекет үстінде жас ақынның ойын салмақтап, сөзін әшекейлеп отыруға мүмкіндігі үнемі бола берген жоқ. Әйтсе де ақындық шын шабыт билеген шақта туған өлеңдерінің ішінен «іші алтын, сырты күміс сөз жақсысын» табу да онша қиын емес еді.

Сұлтанмахмұттың творчествосындағы ең бір жемісті кезең — 1913—1914 жылдар: азғана уақыттың ішінде ол елуге тарта өлең; бірнеше мақалалар, көлемді поэма, бір роман жазып үлгіреді³. Сөз жоқ, мұндай зор табысқа жетуіне Сұлтанмахмұттың «Айқап» редакциясына орналасқаннан кейін бірыңғай көркем әдебиетпен шұғылдануы, сондай-ақ жазғандарын журнал бетінде жариялауға мүмкіндік алуы да үлкен себепкер болуы керек.

Зерттеу жұмысымызды аз да болсын жеңілдету үшін ақынның өлеңдерін бірнеше салаға бөліп тексерген дұрыс. Осыған орай бірден ескерте кетуіміз қажет: мұндай жікке бөлушілік бұл жерде шартты түрде ғана алынып отыр. Өйткені қай ақынның болсын бір шығармасын тек қана ішкі көңіл күйін білдіреді, екіншісін — бірыңғай әлеуметтік мәселелерді сөз етеді, үшіншісін — түгелінен табиғат сырын ашуға арналады, ал төртіншісін — бастан-аяқ махаббат, сүйіспеншілік жырын шертеді деп қарауға

³) Бұл жерде біз ақынның осы кезде жазып, бірақ дерексіз жоғалып кеткен «Тентектің жинаған шоқпары», «Тамшы» деген өлеңдер жинақтары мен үш перделі пьесасын есепке алмай отырмыз. Ы. Д.

болмайды. Себебі олардың әрқайсысы бір-бірімен тығыз байланысып, араласып жатады. Керек десеңіз: лириканың өзін әр сөзге бөлудің өзі шартты нәрсе.

Сонымен С. Торайғыров поэзиясының ішіндегі ең бір мол саласы әлеуметтік сарыны басым өлеңдері деуге болады. Бұл топқа: «Түсімде» (1913), «Бұлар кім?» (1913), «Көше түндегі түс, бүгінгі іс» (1913), «Бір балуанға қарап» (1913), «Ендігі бет алыс» (1914), «Тұрмысқа» (1914), «Айт» (1914), «Көшу» (1914), «Бір адамға» (1914) тәріздес шығармаларды қосуға болар еді.

Кейде біз ақын дүниеге келген екен, ендеше ол несімен көрінді, өзінен бұрынғы дәстүрге қандай жаңалық қосты, нені қабылдады, неден жеркенип, аза бойы тік тұрды деген секілді бір беткей сұрақтар қойып, соларға жауап іздеп өуре боламыз. Ақын өз заманының бел баласы, сол дәуірдің жақсы жақтарымен бірге осал болмыстарын сол ақынның (егер шын талант несі болса) бойынан таба аламыз. Сұлтанмахмұт осы тұрғыдан қарағанда лакмұс қағазы тәріздес, оның реакциясын тезінен аңғаруға болғандай. Бұл жерде ақын өмір сүрген кезеңді айрықша сипаттап жатпай тек атап қана өтеміз. Демек, ХХ ғасырдың басындағы қазақ даласының хал-жайы, Россия көлемінде болып жатқан ұлы өзгерістердің тікелей әсері, оқу-ағарту жұмысындағы жаңалықтар, ескі өмірдің негізі шайқалып, жаңалыққа ұмтылудағы белбелестер, қиыншылықтар мен кедергі күштер, бір кезде «қаймағы бұзылмай» келді деп саналған қазақ аулында әлеуметтік қайшылықтардың бадырая түсіп, енді оларды көрмеуге, елемегуге мүмкіндік қалмай, еңбекші бұқараны ежелден өзіп келген биболыстар мен бай-жуандардың жыртықшытық сипаттарының ашыла түсуі жаңа бағыттағы әдебиеттің ұраны болмасқа орын қалмады. Сұлтанмахмұт Торайғыров осы ағымның ең көрнекті жаршысының бірі еді. Ол бір өлеңінде ел ішіндегі көлеңсіз көріністерді түспалдап, жұмбақтап айтса («Түсімде») екінші бір шығармасында өзінің ниет-арманын ашық білдіреді («Тұрмысқа»).

Бұл жерде суретші ақынның палитрасы сан қилы екенін көру қиын емес. Ол бірде ескіліктің мұрагерлерін жеркене бейнелеп, олардың құбыжық тұлғаларын көз алдына әкеліп айқын көрсетсе («Бұлар кім?») тағы бір сәтте күнделікті әншейін болмысқа үлкен мән беріп, одан өмірлік зор қортынды шығарады («Бір балуанға қарап»). Алға ұмтылып, болашақтан күштарлана үміт күткен жалынды ақын сол кездегі ауылдың жай-күйі қандай екенін өсте есінен шығармайды, қынжыла отырса да шындық көріністерді

бұлжытпай береді («Айт, «Көшу»). Алайда, осы топтағы шығармаларының ішінен ақынның «Қымыз», «Ендігі бет алыс», «Бір адамға» деп аталатын тамаша өлеңдеріне ерекше тоқталып, талдау берген жөн ғой дейміз.

Қымыз тақырыбы қазақ әдебиетінде тың жаңалық емес; ертеден келе жатқан өлең-жырларда жол-жөнекей бірер жолдар мен шумақтарда сөз болып жүргенін былай қойғанда, қазақ ақындарының бірқатары қымызды арнайы жыр еткенін жақсы білеміз. Мәселен, Абай, Сұлтанмахмұт, Бернияз және басқалар. Әрине, мәселе қымыздың бойындағы ерекше қасиетте, оның бірер халықтың қастерлеп ішетін сусыны, тағамы болуында, немесе шипалық күшінде ғана емес. Бұл жерде қандай ақын болсын сол қымыз арқылы нені көрсетіп, не айтпақ боп отыр? Соны ескеру қажет. Мысалы, Абай қымызды байлардың құр күпілдесіп, көбінесе мақтан үшін сылтау ететінін айта келе жай шаруаға «мақтан құма, керек құ» әрі тұрмысыңа жақсы, әрі азабы аз деп ақыл айтады. Абай ең алдымен қазақ тіршілігіндегі бір жақтылық пен мақтан қуып лепіруден гөрі күнделік тұрмысқа бейімділігі мол кәсіппен шұғылдануды мақұл көреді. Ағартушы ақын мәселенің әлеуметтік жағына онша бара бермейді. Ал Сұлтанмахмұт бұл тақырыпты басқаша шешеді.

Алдияр, аруағыңа ет пен қымыз,
Сені ішкен мұратына жеткен, қымыз.
Мейілі доңыз болсын, қоңыз болсын,
Иснің түкірігін ем еткен қымыз,
Бас иіп айдыныңа ауыл-аймақ,
Қоясың қоғамыңды жіпсіз байлап,
Күдай иіп құлқынға түсе қалсаң,
Есілдей есіп шалқып, ақақайлап...

дей келіп, бір қымыздың соңында кәрі мен жас, бай мен кедей, қажы, сопы, қожа-молда бәйік болатынын санап өтеді де:

Кәсіпсіз көзін сатқан сорлы кедей,
Қоя ма піспек аңдып тентіремей.
Атағыңды көтерер алғыс айтып,
Байғұсқа бір жұтқызсаң «кет, шық» демей...

Өлеңін мынадай бір өкініш білдірген жолдармен аяқтайды:

Ей, қымыз, ыза қылдың қолға түспей,
Онда мен жүрермін ғой күйіп-піспей.

Жүректегі кашамды атқылап ем,
Өлсем де: жұртқа беріп, өзім ішпей¹⁾.

Ақын өлеңінің алғашқы шумағын ирониямен бастап, ауылдағы кәсіпсіз жүрген жандардың (бай, мырза, қожа-молда, қажы т. б.) аңдатыны қымыз бен ет екенін айтады да, осылардың тобына еңбек етпей күн көре алмайтын кедейлердің қосылып кететіндігіне өкінішін білдіреді. Сөйтіп ақын ақырғы сөзін де көкесінмен аяқтайды, қымыз оған «атағын» шығарып, «алғыс» алу үшін керек емес, жұртқа сөзін тыңдатып, жүректегі қаласын атқару үшін керек. Қысқасы, демократ ақын осындай болмашы көрініс арқылы қазақ аулының құнарсыз өмірін сипаттап отыр.

Сұлтанмахмұт өзінің ақындық жолында әрдайым бәрар бағытын бағдарлап, алдына қойған мақсатына қайтсе де жетуді арман етіп отырады. Мұны біз оның бірнеше өлеңдерінен аңғарамыз. Алғашқы кезде жазылған сондай шығармаларының бірі «Ендігі беталыс». Тегі Сұлтанмахмұт үйрену, іздену шағының бір кезеңінен өтіп бара жатқанын сезінген болу керек, өйткені осы бір шағын өлеңді жас ақынның манифесті деуге болар еді.

Кірді ғой түстен кейін тентек ақылы,
Сертімің бұл өмірлік ең ақыры:
«Адам — күл, өзің жеңіп ұстамаған!»
Деген бір Сократтың бар нақылы.

Тұрмысты үмітім көп жеңем деген,
Жігермен жеңуіме сенем деген,
Бірқыма менің жүрер қай дүние,
Көңбесе өз ырқыма өзім денем.

Әрине, шыдар-ақпын өлуге мен,
Баспаспан жаман жолға көнуге мен,
Ақтармын оқып-жетіп адам итың,
Баскаға жоқ ықылас бөлуге мен.

Менде жоқ қажу деген, ашу деген,
Тарығып болымсызға жасу деген,
Ісіне күрт-қумырека ұтпнатысың,
Ойымда тек сол бәзден асу деген.

Шындықтың аулын іздеп түстім жолға,
Разымын не көрсем де, осы жолда,
Шаршармын, адасармын, шалдығармын,
Бірақ, бір табармын деп көңілім сонда²⁾.

¹⁾ Сұлтанмахмұт Торайғыровтың баспаға дайындалып жатқан екі томдығының қолжазбасым бойынша алынды.

²⁾ Сонда.

Бұл өлеңді толық келтірген себебіміз, кейбір зерттеушілер Сұлтанмахмұт әуел баста зор үмітте еді, онысына жете алмай, кейін алашордашылар тобына қосылды да адасты, сонан соң жоғарыдағы өлеңге қосымша өзінің жаза басқанын мойындап, тағы да екі шумақ жазды деседі. Бұл жөнінде әзірге пәлендей деп таласу қиын, өйткені оны дәлелдейтін немесе қарсылық білдіретін ешбір дерегіміз жоқ, ең ақыры сол кейінірек қосылды деген шумақтардың өздері қай мезгілде қағаз бетіне түскенін туралап айта алмаймыз. Оның бер жағында өзінің өмірдегі үлкен қатесін ақын екі шумаққа сыйғызып жаза салды деуге тағы да болмайтын секілді. Қайткен күнде де «Ендігі беталыс» деген өлеңде үлкен оптимизм, ақынның өз күшіне, болашағына сенушілік бар екенінде ешбір күмән жоқ. Ал ақын қай жағдайда қалай адасты, оның себебі неде деген сұрақтарға толығырақ жауап беруді кейінге қалдырып отырмыз, қазір бұл арада сөз етудің орны жоқ тәрізді.

Осы циклге жататын ақынның ең бір ғажап өлеңі «Бір адамғаға» қысқаша тоқтап өтелік. Өйткені сырт қарағанда ешбір сұқыры жоқ, жай ғана көрінгенмен осы өлеңнің мазмұны мен түрінде зәредей міні жоқ, бірімен-бірі қабыса мүсінделгендей. Алты шумақтан ғана тұратын шағын өлеңге ақын қазақ өмірінің бір кезеңін сыйғызумен бірге соған өз тарапынан ащы ажуа айтып, қатал үкім шығарған. Бұрынғы ата-бабасына берген сыйлығын көрсетіп, мақтанған тоғышар шалға:

... Ол рас, аталарың шенге алыпты,
Арзан ғып, қымбат емес, кемге алыпты.
Апыр-ай, қалай бұлдаған сатқандарын,
Оқа, түйме, сылдырақ теңге алыпты,

деп бетіне басады да, ақыры ақын мынадай зілді қортындыға келеді:

Отырдым, көрсем жекіп тастар ма деп,
Шал айтты: «көріңіздер, жасқанба!» деп.
Кесені қолыма алып қарай бердім:
Ішінде нақақ көзден жас бар ма деп...⁶

Осы өлеңді оқығанда біздің қазіргі кейбір сыншыларымыздың ертедегі өлең түрлері ескірді, енді жаңа ырғақтар іздеп табуымыз керек деген құнарсыз таластары еріксіз есіңе түседі. Осы

⁶ Сонда.

өлеңнің күдіретті күші неде? Түрінде ғана ма? Жоқ. Оған орасан жігер беріп тұрған ақын ойының тереңдігі мен лахонизмі, философиялық топшылауы. Сондықтан ұйқаста да мүлтік жоқ, оның шашырауына, ыдырауына жол берілмей қалған. Бұдан шығатын негізгі бір қортынды: жас ақын аз жылдың ішінде тез өсіп, Абай бастаған сыршыл лириканы, философиялық толғауды меңгере алғанын айқын көреміз.

Сұлтанмахмұт Торайғыровтың әлеуметтік сарыны басым өлеңдеріне жапсарлас жақын тұрған тағы бір топ шығармалары оқу-ағарту жолына үндеу мен қазақ жастарын өнер-білімге шақыруға арналған. Сәл ғана кейінірек жазса да бұл өлеңдерінде біраз айырма бар. Ең алдымен ақын оқу оқып, білім алуды тек жеке бастың ғана тілек-арманы деп қарамайды, олардың (оқу, білім алуды айтып отырмыз. Ы. Д.) бүкіл қазақ жастары үшін ауадай қажет екенін тани отыра, қандай оқу, қандай білім керек, ондағы мақсат неде деген сұрақтарға айқын жауап береді де нысаналы жолды ашық меңзейді. Сұлтанмахмұт қазақ арасында ағарту, мәдениет жұмысы тым сылбыр, шабан жүргізілуде деп қарайды.

Ақынның өмірбаянынан белгілі бір шындық: ол қайтсе де орыс тілін меңгеріп, үлкен ғылымнан нәр алуды өзіне бірден-бір арман етуі болатын. Ақыры ақын өзіне өзі берген сертін «Өмірімнің уәдесі» атты өлеңіндегі мынадай жалынды жолдар арқылы паш етеді:

Оқудың ант етемін алап атымен,
Орыс тілін білемін һәм хатымен;
История, география пәнді білемей,
Оқудың тірі болып жүрмеспін мен...

... Сенемін, еңбек қылсам, бақыт жақын;
Көдер жаз атақты азам деген «ақын»;
Жүректің қазынасы тазартылса,
Пайдасын көдер әлі-ақ ертең халқым?

Үстірт қарағанда бұл жолдар Ғабдолла Тоқайдың осы тақырыптас өлеңіне үндес секілденеді, бірақ Сұлтанмахмұтты татардың ұлы ақынының тікелей әсері бойынша жазды дегуге біздің туралай дәлеліміз жоқ. Кейде өмір шындығы егіз үндес шығармаларды да дүниеге келтіре беретіні тарихқа беймәлім емес қой. Қалайда жас ақынның орыс халқының ұлы мәдениетіне күштар-

⁷ Сонда.

лана ұмтылғанын бұл өлеңінде ғана емес, оның дос-жарандарына жазған хаттарынан да анық аңғарамыз.

Елінен кеткеннен кейін дін оқуын місе тұтпай жаңаша әдіспен білім алып, орыс мәдениетіне бой ұрған Сұлтанмахмұтты ауылдағы бай-жуандар, ру басы ақсақалдар, қожа-молдалар жақтырмайды, «Ораза ұстамайды, намаз оқымайды, ескі дін оқуын аяққа басады, қожа-молдаларды бетке соғады, орыс болып кетіпті» деп кінә тағады, сыртынан сан түрлі өсек жүргізеді. Ақын бұған қатты ренжісе де өзінің қызмет етпек болғаны ат төбеліндей азғана үстем топ емес, бұқара еңбекші халық деп таниды да, төмендегі «Туған еліме» деп аталатын ант ішіп, серт бергендей тамаша өлеңін жазады:

Үміт қып менен карайсын,
Көңіліңе медеу санайсын.
Балалыққа жарасам,
Аталыққа жарайсын.

Қайтейін, елім, қимаймын?!
Кия алмай жанды қинаймын.
Қимай қалсам ішінде,
Тағы тынышып сыймаймын

Алты қырдан ассам да,
Сөздеріңді сыйлаймын...
... Сіздерге әкеп шашуға
Ілім-білім жинаймын.*

Міне өзін сынаған, кінәлаған мырза-шонжарлар мен қожа-молдаларға ақынның берген жауабы осы, қысқа болғанмен, негізгі ойын, өзі көксеген арман-тілегін бүркемелемей ашып-ақ айтқан. Кейінірек, «Шәкірт ойы» деген ғажап өлеңінде Сұлтанмахмұт тағы да осы ойын қуаттай түседі.

С. Торайғыров шығармаларын зерттеушілердің қайсы біреулері ақынның дінге көзқарасын көбірек сөз етіп, өздерінше қортынды шығарып жүр. Олар Сұлтанмахмұт бала шәкірт кезінде діни оқуға біраз беріліп, құран қари, ғұлама адам болуға тырысса да, кейін діннің халыққа жақсылық әкелмейтінін тез түсініп, жедел қолын үзді де бірден атеист боп шыға келді деседі. Біздіңше бұлайша топшылау шындықтан алшақ жатыр, онда сыңар жақтылық, құрғақ сәуегейлік жағы басымырақ қой демекпіз.

* Сонда.

Әрине, озат көзқарасты қабылдап, дін сөкілді ескіліктің пасық, кертартпа жиынтығынан ақынның бас тартуы онша төріс емес тәрізді-ақ. Бірақ, оймен қайырып бұрмалау бар да, ырыққа көнбейтін қатал шындық тағы бар ғой. Сұлтанмахмұтты атеист деп санауға қандай дәлеліміз бар? Бұл жерде «Олай еді, бұлай еді» деген құрғақ топшылаудан гөрі ақынның өзі жазған шығармаларына жүгінсек дұрыс болар еді.

Рас, Сұлтанмахмұт өзінің көптеген өлеңдерінде қожа-молдаларды, дінге берілген кейбір надандарды қатты ажуаға алып, аяусыз әшкерелегенін көреміз, бірақ бұдан құдайға сенбеді, құраннан безді деген ұғым тумайды ғой. Сол кездегі қазақ ауылының жағдайында Сұлтанмахмұт Торайғыров дінге шын қарсы болған күннің өзінде онысын жария ете алар ма еді? Біздіңше олай етуге ешбір мүмкіндік жоқ. Сұлтанмахмұт «Соқыр ағаш» деген өлеңінде надан бола тұра, өзінше тақуа, діндарсыған бір қажыны сықақ етсе, «Айт» деген шығармасында ескіше айтты тойлауға наразы болса, яки қожа-молдалардың сұғанақтығын, жем қорлығын паш етіп, әшкерелесе бұдан ол атеист дәрежесіне көтерілді, діннен мүлде безді деген қортынды шығаруға бола ма? Біздіңше дінді сылтау етіп елді алдаған сұмырайларды қатты сынға алғанмен Сұлтанмахмұт діннің өз негізінен мүлдем бас тартып, атеист болу дәрежесіне жеткен жоқ, көп жерлерде қалай болған күнде де сол алла мен пайғамбарды үнемі атап отырады. Тегі бұл ойымызға ақынның өмірінің соңғы жылдарында жазған басқа шығармаларын талдағанда тағы да бір оралып дәлелдерімізді толықтыра түсерміз.

Сұлтанмахмұт Торайғыров өмір сүрген кездегі ең күрделі мәселелердің бірі — әйел теңдігі. Қалың малдың қырсығынан жас қызды шалға беру, немесе өмеңгерлік дәстүрі, қыскасы қазақ қоғамындағы әйелдің правосыздығы сол кездегі үйреншікті жөксұрын көрініс десе болғандай. Жаңа заманның лебі, орыс мәдениетінің тікелей әсер етуі нәтижесінде қазақ ауылына енген жаңалықтар (газет-журналдардың шығуы, оқу-ағарту орындарының көбеюі, оқыған қазақ жастарының пайда бола бастауы т. б.) ежелден шешілмей келе жатқан әйел мәселесін қайта қарау қажет екендігін күн тәртібіне әкеліп қойды. Сонымен бірге осы тақырыпқа өлең, әңгіме, роман, мақалалар жазылатын болды. Мұсылманша болсын хат танып, көзі ашылып, сана-сезімі оянған қазақ қыздарының өздері де дауысын көтеріп, ғасырлар бойы еңсесін басып келген теңсіздікке қарсы шықты. Міне осы тақы-

рып, Сұлтанмахмұт шығармаларынан да зор орын алып, жазушы өз творчествосының өн бойында үнемі назарын аударып келді. Несіпжан деген жас қыздың ауру шалға берудің құсасынан хал үстінде жатқанына арнаған шағын өлеңінен бастап, «Кім жазықты?» мен «Қамар сұлу» тәріздес кесек шығармаларына дейін жазушы бұл тақырыпқа үлкен мән беріп, жеке бастың мұңын мұңдаудан гөрі, әйел тағдырының әлеуметтік сырын ашуға ұмтылғанын анық аңғарамыз.

С. Торайғыровтың әйел тақырыбына жазған (мұнда поэмалары мен романын да ескеріп отырмыз, бірақ олар жөнінде әңгіме арнайы болмақ). Ы. Д.) шығармаларын екі салаға бөлуге болар еді. Біріншісі — ескі ғұрыптың күңі болған аяулы жандардың қайғылы халін суреттеу, жанашырлық сезімін білдіру, екіншісі — әйелдің қоғамдағы орны, ол семья көркі, өзіз ана, сүйікті жар. Алайда, ақын әйелдерді бірыңғай дәріптей бермейді, олардың ішіндегі кейбіреулерінің сүйкімсіз мінездерін шенейді, ажуа етеді.

1914 жылдың ішінде жазылған алты өлеңді («Альбомнан», «Кешегі күндей түсті бұлт басқан», «Сымбатты сұлуға», «Қыз сүйю», «Гүләйім», «Жан қалқам») алып қарасақ, олар сан алуан. Бірде ақын өзіне ұнаған қыздың альбомына өлең жазып, оның келешекте бақытты болуына, өзіне тең оқыған жасты кездестіруіне сенім білдірсе («Альбомнан») тағы бір сәтте еңсесі түсіп, екі көзі ыстық жасқа толған шерлі қыздың аянышты халін толғана жырлайды, қабырғасы қайысып, жүрегі елжіресе де қолдан келер жақсылығы болмаған соң өзінің басқан адымын санап жүріп кеткенін, қыздың мұңайып қарап қалғанын баян етеді («Кешегі күндей түсті бұлт басқан»).

Ақынның оқшаулау тұрған шығармасы «Сымбатты сұлуға» деп аталатын сатиралық өлеңі. Ең алдымен осы өлеңге қойылған аттың өзінде ащы ирония бар, өйткені мұнда сөз болатын сымбатты сұлу қыз емес, керісінше көрерге көркі, сүйсінерге мінезі жоқ, шаруаға да, өз басын күтуге де олақ, нас, тұрпайы әйелдің суреті берілген. Ақынның «мақтағанының» бәрі ажуа, мысқыл. Мысалы, ол былайша «мадақтап» отырып мазақ етеді:

Сүйдірген сені маған кірлі мойның
Арбадай қиратылған доғал ойның.
Ә, дүние, кірсем бойым жылтар ма еді,
Қаңтардың азындай ыстық қойның.

Бұғар шығар қойнынан,
Жанжал шығар обнымнан.⁹

«Қыз сүю», «Гүләйім», «Жан қалқам» деп аталатын өлеңдері тіпті басқаша. Олардың бәрінде қызды қол жетпейтін арман, бірақ оған әр кімдер ұмтылады, ең ақыры аппақ кубас шалдар немесе мылқау, кеңе, тазшалар да үмітін үзбейді десе, екінші өлеңінде Жарқын деген байдың Гүләйім атты сұлу қызының сырт пішінін сұқтана суреттейді. Тегі өлең түгел күйінде жетпеген болу керек, өйткені ақынның аяқ алысына қарағанда ұзаққа баратын шығарма екені айқын көрініп тұр. «Жан қалқамда» ақын өз көңіл күйін шертеді, сүйкімді жанға жан күйігін жасырмай баян етеді:

Өзегімді жандырдың,
Идеминан тандырдың,
Өмірлік кетпес қайғымды,
Бір көз салып қалдырдың.

деп назын айтса, тағы бір сәтте:

Көлеңкенді көрейін,
Күрбандықта өлейін;
Жандырдың өзің өрт салып,
Баспасан қайтіп сәнейін? —

дей келіп, кейінгі шумақтарын Абайша құрып, қызға деген қалтқысыз көңілін ақтара тебіренеді:

Сірә да жалғыз мен емес,
Сенсіз дүние кең емес,
Ауруым қатты өлемін,
Өзінен басқа ем емес...¹⁰

Алайда өлемін деген сөзді қайталап айтқанмен ақынның бұл толғауында пессимизмнің, торығудың сарыны жоқ, сүйген қызының көңілін өзіне аударуға жасаған тәсілі, білдірген назы ғана.

О Сұлтанмахмұт өзінің көңіл күйін: қуанышы мен қайғысын, мұңы мен назын, сүйінуі мен күйінуін өте шебер және нәзік етіп шерте білетін сыршыл, лирик ақын. Ақынның сол 1914 жылы жазылған: «Ләнет бұлты шатырлап», «Келді хатың мен шаршап»,

⁹ Сонда.

¹⁰ Сонда.

«Алты аяқ», «Күңгірт түспен ойға батып», «Ей, махаббат, ей, достық», «Дүниедегі қызықтың» деп аталатын өлеңдері де оның әр жағдайдағы көңіл күйін білдіреді. Ақынның бір сәтке торығып, «Дүние бәрі у екен, мені алдайтын қу екен» деп егіле налығанын көрсек («Ләнет бұлты шатырлап»), «Алты аяқ» деп аталатын ғажап лирикасында өмір үшін алысқан, түпсіз тұңғыықтан да, теңіздің асау толқынынан да, қысқасы күнделік өмірде кездесетін барлық қауып-қорқыныштан аман шыққан талапты жанның жарқын бейнесін сипаттайды, ол қанша мүсәпір боп көрінгенмен түбінде бәрін жеңіп шығады, демек бұл өлеңде оптимизм сарыны басымырақ. Алайда, ақын көңіл күйінің көлеңке жақтарын суреттеуге көбірек бой ұрғандай, «Келді хатың, мен шаршап», «Күңгірт түспен ойға батып», «Ей, махаббат, ей, достық» тәріздес шығармаларында ол, көбінесе, іштегі қапасын, жүрек түбіндегі сырын, жеке басының мұңын шертуге көбірек машықтанғанын көреміз. Бірақ бұларының өзінде үмітсіздік, құлай торығушылық яки өмірден мүлдем түңілушілік сарындары жоқ. Ақын тек бір сәтке болсын сынған көңілінің мұң-зарын шағып, арылғысы келеді. Мұндай қасиет лирик ақындарға тән нәрсе. Түр жағын сөз өткенде, көбінесе көңіл сырын алты аяқпен беруге тырысады, өлең формасы қатал сақталған, салақтық пен олақтық жоқ.

○ Табиғатпен сырласқанда да ақын күнделік өмірдегі көріністерді ұмытып, бет алды шарықтап кетпейді. Ол қашанда болсын жаратылыстың көркемдігін адам тіршілігінен сырт алып қарап сұқтанбайды. Адамсыз, оның қатынасынсыз өмір құбылысы, табиғат сұлулығы жоқ, болған күнде олардың мағынасы аз дейді ақын. Сондықтан да қазақ ауылының жазғы тұрмысын суреттейтін өлеңді «Жаз» деудің орнына «Жазғы қайғы» атауы тегін болмауы керек. Өлең жаздың жайма-шуақ күнін, маужыраған кешін, гүлденген далаға толып, асыр салған құлын, тай, қозы-лақтарды, маңыраған қой, мөңіреген сиыр, боздаған түйелерді, сылдырап аққан бұлақты шабыттана суреттеуден басталса да, ақын қазақ жерінің тарыла түскенін, ел басында ерік қалмай бара жатқанын, бір кездегі молшылық пен еркіндіктен айрыла бастағанын мұң етіп, егіле толғайды. Мұнысынан аздап болсын жат сарынды абайламасқа болмайды.

«Жапырақтар» деген тек табиғат әсемдігін суреттейтін лирикалы өлеңін аяқтағанда, тамам гүлденген жапырақтардың ішінен ерте бозарған біреуін көріп, одан өзінше әлеуметтік мағына іздейді де мынадай қортынды шығарады:

Алапқа тұрмыс салғандай,
Есі-дерті иалғандай,
Көгерет дәйтін үміт жоқ,
Күрт түсіп қатып қалғандай.
Дірідеп жерге қарап тұр
Жалғаннан көзі талғандай¹¹

Сұлтанмахмұттың өмірдегі ұсақ көріністерді бейнелейтін (мысалы «Мұның аты өш алу» тәріздес), немесе досқа деген бейілін білдіретін хат түрінде жазылған бірнеше өлеңдері бар, солардың бәрінде ақын өз заманының ерекшеліктерін бермек болады, көбінесе, ұнамсыз құбылыстарды әрдайым сынап-мінеп отырады.

Ақынның 1913—1914 жылдардағы еңбегіне қысқаша қортынды жасасақ ол «Айқап» редакциясында қызмет өтіп жүрген кезінде зор күштарлықпен көркем әдебиет майданына араласып, аз уақыттың ішінде көзге түскенін, ақындық қаламы төселіп, көптеген шабытты шығармалар туғызғанын айтар едік. Ал өнді талантты ақын осы кездегі жемісті еңбегімен қазақ әдебиетіне қандай үлес қосты, нендей жаңалықтар әкелді деген заңды сұрақтарға ақын творчествосына берілетін соңғы қортынды бөлімде толығырақ тоқтамақпыз.

Сұлтанмахмұт Торайғыровтың 1915 жылы жазған өлеңдері сан жағынан тым аз болса, 1916 жылы шығарғандары жоқтың қасы, мүлдем сақталмаған. Сұлтанмахмұт 1915 жылы, бір жағынан өл ішінде бала оқытып, өзі білім алу үшін қаражат жинаудың қамына кіріссе, екіншіден ауылда таза һауада жүріп, қымыз ішіп, бойына сіңген ауыр сырқатынан айықпақ болады. Бір жерде ұзақ тұрақтай алмағанынан ба, әлде бізге келіп жетпей жоғалып кеткенінен бе, кім білсін, 1915 жылы жазған өлеңдері өте аз, не бары төртеу ғана. «Орамалға», «Қазақ қызына», «Жүрегім, тулап шабасың», «Мейірімсіз ажал». Оның өзінде «Орамалға» деген көпшілік оқуына арналған шығармадан гөрі, екі жастың арасындағы ішкі көңіл күйін, достық назын білдіретін, әдетте альбом бетіне жазылатын өлең тәріздес. Сондай-ақ «Мейірімсіз ажал» деп аталатын шағын өлеңін туыстас адамның өліміне арнаған.

«Қазақ қызына» деген тағы бір өлеңі ақынның бұрынырақ жазған «Сымбатты сұлуғасына» үндес. Бұл шығармада автор қазақ қызының кімге ұқсамауы қажет және өзі кімнен, не үшін жеркенетінін жасырмай ашық айтады.

¹¹ Сонда.

1915 жылы жазылған шығармалардың ішінен «Жүрегім, тулап шабасың» деп басталатын ұзақ өлең түрі, сөз өрнегі, ішкі тынысы жағынан Абайдың көңіл күйін шертетін кейбір лирикасын еріксіз еске түсіреді. Ақын өз басының мұңын, тілек-арманын, тұңілуі мен торығу сәттерін білдірумен бірге, өзін айнала қоршаған топтың топастығын да ашып паш етеді:

Кім таныды өзінді,
Кім білдірді сөзінді?
Желе жортып, жел қуып,
Күр шаршатпа өзінді.
Ашсан — қалдың бәлеге,
Жұмып кір көрге көзінді.
Тағдырына бойсұнып
Салып көр енді төзімді.
Жібегің тұрсын оларға,
Үстатпа, кірлер бөзінді¹²

Сөз реті келген соң айта кету қажет: Сұлтанмахмұт Абай дәстүрін мықтап дамытушылардың бірі бола тұрса да, ол өз тәжірибесінде ұлы ұстаздың үлгілерін сол қалпында қайталауды қанағат етпеген, өзіндік стилі, ерекшелігі мол зор дарын иесі ақын.

1915 жылдың жемісін сөз еткенде ақынның жаңа белеске көтерілмек болып, үлкен бастамаға кіріскенін, «Әжібай болыс» (немесе «Кім жазықты?») романын жазып аяқтағанын ескермеске болмайды. Шығарманың жазылу тарихын, бұл реттегі ақынның табысы мен сәтсіздіктерін кезінде толығырақ сөз етеміз, әзірге 1915 жылдың үлесінде «Кім жазықты?» романы бар екенін айта кеткіміз келді.

Сұлтанмахмұт Торайғыровтың 1916 жыл бойында жазған өлеңдері бізге келіп жетпеген. Қазақ халқының тарихындағы ең зор оқиғаның бірі қазақ еңбекшілерінің 1916 жылғы әйгілі көтерілісіне байланысты Сұлтанмахмұт тәрізді жалынды ақынның үндемей, қалыс қалуы мүмкін емес. Дегенмен, ақынның сол жылғы өмір-тіршілігіне бақсақ, ол өзінің негізгі мақсаты — білім алуды жүзеге асыру үшін қаражат жинаудың соңына түсіп, уақытының көбін бала оқытуымен өткізгенін көреміз. Демек, ақын Тарбағатайдан Семейге, одан Томскіге жол-сапарда, оқу іздеу қамында көп жүріп, творчестволық жұмыспен шұғылдануға жағдайы бола бермеген сияқты.

¹² Сонда.

1917 жыл Россия топырағына ұлы жаңалықтар әкелді. Әуелі февраль революциясы болып, үш жүз жылдан аса Россия империясын билеп-төстеп келген Романовтар тақтан құлатылды, Россияның ұлан-байтақ жерін мекендеген көп ұлтты елдердің еңбекші бұқарасы бостандық пен теңдікке жетуге зор үміткер болып, бір серпіліп қалысты. Бірақ та патшаны тақтан тайдыру, помещиктерге ауыр соққы беру өте маңызды оқиға бола тұрса да, ұзақ уақыт бойы шиеленісіп келген қанды күрестің алғашқы нәтижесі дәл ойлаған жерден шықпады, екінші сөзбен айтқанда, революция жолында жан аямай алысып, ерлік пен табандылық көрсеткен жұмысшылар мен крестьяндардың ұйымдастыру ісіне дайындығының аздығын пайдаланып, үкімет басына буржуазия келіп отырып алды. Сөйтіп, жұмысшы табына қарағанда орыс буржуазиясының үкімет басқаруға дайындығы молырақ болып шықты.

Ал кілең октябристер мен кадөттерден құралған буржуазияның уақытша үкіметі халықтың астық, бейбітшілік шын бостандық жөніндегі бірде-бір талабын орындағысы келмеді. Қайта бұқара көпшілікті алдап, тақтан құлатылған патшамен астыртын ымыраға келуге ұмтылды, өзінің қолындағы бар күшті «соғысты жеңіске жеткенге дейін созу» мүддесіне жұмсауға тырысты.

Царизмді талқандағаннан кейін жұмысшылар мен шаруалардың империалистік буржуазияға қарсы күресі тоқталмай жаңа жағдайда өтетін болды. Қалайда буржуазиялық-демократтық революцияның жеңісі із-түзсіз болған жоқ. Саяси бостандық, сөз бен баспасөздегі еркіндік дегендеріңіздің революциялық әрекетті кең көлемде жүргізіп, дамытуға зор мүмкіншілік туғызды.

Россия көлемінде болып жатқан осындай өзгерістер Қазақстанға да ықпал етпей қалған жоқ. Февраль революциясынан кейін қазақ еңбекшілері өздерінің ежелгі жауы — бай, болыстарға қарсы бас көтерді, әсіресе жер мәселесі жөніндегі айқас қызә түсті. Осы қарсаңда орыс пролетариатының тікелей әсері және басшылығы бойынша Қазақстанның көптеген қалаларында жұмысшылар мен солдаттар депутаттарының советтері ұйымдастырыла бастайды. Бұлар ескі үкіметтің өкілдеріне қарсы тұрып, жергілікті жерлерде революциялық шаралар жүргізетін болады.

Сонымен бірге февраль революциясының хабарын қазақ даласындағы кертартпа күштің өкілдері басқаша қабылдады. Олар осындай жаңалықты жарыққа әкелген шын күшті көргісі келмей, буржуазиялық уақытша үкіметті қостап, оның «қасиеттерін» санап даурықты. Патша үкіметі қирап, мәңгі-бақи өшкеніне көздері

жеткен соң, қазақ ұлтшылдары бір кезде сол царизмнің алдында құрдай жорғалағанын ұмытып, енді самодержавиені сынаған болды, буржуазиялық уақытша үкіметті бастан-ақ қостап шықты, халық мұңын мұңдайтын тек солар ғана деп шімірікпестен жариялады. Буржуазияшыл ұлтшылдар өздерін қазақ халқының қамқоршысы санап, сөйлеген сөздері мен жазған мақалаларында «жарылқаса да» іс жүзінде олардың алдарына қойған мақсат-тілектері халық мүддесіне жат еді. Қазақ ұлтшылдарының бұл опасыздығы кейін тарихта да айқын дәлелденді.

Міне, осындай шым-шытырық қиын жағдайда әдебиет қайраткерлерінің тура жол тауып, халықтың қалың арасында айнақатесіз қалып қоюы оңай емес еді. Сондықтан да өз тағдырын бірден революциямен тоғыстырған, большевиктер партиясының басшылығымен пролетариат қозғалысының ұлы арнасында қызмет еткен Сәкен Сейфуллин сынды қайраткерлер революциясының жолында қаруымен де, қаламымен де күрессе, демократшыл деген жазушылардың кейбіреулері бұл кезде не үндемей қалды, немесе ұлтшылдардың көлгірсіп айтқан көпірме сөздеріне еріп адасты, дұрыс жолдан тайып жаза басты, аз уақытқа болсын сол ұлтшылдар тобынан шықты. Ал қайсыбір байшыл-ұлтшыл ақын-жазушылар алашорда тобының әуел бастан жуан ортасында жүріп, соның жаршысы, идеологі болды.

Сұлтанмахмұт Торайғыров бұл қарсаңда оқу іздеп Томскі қаласында жүрсе де, Россияда болып жатқан ұлы өзгерістің кезінде сырт бақылаушы ролінде отыра алмай, февраль революциясынан кейін дереу Томскіден Семейге келеді.

Ақынның өмірбаянындағы мәліметке жүгінсек: март айының бас кезінде Семей қаласына келген ақын бірден жаңа ғана құрылған, қазақтар арасында жұмыс жүргізетін облыстық комитетке мүше болады да, сол комитетте кіші хатшы қызметін атқарады. Демек, қызу дүрмек үстінде жас ақын ұлтшылдар тобының ортасына тап болады. Бұл жерде айта кететін бір жағдай: біз қайтсе де Сұлтанмахмұтты ақтайтын сылтаулар іздеп, оның жіберген қатесін жеңілдетуден, немесе ебін тауып ауырдың үсті, жеңілдің астымен алып шығудан аулақпыз. Бірақ, деректердің күшіне, автордың өз шығармаларына сүйене отырып, С. Торайғыровтың осы кезеңде жаза басуының негізгі себептерін ашуға тырыспақпыз. Өйткені Сұлтанмахмұттың барлық өмірі, ұстаған жолы мен көздеген мақсатының қайтсе де оны осы топқа өкелерлік ішкі заңдылығы жоқ екенін дәлелдеу қиын емес. Ол

жөнінде кейінірек сөз етерміз. Ал өзiрге ақынның осы 1917 жылы жазған шығармаларына оралып, қысқаша тоқтап өтелiк. Бұл жыл онша жемiстi болмаған, ақын небары 6—7 ғана өлең жазған.

Ақынның оқшау тұрған шығармасы — «Шәкiрт ойы» деп аталатын шағын өлеңi. Тегi, бұл өлең Сұлтанмахмұттың осы алуандас тақырыпқа жазған шығармаларының жиынтық қортындысы екенiнде ешбiр күмән жоқ. Оқып, бiлiм алып есейген шағында ақын өзiнiң алдына қойған негiзгi арманына қортынды жасағанын мына бiр жолдардан айқын көреміз:

Қараңғы қазақ көңiле,
Өрмезел шығып, күн болтам!
Қараңғылықтың кегiне,
Күн болмағанда, кiм болам
Муздаған елдiң жүрегiн,
Жылытуға мен кiрермiн!¹³

Жоғарыдағы ойымызды дәлелдеу үшін ақынның 1913 жылы жазған шағын бiр өлеңiнiң бiр шумағын оқып көрелiк:

Мен—балаң, жарық күннен сәуде кутан,
Алуға күндi барып белдi буған,
Жұлдыз болып көрмеймiн елдiң бетiн,
Болмасам толған айдай балқып туған.¹⁴

Екеуiнiң арасындағы айырма неде? Соңғы келтiрiлген төрт жолда жас ақынның уәдесi, сертi, қайтсе де жұлдыз емес ай боламын десе де, осы ойының сырын ашып айтпайды. Сондықтан өлеңнiң идеялық мазмұны жалпылама жатыр. Ол кiм үшін және не үшін жұлдыз емес ай болғалы жүр? Түпкi мақсат, яки идеал қандай? Ол ой поэзия тiлiне көшiп, оқушы ұғымына эмоциялық жылылықпен жетпей тұр. Ал «Шәкiрт ойында» олай емес, өлеңнiң әр сөзi нық, дәл, нақты ғана емес, әр жолы шын ақындық шабыттан шалқып шығып, лапылдап жанып тұрған отты, өршiл өлең; әсем өуез, сұлу жыр. Мұны тебiренбей, толқымай қабылдау мүмкiн емес. Ақын не үшін күн болатынын және кiм үшін қызмет iстейтiнiн өзi де анық түсiнедi де, өзгеге де ұтымды түсiндiредi. Мақсаты әр де, сенiмi зор.

«Гүл» атты өлеңiнде өзiнiң бiр сәттегi көңiл күйiн өте шебер бiлдiрген. Жаздыкүнгi балбырап шыққан гүл көздi тартқанмен ол сол қалпына ержетiп толыса ма, әлде суыққа ұрынып солып

¹³ Сонда.

¹⁴ Сонда.

қала ма, әлде бір мақлұқ қонып құрыта ма, әлде бір құрт түсіп, мезгілінен бұрын өше ме деген сұрақтарды қояды да, ақырында жауапты соңғы екі жолмен береді:

Мұның бәрін білмесең,
Өмір қайдан оңады¹⁵

Сондай-ақ Сұлтанмахмұттың «А, дүние!» атты философиялық толғауы да ақынның болмысты топшылауындағы қайсыбір қайшылықтарын айқын көрсетеді.

Егер тәңірі қанат берсе, мен еркіммен көкке көтеріліп, «жер, күннің аймағынан үстін шығып» әлемге сол арадан көз жіберсем деп ақын арман етеді де содан кейінгі жағдайда ол үшін жер дегеніңіз басқа әлемдер жанында елеусіз, тозаңдай бірдеңе болып көрінетінін мойындайды. Адам өміріне торыға қарап, пессимистік сарында төмендегідей қортындыға келеді ол:

Әлемге өмір шашқан күні мынау,
Жердегі көрінбеген сыры мынау,
Бар-жорының тозаңдай елеңі жоқ,
Адам тұрсын, жерінің түрі мынау.

Неменеге мақтандық көкірек керіп,
Өзімізге сонша артық мағына беріп,
«Барша әлем жаралған адам үшін»
Деп қалайша власып жүрдік сеніп¹⁶

Бұл өлеңде іштей қайшылықтар бар. Ең алдымен ақын соңғы екі шумақтағы қортындыларды егер тәңірі оған қанат бітіріп, ол жерден, көктен жоғары көтеріліп, тұңғыық аспан әлемімен танысқаннан кейін барып шығаруы керек қой. Ал егер ондай қанат бітпесе (шындықта солай ғой. Ы. Д.), сонда да ақын айтқандай жер мен адам тіршілігі болымсыз халде қалмақ па?

Аспан әлемі тұйық қалыптағы кезінде, демек адам баласына шешусіз жұмбақ көрінген шағында күллі дүние (вселенная) алдында өзіміз мекендеген жердің, сол жер бетінде аз күнгі қонақ есебіндегі адамның болмысы қораш көрінуі бұрынғы өткен ойшылдар мен ақындардың сан қилы пәлсапасына тақырып болғаны мәлім. Бірақ, мұнда өмірден безушілік пен торығудан гөрі жұмбақ әлемінің сырын білуге күштарлық басым жататын. Әйт-

¹⁵ Сонда.

¹⁶ Сонда.

песе адам өмірінің қысқа екендігі, сол адамның жалпы әлем жөніндегі түсінігінің тым тайыз боп келетіндігі ертеден мәлім болғанмен адам өзін жер қожасы санап, «барша әлем жаралған адам үшін» деп тануында астамшылықтан гөрі өз парасатына сенушілік, өз тіршілігіне үлкен мән берушілік, қысқасы өмірге зор оптимизммен қараушылықты көрмейміз бе? Адамның адам болып жүрген қасиеті осы емес пе? Сондықтан біз Сұлтанмахмұтты бұл сұрауларды адам баласын тұқыртып қораш етіп көрсету мақсатымен қойып отырған жоқ демекпіз.

Қалайда осы бір шағын ғана өлең ақынның ой дүниесінің тереңдігін, өмір танудағы дағдарысының кейбір сәттерін бейнелейтін тәрізді.

«Сарыарқаның жаңбыры» деп аталатын өлеңін соңғы кезді 1917 жылы жазылды деген пікірді көбірек айтып жүр, мүмкін бұлайша жорамалдауда белгілі логика да бар болар. Өйткені өлең мазмұны әншейіндегі ауыл тұрмысын сипаттағанмен ақын қортынды екі шумағында бостандықты сөз етіп, ол бола қалған күнде жайшылықпен келмейді, сол кезде жаңбырдан безген кемпіршілеп жүрмеңдер деп ескертеді. Бірақ, бұл жерде ақын бостандықтың кімге келгенін, кім үшін қажет екендігін ашып айтпайды. Тек оны жерді гүлдендіретін жаңбырға теңеп, соның күші арқылы ел көгереді деген сенім білдіреді. Бұл өлеңнен үлкен қортынды жасап, революциялардың бірі болмаса бірін қабылдап, сөз етіп отыр деу өте қиын.

Айрықша мән беріп, жекеше талдауды керек ететін шығарма Сұлтанмахмұттың «Жас жүрек» атты белгілі өлеңі. Кейбір зерттеушілер ақын осы өлеңінде өз қатесін мойындады, алашорда тобына қосылғанына өкінді дегендей емәурін білдіреді. Бірақ, осы шығарманың толық күйін алып көрсек, толып жатқан қайшылықтар кездеседі. Ең алдымен ақынның өлең соңында мойындап отырған адасуы қай адасу? Одан алашордаға қосылып, жаза басып жаңылғанына өкінді деген ұғым туа ма, олай деуге қандай дәлеліміз бар? Өлең басында сөз болатын жайлар осыған әкеліп тіреп отырған жоқ қой. Біздіңше «Жас жүрек» өлеңінен ондай қортынды шығаруға ешбір сүйенішіміз жоқ. Қайта, бұрын әрбір өлеңінде дерлік жаңалықты көксеп, оқу-білім алу майданындағы жастардың талабы мен жігерін жиі сөз ететін ақын енді, неге екені белгісіз, қазақтың ескі өмірін қаз қалпында көріп, сұқтана жырлайды, оны қолжетпес бір сағымдай есептеп өгіле күңіренеді. Тегі бұл өлең Сұлтанмахмұттың сол жылы басыл-

ған аты шулы «Алаш ұраны» атты таза ұлтшылдық сарынмен жазылған жырына көшетін баспалдақ тәрізді. Қайталап айтсақ, солай екендігі оның (өлеңді айтып отырмыз. Ы. Д.) кейінгі баспаларынан түсіп қалған шумақтардан да айқын көрініп тұр.

Ал енді «Алаш ұраны» атты шығармасының өзі турасында не айтуға болар еді? Сұлтанмахмұт зор талант иесі болғандықтан адасқан күнінің өзінде де, теріс бағыттағы өлеңін де зор шабытпен жазып, шын мәніндегі гимн дәрежесіне көтерген. Бірақ бұл шығарманың мазмұны кертартпа, идеясы зиянды екенін ашып айтуымыз қажет. Ұлтшылдық сезіммен уланған ақын алаш туы астында ғана Сарыарқа (бұл жерде Сарыарқа бүкіл қазақ даласының синонимы. Ы. Д.) көгереді дейді де «Бір кезде елімізді құрт аурудай жайлаған, құртуға ойлаған, қанымызға тоймаған, қолымызды байлаған, ерімізді айдаған, жерімізді шимайлаған» залымдардың қарасы өшті дей келе, әрбір шумақтарының соңынан, «Жасасын, алаш, жасасын!» деп қайталап отырады. Бүкіл өлеңнің өн бойынан бір ғана сарын еседі, ол ұлтшылдық сарын, халық тілегіне жат, зиянды сарын. Осы өлеңді оқығанда оны Сұлтанмахмұт қалай жазды екен деп таңданасыз, ақынның мықтап адасқанының бұлжытпас куәсінің бірі осы өлең екенінде ешбір күмән жоқ. Бұл жерде Сұлтанмахмұтты арашалаудың қажеті бола қоймас. Керісінше, демократ ақынның сара жолдан тайып, жаза басқанын, осы шақта оның ұлтшылдар сойылын соққанын ашып айту жөн.

Енді осы аурудың қанша уақытқа созылып, қандай түрге ауысса бастағанын, ақынның одан құтылып, мүлде айығу жолында қалай күрескенін аңғару, дұрыс тану үшін оның кейінгі жылдарда жазылған шығармаларына тоқтап өтсек дейміз.

С. Торайғыровтың 1918 жыл ішінде жазған өлеңдері сан жағынан онша көп емес, не бары алты ғана өлең («Неге жасаймын», «...ға», «Соғыстың кесірі», «Мұңдылардың жолыққаны», «Ақ сәуле», сонсоң ұзақ өлең «Таныстыру»).

Біздіңше осы шығармалардың бәріне бірдей түгел тоқтап, әрқайсына жекеше талдау жасаудың қажеті жоқ. Ақынның осы жылғы туындыларының жалпы сыр-сипатын ашып, оның негізгі идеялық бетін айқындайтын кейбіреулерін ғана сөз етсек жеткілікті ғой дейміз. Бұл жерде, ең алдымен, Сұлтанмахмұттың «Неге жасаймын» деп аталатын тамаша өлеңін айрықша атап өту орынды. Егер «Туған елімде» жас жеткіншекті медеу етіп қарайтын еліне тек қана «сіздерге әкеп шашуға ілім, білім жинаймын»

деген серт берумен қанағаттанғандай болса, «Шәкірт ойы» деген өлеңінде оқып білім ала бастаған шәкірт «қараңғы қазақ көгіне, өрмелеп шығып, күн болатындығына» көміл сонетіндігін ашық айтады. Демек, ақынның өз міндетін тануда зор өзгеріс, алға қарай даму бар. Дәлірек айтқанда, ақында іштей түлеу, жаңару, ілгерілеу, шын мәніндегі творчестволық эволюция бар еді. Дәл осы ретте «Неге жасаймын» — Сұлтанмахмұттың ақындық, азаматтық программасы секілді. Мұнда ол адам өмірі қысқа екендігін, өзі бастаған игі істердің жемісін түгелдей көруге үнемі бола бермейтінін мойындап, терең қорытындыға келеді:

Жасаймын: «Еңбектің
Жемісін көзбен көрем» деп,
Жасаймын: «Бір қолғабыс
Кейінгіге берем» деп.¹⁷

Осы төрт жолға адам өмірінің бар қасиеті мен мағынасы сыйып тұрғандай. Демократ ақынның ежелгі арманынан адаспай, өлі де болсын гуманизмнен қол үзіп кетпегенін тағы да бір көргендейміз.

Басқа өлеңдерінің бірі: ел арасына көркі және шешендігімен даңқы жайылған сұлу қызға жолдаған сәлем хат, иронияның сәл салқыны болса да, мадақтау түрінде жазылған шағын өлең. Екіншісі («Соғыстың кесірі») көркемдігі мен өткірлігі жағынан алғанда өзіне онша тарта қоймайды. Сонымен бірге кейбір зерттеушілер топшылағандай бұл шығарманы Л. Н. Толстойдың «Соғыс пен бейбітшілік» атты белгілі эпопеясын оқу өсерімен жазылды деуге тағы да тиянақты дерек жоқ. Мазмұнына қарағанда бұл өлең бірінші дүниежүзілік соғыстың салдарынан туса керек.

«Ақ сәуле» деп аталатын лирикалық өлеңде жеке бастық субъективтік сезімдері тым жалақаш беріледі. Сондықтан болса керек, бұл өлең ақынның кейінгі жинақтарына енгізілмей жүр.

Ерекше тоқтауды талап ететін шығарманың бірі «Таныстыру» деген диалогпен жазылған ұзақ өлең, 1917 жылдың орта шенінде қызметін тастап, Семейден ел арасына аттанған Сұлтанмахмұт енді алашордашылар тобына қайтып оралмайды, бұған, бір жағынан, ақынның ұзаққа созылған сырқаты бөгесін жасаса, сонымен қатар, ол алашордашылар көздеген түп мақсатының халық мүд-

¹⁷ Сонда.

дөсінен алшақ жатқанын бірте-бірте ұғына бастайды. Алайда сол кездегі жазған шығармаларының кейбіреулерінде ұлтшылдық сарынның сарқыншақтары немесе сол уақыттағы жағдайды түсінбеушілік оқта-текте бой көрсетіп отырады. С. Торайғыров мұндай екіұдай халден тек 1919 жылдың ішінде мүлдем арылып, өзінің әйгілі екі поэмасын («Адасқан өмір» мен «Кедей») жазып аяқтайды.

«Таныстырудың» өнбойында Сұлтанмахмұт алашорданың басшыларын ашық мақтағанымен, солардың ішіндегі қайсыбір ұсқынсыз мінездерді, ел қамын жеуден гөрі өз басының пайдасын көздейтін алаяқтарды да көре біледі, өлтіре шенейді. Бірақ, қанша дегенмен, бұл шығармасында ақын өзінің бұрынғы демократтық позициясынан айрылып қалған, өз заманының шындығын бере алмай, алашорда басында жүргендердің кәрі-жасын дәріптеп мадақтай берген, олардың шын бет пердесін ашып, халық алдындағы опасыздығын тани білмеген.

Сұлтанмахмұт Торайғыровтың 1919 жылы жазған шығармалары (сол жылы аяқталған поэмаларын есептемегенде. Ы. Д.) өте аз, жоқтың қасы. Жалғыз ғана «Осы да әділдік пе?» деген шағын өлеңі болмаса, «Әкелші», «Нүрекеңе», «Айтыс» деген шығармалары соңғы жинақтарына түрліше себептермен енгізілмей келді. Біздіңше, бұл дұрыс болған. Өйткені «Әкелші» ақынның арақ туралы өрсіздеу, альбомдық сипаттағы жеке шумақтары ғана; әйтпесе, мұнда тұрған пәлендей тәрбиелік, не эстетикалық күш те, қасиет те шамалы.

«Айтысқа» (қала ақыны мен дала ақынының айтысқаны) келсек, Сұлтанмахмұттың бұл шығармасында да толып жатқан қайшылықтар, ұлтшылдықтың салқыны бар.

Дала ақынының түсінігінше қазақ өңірінде ешбір тап жоқ, шалқыған байлық, жер қайысқан мал, еркін тұрмыс, бай мен кедей бір туысқан адам сияқты барын өз ара бөліседі, «бірінде—күш, бірінде—сүт» дегендей бір-біріне қарасып, көмектесіп отырады, қысқасы, тап күресі, тап қайшылығы жоқ, өмір — идиллия. Ақынның мақтан ететіні, сағынатыны өткендегі қазақ ауылы, оның бегі мен ханы, байы мен биі, пір тұтқан қожа мен ишандары, тәуіптер мен дін иелері, шашақты найзалы батырлары, үкілі домбыралы ақындары, әдет-ғұрпы, мекен еткен кең даласы, мал баққан кәсібі, демек қаймағы бұзылмаған қазақтың ескі тұрмысы. Бұларға ұлтшылдық пен пантюркизмдік сарындарды қоссақ, дала ақынының кімнің атынан сөйлеп тұрғанын аңғару онша қиын емес.

Хош, Сұлтанмахмұт дала ақыны арқылы көртартпа, байшылдық-ұлтшылдық пікірді көрсетті дейтін болсақ, қала ақынының да оқып тұрғаны шамалы. Рас, ол, дала ақынын келеке етіп, сен несіне мақтанасың, қазақ елі қай жағынан болсын (шаруашылығы мен мәдениет) артта қалды, қазір оған күштілер қожа, шұрайлы жерлерін басып алып жатыр, енді қазағың ел болудан кетті, егер жойылмаймын, жұрт қатарында боламын десе, ғылым-білімді меңгеріп, техниканы молынан қолдануы керек, отырықшылыққа кешіп, фабрикалар, заводтар салып, темір жолдар тораптарын көбейте түсу керек деген жалпылама ұсыныстар айтқаны болмаса, үкіметтің қандай болуы, қоғам құрылысы туралы тіс жарып еш нәрсе демейді. Кейбір жағдайда дала ақынына қосылып, қаланы, оның мәдениетін құбыжық етіп көрсетеді, түбінде даланы құртатын қала деген теріс қортындыға келеді. Сондықтан да бұл шығармадағы ақынның позициясы қате, түгелінен дерлік оның демократтық бұрынғы көзқарасына қарсы шығып отырғанын көреміз.

Сонымен біз Сұлтанмахмұт лирикасының негізгі нұсқаларына қысқаша тоқтал өттік. Алайда, ақынның соңғы екі баспасына (1950, 1957) кейінгі кезде енгізілген 36 өлеңіне арнайы зерттеу жасаған жоқпыз. Біздің байқауымызша олардың бәрін бірдей Сұлтанмахмұт жазды деуге келе бермейтін тәрізді. Өйткені шығарманың тақырып-мазмұны, жазылу стиль-мәнері жағынан алғанда күдік туғызатындары аз ұшыраспайды. Әрине, жылдар бойы жинау, тексеру, салыстыру, екшеп алу нәтижесінде қосылған өлеңдер болса, оларды бірден мансұқ етіп, дәлелсіз, дәнеңесіз үкім шығаруға ешкімнің правосы жоқ. Бірақ, аталмыш өлеңдер ондай қатал тексеруден, сұрыптап алудан өтпегені көрініп-ақ тұр. Ешбір қолжазбаға немесе басқа бір сенімді дерекке сүйенбей, өз қолымен жазып әкелген Шәймерден Торайғыровтың материалдарын оп-оңай қабылдай салу онша дұрыс емес қой дейміз. Бұл ретте ақынның шығармаларымен таныс мамандардың әдеби жұртшылығымыздың басын қосып, алдын ала пікір алысу, бір тоқтамға келу қажет еді.

Фактіге жүгінелік. Осы шығармаларға үңіле қарасақ, қайта-қайта оқып көрсек, ішіндегі кейбіреулері («Балалық күн», «Жылы кеш», «Көңілім, неге жасисың?», «Қарағай да қайғырып») әжептәуір, Сұлтанмахмұттың өлеңдеріне көдімгідей үндес, ұқсас секілденгенмен, олардың бәріне ортақ бір реңсіздік бар: көпшілігінде шын ақындық шабыттың оты да, жылуы да мардымсыз. Бұл ретте

бәрі бір-біріне егіздей ұқсас, сұп-сұр бірдеңелер. Сырт қарағанда үйлесімдері орны-орнында, бір сыдырғы дұрыс ақыл да айтады, өзіндік философиясы да табылады, бірақ неге екені белгісіз, оқушының жанын тебіrentпейді, салқын, бейғам күйінде қалдырады. Біз таныған Сұлтанмахмұтты, әрине, мұндай солғындыққа қию қиын.

Мысалы, идеясы яки көркемдігі жағынан бір алуан өлеңдері («Сарыбас», «Кезек қашан келеді», «Дүние», «Қандай басшы», «Шұбар қожа» т. б.) тіпті нашар, қандай ақынның болсын мұрасын көркейте де, байыта да алмайды. Ал екінші бір топ өлеңдер («Өң бе, түс пе?», «Дауылдағы әбігер», «Ғайса кім?», «Ағайынның азғындығы», «Дін») Сұлтанмахмұттың демократтығын күшейте түсуге, оның көзқарасын бізге бір табан болсын жақын етуге әдейі ойлап шығарған ба деп қаласың. Өйткені бұрынғы өлеңдерінде кездеспейтін немесе ұшыраса қалған күнде көмескі сезілетін жайлар соңғы аталған өлеңдерде сайрап, бадырайып көрініп тұрады. Біздіңше мұндай эволюциялар ақын творчествосында жиі кездесе беретін көрініс емес, ондайлардың, көбінесе, жасанды болып келетінін дәлелдеп жатудың қажеті бола қоймас.

Қорыта келе айтатынымыз, осындай шығармаларды ақынның негізгі мұрасына қосуға асықпауымыз керек, әлі де болсын жан-жақты тексеріп, салыстыра зерттеп, қосымша деректер арқылы дәлелдеп, әбден егжей-тегжейіне жеткеннен кейін, онда да қосымша ретінде жеке тарау етіп беруіміз дұрыс. Біздің бұлай деуге тағы да бір-екі дәлеліміз: біріншіден, осы шығармалар табылмаған күнде Сұлтанмахмұттың ақындық зор тұлғасына келетін нұқсан бар ма? Екіншіден, соларды енгізу арқылы оның (яғни ақынның) тағы бір тың сипаттарын таба алдық па? Қайтсе де бұл мәселені жеке адамдар шеше алмайды, сондықтан Сұлтанмахмұт Торайғыровтың екі томдық шығармалар жинағын баспаға берер алдында бәріміз қосылып, коллектив боп кеңінен талқылап, тұрақты тұжырымға келгеніміз жөн.

6) ПОЭМАЛАРЫ

Әдетте Сұлтанмахмұттың поэмаларын сөз еткенде «Адасқан өмір», «Кедей», «Қайғының» үзіндісі жеке қаралып, талдау беріледі де, «Кім жазықты?» романдар қатарына қосылып тексеріліп жүр. Біздіңше бұлайша жіктеуде де жасандылық бар, өйткені ав-

тор «Кім жазықтыны» әуелде роман деп атағанымен, сол шығармақы бар ықласын қойып жазғанымен, оны біз, шын мағынасындағы роман деп айта аламыз ба? Оның бәр жағында. «Кім жазықтыны» түп нұсқасы жоғалып кетіп, бізге тек көшірмесі, онда да толық емес күйінде жеткені мәлім ғой. Сондықтан баста айтылған хронологиялық принципті сақтау үшін және кесек шығарма көрінсе де бұл еңбектің роман дәрежесіне көтеріле алмағанын ескере отырып, «Кім жазықтыны» поэмалар тобына қосып тексереміз.

Шығарма қазақ даласының әдемі суретінен басталады:

Түскендей әуе жерге қырық күн шіде,
Ішкен мас, жегендер тоқ күнде-күнде,
Қысқа түп қамқырылды, таң көрінді,
«Кел, шық!» деп нек қарып, жарық күнге.

Ән салды таңды мақтап сансыз торғай,
Бяс иіп, бәлік болып жерге қонбай,
Қағылып таң желіне тербетілді,
Көк майса көзі ілініп тұрған сондай...¹⁴

Әрине, өте сұлу сурет, Абай дәстүрін өріксіз еске түсіреді. Алайда, ақын табиғат көркін енгізетін өрқашанда адам өкөнін ұмытпайды. Осындай керемет суретті аяқтайтын өмірдің өншөйін көрінісі, торсығын толтырып, күндік сапарға аттаған қойшы, әдемі табиғат пен ақбоз үй болғанмен өмірдің иесі қарапайым қойшы ма деп қаласыз, бірақ бұл жерде жабайы, жалаң уағызға бармаған дұрыс.

Осы еңбегінде ақын сол кездегі қазақ өмірін үш буын (Тасболат, Әжібай, Қабыш) арқылы көрсетпек болады. Біріншісі — Тасболат бай. Сырт қарағанда бәрі орнында тәрізді: жоғарыда келтірілген әдемі табиғаттың суретінен басқа, төңірегі төрт түлік малға толған, шалқып, байлыққа батқан қазақтың ауылын көреміз. Бұл ауыл сол Тасболат байдың ауылы, әріден келе жатқан шынжыр балақ, шұбар төс шонжардың алдынан шығатын, жаңа заман туғызған бір ғана кедергі бар, ол, енді тоқ мойын жуан қазақтың орнына, жаңа көрініс — тосу бар: орыс тілін білу керек, онсыз ел билеуге жол жоқ. Байлығы шалқып кемерінен асқан Тасболат өз баласын болыс қоя алмай, ылажсыздан шағын шаруалы інісінің баласы Байболды болыс сайлауға көнеді. Бұл жер-

¹⁴ Сонда.

де «Заманың түлкі болса, тазы боп шалып қал» деген нақылға бас имеске шара жоқ. Ақын осындай штрихтерді жақсы көрсеткенмен кейін көбірек қайталағаны сәбепті «Кім жазықтының» негізгі тақырыбын терең аша алмаған.

Бұл шығармада, шын мәніндегі, жағымды кейіпкер жоқ. Әжібай бейнесінің қайшылығы өте көп, оның негізгі қаһарман болуының өзі қызу талас тудырған болар еді. Сондықтан да, Сұлтанмахмұт өуелде қойған «Әжібай болыс» деген атынан дұрыс бас тартқан. Ақын қазақ ауылындағы келеңсіз кесірлі көріністерді аша көрсетіп, оларға өлтіре сын айтумен бірге (патриархалдық тұрмыс, көп қатын алудың машығы, болыстыққа таласып қым-қиғаш болу, еңбек адамдарының ауыр халі, мұндай өмірдің неге апарып соғатындығы, тағысын-тағылар), кей сәтте оның өзі осындай жоғары нысанадан табыла бермейді. Ендеше, біз, Сұлтанмахмұт бұл шығармасында өзінің демократтық идеалына көтеріле алмады демекпіз. Қазақ қауымының сол кездегі көлеңкелі көріністерін терең көрсетіп, көп жағдайда әшкерелегенмен, өзінің түпкі ойындағы тілек-арманын ашып айтпайды. Өйткені ол өмірден сапар шегуге жолдама алған ескі тұрмыстан қанша жеркенса де, оған соңғы үкім шығаруға бара алмайды. Алайда, біздің бұлайша үзілді-кесілді үкім шығаруымыз орынды да бола қоймас, өйткені «Кім жазықтының» кейбір тарауларымен бірге аяғының сақталмағаны мәлім.

Осыған орай бұл шығарманың толып жатқан жақсылық жақтарын өскөrmеске тағы да болмайды. Ең алдымен, «Кім жазықты?» сол кездегі қазақ өмірін жан-жақты көрсетуге ұмтылған кесек шығарманың бірі болса, сонымен бірге автор қазақ әдебиетінде бұрын болмаған дәстүрді бастап, сол қазақ даласының «жақсы» жақтарымен бірге, ондағы толып жатқан қайшылықтарды, еңбекшілердің өміріндегі ауыр жағдайды ашып көрсете білген. Қазақ елі қайсы бір ақындар суреттегендей еркін дала, мол байлық, «қой үстінде боз торғай жұмыртқалаған» идиллия емес, онда да тап күресі, төңсіздік, жөбір-жапа бар екенін қонымды көрсеткен. Сондықтан біз «Кім жазықтыны» өлеңмен жазылған романның басы демесек те, сол кездегі қазақ өмірін бейнелейтін кесек шығармалардың (мейлі поэзия, мейлі проза болсын. Ы. Д.) бірі деп тануымыз қажет. Мүмкін, жас ақын асыққан болар, немесе бізге келіп жеткен текстерде көптеген кемістіктер де бар шығар, қалайда «Кім жазықтыда» ақындық зор шабытпен жазылған өсем жолдарымен қатар, олақ үйлесімдері, қабыспай жатқан

шумақтары да кездесіп отырады. Қысқасы, Сұлтанмахмұттың үлкен формаға көшу алдындағы басқышының бірі — осы «Кім жазықты?» болғанына ешбір күман келтірмеу керек те, талантты ақынның үлкен жорық алдындағы барлауы деп қарауымыз абзал.

Сұлтанмахмұт Торайғыровтың бұл шығармасына көңірек талдау жасамауымызға негізгі себеп, оның бізге толық жетпей, тек үзінділер (фрагменттер) есебінде сақталуы, сондай-ақ өртедегі қазақ тұрмысын тек, негізінде, бір ғана қырынан (даладағы феодалдардың құнарсыз өмірін баяндау, қазақ әйелінің ауыр халін суреттеу, оқта-текте жалшы-малшылардың құлдық жайын сыпаттау, болыс сайлауы кезіндегі алдау-арбау, ақшасын төгіп, билік басына келу тәрізді ұсқынсыз көріністер) алып көрсетуінде демекпіз. Өйткені ел тұрмысынан енді-енді үлкен орын ала бастаған қала мәдениетінің әсері тым үстірт бейнеленіп, жөнді берілмей сырт қалған. Романдағы бірөн-саран жарқын бейнелерге келетін болсақ, олардың тек болар-болмас көлеңкесі ғана бар (Әнуэр, Күлтай). Қайталап айтсақ, ақын бұл шығармасында өскідегі қазақ аулының тіршілігін, ішкі қарым-қатынастары мен өз ара қайшылықтарын, ауыл өміріне еміс-еміс ене бастаған жаңалық нышандарды кең түрде үлкен планда көрсетпек болған, бірақ түрліше себептермен өзінің көздеген нысанасын жүзеге асыра алмаған. Солай бола тұрса да, бәр кемшіліктері мен олқылықтарына қарамастан «Кім жазықты?» қазақ әдебиетінің даму тарихындағы белгілі бір елеулі қадам ретінде саналатыны даусыз.

«Адасқан өмір» мен «Кедей» поэмалары Сұлтанмахмұттың творчествосынан ерекше орын алады. Олай деуімізге бірнеше себептер бар. Ең алдымен, Сұлтанмахмұт бұл екі поэманы өмірдің азды-көпті белестерінен өтіп, сол өмірге деген көзқарасы тоқырамағанмен белгілі бір қалыптасқан жүйеге келген шағында жазылған, шын мәнінде толысқан шығармалары. Екіншіден (мүмкін мұнымыздық өзі біріншінің жалғасы, толықтамасы да болып жүрер. Ы. Д.), ақын жолындағы адасу мен жақсақ жаза басу кезеңі артта қалып, алдағыға көз жіберген шағында айқын көрген мұнарасы мен ұмтылған тілек-арманының тоғысқан жерін осы еңбегінен бұлжытпай танумен бірге, оның бүкіл ақындық жолын бағалауға да мүмкіндік беретін осы екі шедеврi демекпіз. Үшіншіден, қай ақын, қай жазушының көтерілген асқар биігін, шығармаларының шоқтығын дәлелдейтін жеке бір сәтті туындылары болады десек, Сұлтанмахмұттың творчествосындағы екі үлкен тө-

бе, екі шынар осы екі поэмасы екенінде ешбір күмән жоқ. Бұлар жөніндегі дәлелдерімізді сол екі шығарманы жеке-жеке талдаған кезде толығырақ келтірсек дейміз.

Бізге жеткен мәліметтердің қай-қайсында болсын, осы екі поэманы Сұлтанмахмұт 1918 жылы Семейден кеткен соң, елде жүріп жазды деседі. Бұлай топшылаудың жаны бар, өйткені өмірмен мәңгі-бақи қоштасқалы тұрғанын жақсы білген ақын өзінің аз тіршілігінде істеген еңбегіне есеп бергендей болып халқы алдындағы борышын қалай орындағаны жөнінде терең ойға батып тебіренеді, «әттең дүние-ай, сол қарызымды ойдағыдай атқара алдым ба, жоқ па?!» деп қынжыла өкінеді. Тегі осы ізгі ойлардың нәтижесінде «Адасқан өмір» мен «Кедей» поэмалары туған болу керек.

Адам болмысының мазмұндылығы, тіршілігінің нәрі турасында сан алуан ақын-жазушылар, философ-ғалымдар бұрын-соңды көптеген өлеңдер, аңгімелер, трактаттар жазған болар. Бірақ, Сұлтанмахмұт Торайғыров өзінің «Адасқан өмір» атты поэмасымен қазақ әдебиетіне үлкен бір жаңалық әкелгенін ашып айтуымыз қажет. Ол жаңалықтар неде? Ең алдымен, ақынның өмір жөніндегі философиялық топшылаулары өте терең болып келуімен бірге, осы поэманың ішіне заманының ең басты деген мәселелерін сыйғыза білуінде болса керек. Сонымен қатар, жастық шақ, орта жас, кәрілік кезек, өлім сәтін сөз еткенде, Сұлтанмахмұт өз ойларын абстракті түрде бұлдыр етіп бермейді, әрбір ұғымды дәуір шындығы арқылы бейнелемек болады, екінші сөзбен айтқанда, реалистік негізге құрады.

Ақын балалық шақты былайша сипаттайды:

Мен—ұжымақ періншесі, көңілім таза,
Қандай нәрсе білмеймін: пәле, қаза;
Еркімнің ұйғарғанын істеуіме,
Үгілбаймын ешкімнен бар деп жаза.

Қастық деген не нәрсе, көрінген дос,
Қайғы деген не нәрсе, көңлім қош;
Алдау, күндеу, айла не, мен білмеймін,
Жүрегімде түкпір жоқ сүүден бос.¹⁹

«Мен — бала» деп аталатын шағын кіріспесінде Сұлтанмахмұт өмірге жаңа ғана келген сәбидің күнәдан пақ, пәле-жалалардың

¹⁹ Қазақ ССР Ғылым академиясының М. О. Әуезов атындағы Әдебиет пен өнер институты баспаға дайындаған жинақтың қолжазбасы бойынша алынды.

Бәрінен аулақ, дүниеге күліп келген кіршіксіз бір жан өкенін баяндайды: ол бала ешкімді жатырқамайды, жат тұтпайды, оған адам атаулының бәрі бірдей туысқан, бауыр. Ұлтқа бөлу, мынау бай, анау кедей деп қарау да онда жоқ. Осыған орай оның көңілі шат, жүзі нұрлы, күн сайын жазғытұрым шыққан гүлдей құлпыра түседі, алда көрілік, өлім күтіп тұр деп өсте ойламайды — өмір дегеніңіз ұшы-қиыры жоқ бақыт теңізі, қуаныш пен сүйіспеншіліктің алтын бесігі.

Ақын поэмасын соншама жайма-шуақ, қуанышты сөзіммен бастаса да, онысы ұзаққа бармайды. Өйткені дүние дегеніңіз сөйіл-серуен мен ойын-күлкінің орны емес өкенін ол жақсы сезеді:

Мен, сыйлар деп дүние, келдім міне!
«Бір жас» деп есігіңнен ендім міне!
Мен азатпын, мен ақын, мен өсемін,
Не қылсаң да басымды бердім міне!

Кім біледі, қоярсың еркімді алып,
Кім біледі, жоярсың көркімді алып;
Кім біледі, бұл ерік, бұл көріктің —
Жоғалтанын білмеспін қайда қалып...²⁸

Осыдан кейін күнделік өмірде кездесетін күштілердің құдіретін, кедейлік пен қайыршылық халдің азабын, дос пен ғашық жардың опасыздығын, мейірімсіздігін, ауру мен поле-жаланның зардабын, ақыры көрілік келіп жетіп, белінді бүкірайтіп, күшінді ұрлайтынын айтып, санап өтеді де төмендегідей қатал қортындыға келеді:

Әлде дерсің: «Құтқармас қараңғы көр,
Тошырақ болып, ұйықтарсың сонда барып».
Миллион жыл, миллионымен өтсе-дағы,
Тұруды бір білмессің ұйқың қанып.

Сен ұмыт, сен деген бір сансырау көр,
Бар-жоғыңды артқылар қылмас парық.²⁹

Осы шағын кіріспесінде ақын алдағы айтатын ойларының жерлісін тартқандай. Ал кейінгі тарауларында («Мен — жігіт», «Мен — тоқтадым», «Мен — көрі», «Мен — өлік») сол әрбір жөкеше топшылауларына айырықша тоқтап, мазмұн мәнін ашып береді.

²⁸ Сонда.

²⁹ Сонда.

Поэманың «Мен — жігіт» деп аталатын ең көлемді бөлімінде Сұлтанмахмұттың барлық негізгі идеялары қамтылғандай. Бұл тарауда ақын 15—30 дың арасын жігіттік кезең деп алады да, осы шаққа тән, жас адамға лайықты жүрек сезімін толғана жырлайды.

Дүниеге зор сеніммен, бақыт көзімен қарайтын қыршын жастың қиялы қайда шарықтайды, көксеген арманы неде? Ақын оларды қай тұрғыдан сипаттап, ақыры барып тірелетін идеалы қандай, жастықтың буынан пайда болған оптимизмі өмір қыспағында күйреп қалмай ма? Сұлтанмахмұттың куәлігі бойынша, жастық шақтың ең зор қасиеті: оның беретіні де, алатыны да көп. алды толған мақсат, қайсын таңдап аламын десе де өз еркі. Шын солай ма? Әлде ақынның ізгі тілегінен туған бұлдыр қиял ма? Әрі қарай оқып көрелік.

Рас, жас жігіт үшін бәрі де мүмкін, қол жетпес ештеңе жоқ, ол бақ іздейді, жар іздейді, «басқа бақыт табылмас» деп ойламайды, бар керегі сол іздегенін табу, «дүние мен үшін жаралған» деп таниды. Мұнысында астамшылық емес, зор сенім бар. Сол кіріспе бөлімінде келтірген «Жүрегімде түпкір жоқ сүюден бос» деген ғажап сөзін басқаша қайталап, жастық шақтық девизи етеді: «Қайғы алған жоқ жүректің бір бұрышын». Жастық шақ мәңгі орнаған қызығы таусылмайтын кезең болып елестейді, енді бақыттан бақытты таңдап ала бер.

«Асығыс жоқ, мен әлі жетем» деймін,
«Дәл бүгін жетпедім деу бекер» деймін.
Сондай бақыт табуға мен әуелі —
Сондай бейнет һәм еңбек етем» деймін.

Еңбек қып мен іздейтін бақыт қандай?
Бүгін мен ұйықтағам жоқ таңдай-таңдай;
Бай болу, хакім болу, алғыс, атақ, —
Ойланымды бәрі де бірі қалмай.²²

Міне енді бақыт іздеген жастың нені таңдауы керек дейтін шаққа да келіп тіреліп отырмыз. Осы тараудың ішіндегі бірнеше бөлімшелерінде жас жігіт сол бақытты таңдамақ болады. Әуелі оған байлық — бар бақыттың кілті секілді көрінеді, өйткені сол байлық болған жерде хакімшілік те, сұлу жар да, алғыс пен атақ та өзінен өзі келеді деп ойлайды. Бірақ бұл ойының үстірт екенін

²² Сонда.

төз түсінеді: байлықтың өзі, әдетте, адал еңбекпен келе бермей-
тінін, онда әрдайым біреудің көз жасы мен маңдай тері жүретінін
еріксіз мойындайды да, ақыры дұрыс қортынды шығарады:

Бейне бір жарағандай мал жинаққа,
Адалдықтан, ардан без, дамыл талға,
Мал сен үшін жарамай, сен мал үшін
Жасағандай өмір сүр, осы бақ па?
Күз болмаған бай бар ма осы күнде?
Малды жнып мақсатын ұмытпаққа.²²

Сонымен байлық дегеніңіз әділетсіздік пен арсыздыққа тіре-
летін болса, ол арқылы бақыт іздеудің қажеті не? Одан да бақыт
тауып беретін ізгі бір істің соңына түсіп, қуса қайтер еді? Адал
жас осындай шешімге келіп, байлықтан безіп шығады да, «Хакім-
шілік бақыт» дейтін еді ғой жұрт деп, соны айналдырып көрме-
ші болады.

Осылайша хакімшілікті, атақ, дәңқты, адам өмірін көркейтетін
сырлар ашуды, демек ғылым-білім табыстарын меңгеруді саралап
келіп, тағы да бір дұрыс ойға тоқырағандай болады, онысы әділ-
дік жолында қызмет ету:

Ендеше мен жабдысам негізгі ісін:
Әділдікте бар негіз, бақ та, күш те.
Қарғаймын әділдіктен басқа жолды,
Өнім тұрсын, кірмесін түнде түске.²³

Ақын осы тараудың аяқ шенінде өзі арман еткен қоғам бейне-
сін зор пафоспен серпіле суреттейді де, онда алдап-арбау, жа-
ғынып арды ақшаға жалдау, қара күштен қаймығып, азап шегу,
адамның бойындағы дарынын тұншықтырып, жол бермеу, өзінің
хакімдігін, діндарлығын, немесе әскери қызметін міндет етіп, ең-
бекші елге масыл болу, аштан өлу яки байға жалданып, еңбек
ақысын ала алмау, көшеде тентіреп қайыр сұрау, еңбектің өзіне
жеркене қарап кемсіту тағы осы алуандас адам өмірін көркей-
туге қайшы келетін көріністердің бірде-біреуі орын теппейді
деген сенім білдіреді. Өмірдегі сан алуан көріністің қожасы —
себеп, бұл дүниеде себепсіз пайда болған еш нәрсе жоқ:

Ойласам дүниеде қанша жан бар:
Адам бар, ағаш бар, мал мен аң бар.

²² Сонда.

²³ Сонда.

Жанды, жапсыз нәрсенің бәрі-дағы
Әр себептің жемісі байқасаңдар...

... Адамға бұл себептің көбі мәлім,
Бөседі салған сайып мидың әліп,
Себебің біле-біле бір кездерде
Жаратуға бек мүмкін қолдан бәрін.

Себепті жарата алар адам қолдан
(Жері осы хайуандардан артық болған).
Себепті жарата алу арқасында,
Адамзат еңбегінен егін орап,
Ормаса, өнер, ғылым қайдан шықты
Бұл күнгі тіршілікке болған қорған.

дей келіп, ақырында мынадай үндеу тастайды:

Келіндер, сол себепті жаратуға!
Жаратып әп. өмірге таратуға!
Адам ұлы дүниеге жіберілген
Себепті бағындырып қаратуға²⁸

Өте күшті жазылған жолдар. Ақынның кейбір топшылауларында ара-тұра қайшылықтар мен сырттай сипаттаулар кездессе де, көптеген мәселелер жөнінде ол тың ойлар, дұрыс болжамдар жасап отырады, қысқасы бұл поэмасында Сұлтанмахмұт әлеуметтік сарынға молырақ орын беріп, негізінде оны терең түсіне білген. Тегі қайсыбір зерттеушілердің осы поэмаға талдау берген кезде тым әріге сілтеп, материализмнің заңдарымен бірге, социализмнің негізгі белгілерін іздеулері де содан болу керек.

«Мен тоқтадым» деп аталатын келесі тарауда алғашқы, кіріспедегі жайма-шуақ, мөлдір сезімдерден із қалмайды, адамды күткен өкінішті, сан қилы ауыр өмір сөз болады. Ақынға тағы да сөз берелік:

Адамда өмір бар ма қуанатын,
Жазғы шөп, күз түскенше қуаратын,
Күрт түсіп, кейбіріне көк кезінде,
Мезгілсіз тул шаша алмай суалатын
Кейіне күн, кейіне сусын жетпей,
Жемісі тұмай көңір тул алатын.

Өмірді ой жіберіп ойлау деген —
Нәрсе ғой бұл орнына у алатын.
Жар сую, жұрт мақтарлық атақ табу—
Ау күннің аз ермегі уанатын...²⁹

²⁸ Сонда.

²⁹ Сонда.

Мүмкін, бұл ақынның өз ойы емес, баяғы жастың есейіп, тұрмыс тақсіретін тартқаннан кейін келген қортындылары болар, қалайда, адам өмірі ойын-күлкі, қуаныш-сүйініштен гөрі, қайғы мен мұққа, азап пен қыншылыққа толы екенін өріксіз мойындайтын тәрізді.

Бұл тарауда да ақын өзінің басты арманынан алыстап кетпеді. Түпкілікті шын бақыт табу үшін өзінің неге де болса дайын екенін ашып айтады. Ең ақыры сол тілек жолында өмірдің барлық қызығынан безіп, мешіт ішінде күңіреніп құран оқуға да бар екенін жасырмайды:

Тілден акір, көңілден пікір түспей,
«Әл» десе өлер езім тамақ ішпей.
Түнде көрінп, қорқытқан жаман түстей...
Үжмақта бұл дүниені еске алар ем,
... Өлер ем, жол бермес ем қара күшке,
Тұзуді жақлас үшін теріс іске,
Дер едім: ол дүниеде орным даяр,
Кірсе де бүгін келіп істік ішке.

Бейшараны шын досқа санар едім,
Ол үшін оң астына барар едім.
Бұл жағы жүз мың болса, кедей жалғыз,
Қорықпай-ақ жалғыз жақта қалар едім.²⁷

Ақынның кейіпкері осындай ізгі тілектерді көксөумен бірге, өмірдің басқа да жақтары бар екенін ұмытпайды. «Әділдік», «ар» «алдамшылықты» бетке ұстап, ұлы арман жолында күресушілерден басқа, бақыт дегенің тұрағы жоқ бұлдыр бірдеңе, оған ұмтылудан ештеңе шықпайды, адам өмірі тым қысқа, сондықтан «аспандағы тырнадан қолымдағы торғайым» жақсы деп танып, күнделік өмір құшағына құл болушылар да аз емес. Бұл ретте ашынған кейіпкер біраз торығушылыққа салынып налығаннан кейін, «дүние — жеу, жегізу майданы», әділдік болады деп тосуда мағына жоқ, байып алып өзім біреуді жекпесем, оларға өзім өгіз бол жегілемін» дейді де, ақырында мынадай қортындыға келеді:

Әділ болып байқадым, не өндірдім?
Бұл басым салым болып бір байқасын!²⁸

Әрине, ақын залымдықты насихаттап отырған жоқ, кейіпкерінің риторикалық сұрағы арқылы өмірдің тағы бір қырын сөз ет-

²⁷ Сонда.

²⁸ Сонда.

пек, соған оқушының назарын аудармақ, демек, ізгі жолдан тайғандардың қай жерден шығатынын ескертпек.

Поэманың соңғы екі тарауы кәрілік пен өлімге арналған. Балалық шақ, жігіттік кезең, орта жас бәрі де зымырап өте шықты, енді кәрілік, оның ар жағында өлім күтіп тұр. Кейіпкер өз өмірін нәрлі өткізе алмағанын сезініп, көптеген өкініштер айтады: «Әттең дүние, жұрт үшін өткен еңбегім жоқ, мен ізсіз-түзсіз кеткен бір жанмын, енді мені ешкім де ескермейтін болады».

«Адасқан өмір» белгілі бір сюжетке құрылмаған, ақын кейіпкерінің монологі арқылы өзінің өмірге, дүние тануға, адам тіршілігіне, қоғам құрылысына (тереңдеп бармаса да. Ы. Д.) көзқарастарын лирикалық толғаулар және философиялық топшылаулармен бере білген. Кей сәтте, өмірді түсіндіруде немесе адам тіршілігіндегі сан қилы құбылыстарды тануда ақын тоқырап қалып, біраз торығу сарындары да білініп отырса да, поэма реалистік негізде жазылған, әлеуметтік мәселелердегі ақынның позициясы анық, ашық, ол — демократиялық позиция.

Сұлтанмахмұт Торайғыровтың 1919 жылдың ішінде жазып аяқтаған екінші бір көрнекті шығармасы «Кедей» поэмасы. Тегі «Адасқан өмір» мен «Кедейдің» бір кезеңде жазылғандығынан болу керек, осы екі шығарманың өз ара үндестігі, идеялық мазмұнының жақындығы, керек десеңіз, стилінің бірлігі бірден айқын көрініп тұрады, кейде оларды бір шығарманың ербіген екі тарауы ма деп қаласыз. Әрине, бұдан «Адасқан өмірінде» жазғанын ақын сол қалпында қайталады, немесе толықтыра түсіп қайта жазды деген келте ұғым тумасқа керек. Біз бұл жерде ақынның жалпы позициясының бір негізде екенін, оның алдына қойған идеалының тұтастығын айтпақпыз. Ол екі шығарманың өз ара ерекшеліктерін «Кедей» поэмасына жеке талдау берген кезінде анық көруге болады.

Бұл да лирикалық поэма. Мұнда да белгілі сюжет жоқ. Өзінің негізгі идеясын дұрыс таныту үшін ақын бұл шығармасын да «Адасқан өмір» поэмасындағыдай жеке-жеке тарауларға бөлген. Мысалы, «Қызметі һәм аяныш халі», «Қаладағы жебірлер», «Үмітсіздік», «Өзін мырзалармен салыстыру», тағысын-тағылар.

Сұлтанмахмұт Торайғыров «Адасқан өмірде» әделеттік мәселесін жалпы түрде қойып, адам тіршілігінің кезеңдеріне философиялық терең топшылаулар жасаған болса, енді «Кедей» деп аталатын поэмасында бір кісінің өмірі жөнінде сөз етіп, сол кездегі кедей біткеннің көрген күнін, шеккен азабын жиынтықтап

көрсеткендей болады. Бас қаһарман қазақ кедейі, ол күзгі түнде суыққа тоқып қой күзеткен кезінде өзінің өмірін бастан аяқ шолып өтеді. Оның әкесі мен шешесі де байдың есігінен басқаны білмейді, ұзақ жылдар бойына көргендері азап. Ең ақыры екеуінің қосылуының өзі де күштілердің жалған қамқорлығы арқасында болған. Сол себепті де бай жалшысына бір мүсәпірдің қалыңдығын тартып әпердім деп оған көп жылдар бойы ақы төлемейді, қорқытып ұстайды. Міне, осындай еріксіз жандардан туған балалардың күні не болмақ, әрине ата «жолын» қуу, демек, өмірі бай есігінде теңсіздікте өту. Поэманың «Қызметі һәм аяныш халі» деген тарауында ақын әлсіздің күштіден шеккен азабын, көрген жәбір-жапасын толық баяндайды. Төгі ақын оңбек адамының бейнесін кеңірек бергісі келген болу керек, «Қаладағы жәбірлер» деген келесі шағын тарауында қаладағы жұмыскерлердің халіне де тоқтап өтеді:

Мен жалғыз ел қызметін істедім бе?
Қаланың да дәм-тұзын ішпедім бе?
Тірі көрге түскендей жер астынан
Кендерін шағарғаны түспедім бе?

Тірідей жердің асты көрін болып,
Көрден тұрған кісідей өмім болып,
Пұшпағанның талы тер шықпа па еді?
Өнбойым қып-қара көмір болып?

Жер қазып, күм, тас төсей шайым жоқта,
Сүйелдер шықпа па еді біздің қолға?
Күшіне он төрт сағат жұмыс қылып,
Тамістің қанын артылды ақым сонда?⁴⁹

Сырт қарағанда даладағы қазақ байының қойын күзетіп отырған кедей қай көзде шахтер болды екен деген ой тууы да мүмкін. Бірақ, ақын шығармасын белгілі сюжетке құрмаған соң, осындай малшы қала тұрмысына ауысса, қандай жұмыста жүрер еді деп бағдарлауына әбден болатын тәрізді. Ақынның мұндағы айтпақ болған негізгі ойы: ауылда бай, болыс, билер секілді жауыздар болса, қаладағы жәбірлер де олардан асып түспесе, көм соқпайды.

Сұлтанмахмұттың кейіпкері өмірден опық жеп қанша өкініш айтқанымен «Жұдай салды, біз көндік» деп отыра беретін сана-

⁴⁹ Сонда.

сыз жан емес, ол өзінің бағасын жақсы сезінеді, өзімен бір күнде туған, бай баласы Жақыптың ерекше тіршілігін айтып, оның бойындағы «қасиеттерді» санағанда, сол Жақыптың өзінен анағұрлым төмен екенін ашып айтады. Өйткені бай ұлы өмірден тегін сыбаға алғаны болмаса, адам пайдасы үшін не істеді, қандай үлес қосты? Түк те пайда келтірген емес. Бұл ретте бас кейіпкер кедей мен бай баласы Жақып өмірін қатар салыстырып көрсету арқылы сол кездегі қазақ қоғамының екі жағын бірдей бадырайтып суреттеп отыр. Байлықтың қайдан шыққанын, еңбекші адамдардың маңдай терінің нәтижесі екендігін өте дәлелді сипаттаған.

Кедей баласы мен бай ұлының өмірін салыстырып өткеннен кейін қортынды жасағанда, ақын бас кейіпкерінің аузымен бірнеше кекесін сұрақтар қойып, мүмкін бұл дүниеден біздей опа көрмегендер ана дүниеге барғанда жұмаққа кіріп, есесін қайтарар, хордың қызын құшып, пырақ мінер, аузы асқа жарыр дейді. Бірақ мұндай сенімдердің бәрі бос хиял екенін келесі тарауда (рухани қысымшы) дәлелдей түседі:

Деген өмі бар болса да үміт үзбе,
Бұл кедей болса дағы көңілімізге,
Байлардай берген ат пен асымыз жоқ,
Бере ме сіз жұмақты молда бізге¹⁰

Сөйтіп, дүние мен ақырет те байлар үшін болып шығады. Олай болса не істеу керек? Бас кейіпкер «мен бұған разы емеспін, бақытты басқа жолмен іздеймін» деп уәде береді, өзінің сол бақытқа ие болуға жарайтындығын ашып айтады:

Ойланым, менде жүрек, менде жан бар,
Жүрегімде өмір бар, ыстық қан бар,
Үміт бар, махаббат бар, жек көру бар,
Бәрі де байлақиндей, байхасандар,
Туысымда анан жоқ еш кемдігім,
Жалғыз-ақ менде мал жоқ, онда мал бар.¹¹

Ендеше осы дүниенің перзенті ретінде мен неге оның жемісін жеп, жақсылығын көрмеймін дейді кейіпкер.

Келесі тарауында байлықтың ұрылық жемісі екені дәлелде-

¹⁰ Сонда.

¹¹ Сонда.

неді, бұл жерде ақын өзінің «Адасқан өмірде» айтқан осы тентес ойларын одан әрі тереңдете түседі. Бас кейіпкер шындық жолымен жақсылыққа жете алмайтынына көзі жеткендей болады да, енді құдай жолын қойып, шайтан жолына түскісі келеді, ондағысы қайтсе де баю, бұл дүниенің қызығын көру. Осыған орай келесі ұзақ тарауда (жақынынан айырылғандағы күйін), тағы да өмірдегі әделетсіздікті сөз етіп күңіренеді, бақыт іздеу жолында туған жерін тастап кетуге бар екенін білдіреді, өйткені туған жер оған қайғы-қасірет, азаптан басқа не берді, несімен қуантты?

Поэманың өн бойында еңбек адамының бейнесі көрінумен бірге, бұл адам от жүректі, жарқын саналы, өмір үшін де, бақыт үшін де күресе алатын кейіпкер, қазақ әдебиетіне келген жаңа үшін де күресе алатын кейіпкер, қазақ әдебиетіне келген жаңа қылы тың дүниенің, демек Ұлы Октябрь революциясы жарыққа шығарған жаңа қаһарманды бейнелеуі керек еді деген тілек білдіреді. Мүмкін, мұндай тілек орынды да, заңды да болып көрінер. Бірақ, Сұлтанмахмұттың өз басы жаңа заманның жаңа адамының бейнесін мүсіндеуге дайын емес еді. Сондықтан да ақын поэманың ақырғы жолдарында көмескі бір ишара білдіріп, былайша аяқтайды:

Жүресімді белгісіз нәрсе қысып,
Шақырып тұр, мінеки, кеттім сонда.¹¹

Бұл жөнінде не айтуға болар еді? Осы арада ақын Октябрь революциясы Россия топырағына әкелген жаңа өмірді мезгел отыр десек, мұнымыз құрғақ сәуегейлік болып жүрмей ме? Қалай да бірер себептермен ақын көмекейінде тұрған ойын ашып айтуды лайық көрмеген. Ендеше біз де барды — барша танып, әділ баға бергеніміз абзал. Сөз жоқ, «Кедей» поэмасы Сұлтанмахмұт Торайғыровтың демократтық позициясын нығайта түсті, ақынның сара жолға қайта оралып, халқымен бірге екенін айқын дәлелдеп берді. Сондықтан да біз «Адасқан өмір» мен «Кедей» поэмаларын XX ғасырдың бас шеніндегі қазақ әдебиетінің зор табысы деп танимыз.

¹¹ Сонда.

в) ПРОЗАСЫ

Сұлтанмахмұт прозасының бір ерекшелігі, әншейіндегі белгілі дәрежеде қалыптасқан біз білетін түрлеріне дәл түсіп қабыса бермейді. Бұған негізгі себеп: Сұлтанмахмұттың бәрінен бұрын отты ақын екендігі. Очерк, қысқа әңгіме, керек десеңіз роман жазсын, Сұлтанмахмұт өзінің ақындық табиғатынан алшақ кетпейді, қашанда аса бір мағыналы, мәнді тұстарда қара сөздерді қалдыра тұрып, ұзақ-ұзақ өлеңдетө сәмғап кете береді, сол арқылы түйдек-түйдек тың ойын білдіреді, демек, өзі ұсынып отырған кейіпкерінің бір қырын сырлы жыр күшімен ашып отырады.

С. Торайғыровтың прозасы онша көп емес, мақалалары мен очерктері болмаса, шын мәніндегі әңгімелері де, романдары да жоқ. Ақынның тым қысқа өмірі, оның бойындағы мол мүмкіншілігін толық жүзеге асыруына жібермеді. Алайда, кесек, күрделі прозалық түрде де өзін әдемі аңғарта аларлық зор қабілеті бар екендігін, Сұлтанмахмұт «Кім жазықты?» және әсіресе «Қамар сұлу» арқылы айқын дәлелдеп берді.

«Айқап» редакциясында қызмет етіп жүрген кезінде, ақын сол журналдың бетінде қызу түрде сөз болып жатқан, қазақ өміріне, қазақ мәдениетіне байланысты келелі мәселелерге араласпай отыра алмады.

Кезінде жарияланбаса да, Сұлтанмахмұттың тұңғыш жазған прозалық шығармасы «Зарландым» (1912). Жазушының кейін шыққан жинақтарының бәрінде бұл мақаланы, неге екені белгісіз, үнемі әңгіме деп атап келген. Ал бірақ, бұлайша атау дұрыс емес. Өйткені мұнда көркем шығарма дерлік ешбір себеп жоқ. Автор негізінде қазақ арасындағы оқу ісіне тоқтап, қазақ шәкірттерінің жайын сөз еткен.

Сұлтанмахмұттың сол кездегі оқу жайын сөз етумен шектелгені мақаласынан көрініп тұр. Бұдан кейін автор қазақ даласына жаңа әдіспен оқытатын мұғалімдердің келе бастағанына қуаныш білдірсе де, әлі де ел ішінде оқу жұмысы жөнге қойылмай, оған оншама мән берілмей келгендігін қынжыла баяндайды. Осы еңбектің қалған бөлімдерінде жазушы балаларын оқуға берген әкелердің сатиралық бейнелерін беріп, жаңа оқуды таратушы жас мұғалімнің жарқын образын жасағандай болады. Тегі осы шығарманы әңгіме деп атауға сол жағдай себепкер ме деп қаласың. Бірақ, мұнда белгілі бір жүйе жоқ, автор бір ойын қайталап айта береді де тұтас бір сурет шықпайды. Сондағы жазу-

шының айтпақ болғаны: жаңа оқу мәдениетке тез жетудің тәте жолы, бірақ оны ел адамдары түсінбейді, түсінгісі кәлмейді, сондықтан да олар балаларын оқуға берудің өзіне немқұрайды қарайды, оқытушыға төлейтін ақысы былай тұрсын, сол шәкірттің жеке басының мұқтажына қажетті бұйымдар (кітап, қағаз, қағарындаш) үшін шығатын шығынды ауырлайтындығы айтылып, барлық сөз солардың төңірегінде аспайды. Ендеше біз бұл шығарманы әңгіме деуден гөрі мақала-очерк деп танығанымыз жөн ғой дейміз. Жазушының түпкі ойында бұл еңбегіне қайта оралып, толықтырып барып аяқтамақшы екен, бірақ бұл уәдесін кейін орындауға мүмкіншілігі болмаған секілді.

Жазушының 1913 жылдың ішінде «Айқап» журналының бірнеше сандарында жарияланған мақала-очерктеріне қысқаша тоқтап өткен жөн. «Ауырмай өсімнен жаңылғаным» (очерк, 1913) деп аталатын шағын шығармасында жазушы өзінің бір әделетсіздік іске еріксіз куә болғанын күйінішпен баян етеді. Бұл жерде жәсір әйелдің қайғылы халі сөз болады, ол күйеуінен жастай қалып, алты жыл бойы өшбір сөз шығармай балаларын тәрбиелеп отырады, оларды қиып тастап кете алмайды. Сөйтіп жүрген кезде «жығылған үстіне жұдырық» дегендей сүйеніш өтіп отырған ұлы қызылшадан өледі де, жақын ағайындары: «Енді бізде қарайлайтын нәрсесі қалмады; бір күні орнын сипап қалармыз, қызға алданып отырмас», дейді де, қайтсе де оны біреуге атастырмақ болады, сондағы тапқандары қайын атасының інісі саңырау Жақып деген жануар. Неке қиюға шақыртылған молда (яғни автор) өзінің іштей күйінген сезімі арқылы қазақ әйелінің ауыр тағдырын білдіріп, ара түсерлік дәрмені жоқ екенін қасіретті әйел атынан жазылған зерлы өлеңмен егіле толғайды. Тегі мұндай әйелдің қасіретін пәш етуге ақын өлең түрін еріксіз алған болу керек. Бұл жағдай Сұлтанмахмұт тәжірибесінде үнемі дәрілік кездесіп отырады.

Сұлтанмахмұттың қазақ арасында бірнеше жылдар бойы бала оқытқан тәжірибесі болғандықтан бұл жөнінде өзі көрген қиыншылықтарды ортаға салып, солардан қалай арылудың жолдарын іздестіруі табиғи нәрсе. Сондықтан ол «Айқап» журналының 1913 жылғы 12 санында басылған «Қазақ ішінде оқу оқыту жолы қалай?» деген мақаласында келелі мәселелерге тоқтаған. Автор, ең алдымен, қазір қай жерде болсын «Тәте оқу» жайылмаған ел жоқ екенін айта келе, сол қазақ ауылдарына мұғалім болып барғандардың алдынан шығатын кедергілерге айрықша тоқталады.

Ашып айтқанда, автор қазақ ауылы жағдайында қалай оқытудың әдісін сөз етеді. Мысалы, екі-үш ауылдың балалары оқымақ болып жиналған екен, сонда оларды қалайша оқыту керек, бас-аяғы бір мұғалім, бір ғана бөлменің ішінде 20—30 баланы класс класқа қалай бөледі, оған уақыт қайда, оқу құралын қайдан алмақшы, осыларға сол шәкірттердің әкелері қоятын сан түрлі орынды-орынсыз тілек-талаптарын қоссақ, не болып шығар еді? Мақаланың аяғында автор енді «осы жүкті жеңілейтетін жағын қарастыру керек» деп жұртшылыққа өтініш білдіреді.

Сол 1913 жылы «Айқап» журналының бірнеше сандарында жарияланған С. Торайғыровтың «Қазақ тіліндегі өлең кітаптары жайынан» деген мақаласына айрықша тоқтамасқа болмайды. Өйткені жас ақын жаңа әдебиеттің көріне бастаған өрнектерін сүйсіне құттықтап, ескі үлгілердің кейбіреулерін қатты сынаумен бірге, сол жаңа дегеннің өзі үнемі көңілге қона бермейтінін жасырмайды. Бұл жөндегі өз ойларын ашып айтады, «Сал-сал», «Зарқұм» тәріздес қиссалармен әуестенуді сынға алады.

Жоғарыда аталған мақаладағы ойларды жалғастыра және тереңдетіп түспегенмен, халық өміріндегі екінші бір қажетті жағдайды «Өлең һәм айтушылар» деген шағын мақаласында сөз етеді. Ежелден әнге құмар қазақ халқы енді сонысынан айрылып қалатын қаупі бар, қайтсе де әсем әнді сақталық, әйтпесе: «...бір халықтың әні кетсе, әдебиеті жесір қалады, сәні кетеді, сәні кетсе, жаны кетеді. Қазақты жансыз ағаш қылып, отқа жаққыларың келмесе, әнді сақтаудың қамын қылындар»⁴³ деп жар салады да, ақын сол әнді сақтаудың жолдарын санап өтеді. Соңғы екі мақаласында, Сұлтанмахмұт қазақтың жаңа әдебиеті мен әні жөнінде өз ойларын ортаға салғанда көптеген орынды ұсыныстар жасап, ұлы Абайды өзіне үлгі етеді.

Жазушының очерк-мақалаларының ішінде оқшау тұрғаны — «Жазықсыз тамған қан» атты қысқа әңгімесі. Ақын бұл тақырыпқа үлкен бір шығарма жазбақ болса керек деседі. Сондықтан да оны кейде «Өлеңмен жазбақ драманың материалы» деп те атайды. Қысқаша мазмұны мынадай: бір жиынның үстінде қалжың сөздер басталған кезде, мәжілістің ақсақалы Құрбан қажы: «Балалар, құр қалжың не керек? Газеттерің, қиссаларың болса оқы» — деген соң әркімдер әр жаққа тартып, ақыры сол Құрбан қажының өзі бастайды: «Балам, бұл көріп жүрген елің Мәмәтек

⁴³ Сонда.

аталады. Мәмәтек осы күні мың шамалы үй, үштен бірі Қытайға қарайды... Мәмәтек ішінде ең жуаны Атантай, Борантай: міне, Атантай — біз. Жіңішкесі — Ешке деген ел... Тана бидің тұсында сол Ешкенің мәнімен адас. Қурбан деген бір жақсы жігіті болды. Біз көрдік: қып-қызыл нәрттай, жігіттің төресі, жанып тұрған от еді. Сол жігіт пысықтық етіп, Тана бидің болып тұрған күнінде, біздің Атантай Шала деген кісінің Мүни деген қызымен көңіл қосып жүріпті»²⁴. Бұдан әрі қарт осы екі жастың трагедиясын әңгіме етеді, ақыры қызды алып қашқан жігітті өз туыстары ұстап береді де, Тана бидің қатал өмірі бойынша, бір жағына тастап теңдеп, жігітті түйеге асып өлтіреді. Сұлтанмахмұт бұл естігенін қағазға түсіргені болмаса, роман немесе поэма етіп жазуға қайта оралмаған. Осы сюжетке байланысты саналып келген «Сақып пен Жантұрсын» деген қысқа үзіндіні көркем прозаның жақсы үлгілерінің қатарына қоюға болар еді.

Өзінің зор маңызынан гөрі қайсыбір зерттеушілердің дәурьына сөздері арқылы көпшілікке мәлім болған, Сұлтанмахмұттың тағы бір еңбегі «Социализм» деп аталатын мақаласы. Бұл мақала төңірегінде шу көтеру былай тұрсын, оны жазушының таңдамалы шығармаларына енгізуге болмайды. Олай дауға екі себеп бар, біріншісі: мақаланың «социализмді» сөз ететін екінші бөлімі жоғалып кеткен, екіншісі: сақталып, басылып жүрген тарауында қате пікірлер көп. Бұл жерде ол қателерді тәріп жатудың қажеті бола қоймас. Өйткені бұл мақалада «Социализм» деген аты болмаса ол жөнінде бір ауыз сөз жоқ. Жазушы адамзат қоғамының басынан кешірген тарихын айта келіп, өндігі ұрпақтың, оның ішінде қазақ тәрізді артта қалып қойған елдердің адам баласының миллиондаған жылдар бойындағы тәжірибесін пайдалана отырып, тез арада мәдениетке ие болатындығына сенім білдіреді. Демек, автордың бұл мақаласы, ең жақсы дегенде, ағартушылық идеясы көлемінде ғана жазылған. Ал С. Торайғыровтан сол кездің өзінде социализмді терең ұғынып трактат жазуды талап ету қандай орынсыз болса, ақынның жазбағанын жазды деп босқа дәурьғудың да қажеті жоқ. Өйткені, Сұлтанмахмұт тәрізді үнемі ізденуде болған жас қайраткердің ұлы Октябрь революциясы, оның әкелген жаңалықтарын бірден және дұрыс түсіне қоятын оңай емес еді. Ендеше «Социализм» деп аталатын мақалаға баға

²⁴ Сонда.

бөргенде де асыра сілтемей, шындық шеңберінен шықпауымыз керек.

XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ прозасын түгелдей алып қарағанда идеялық мазмұны мен көркемдік қасиеттері жағынан оқшау тұрған екі шығарма бар. Оның бірі — Сұлтанмахмұт Торайғыровтың «Қамар сұлуы», екіншісі — Спандияр Көбеевтің «Қалың малы». Алайда, бұл екі шығарманың қазақ прозасының даму жолындағы мән-маңызын мойындай отыра, олардың екеуін де шын мәніндегі романдар деп кесіп айта алмаған болар едік. Оған мынадай бір себеп бар. Кейбір зерттеушілердің айтуынша роман деген термин XII—XIII ғасырларда пайда болғанмен, оның кеме-ліне келген кезі XIX ғасырдың орта шені, демек сыншыл реализмнің өркендеген шағы. Сондықтан да сол кездің өзінде, одан сәл кейінірек те романды тек буржуазиялық жанр деп қарап қателесушілер болған. Сонымен бірге роман жанрының дамуы, оның болашағы жөнінде өткен ғасырдың аяқ кезінен бастап, күні бүгінге дейін айтыстар тоқталған емес. Батыс Еуропаның қайсыбір жазушылары (мысалы, Ален Роб-Грийе т. б.) ескі романның дәуірі өтті, Толстойды музейге беру керек деп дәурықса, біздің советтік әдебиет тану ғылымының ұғымында романның болашағына шек келтірмейді, тек оның жаңа жағдайға сәйкес, социалистік реализм негізінде мазмұнының байып, формасының жетіле түсетіні жиірек сөз болып жүр. Әдетте, роман деген терминге түсінік бөргенде былайша сипаттама жасайды: роман дегеніміз көркем әдебиеттің эпикалық формасының ең күрделі бөлегі, онда өмір жан-жақты, көң қамтылып, қоғамдық процестің қайшылықтары сан қилы болып келетіндігі және даму жолдары суреттеледі. Сондықтан да романда бірнеше сюжеттік линиялар қатарынан жүріп отырады да, оған, яғни романға, көптеген персонаждар қатысады. Осыған орай романның түрі де сан алуан: тұрмыс-салт, тарихи, сатиралық, психологиялық, ғылыми-фантастикалық романдар.

Біздің зерттеуіміз үшін роман турасындағы айтыстардың немесе оның даму жолындағы өрекшеліктерінің оншама қажеті жоқ, өйткені XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиеті үшін сол романның ең жай түрінің өзі тың дүние болатын. Ендеше біз қазір осы жанрды сөз еткенде, Сұлтанмахмұттың «Қамар сұлуы» қай дәрежеде роман деген терминге жауап берді және жазушы өзінің шығармасында өткендегі қазақ өмірін қаншалықты терең көрсете алды, қандай кейіпкерлердің бейнелерін жасап, олардың

қоғамдағы өмірін бере білді деген тұрғыдан қарасақ, бұл жөніндегі ойларымызды дәлелдей алсақ, «Қамар сұлудың» жанрлық табиғаты өзінен-өзі ашылады ғой дейміз.

Жазушы шығармасының структурасын қызық құрған. Автордың өзі ақын болуымен бірге, текі шығыс әдебиетіндегі дәстүрдің әсері де тисе керек, Сұлтанмазмұт өлең формасын жиі қолданады, мүмкін мұнысы тәсіл де шығар, оған кезінде тоқталамыз. Сөйтіп, автор шығармасының бетін мынадай жолдармен ашады:

Жігішке сығға тартқан әні қандай,
Балушы балбұратан тәні қандай,
Ақыл ой, мінез, көрік тұта қандай,
Талықсын толып тұрған сәні қандай?
Ертенен іш-буырдақты көзі қандай,
Бұл тамған майла бұлбұл әні қандай,
Жүе-жүмсақ, быт-бияты ішкі кірі,
Жайтандай жан күйсірген кәсі қандай?—²⁷

деп кете береді.

Әрине, бұл сұлу қыздың сырт болмысын сипаттау ғана. Бәлкім, ақын өлеңмен суреттесем оқушының назарын бірден тартып әкетемін деген болуы да керек. Әйтпесе көнігі романистердің жолын қуғанда пейзажға тоқтап, кейіпкерлердің киіген киімдерін, бет-бейнелерін, ішкі дүниесін суреттеп отырып алар еді. Мұнда олардың бірі де жоқ, жазушы салған жерден Қамар сұлудың сырт пішінін мүсіндемек болады да, оның өзін өлеңмен береді, демек прозалық шығарманың негізгі заңын бұзудан бастайды. Шамасы жас прозаниктің шеберлігі әлі шыныға алмағанның салдары да болу керек. Қайткен күнде де автордың романға тән толып жатқан тәсілдердің көпшілігін әлі мектеріп үлгірмегені көрініп тұр.

Ал енді «Қамар сұлудағы» оқиғаның өрбіп, дамуына келетін болсақ, жазушы негізінде хронологиялық әдісті қолданған, мұнда шегіністер немесе өз алдына қатар жүріп жататын қосалқы эпизодтар жоқ. Барлық оқиға бір Қамардың басына байланысты, шығармадағы басқа кейіпкерлердің қайсысының болсын бейнелері де сол Қамар сұлуға қарым-қатынасы арқылы айқындала ашыла түседі. Жоғарыда айтқанымыздай жазушы бірден Қамардың асқан көркін, өсем мүсінін, жібек мінезін, сан қырлы өнерін, шартарапқа жайылған даңқын көкке көтеріп мадақтап, жүрт-

²⁷ Соңы.

тық бәрік оған құмар етіп қояды. Өзіндік дөңгелек орта шаруасы бар, ақылды әке (Омар) мен қалада орысша оқып жүрген жақсы ағаның (Қасен) ортасында Қамар қыз гүл-гүл жайнап еркін өседі, оны қоршаған шаттық дүниесі: әсем ән, домбыра, өлең-жыр, ойын-күлкі... Ағайын-туысқандары да осал адамдар емес, сол елдің «кісілікті» саналатын шонжарлары: бірі қажы (Қалтан), бірі би (Оспан). Жас сұлуға ынтық болған елдегі қызба бозбалалар да басып-көктеп сөз айта алмай, тек оны сыртынан иемденіп сұқтанады, қызғанады. Автор бұларды тобымен шұбыртып қойған, дараламаған, көбінесе, оларға кекесін көзбен қарайды. Қамар сұлуға тең келерлік бір ғана жігіт бар: ол Омарларға үш-төрт атадан барып қосылатын Сарбас ауылындағы Жәуке деген кедейдің оқу соңында жүрген баласы — Ахмет. Жазушы Ахметтің ақылын, білім іздеген талабын айта келе, оны былайша сипаттайды: «Және Ахметтің ақыл, ой, зеректігінің үстіне, сұққардың баласындай бітімі жақсы, көзге түсерлік көркі де бар, сөзге шешен, ойдан шығарғыш — ақын, жарып салма өткір еді. Той секілді жұрт жиналған жерлерде өлең болсын, ойын болсын, газет, журнал, кітап оқып, шарифат, насихат айту болсын, ең арты, біреуді сықақтаған қулық болсын бас бәйгі Ахметтікі еді. Тартылмай тамылжытып сөйлегенде де өзінен үлкен-кішілердің аузынан суын ағызып, көңілдеріндегі уын шығара жаздаушы еді³⁶. Демек жігіттер ішінен Қамар сұлуға тең келетін осы Ахмет қана, бірақ бар кемшілігі әкесінің қолы қысқа, шаруасы шағын. Қамар қыз Ахметті іштей ұнатса да, екеуінің қосылуына оның кедейлігі зор кедергі деп санайды. Бұл жерде алдын ала айта кететін бір жәйт: жазушы Қамар мен Ахмет арасындағы сүйіспеншілікті онша қонымды етіп көрсете алмаған. Мысалы, әуелде Қамар тартыншақтап, ағайын-туысқандарым бәрібір мені Ахметке бермейді, ал Ахмет өз бетімен алып қаша алмайды деп, ыстық сөзімнен гөрі салқын зердеге бағынса, Ахмет Қамарды қанша сүйгенмен, оның басына ауыр күн түскенде арашаға келе алмай, өз басын алып қашады.

Шығарманың желісі мынадай: Ахмет ақыры Қамар сұлуға хат жазып, өзінің ғашық екендігін білдіреді. Қыз бен жігіт арасында хаттар жүріп, Қамар сұлу соңғы сәлемінде екеуінің қосылуына ешбір мүмкіндік жоқ екенін ашып айтады, ұзақ хатын былайша аяқтайды.

³⁶ Солда.

Разы бая, сүйген жарым, елің, есем бая!
 Кудайым иша берсін алдындай жам,
 Мен үшін бұдай былай зуре болма,
 Бір жола ұла-кәсіп айтқаным соң,
 Шың сөзге тоқтайсың гол амалсыздан,
 Қарағым-м-м... разы бол, қасіретім моң!

Қамардың жайын түсініп, Ахмет оған ақырғы қоштасу хатын жазған кезінде, бұл хаты өздерін аңдып жүрген бозбалалардың қолына түседі де, олар дәурығып, хат ішіндегі «Қамар — Ахмет» деген сөздерге ғана мән береді де, қыздың атасы Қасенге ба-
 рып жеткізеді. Қасен бір кезде өзімен бірге оқыған Ахметтің до-
 сы, оның үстіне хатта бетен ешнәрсе жоқ екенін көрген соң
 желіккен жастарды тоқтатпақ болады, олар көнбейді, сол беті-
 мен жұртқа өсек таратады. Бүгін Қалтан қажы мен Оспан би кө-
 теріліп, Жәукенің малын талап, баласын абақтыға жаппақ болады.
 Тек Омардың араласуымен ғана өсек сөзді зорға сөндіреді. Жә-
 зушы осы оқиғаның үстінде бірнеше кейіпкерлерінің бет перде-
 сін ашып, айқын көрсетеді: Қалтан қажы мен Оспан би өр көкі-
 рек, рақымсыз адамдар болып ыспатталса, Омар тұрашыл, ұлты
 бар кісі, Қасен де орынсыз жерде килігіп арандамайтын байсал-
 ды, оқылды жігіт. Бірақ іс аяғы мұнымен тынбайды, тағы да бірла-
 сөздер болады, Ахметке «тентектік» жасады деп ат-шапан алып
 қатты қиналады, мүлдем жүдеп кетеді, өнді баяғысындай жайрау-
 дап жүре алмайтын болады.

Міне осындай ауыр шақта тағы бір пәле көздеседі. Сол қар-
 саңда әйелі өлген Жорға Нұрым (сол елдің болысы) өнді Қамар
 сұлуға көз тігеді, бұрын тоқалдыққа ела алмай жүрген сабаз,
 «күні-түні Оспан досынікінен ат үздірмей» Қамарға құда түскісі
 келеді. Автор Нұрым бейнесін өте жексұрын етіп берген: «...Нұ-
 рымның залымдығы мен атағы болмаса, әліпті таяқ деп білмей-
 тін, надак, пішіні де жаман, ауызы толған боқауыз бек былш-былш
 насыбай, ішпей мас, өрі нас, елу шамасында жасы бар, қой сәк-
 тардың басындай басы бар, жай формасының өзі сұп-суық бүйі
 секілді түксиген, күпшиген, бұқа мойын, өгіз күрсік, алақан иез,
 жайын ауыз, добыра сақал, тоқпақ мұрын, бір түрлі нысаналы
 жануар еді»²².

Біз жазушының бұл сыпаттамасын әдейі келтірдік, өйткені

²¹ Сонда.

²² Сонда.

шығармадағы ендігі оқиғалар осы Жорға Нұрымға байланысты дамып барып аяқталады.

Нұрымның жанталасқан әрекеті үстінде Қалтан қажы мен Оспан бидің ұсқынсыз бейнелері ашыла түсіп, олардың пасық қылықтары мүлдем әшкереленеді. Бірақ, осы екі ақсақалдың Нұрымға соншама берілуінің, оған әрдайым ара түсуінің түпкі себептері жете ашылмай қалған. Әйтеуір Нұрым болыс болған соң бір жақсылығы тиер деп қана малданудың жөні бола бере ме екен? Мүмкін бұларды жақын ететін басқа да жақтары бар шығар, бірақ, Оспанмен екеуі дос еді дегені болмаса, ешбір дәлел келтірілмеген. Қалайда бұл екі жағымсыз кейіпкердің Қамар тағдырына тікелей қатысы бар, бұлар рақымсыздықтың, жауыздықтың жанытық бейнесі дерліктей.

Алайда, бұларға қарағанда қыз әкесі Омардың образы анағұрлым сенімді шыққан. Ең алдымен ол екі перзентін дұрыс тәрбиелеуге ұмтылған мейірімді әке, екінші Қасенді Омбыға оқуына апарып оралған бетінде, өзі жоқта ағайынсымақтары Қамарды малға сатқанын есітіп, қатты қынжылады, бар жанымен қарсы тұрып, көнбейді. Ашу үстінде ол ағаларына қатты сөздер айтып берініп шығады. Бұл жерде жазушы, өзі жоғарыда сипаттағандай, Омарды әрі турашыл, әрі бір бет қайсар адам етіп көрсетеді. Бірақ, бұл жағдай көлке бармайды, Оспандар оны көндіреді де, құдалыққа барып қалың малын да алады. Дегенмен, Омар үнемі қобалжып, Қамардың жайын ойлап, қайғы жеп жүреді, араша түсіп құтқара алмаса, оған заманы айыпты.

Міне осындай ала бүлік болып жатқан кездегі Қамар сұлу мен Ахметтің реакциялары тіпті түсініксіз. Егер, өзінің басы саудаға түсіп жатқан сәтте Қамар бір ауыз қарсылық сөз айтпаса, ең болмағанда әкесіне мұңын шақпаса, Ахмет бұл жаңалықты естігеннен кейін оқудағы Қасен досына өлеңмен хат жазады да, өзі басқа жаққа кетіп тынады.

Үлкенді-кішілі оқиғалардан соң Нұрым бір топ жігіт ертіп таң алдында бейғам жатқан Омар үйіне келеді де, оны таяққа жығып, байлап қояды да, Қамарды зорлап алып қашады. Осыдан бастап шошынған жас қыздың ауруы меңдей бастайды. Алғашқы уақытта алдап жорта істеп отыр деп сенбесе, ақыры шын екеніне көздері жеткең соң Қамар сұлуды бақсы-құшнаштардың көмегімен емдемен болады. Бұл тұста, Сұлтанмахмұт қазақ арасындағы ем-домдардың ұсқынсыз жақтарын өте жақсы көрсеткен. Молда, ишан, бақсылардың бар көздейтіндері ауырған адам-

ды жазу емес, өйткені бұл олардың қолдарынан келмейтін нәрсе, қайтсе де үй иесінен алдап-сулап мал, ақша немесе басқа бұйымдар алу.

Шығарманың аяғында әбден жүдеп, әлі құрыған Қамарға, бақсы түрліше азап көрсетіп, «дәрт несін» кумақшы болып, зиратты айналдырып жүрген кезінде Омар мен Ахмет келіп жетеді. Бұл кездесуде де екі ғашықтың ішкі тебіреністері тағы да өлең арқылы берілген.

Ақыр аяғында әбден ашынған Ахмет бақсы мен Нұрымға көзек-көзек пышақ салып, оларды қызыл-ала қан өтеді, өзі өсіктен шыға бергенде оған қатарынан өкі бірдей соғып тиіп құлатады да, «Ахмет бұл дүниенің залым тұрмысынан ақіреттің өділ тұрмысына қарай арманда көшіп жүре береді. Жұма күні екінді уақыты еді»²⁹.

Сұлтанмахмұт Торайғыров «Қамар сұлу» атты шығармасының шын мәніндегі роман дәрежесіне көтеріле алмаған себептерін жоғарыда дәлелдеген едік, бірақ одан бұл еңбектің қазақ прозасының дамуындағы алатын келелі орнына, демек көркем өдебиетіміз тарихында сол роман жанрының тууы, қалыптасуы, өркендеуі жолында өзіне сай белгілі роль атқарғанына ешбір күмән тумасқа керек. Өйткені жазушы өз заманының бір көрінісін жантұма алып, оны реалистік тұрғыдан ыспаттауға тырысқан, бұл жөнде көптеген табыстарға да жеткен. Ең алдымен, жазушы әйел теңдігіне байланысты сол кездегі қазақ арасындағы өтек алған ескі өдет-тұрыптарды қатал сынай отыра, өндігі жастардың көлешегі оқуда, еркіндік тұрмыста екенін, Қамар мен Ахметтің трагедиялы халдері арқылы мегзейтін болса, осы шығармасында, сонымен бірге, бір топ кейіпкерлерінің ұмытылмастай жарқын, сенімді образдарын жасайды. Бұл жаңа ғана қалыптаса бастаған қазақ прозасына қосылған зор үлес еді.

СУЛТАНМАХМУТ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ТЕКСТОЛОГИЯСЫ ТУРАЛЫ

Сұлтанмахмұт Торайғыровтың осы жинағын баспаға дайындау үстінде жүргізілген текстологиялық жұмыстарды сөз етуден бұрын ақынның шығармаларын өзірлеудегі қолданылған негізгі

²⁹ Соқпа.

принциптерге қысқаша тоқтап өткен жөн. Өйткені біз әңгіме еткелі отырған текстологияның өзі осыларға тікелей бағынады.

Бұл ретте, ең алдымен, С. Торайғыровтың күдік туғызбайтын өзінікі деген шығармаларын танып, талғап ала білуді басты шарт етіп қойдық. Осыған орай қолда бар материалдарды тексергенде мынандай үш түрлі деректерге сүйенуге болатындығы анықталды: 1. Автордың көзі тірісінде газет-журналдарда жарияланған азды-көпті еңбектері; 2. Совет жылдарында жарық көрген жинақтары (1922, 1933, 1950, 1957); 3. М. О. Әуезов архивынан табылған бір топ өлеңдері мен «Қамар сұлу» және «Кім жазықты?» деп аталатын көлемді шығармаларының көшірме қолжазбасы (бұлар 1926—1927 жылдар шамасында қағаз бетіне түскен болу керек. Ы. Д.), сондай-ақ, жеке адамдар тапсырған бірен-саран өлеңдер.

Ал соңғы отыздан астам жылдың ішінде табылды саналып келген 40—60 шамалы өлеңдерді әлі де болсын мұқият тексеріп алмай ақын жинағына енгізуді мақұл таппадық. Бұл турасындағы пікірімізді жоғарыда ашық айтқан болатынбыз. Демек, источнигі мүлдем белгісіз немесе көрер көзге күдік туғызатын туындыларды өзірге бұл екі томдыққа енгізбеуді, ал кіре қалғандарын Сұлтанмахмұтқа таңылып жүрген шығармалар деген атпен өз алдына жеке беруді лайық санадық.

Біздің әдебиеттану ғылымында ең бір кенже қалған сала — текстология. Оған негізгі себеп: өткендегі әдеби мұраның көпшілігі көзінде қағаз бетіне түспегендіктен ешбір қолжазба ескерілмей келген. Ендеше, текст жоқ жерде текстология ғылымының болмайтыны өзінен-өзі белгілі. Әйтсе де, қолда бар деректерге сүйеніп, өзіміздің хал-қадарымызша осы жұмысты жүргізуге болатынын да ескертпекпіз.

Әдетте текстология ғылымы алдына екі түрлі міндет қояды. Оның бірі: әдеби шығармалардың канондық (тұрақты, үлгі боларлық) текстін дайындау; екіншісі: автордың қолжазба үстіндегі жұмысын анықтап, сол қолжазбаның түрліше варианттарын ашу. Біздің жағдайымызда бұл міндеттерді толығынан орындауға мүмкіндік үнемі бола бермейді. Сондықтан барды базар ете отырып, белгілі бір дәрежеде болсын сол канондық тексті әзірлеуге ұмтыламыз.

Сұлтанмахмұттың екі томдығын баспаға дайындағанда жоғарыда аталмыш деректерге сүйеніп, ақынның кейінгі жылдар шыққан негізгі жинақтарымен салыстырып өттік. Сөйтіп барып тұрақ-

ты текстерін жасауға тырыстық. Осының өзінде кейбір негізгі баспалары саналып жүрген жинақтарда (1950, 1957) көптеп қателіктер мен жаңылыс басылған сөздердің, сөйлемдердің беті ашылды. Бірнеше мысалдар келтірейік: «Оқыл жүрген жастарға» атты өлеңінің соңғы екі жолы 1950, 1957 жылғы баспаларында, неге екені белгісіз:

Обылым енді азат қыл,
Қалсын былай бақалық!

деп теріс жарияланып келді. Ал бұл екі жол ақынның 1933 жылы шыққан толық жинағында, сондай-ақ кейін М. О. Әуезов архивінен табылған қолжазбада:

Обылым енді азат қыл...

деп дұрыс берілген.

«Талиптарға» өлеңіндегі бір жол С. Торайғыровтың негізгі саналған жинақтарында (1933, 1950, 1957):

Білде бар аққу, шортан, шәліп халқы, —

деп қате басылып жүрсе, оның:

Білде бар аққу, шортан, шәліп қалы, —

екені қолжазба бойынша анықталды.

«Бұлар кім» атты шығармасындағы бір жол:

Хак тамшысы көзіне сұртпақ еді—

деп «Айқап» журналындағы баспасы бойынша қабылданды, ал бұл жол ақынның негізгі жинақтарында:

Ақ тамшысы көзіне сұртпақ еді. —

деп беріліп келген еді.

Міне осы алуандас қате басылған сөздер, кейде жене сөйлемдер жиі кездесіп отырады. Тағы да бірнеше мысалдар алайық. «Кеше түнгі түс, бүгінгі іс» деген Сұлтанмахмұттың белгілі өлеңінде мына бір екі жол жоғарыда айтылған негізгі жинақтарда:

Талажан аспирменен, аңғар тауми
Көз жасы заттасынның сағай жауы...

деп жарияланып жүрсе, енді бұл жолдар «Айқап» журналы және қолжазба бойынша былайша қабылданды:

Таласқан аспанменен заңғар таусық,
Көз жасы таттамының саған жаусық.

Мұның дұрыстығын сол шумақтың кейінгі екі жолы да анық дәлелдейді:

Үркер қысып, жел қуған біз сораңның,
Ардақты ай алдына жеткіл дәусық.

«Көшү» атты өлеңінің бір жолы 1933, 1950, 1957 жылғы жинақтарында:

Дөңгелек, есік, арғы қора бөлген —

деп теріс басылып келген еді, енді қолжазба бойынша былайша түзетілді:

Дөңгелекті есік арғымен қора бөлген

«Көдей» атты белгілі поэмасының төменгі екі жолы 1957 жылғы баспасында:

Әкем, шешем, арғы атам өлікте өткен,
Олардың да кеудесін есік тескен.

Немесе 1950 жылғы жинағында:

Әкем, шешем, арғы атам солай өскен,
Олардың да кеудесін есік тескен,

делініп келсе, бұл жолдар 1933 жылғы басылуы бойынша қабылданды:

Әкем, шешем, арғы атам солай өскен,
Олардың да өкпесін есік тескен.

Ал «Қамар сұлудан» азды-көпті жеке сөздер өзгешелігінен басқа да шығарманың аяғындағы мына бір текстер мүлде түсіп қалған, бұрынғы баспаларының еш қайсысында да жоқ.

«Өз бетін аямаған кісі бетін шиедей қылады» деп, қане жалғыз адам ұстап қолына Ахметті түсіре алсыншы! Көбінің-ақ бетін шиедей қылды. Ұстамақ тұрсын ешкім маңайына да баспай алдына қашты. Ақыр жақ тәтті. Сонда да оңай ма? «Ер екеніңді білейін, ер өлтіріп байқашы!» деген ғой, жүректің қызуы, қанның қайнауы, жанның күйі, ызаның тасуы шыдатпай Ахмет мынадай іс істеп салды. Істерін істесе де қайтерін білмей, құр айналақтап үйдің ішіне жүгіре беруден басқаны білмеді. Әбден есі шығып кеткендігі ғой, солай сандалып жүргенде, жиылып келіп қалған кісілерді көріп:

— Қарағым Қамар, міне сенің үшін жаным, қасықтай қаным, қош! — деп жүгіріп есіктен шыға берген кезде, алдынан қатарымен екі сойыл тиіп Ахмет бұл дүниенің залым тұрмысынан ақыреттің әділ тұрмысына қарай арманда көшіп жүре берді. Жұма күні екінді уақыт еді.

Әрине, бұл мысалдар арқылы тұжырымды қортындыға келе қоюға болмайды, өйткені әзірге қолда бар деректердің аздығы кеңірек толғанып, еркінірек көсілуге жібермей отыр. Сөйтсе де, жоғарыда келтірілген мысалдар бойынша бірде ақын тексттерінің теріс оқылып келгенін көрсек, тағы бір сәтте кейбір сөздердің орынсыз қысқартылып қалғанын немесе жаңа заманға икемделіп итүзетілгенін байқаймыз. Сөз жоқ, мұндай әрекеттер ишбір сынды көтермейді. Сондықтан біз осы жолы ақынның көзі тірісінде жарияланған шығармаларын негізге алумен бірге, кейінгі басылып шыққан жинақтарын өз ара салыстырып, солардың ішінен түп нұсқаға жақындарын, мағынасы жағынан дұрыс дегендерін қабылдап отырдық. Келешекте де қосымша табылған жаңа деректерге сүйеніп текстология жұмысын өлі де жүргізе беретін боламыз.

Осы кіріспенің аяғында қысқаша қортынды ретінде айтатынымыз мыналар. Сұлтанмахмұт Торайғыровтың творчествосымен танысқаннан кейін, ол жөнінде осы күнге шекті болып келген көзқарастардың көпшілігі дұрыс емес екенін, кейде сыңар жақ, кейде қате пікірлер орын тепкенін ашық айтуымыз қажет.

Ең алдымен, С. Торайғыровты жиырмасыншы ғасырдың басындағы қазақ әдебиеті тарихынан келелі орын алатын демократ ақын деп танимыз. Ол өзінің творчестволық жолында, негізінде, демократтық бағытты ұстап, сол кездегі қазақ тұрмысын, оның ішінде кедейлердің ауыр халі мен бай-жуандардан көрген жабір-жапасын реалистік тұрғыдан терең көрсетті. Қазақ халқын оқуға, өнер-білімге шақыра отырып, жожа-молдаларды қатал сынға алды, олардың ұсқынсыз қылықтарын аяусыз өшкереледі. Ақын ел ішіндегі ескі әдет-ғұрыптарға қарсы шығып, өсіресе әйел теңдігі мәселесіне айрықша көңіл бөліп отырды, қалың мал алу мен әмеңгерлікті жоюды көкседі.

Сұлтанмахмұт Торайғыров өзінің көптеген шығармаларында демократтық позиция ұстап, Бұқара көпшіліктің мұңын мұңдаса да, сол жылдар Россия топырағында болған ұлы өзгерістерді (мәселен, февраль мен октябрь революцияларын, Ы. Д.) түсіне алмады, кейін 1917—1919 жылдар алашордашылардың тікелей

ықпалында болып, ұлтшылдық сарында бірнеше өлеңдер («Алаш ұраны», «Таныстыру», «Айтыс» т. б.) жазды. Сондықтан да кейбір зерттеушілердің С. Торайғыровты байсалды материалист және жауынгер атеист етіп көрсетулері орынсыз, шындықтан алшақ жатыр.

Сұлтанмахмұт қазақ поэзиясында әлеуметтік-қоғамдық сарынды мейлінше күшейте, өткірлей түсті. Сонымен бірге ол қазақ лирикасының ішкі мүмкіншілігін молайтып, жаңа сатыға көтере білді.

Сондай-ақ, ол қазақтың көркем прозасы мен поэмаларының қалыптасуына ерекше еңбек сіңірді. «Қамар сұлу», «Кім жазықты?» деген кесек шығармалары Сұлтанмахмұт Торайғыровтың үлкен формада батыл барлау жасап, іздену үстінде елеулі творчестволық табысқа жеткенін дәлелдейді. Ал, ақынның «Адасқан өмір» және «Кедей» атты поэмаларын сол кездегі қазақ поэзиясының асқар биігі деп тануымыз қажет.

Жазушының қазақ публицистикасы қалыптасуына сіңірген азды-көпті еңбегі өз алдына сөз боларлық соны тақырып.

Осыған орай С. Торайғыровтың шығармаларын тереңірек зерттеу үшін не істеулері керек.

Ақыннан қалған мұраны мұқият тексеріп, оған тиісті текстологиялық жұмысты жүргізумен бірге, оқушы жұртшылыққа тез арада шығармалар жинағын ұсынған дұрыс. Бұл ретте жоғарыда қойылған талаптарды орындаған шарт.

Сұлтанмахмұттың творчестволық биографиясы қайта жазылып, толықтырыла түскені міндет. Бұл жөнінде архивтік материалдармен қатар, ақынды білген адамдардың есте қалғандарын жинау да өте керек.

Ақын шығармаларының тілі, стилі айрықша тексеріліп, оның қазақ әдебиетіне бұл салада қосқан үлесі жан-жақты, терең зерттелгені жөн.

С. Торайғыровтың шығармалары орыс тіліне аударылу арқылы бүкіл совет халықтарының меншігіне айналуы қажет.

Ақынның дүниеге көзқарасына, шығармаларының идеялық-көркемдік ерекшеліктеріне қолдағы бар, ешбір күдік туғызбайтын материалдарға сүйене отырып, негізінде, жаңадан баға беретін болғандықтан бұл жөнінде кеңінен пікір алысып, бір тоқтамға келуіміз дұрыс. Өйткені, бір қайраткердің творчествосы турасында сан түрлі пікір болуға енді орын жоқ.

Ысқақ ДҮЙСЕНБАЕВ.

ТҮСІНІКТЕР

Кім жазықты! (1914—1915).— Ақынның негізгі жинақтарына еніп келді.

«Кім жазықты?» Сұлтанмахмұт Торайғыровтың ең алғаш жазған көлемді шығармаларының бірі бола тұрса да, оның түп нұсқасы сақталмай қалып кеткені, бізге тек үзінді күйінде ғана келіп жеткені баршаға мәлім. Ақынның «Кім жазықтыны» романға арналған бәйгеге жазғанын және қазақ әдебиеті тарихында өлеумен жазылған романның алғашқы бастамасы өкенін ескере отырып, оның үстіне бұрыннан келе жатқан дәстүрді бұзбай екінші томда беруді мақұл көрдік.

1) Найқалып тақ желіне тербетілді,— Қолжазба бойынша беріліп отыр. 1933 жылғы жинақта:

Нағылып тақ желіне тербетілді,— деп ал 1950, 1957 жылғы баспаларында:

Қағылып тақ желіне тербетілді — деп қабылданған.

2) Асыл шөп, жасыл шықтың нісі аңқып,— Қолжазба негізінде берілді. 1933, 1950, 1957 жылғы баспаларында:

Асыл шөп, жасық шықтың нісі аңқып — делінген.

3) Жайылып төрге қарай таңның ағы,— Қолжазба мен 1957 жылғы баспасы бойынша қабылданды. 1933, 1950 жылғы жинақтарда:

Жиылып төрге қарай таңның ағы — деп басылған.

4) Сүйкенген үйлеріне қойларды ұрып.— Қолжазба мен 1957 жылғы жинақ бойынша берілді. 1933, 1950 жылғы баспаларында:

Сүйкеген үйлеріне қойлар ұрып — делінген.

5) Көркейтп көздің жауын жердің өңі; — Қолжазба мен 1933 жылғы кітап бойынша жіберілді. 1950, 1957 жылғы жинақтарда:

Көркейтп жазғы жауын жердің өңі — деп беріліпті.

6) Тасболат жұрттан асқан малды кісі, — Қолжазба бойынша берілді. 1933, 1950, 1957 жылғы баспаларында:

Тасболат таптан асқан малды кісі — деп алынған.

7) Әжібай — бес, Жәмилә — он бірде еді. — Қолжазба мен 1933 жылғы баспасы бойынша жіберіліп отыр. 1950, 1957 жылғы жинақтарда:

Әжібай бесте, Жәмилә он бірде еді — деп басылған.

8) Қарғайын десем жалғызым ...қап, бәлем, қап!.. — Қолжазба бойынша қабылданды. 1933, 1950, 1957 жылғы жинақтарда:

Қарғайын десем жалғызым ...қап, балам, қап!.. — делінген.

9) Айтқан ек сөзді болды деп сондай күймен. — 1933 жылғы жинақ бойынша берілді. 1950, 1957 жылғы баспаларында:

Айтқан екі сөз болды деп сондай күймен — деп, ал қолжазбада:

Айтқан ек сөз болды деп сондай күймен — болып берілген.

10) Шалсынып һәм ұялып ел мен жұрттан — Қолжазба негізінде берілді. Өзге жинақтарда:

Шалсынып әрі ұялып ел мен жұрттан — делінген.

11) Әжібайға Жаңыл жексұр онан сайын, — Қолжазба мен 1933 жылғы баспасы бойынша жіберілді. Өзге жинақтарда:

Әжібайға Жаңыл жексұрын онан сайын — деп басылған.

12) «Қызыл су» деген қала бар бұрыннан. — Қолжазба негізінде берілді. 1933, 1950, 1957 жылғы жинақтарда:

Қызықсу деген қала бар бұрыннан — деп алынған.

13) Кейде ішіп Әжібай мырза бүліп жүрді, — 1933 жылғы баспасы бойынша жіберілді. 1950, 1957 жылғы жинақтарда:

Кейде ішіп Әжібай мырза болып жүрді — деп басылған.

14) Орныққан не заманнан сол қалада — Қолжазба мен 1933 жылғы баспасы бойынша алынды. Өзге жинақтарда:

Орныққан не заманнан бұл қалада — деп жарияланып келді.

15) Ол Жүсіп ішкіш жігіт, араққұмар — Қолжазба бойынша беріліп отыр. Өзге баспаларында:

Ол жігіт ішкіш жігіт араққұмар — делінген.

16) Жат жаққа оңашада өзі-дағы. — Қолжазба мен 1933 жылғы баспасы бойынша қабылданды. 1950, 1957 жылғы жинақтарда:

- Жат жаққа оңашла да **өзі тағы** — деп басылып келген.
- 17) Аңызын екеуінің **байқап қалар** — 1933 жылғы баспа бойынша жіберіліп отыр. 1950, 1957 жылғы жинақтарда: Аңызын екеуінің байлап қалар — деп басылыпты.
- 18) 1933, 1950, 1957 жылғы баспаларында бұл арада үш тарау жоғалғаны ескертілген.
- 19) Баяғыша саудайылық өлде құрып. — 1933 жылғы жинақ бойынша берілді. 1950, 1957 жылғы баспаларында: Баяғы серуендік өлде құрып — делінген.
- 20) Болғаннан, махаббатқа болмас орын. — 1933 жылғы баспа бойынша берілді. 1950, 1957 жылғы жинақтарда: Кәрілікте махаббатқа болмас орын — делінген.
- 21) Әжібай мырза саудайылық қыла жүріп. — 1933 жылғы жинақ бойынша берілді. 1950, 1957 жылғы баспаларында: Әжібай мырза серуендік қыла жүріп — деп алынған.
- 22) 1933, 1950, 1957 жылғы жинақтарда бұл арада бірталай сөздер жоғалғандығы айтылған.
- 23) **Өзі өлмей** Әжібайын болыс қылып, 1933 жылғы баспасы бойынша жіберілді. 1950, 1957 жылғы жинақтарда: **Өзі алмай** Әжібайын болыс қылып — делінген.
- 24) «Қит етсе екен, **онжаққа кетеміз**» — деп. — Қолжазба мен 1933 жылғы жинақ бойынша қабылдап отырмыз. Өзге баспаларында: Қит етсе екен **онжаққа кетеміз** деп — болып басылып келген.
- 25) Ең шыны, енді хал жоқ **таласарға**. — Қолжазба мен 1933, 1957 жылғы жинақтар бойынша алынды. 1950 жылғы баспада: Ең шыны, енді хал жоқ **таластарға** — делінген.
- 26) Сол уақытта **мынадай бір іс болды**. 1950, 1957 жылғы жинақтар бойынша жіберіліп отыр. Қолжазба мен 1933 жылғы баспасында: Сол уақытта **мынау бір мәжіліс болды** — делінген.
- 27) Ер, әйел арасына **өсек ексе**, **қоя ма махаббаттың отын жоймай!** — Бұл екі жол 1950, 1957 жылғы жинақтарда ғана бар, басқа деректерде жоқ.
- 28) Әжібай **көп уақытта үйде тұрмас**. — Қолжазба мен 1933 жылғы баспасы бойынша алынып отыр. 1950, 1957 жылғы жинақтарда: Әжібай **көп уақыттар үйде тұрмас** — деп басылып келген.

29) Ол мені неге әрдайым ұрсып-кекері — Қолжазба мен 1933 жылғы жинақ бойынша берілді. Өзге баспаларында:

Ол мені неге әрдайым ұрсып кетер — делінген.

30) Бірақ көңілін басқаға бөліп жүрді.— Қолжазба бойынша беріліп отыр. 1933 жылғы баспада бұл жол жоқ, ал 1950, 1957 жылғы жинақтарда осы жолдың орнына:

Құр қызғаныш екен деп сеніп жүрді — деп берілген.

31) Байланған қотыр бұзау арық-тұрақ.— Қолжазба бойынша қабылданды. Өзге баспаларында:

Байланған қотыр бұзау, арық тоқтың — делінген.

32) Қыз болып бойға толып жеткен күндер,— Қолжазба бойынша толықтырылды. Бұл жол өзге баспаларында жоқ.

33) Көңілі, сүйген жармен сөйлескені.

Ағаштың саясында жазғы түндер.— Қолжазба бойынша берілді. 1933 жылғы кітапта бұл жолдар:

Көңілі сүйген жармен сөйлесуде

Ағаштың саясында жазғы түндер — деп басылған, ал 1950, 1957 жылғы жинақтарда:

Көңілді сүйген жармен сөйлесулер,

Сүйіскен, құшақтасқан әзілдескен

Ағаштың саясында жазғы түндер — делініп келген.

34) Бір-бірін түрткілесіп қылар ұрыс.— Қолжазба мен 1933 жылғы баспасы бойынша жіберіліп отыр. 1950, 1957 жинақтарда:

Бірін-бірі түрткілесіп қылар ұрыс — деп басылған.

35) Со қалпы қонақ келсе бөтен жақтан.— Қолжазба бойынша берілді. 1933 жылғы жинақта бұл жол жоқ, ал 1950, 1957 жылғы баспаларында мұның орнына:

Адам жоқ бас-көз болып оны баққан — деп алынған.

36) Артқыны жақын қылмақ ірәдасы.— Қолжазба мен 1933 жылғы баспасы бойынша жіберілді. Өзге жинақтарда:

Артқыны жақын қылмақ ел арасын — делінген.

37) Өлген бар, жығылған бар үш-төрт бала,— 1933, 1950 жылғы жинақтар мен қолжазба бойынша қабылданды. 1957 жылғы баспасында:

Өлген бар, жығылған бар төрт-бес бала,— болып берілген.

38) Бұл жаздың жайлы тимей келер қысы,— Қолжазба бойынша жіберіліп отыр. 1933 жылғы жинақта:

Бұл жаздың жайлы тимей келер қызы — деп берілсе, ал 1950, 1957 жылғы баспаларында:

Бұл жаздың жайлы тимей келер күзі — дөлінген.

39) **Шана шөп отыз сомға табар зорға;** — Қолжазба мен 1933, 1950 жылғы жинақтар бойынша берілді. 1957 жылғы баспада бұл жол түсіп қалған.

40) Кедейлер байдан келіп ақша сұрар. — Қолжазбаға сүйеніп берілді. 1933, 1950, 1957 жылғы жинақтарда:

Кедейлер байдан келіп азық сұрар — болып басылған. Шынында, бұдан кейінгі жолдардан «азық» емес, «ақша» сұралғаны аңғарылады.

41) Әр жерде жемтік жатыр үнім-үйім. — Қолжазба бойынша алынды. 1933, 1950, 1957 жылғы баспаларында:

Әр жерде жемтік болды үнір-үнір — дөлінген.

42) «Бірге өлді өз малыммен қайтейін» — деп,

Момынның тыңдамады айтқандарын. — 1933 жылғы жинақ бойынша берілді. 1950, 1957 жылғы баспаларында:

Бірге өлді малыммен қайтейін деп,

Момынның тыңдамады айтқан зарын — деп басылыпты.

43) Өзінің дауын сөйлеп, қылды күшті. — Қолжазба мен 1933 жылғы жинақ негізінде беріліп отыр. 1950, 1957 жылғы баспаларында:

Ұрының дауын сөйлеп, қылды күшті — деп басылып келген.

44) Ақыры сотқа кетіп болып зор іс — Қолжазба бойынша беріліп отыр. Өзге баспаларында:

Ақыры сотқа кетіп бұл зор жұмыс — деп жарияланып келген.

45) Келген соң қазық болып бұлар өлге — Қолжазба бойынша берілді. 1933, 1950, 1957 жылғы баспаларында:

Келген соң қазақ болып бұлар өлге — дөлінген.

46) Кіжінді сырттан төнтек шалдар бүліп. — 1933 жылғы жинақ бойынша қабылданып отыр. 1950, 1957 жылғы жинақтарда:

Кіжінді сырттан төнтек шалдар біліп. — деп басылған.

47) Сонда да ешімге сыр бермей жүрді. — Қолжазба мен 1933 жылғы баспа бойынша берілді. 1950, 1957 жылғы жинақтарда осы жол түсіп қалған.

48) Сөзбеді бұл жұмысты ешбірі де

Үй іші, не басқа бір жақын мен жат. — 1950, 1957 жылғы жинақтар бойынша беріліп отыр. Бұл екі жол қолжазба мен 1933 жылғы жинақта жоқ.

49) Кеткендей сырты Әнуарды мүлде ұмытып. 1933 жылғы баспасы бойынша берілді. 1950, 1957 жылғы жинақтарда:

Кеткенде жұрты Әнуарды мүлде ұмытып — деп басылған.

50) Түзелген, басқа ой жоқ өңі екіп.— Бұл жол қолжазба мен 1933 жылғы жинақта жоқ. 1950, 1957 жылғы жинақтар бойынша беріліп отыр.

51) Күлтай айтты шешелеріне ептеп барып: — 1950, 1957 жылғы баспалары бойынша беріліп отыр, ал 1933 жылғы жинақта: Күлтай айтты шешелеріне барып — делінген.

52) Мазақтар өндерін сап, жылап-ұлып.— 1933 жылғы баспасы бойынша берілді. 1950, 1957 жылғы жинақтарда: Мазақтар өндерін сап, жылап тұрып — деп басылған.

53) Төркіні бірыстыны сөзбен жұбатып,— Қолжазба мен 1933 жылғы жинақта жоқ. 1950, 1957 жылғы баспаларына қайдан алынып қосылғаны мәлім емес.

54) Күндестері соқтығып еш жазықсыз
Ұрыс-керіс шығарар басын даңғып.— Бұл екі жол қолжазба мен 1933 жылғы баспасында жоқ. 1950, 1957 жылғы жинақтар бойынша беріліп отыр.

55) Бір күні Жаңылдың аузы бек бұлтнып,— Қолжазба бойынша алынды. 1933, 1950, 1957 жылғы баспаларында: Бір күні Жаңылдың аузы бұлтнып — делінген.

56) Қаңғырып қалада жүр көрмей үйін — 1950, 1957 жылғы баспалары бойынша беріліп отыр. Қолжазба мен 1933 жылғы жинақта бұл жол жоқ.

81 бет.

Қамар сұлу (1914) — Сұлтанмахмұттың 1933, 1950, 1957 жылғы баспаларына еніп келді. 1950, 1957 жылғы баспаларына сәйкес романның жазылуы «1914 жыл» деп белгіленіп отыр. Ал 1933 жылғы жинақта «1917 жыл» болып берілген, алайда сол 1933 жылғы жинақтың алғы сөзінде бұл шығарма «1914 жылы шығарылған» — деген дерек бар.

XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ прозасын түгелдей алып қарағанда идеялық мазмұны мен көркемдік қасиеттері жағынан оқшау тұрған екі шығарма бар. Оның бірі — Сұлтанмахмұт Торайғыровтың «Қамар сұлуы», екіншісі — Спандияр Көбеевтің «Қалың малы». Алайда, бұл екі шығарманың қазақ прозасының даму жолындағы мән-маңызын мойындай отыра, олардың өкпеуін де шын мәніндегі романдар деп кесіп айта алмаған болар едік.

«Қамар сұлудағы» оқиғаның өрбіп, дамуына келетін болсақ, жазушы негізінде хронологиялық әдісті қолданған, мұнда шегіністер немесе өз алдына қатар жүріп жататын қосалқы эпизодтар жоқ. Барлық оқиға бір Қамардың басына байланысты, шы-

ғармадағы басқа кейіпкерлердің қайсысының болсын бейнелері де сол Қамар сұлуға қарым-қатынасы арқылы айқындала, ашыла түседі.

С. Торайғыровтың «Қамар сұлуын» шын мәніндегі роман дәрежесіне көтеріле алмады десек те, оның қазақ прозасы дамуындағы алатын келелі орнына, демек көркем әдебиетіміз тарихында сол роман жанрының тууы, қалыптасуы, өркендеуі жолында өзіне сай белгілі роль атқарғанына ешбір күман жоқ. Өйткені жазушы өз заманының бір көрінісін жан-жақты алып, оны реалистік тұрғыдан ыспаттауға тырысқан, бұл жөнде көптеген табыстарға да жеткен. Ең алдымен, жазушы әйел теңдігіне байланысты сол кездегі қазақ арасында өтек алған ескі әдет-ғұрыптарды қатал сынай отыра, ендігі жастардың келешегі оқуда, еркіндік тұрмыста екенін Қамар мен Ахметтің трагедиялық талдері арқылы мегзейтін болса, осы шығармасында сонымен бірге бір топ кейіпкерлерінің ұмытылмастай жарқын, сенімді образдарын жасайды. Бұл жаңа ғана қалыптаса бастаған қазақ прозасына қосылған зор үлес еді.

1) Омар да қоя берді бетін қақпай,— Қолжазба бойынша беріліп отыр. 1933, 1950, 1957 жылғы жинақтарда:

Қамар да қоя берді бетін қақпай — делінген.

2) «Толықсып» — Аталған жинақтардың бәрінде де жоқ, қолжазбадан алынып отыр.

3) «Қамар осылай» — Қолжазба бойынша берілді, 1950, 1957 жылғы баспаларында «Қамар осындай» — деп жарияланып келді.

4) «Жерге енгізіп», — Қолжазба бойынша жіберілді. Өзге жинақтарда «Жерге енгізбей» — болып басылған.

5) «Һәм» — 1933, 1950, 1957 жылғы жинақтарда түсіп қалған, бұл жерде қолжазба бойынша берілді, «Һәм» деген сөз бұрынғы баспаларында үнемі «және» деп түзетіліп отырған.

6) «Тіпті» — Қолжазба бойынша жаңадан қосылып отыр.

7) «Болып» — бұл да сондай.

8) «Теңі келсе, тегін бер», — Қолжазба бойынша алынды. Бұрынғы баспаларында:

«Теңі келсе, тек табар» — деп алынған.

9) «Қымсынып» — Қолжазба бойынша жіберілді. 1933 жылғы жинақта: «Қысынып», ал 1950, 1957 жылғы баспаларында: «Қымсылып» — деп беріліпті.

10) Іштерінен сүйісіп — Қолжазба мен 1933 жылғы баспа бо-

бойынша қабылданды. 1950, 1957 жылғы жинақтарда: «іштерінен сүйсікіп» — деп жарияланып келді.

11) «Отырсса да» — Қолжазба мен 1933 жылғы баспа бойынша алынып отыр. 1950, 1957 жылғы жинақтарда: «Отырса да» — деп басылған.

12) «Кетсе» — бұл сөз 1957 жылғы баспасында түсіп қалған.

13) «Көкінін бекітіп» — Қолжазба бойынша жіберіліп отыр. 1933, 1950, 1957 жылғы жинақтарда бұл сөз жоқ.

14) «Бата» — 1957 жылғы баспа бойынша алынды. 1933, 1950 жылғы жинақтарда: «баса» — деп берілген.

15) Жаутандап екі көзді мөлдіретпей. — Қолжазба мен 1933 жылғы жинақ бойынша жіберілді. 1950, 1957 жылғы жинақтарда:

Жаутендеп екі көзді мөлдіретпей — деп басылыпты.

16) Астана жұрт билеген хан қылғаның; — Қолжазба мен 1933 жылғы баспасы бойынша қабылданды. Ал 1950, 1957 жылғы жинақтарда: Астына жұрт билеген хан қылғаның — делінген.

17) Малдыны кісімітіп паң қылғаның. — Қолжазба бойынша берілді, ал өзге баспаларында:

Малдыны кісімітіп паң қылғаның — деп алыныпты.

18) «Тамағында булығып тұрған» — Қолжазба бойынша жіберілді. Өзге баспаларында:

«Тамағы булығып тұрған» — деп берілген.

19) «Жалқын» — 1933, 1950, 1957 жылғы жинақтарда:

«Күйік жалқын» — делінген екен, қолжазбадағы текске сүйеніп бір сөйлемде екі рет қайталанып отырған «Күйік» деген сөз алынып тасталды.

20) «Әр жағын» — Қолжазба бойынша берілді. Өзге баспаларында: «Аржағын» болып басылған.

21) «Екі оттың арасында тұрғам жоқ па!» — Қолжазба бойынша қабылданды. Өзге баспаларында:

«Екі оттың арасында тұрған жоқ па — делінген.

22) «Талайсыз сорлы» — 1933 жылғы жинақ пен қолжазбаға сәйкес жіберіліп отыр. 1950, 1957 жылғы баспаларында:

«Талапсыз сорлы» — деп алынған.

23) Сұңқар мен сұқсыр үйрек тең болмаса, — Қолжазба бойынша беріліп отыр. Басқа жинақтарда:

Сұңқармын сұқсыр үйрек тең болмаса — делінген.

24) Қарғаң не, қайта ойланып байқашы өзің? — Қолжазба бойынша алынды. Өзге баспаларында:

Қарға не, қайта ойланyp байқашы өзің — деп жарияланып келді.

25) «Сектеніп» — Қолжазба мен 1933 жылғы баспасы бойынша берілді. 1950, 1957 жылғы жинақтарда: «Сектеніп» — деп басылған.

26) Тентекті айып салып айдап жібер, — Қолжазба бойынша жіберілді. Өзге жинақтарда:

Тентекті алып салып айдап жібер — делінген.

27) Лепіріп, ақыра сөйлеп, шатпас па едің? — Қолжазба бойынша алынып отыр. 1950, 1957 жылғы баспаларында:

Қақырып ақыра сөйлеп, шатпас па едің — деп, ал 1933 жылғы жинақта: Кап ұрып ақыра сөйлеп шатпас па едің — деп басылған.

28) Разы, сүйген жарым, қош есен бол — Қолжазба, 1933, 1950 жылғы баспалары бойынша берілді. 1957 жылғы жинақта:

Разы бол, сүйген жарым, қош-есен бол — болып қабылданған.

29) «Қоштасу» — 1950, 1957 жылғы баспалары бойынша жіберілді. Ал 1933 жылғы жинақ пен қолжазбада: «Амақдасу» — делінген.

30) «Қамарған» — Қолжазба бойынша жіберілді. Өзге баспаларында бұл сөз жоқ.

31) «Қамарға сөздерін тыңдата алмай, ақ болған қойдай түңіліп, ендігі бар мақсаттары» — Қолжазба бойынша жіберіліп отыр. Өзге баспаларында: «Қамарға сөздерін тыңдата алмай-ақ болған құдай түңіліп, ендігі бір мақсаттары: — деп жарияланып келді.

32) «Шірік-ау» — Қолжазба бойынша алынды. 1933, 1950, 1957 жылғы баспаларында «Шірік-ау» делінген.

33) «Шоқ!» — Қолжазба мен 1933 жылғы баспасына негізделіп берілді. 1950, 1957 жылғы жинақтарда «Жоқ!» — болып басылған.

34) «Апаты болады ғой», — Қолжазба бойынша беріліп отыр. 1933, 1950 жылғы баспаларында: «Апаты ғой» — деп, 1957 жинақта: «Апаты бар ғой» — болып басылып келген.

35) «Ушықтырмай қоя қоятын» — Қолжазба бойынша берілді. Өзге жинақтарда: «Үні шықпай қоя қоятын» — делінген.

36) «Міс-қоңыс аңдып» — Қолжазба мен 1933 жылғы баспасына сәйкес алынып отыр. 1950, 1957 жылғы жинақтарда:

«Міс-қоңыс аңдып» — деп басылып келді.

37) «Қанша қысып» — Қолжазба бойынша беріліп отыр. Өзге баспаларында: «Қанын ішкі қысып» — делінген.

- 38) «Жыпылдақ-тықылдақ» — Қолжазбаға негізделіп жіберілді. Өзге жинақтарда «Жалпылдақ-тықылдақ» — деп жарияланып келді.
- 39) «Ұстай алмай» — Қолжазба бойынша қабылданды. Өзге баспаларында: «Ұстай алмады» — деп берілген.
- 40) «Қанды ат» — Қолжазба бойынша қабылданды. 1933, 1950, 1957 жылғы жинақтарда: «Қандағ» — болып басылып келді.
- 41) «Басын ұстасты» — Қолжазба бойынша беріліп отыр. 1933, 1950, 1957 жылғы баспаларында: «Басын ұстатты» — делінген.
- 42) «Түспегендіктен» — Қолжазба мен 1933 жылғы баспаға сөйкес алынды. Өзге жинақтарда: «Түсірмегендіктен» — деп берілген.
- 43) «Атыстырып-атыстырып» — Қолжазба мен 1933 жылғы жинақ бойынша жіберілді. Өзге баспаларында: «Атыстырып» — деп алыныпты.
- 44) «Жапақтаған» — Қолжазба мен 1933 жылғы баспасы бойынша беріліп отыр. Өзге жинақтарда: «Жапалақтаған» — деп басылып келген.
- 45) «Дуылмен» — Қолжазба мен 1933 жылғы жинақ бойынша жіберілді. 1950, 1957 жылғы баспаларында: «Дәуылмен» — делінген.
- 46) «Оңалмаған жолына қарсы» — Қолжазба бойынша беріліп отыр. 1933, 1950, 1957 жылғы баспаларында: «Аршылмаған жолына» — деп алынған.
- 47) «Дәрежелі» — Қолжазба бойынша берілді. 1933, 1950, 1957 жылғы баспаларында бұл сөз жоқ.
- 48) «Созбалады» — Қолжазба бойынша жіберілді. Өзге баспаларында «Сөз байлады» — делінген.
- 49) «Көтеретін» — Қолжазба, 1933 жылғы жинақ бойынша берілді. 1950, 1957 жылғы баспаларында: «Көтермеске» деп қабылданған.
- 50) «Бір-бірінің ықластарыңа» — Қолжазба мен 1933 жылғы жинақ бойынша жіберілді. 1950, 1957 жылғы баспаларында: «Бір-бірінің ықластарына» — делінген.
- 51) «Нашайына келіп тұрған соң» — Қолжазба мен 1933 жылғы баспасы бойынша беріліп отыр. Өзге жинақтарда: «Орайына келіп тұрған соң» — деп алынған.
- 52) «Зорлай алмайды ғой, деп ортаға алып шуласып» — Қолжазба бойынша жіберілді. Өзге жинақтарда: «Зорламайды ғой деп ортаға алып шулап» — делініп келген.

53) «Мәпеленіп өскен» — Қолжазбаға негізделіп алынды. Өзге баспаларында: «Бәпелеп өскен» — деп жарияланып келді.

54) Өтірікші қыламысың! — Қолжазба бойынша жіберіліп отыр. 1933, 1950 жылғы жинақтарда: «Өтірікші қылмасын» — деп, ал 1957 жылғы баспада: «Өтірікші қылмасың» — болып басылған.

55) «Отырып-отырып» — Қолжазба мен 1933 жылғы жинақ бойынша берілді. 1950, 1957 жылғы баспаларында: «Отырып» — деп алынған.

56) «Тұстастары» — Қолжазба бойынша жіберілді. Негізгі жинақтарда: «Тұыстары» — болып басылған.

57) Ал енді, кімге ұрынсаң, соған ұрық. — Қолжазба мен 1933, 1950 жылғы баспалары бойынша қабылданды. 1957 жылғы жинақта:

Ел енді кімге ұрынсаң соған ұрын — деп берілген.

58) Толып тұр кеуделері от пен жалын. — Қолжазба мен 1933 жылғы баспасы бойынша жіберіліп отыр. 1950, 1957 жылғы жинақтарда:

Толып тұрған кеуделері от пен жалын — делінген.

59) «Жар-жар» орнына «Зар-зар» — Қолжазба бойынша алынды. 1933, 1950, 1957 жылғы баспаларында бұл жол жоқ.

60) «Басында дүр зар-зар» — Қолжазба, 1933 жылғы баспасы бойынша берілді. Ал, 1950, 1957 жылғы жинақтарда:

«Басында тұр зар-зар» — деп қабылданған. Осы үзіндіде бірнеше рет қайталанатын «дүр» деген сөз 1950, 1957 жылғы жинақтарда түгелдей «тұр» — деп басылған.

61) «Сұқсырға» — Қолжазба, 1933 жылғы жинақ негізінде жіберілді. Өзге баспаларында: «Сұққарға» — делінген.

62) Жамбас ұстап, жал шайнап, мынау жақта. — Қолжазба бойынша беріліп отыр. 1933, 1950, 1957 жылғы баспаларында:

Жамбас, жал шайнап мынау жақта — деп қабылданып келді.

63) Басқан жер, барған елге жайып салып. — Қолжазба бойынша беріліп отыр. 1933, 1950, 1957 жылғы баспаларында:

Басқа ел, барған жерге жайып салып — делінген.

64) «Булақысып» — Қолжазба бойынша жіберілді. Негізгі баспаларында: «Бұланқысып» — болып алынған.

65) «Ойын қылмақшы болды» — Қолжазба бойынша берілді. Өзге баспаларында: «Той қылмақшы болды» — деп жарияланып келді.

66) «Ажуалал» — Қолжазба бойынша жіберілді. Өзге баспаларында: «Ашупанып» — делінген.

67) «Соңғы арба содан жүреді ғой» — Қолжазба мен 1933 жылғы баспасы бойынша қабылданды. 1950, 1957 жылғы жинақтарда: «Соңғы арба сонда жүреді» — деп басылған.

68) «Шұлғағандай» — Қолжазба мен 1933, 1950 жылғы жинақтар бойынша жіберілді. 1957 жылғы баспасында: «Торпағандай» — делініп келген.

69) «Бірі басы, бірі қолы, бірі аяғынан алып» — Қолжазба мен 1933 жылғы баспасы бойынша алынды. 1950, 1957 жылғы жинақтарда: «Бірі басынан, бірі қолынан, бірі аяғынан алып» — делінген.

70) «Қысылып» — Қолжазба мен 1933 жылғы жинақ бойынша берілді. Өзге баспаларында бұл сөз жоқ.

71) Қамар — Бұл сөз қолжазбадан алынып қосылды. Бұрынғы баспаларында жоқ.

72) Өлсем де отқа күйіп, суға түсіп, — Қолжазба бойынша беріліп отыр. Өзге баспаларында:

Өлсең де отқа күйіп, суға түсіп — делінген.

73) Енді біл, жатар орнық жайлап қойғам, — Қолжазба бойынша қабылданды. Өзге жинақтарда:

Енді біл, жатар орнық жайлап қойған — деп басылыпты.

74) Өл десем өлетін ғып сайлап қойғам. — Қолжазба бойынша беріліп отыр. Өзге жинақтарда:

Өл десе өлетін ғып сайлап қойғам — деп жарияланып келді.

75) «Мынау еді» — Қолжазба мен 1933 жылғы баспасына сәйкес алынып отыр. 1950, 1957 жылғы жинақтарда:

«Мынадай еді» — деп алынған.

76) Қабірдағы хашарат жұрттар жесіңі! — Қолжазба мен 1933 жылғы жинақ бойынша жіберілді. Өзге жинақтарда:

«Қабірдағы хашарат құрттар жесіңі» — делінген.

77) «Үшпаның бұлтымен аралас» — Қолжазба мен 1933 жылғы баспасы бойынша берілді. 1950, 1957 жылғы жинақтарда:

«Дұшпанның бұлтымен аралас» — деп басылған.

78) «Өтірік-шынды сабап» — Қолжазба бойынша жіберіліп отыр. Өзге жинақтарда: «Өтірік-шындыны сабап» — деп алынған.

79) «Болып тұрса да» — Қолжазба негізінде берілді. Өзге баспаларында: «Біліп тұрса да» — делінген.

80) «Бәйек болып» — Қолжазба мен 1933 жылғы жинақ бойынша жіберілді. 1950, 1957 жылғы баспаларында: «Бәйтік болып» — деп жарияланып келді.

81) «Жұлынып-жұлынып айтып жібергендегісі мынау еді» — Қолжазба мен 1933 жылғы жинақ бойынша жіберіліп отыр. 1950, 1957 жылғы баспаларында: «Жұлынып тұра келіп айтып жібергендегісі мынау еді» — деп басылған.

82) «Ақыл-тоқтау айтқан болды...» — Қолжазба бойынша алынды. Өзге баспаларында: «Ақыл, тоқтату айтқан болды» — делінген.

83) «Ұжмақ шымшымның тамшысындай» — Қолжазба бойынша беріліп отыр. Өзге жинақтарда: «Ұжмақ сеспесінің тамшысындай» — делінген.

84) «Жүрек жалын» — Қолжазба негізінде жіберілді. 1933 жылғы жинақта: «Жүрек алын» — болып, ал 1950, 1957 жылғы баспаларында: «Жүрек алып» — деп берілген.

85) 1933, 1950, 1957 жылғы жинақтар мен қолжазбада: «Оқуға жеңіл болсын деп молда мен Қамардың сөзі өлеңмен жазылды» деген автордың өскертпесі бар.

86) «Бара көр маңдайыңнан» — Қолжазба бойынша жіберілді. 1933, 1950, 1957 жылғы жинақтарда: «Бар көр маңдайыңнан» — делінген.

87) Айтайын шарнағатты, нызамды қой! — Қолжазба мен 1933 жылғы баспасы бойынша берілді. 1950, 1957 жылғы жинақтарда:

Айтайын шарнағатқа нызамды қой — деп басылған.

88) Бақыр-шақыр болмасқа кеткен бұл іс. — Қолжазба бойынша берілді. Өзге жинақтарда:

Бақыр, шақыр келмеске кеткен бұл іс — делінген.

89) Үндеме, дұрыс-дұрыс, дұрыс-дұрыс. — Қолжазба мен 1933, 1950 жылғы жинақтар бойынша беріліп отыр. 1957 жылғы баспада: «Үндеме, дұрыс-дұрыс, дұрыс» — деп алынған.

90) Добыра сақал дурақты құлатпасын. — Қолжазба мен 1933, 1950 жылғы баспалары бойынша жіберілді. 1957 жылғы жинақта:

Дорба сақал дурақты құлатпасын — делінген.

91) Қайырлы болсын десіп, бір күлісіп. — Қолжазба мен 1933 жылғы жинақ бойынша беріліп отыр. 1950, 1957 жылғы жинақтарда: Қайырлы болсын десіп бәрі күлісіп — деп басылған.

92) «Оспанның да құйрығына қыл батпай» — Қолжазба негізінде жіберіліп отыр. 1933, 1950, 1957 жылғы жинақтарда:

Оспанның да бұйрығына қыл батпай — деп жарияланып келді.

93) «Ың жоқ, шың жоқ» — Қолжазба мен 1933 жылғы жинақ бойынша жіберілді. 1950, 1957 жылғы баспаларында: «Ың жоқ» — деп берілген.

94) «Жанына барып» — Қолжазбаға сәйкес алынды. 1950, 1957 жылғы жинақтарда: «Жанына келіп» — деп басылған, 1933 жылғы баспада бұл сөздер жоқ.

95) «Енді ішкі пікірін» — Қолжазба мен 1933 жылғы жинақ негізінде алынды. 1950, 1957 жылғы баспаларда:

«Енді ескі пікірін» — делінген.

96) «Тағы өсек даулап» — Қолжазба мен 1933 жылғы жинақ бойынша беріліп отыр. 1950, 1957 жылғы баспаларында: «Тағы өсек лаулап» — делінген.

97) «Бұтты-шатты дегендей» — Қолжазба мен 1933 жылғы жинақ негізге алынды. Кейінгі баспаларында бұл сөздер түсіп қалған.

98) «Сыпыра көңілі соқырлар» — Қолжазба бойынша алынды. Өзге баспаларында: «Сыпыра көңілі» деген сөздер түсіп қалып тек «Соқырлар» — делінген.

99) «Не әдді бар!» — Қолжазба мен 1933 жылғы жинақ бойынша жіберілді. Кейінгі баспаларында: «Не әлі бар!» — деп беріліпті.

100) «Жүні жығылды қалды» — Қолжазба мен 1933 жылғы жинақ бойынша алынды. Өзге баспаларында: «Жүні жығылып қалды» — деп берілген.

101) «Қалай» — Қолжазба бойынша берілді. 1933, 1950, 1957 жылғы баспаларында бұл сөз жоқ.

102) «Онан соң үшкіру, түкіру деген нәрсе күнде нөпір» — Қолжазба мен 1933 жылғы жинақ бойынша қабылданды. Соңғы баспаларында:

«Онан соң үшкіру деген нәрсе күнде көбейіп» — болып жарияланып келді.

103) «Қазақ емдерінен оллау ағлам» — Қолжазба мен 1933 жылғы жинақ бойынша жіберілді. 1950, 1957 жылғы баспаларында:

«Қазақ емдерінен» — делінген.

104) «Әйда-ай» — Қолжазба бойынша беріліп отыр. 1933 жылғы баспасында: — «Айда-ай», ал 1950, 1957 жылғы жинақтарда: «Ойда-ай» — деп алынған.

105) «Жаман-жұман кісілері де» — Қолжазба мен 1933 жылғы баспасы бойынша берілді. 1950, 1957 жинақтарда: «Жаман кісілері де» — болып басылған.

106) «Жыртып өлтіріп барады» — Қолжазба бойынша алынды. 1933, 1950, 1957 жылғы баспаларында: «Жыртып барады» — делінген.

107) «Аузы-басын қасақдатысып» — Қолжазба мен 1933, 1950 жылғы баспалары бойынша жіберілді. 1957 жылғы баспада: «Аузы-басын қасақдасып» — деп беріліпті.

108) «Етік-метігімен керіп кетіп» — Қолжазба мен 1933 жылғы баспасы бойынша жіберіліп отыр. Соңғы баспаларында: «Етік-метігімен кіріп кетіп» — делінген.

109) «Сүйенетініміз» — Қолжазба бойынша алынды. 1933, 1950, 1957 жылғы жинақтарда: «Сүйетініміз» — болып басылған.

110) «Жүзін сипап» — Қолжазба бойынша қабылданды. Өзге баспаларында «Жұрт сипап» — деп беріліпті.

111) «Әбден сіңісіп алған екен» — Қолжазба мен 1933, 1950 жылғы жинақтар бойынша жіберілді. 1957 жылғы баспасында: «Әбден сіңісіп қалған екен» — деп жарияланып келді.

112) «Ұшығы кетсін үшін» — Қолжазба мен 1933 жылғы баспасы негізінде қабылданды. Соңғы жинақтарда: «Ұшығын кетіру үшін» — делінген.

113) «Ал, емдеуге кірісті» — Қолжазба мен 1933 жылғы баспасы бойынша жіберілді. Кейінгі жинақтарда: «Емдеуге кірісті» — деп басылған.

114) «Түрегеліп» — Қолжазба мен 1933 жылғы жинақ бойынша алынды. 1950, 1957 жылғы баспаларында: «Тұра келіп» — деп беріліпті.

115) «Деп қожа-молда алхам, күһуалланы сындыра біледі-мыс деген заттардан қырық-елу жанды» — Қолжазба мен 1933 жылғы баспасына негізделіп жіберілді. Өзге жинақтарда: «Қожа-молда алхам күһуалланы біледі-мыс деген қырық-елу жанды» — болып басылған.

116) «Ишекең де» — Қолжазба бойынша беріліп отыр. Өзге баспаларында: «Ишекеңдер» — делінген.

117) «бастары да қылтылдап» — Қолжазба бойынша жіберілді. Өзге жинақтарда: «бастары да қылқылдап» — деп басылған.

118) «Ла бәдду, алсам да илассубиқ» — деп басталатын төрт жол 1950, 1957 жылғы баспаларында түсіп қалған. Бұл жолдар қолжазба мен 1933 жылғы жинақ бойынша толықтырылды.

119) «Мүркіттің халі мүшкіл» — Қолжазба мен 1933 жылғы баспасы негізінде беріліп отыр. 1950, 1957 жылғы жинақтарда: «Мүркіттің қолы мүшкіл» — делініп келді.

120) «Қамданысты» — Қолжазба негізінде жіберілді. Өзге жинақтарда «Қамдасты» — болып басылған.

121) «Қызылды-жасылды» — Қолжазба бойынша алынды. 1933, 1950, 1957 жылғы баспаларында: «Қызып-жасылды» — деп беріліпті.

122) «Уақ» — Қолжазба мен 1933 жылғы жинақ негізінде жіберілді. 1950, 1957 жылғы баспаларында бұл сөз түсіп қалған.

123) «Үшкіріп түкіртетіні бар» — Қолжазба мен 1933 жылғы баспасы бойынша қабылданды. Өзге жинақтарда: «Үшкіртетіні бар» — делінген.

124) «Бәрін қылдыратына» — Қолжазба мен 1933 жылғы баспасы бойынша жіберіліп отыр. 1950, 1957 жылғы жинақтарда: «Бәрін істететіні» — деп басылған.

125) «Бақсы» — Бұл сөз 1933, 1950, 1957 жылғы баспаларында түсіп қалған. Қолжазба бойынша қосылып отыр.

126) «Қоярға керек» — Қолжазба мен 1933 жылғы жинақ бойынша беріліп отыр. Өзге баспаларында: «Қоюға керек» — делініп келді.

127) «Біраз дем салысты» — Қолжазба мен 1933, 1950 жылғы баспалары бойынша алынды. 1957 жылғы жинақта:

«Бір аз дем алысты» — болып басылған.

128) «Тағы далада сөйлеп» — Қолжазба бойынша жіберілді. Өзге жинақтарда бұл сөз жоқ.

129) «Жанымбысың!» — Қолжазба бойынша беріліп отыр. Өзге жинақтарда: «Қанымбысың!» — делінген.

130) «Уақытым қош айтысар болды сізге», — Қолжазба мен 1933 жылғы жинақ бойынша жіберіліп отыр. 1950, 1957 жылғы баспаларында: «Уақытым қош айтысар болды сізде» — деп жарқаланып келді.

131) «Бол себеп ақырында қалмасқа ізі». — Қолжазба мен 1957 жылғы баспасы бойынша алынды. 1933, 1950 жылғы жинақтарда:

«Бұл себеп ақырында қалмасқа ізі» — деп басылған.

132) «Апарып беремін, — деп» — Қолжазба мен 1933 жылғы баспасы бойынша берілді. 1950, 1957 жылғы жинақтарда: «Апарып беремін, деп еді» — делінген.

133) «Пұрсат бөріңіздер» — Қолжазба мен 1933 жылғы жинақ бойынша жіберілді. Өзге баспаларында: «Рұқсат бөріңіздер» — деп беріліпті.

134) «Араша беруді қойды. Отырған кісілер арасына түсіп» — Қолжазба бойынша қабылданды. 1933, 1950, 1957 жылғы баспаларында бұл сөздер жоқ.

135) Осыдан былайғы текст қолжазба бойынша бірінші рет беріліп отыр. Бұл текст негізгі жинақтардың ешқансысында жоқ. 162 бет.

Зарландым (1912).— 1933, 1950, 1957 жылғы жинақтарда шығарманың «Зарландым» деген атынан кейін «Әңгіме» деп көрсетілген. Ал, шығарманың басындағы кіріспе сияқты өлеңде ақын:

Роман деуге болады мұның өзі,
Фельетон тәртібінде әрбір сөзі,
Құрмаған падаларға мысал — айна,
Не шара соқтыр болса еңді өмі,—

дейді.

Бұл жерде Сұлтанмахмұт «роман», «фельетон», «мысал» дегенде бұл шығарманың қай түрге жататынын анықтау үшін емес, қазақ елі тұрмысынан, оның оқу-ағарту жайынан көптеген мәлімет берген мазмұнының көңдігін ескерткенге ұқсайды. Ал, негізгі баспаларындағы бұл шығарманы әңгіме қатарына жатқызу да оның дәлелді емес сияқты. Расында бұл әңгімеден гөрі очеркке жақын. Сұлтанмахмұт бұл очеркін баспаға жібергенде соңына төмендегі хатты жолдаған.

«Құрметті Шайбай туысқаным! Сөзінде тұрмады деп, өкпелей көрмеңіз, түгел жазып беруге уақыт болмағандығын жазылған қағаз, қара сия, формынан да аңғарарсыз. Және де оразадағы уақытым қазақ шаруасынан аса алмайтындығы мәлім ғой. Неге десен, бала оқыту, құран, тарауық, рекағат... Тиілісін пайда... қарастырумен болады ғой. Және мұны да біліп қойыңыз. Өзіңіз көргендегіден бір есе көбейтіп, көп сөздер қосып түзедім. Осындай тетрадь қағазымен отыздан аса қағаз шамасында болар. Балки қырық болуы да мүмкін. Сөз жобасы осы жеті бөлімнен де белгілі болар.

С. Торайғыров.

Егер рет келіп, бастырам деп айтушы талапкер болса, қарастыраарсыз; қолайлы тапсаңыз хат жазарсыз, тіршілік болса, әбден түзеп, түгелімен жазып, мұнан орны келмесе, жіберуге де болады.

Басқа турасы өзіңізге мәлім. 1912, 15 август».

1) «Атсаң оқ, айтса сөз өтпейтің» — Қолжазба бойынша берілді. 1933 жылғы баспасында: «Атсаң оқ, айтсаң сөз ұқпайтын»

деп, ал 1950, 1957 жылғы жинақтарда: «Атсаң оқ өтпейтін, айтса сөз ұқлайтын» — делінген.

2) «Үшіншісі — біздер». — Қолжазба мен 1933 жылғы жинақ бойынша жіберіліп отыр. 1950, 1957 жылғы жинақтарда: «Үшіншісі» — деп басылған.

3) «Көк өрім» — Қолжазба негізінде алынды. Басты жинақтарда «Көк өмір» — болып басылған.

4) «Думаи шәкірт атанып» — Қолжазба мен 1933 жылғы баспасы бойынша қабылданды. Өзге жинақтарда: «Думаи шәкірт атанып» — делінген.

5) «Ғылым-өнер» — Қолжазба бойынша берілді. Негізгі жинақтарда: «Ғылым өзіке» — делініп келген еді.

6) «Көзіміз ашылды, рахмет нұры шашылды деп біліп, қуанышымыз қойынға сыймады» — Қолжазба мен 1933, 1950 жылғы жинақтарға негізделіп берілді. 1957 жылғы баспасында тексті «Көзіміз ашылды» — деген сөзбен бітіп, «рахмет нұры шашылды деп біліп, қуанышымыз қойынға сыймады» — деген сөздер қалып қойған.

7) «Мәнісін айтуға» — Қолжазба мен 1933 жылғы баспасы бойынша берілді. 1950, 1957 жылғы жинақтарда: «Мәнісін айтар едім» — делінген.

8) «Кітабыңызды кірлемес, жырtpас, оқып беруге беріңіз». — Қолжазба бойынша алынды. Негізгі баспаларында:

«Кітабыңызды кірлемесін, жырtpасын, оқып беруге беріңіз» — делінген.

9) «Сұм заманның молдасы да бір түрлі». — Қолжазба мен 1933 жылғы жинақ бойынша жіберілді. 1950, 1957 жылғы баспаларында: «Сұм заманның баласы да» — делінген.

10) «Дәндете-дәндете» — Қолжазба бойынша берілді. Өзге жинақтарда: «Дәндете-әндете» — деп басылып келген.

11) «Қой, балам, желікпе!» — Қолжазба бойынша алынды. 1933, 1950, 1957 жылғы баспаларында:

«Қой, балам, жілке!» — делінген.

12) «Данышпансып» — Қолжазба бойынша қабылданды. 1933 жылғы баспасында: «Данпансып», ал, 1950, 1957 жылғы жинақтарда: «Дандайсып» — деп жіберілген.

13) «Талайсыз сорлы» — Қолжазба мен 1933 жылғы баспасы бойынша берілді. Өзге жинақтарда: «Талапсыз сорлы» — делінген.

14) «Қысқасы, нтшілеп күн көрсем де» — 1950, 1957 жылғы

баспалары бойынша жіберіліп отыр. Ал қолжазба мен 1933 жылғы жинақта:

«Қысқасы ет жнып күн көрсем де» — деп басылған.
175 бет.

Қазақ ішінде оқу оқыту жолы қалай? (1913).— Тұңғыш рет «Айқап» журналының 1913 жылғы 12 санында (256—267 б.) жарық көрді. Кейін 1933, 1950, 1957 жылғы жинақтардың бәріне де енді.

1) «Қазіргі қалпында» — «Айқап» бойынша қабылданып отыр. Кейінгі баспаларында: «Қазіргі қалыпта» — делінген.

2) «Ғылым, өнер ашудың» — деп «Айқап» журналы бойынша алынса, негізгі жинақтарда: «Білім-өнер ашудың» — делініп келген.

3) «Тағы өз бақытың» — деп «Айқап» журналы бойынша қабылданса, өзге жинақтарда: «Тағы өз бағың» — делінген.

4) «Үйретуге керек» — «Айқап» журналы бойынша жіберілді. 1933, 1950, 1957 жылғы баспаларында:

«Үйрету керек» — деп алынған.

5) «Шаманың жоқтығын айтсаң» — «Айқап» журналындағы текст бойынша алынып отыр. 1933 жылғы баспасында: «Шаманың жоғын айтсаң», ал 1950, 1957 жылғы жинақтарда: «Шаманың жоғын айтсаң» — делінген.

6) «Амалсыз байлауда» — «Айқап» журналы бойынша берілді. 1933, 1950, 1957 жылғы баспаларында: «Амалсыз жайлауда» — делінген.

7) «Бой таса» — «Айқап» журналы бойынша беріліп отыр. Өзге жинақтарда: «Бойын таса» — деп басылып келген.

8) «Қазақ халқына тұрған молданың мысалы» — «Айқап» журналы мен 1933, 1950 жылғы жинақтар бойынша жіберілді. 1957 жылғы баспасында: «Қазақ халқына тұрған молданың көрген күні мысалы» — делінген.

9) «Аттың бағасындай» — «Айқап» журналы бойынша қабылданды. Өзге жинақтардың бәрінде де:

«Аттың басындай» — деп басылып келген.

10) «Жеңілейту жағын» — «Айқап» журналы бойынша алынды. Өзге жинақтарда: «Жеңілейтетін жағын» — делінген.

178 бет.

Өлең һәм айтұшылар (1913).— Алғаш рет «Айқап» журналында (1913, № 13, 293—295 беттер) жарияланған. Осы баспасында «Айқап» журналы негізге алынды. Ақынның 1933, 1950, 1957 жыл-

ғы жинақтарында бұл мақала «Өлең мен айтушылары» деп басылып келген.

1) «Түс мысалында» — «Айқап» журналы бойынша жіберілді. 1933, 1950, 1957 жылғы жинақтарда: «Түс есебінде» — делінген.

2) «Анда барсаң, әндеткен өлең» — «Айқап» журналы бойынша жіберілді. Өзге баспаларында: «Анда барсаң, әндеткен» — деп алынған.

3) «Жаңғыртырып» — «Айқап» журналы бойынша беріліп отыр. Өзге жинақтарда: «Жаңғыртып» — делінген.

4) «Сор дейтімі» — «Айқап» журналы бойынша жіберілді. Басқа жинақтарда: «Соры дейтіміз» — деп беріліпті.

5) «Рұхпен қандандыратыны» — «Айқап» журналы бойынша алынды. Өзге баспаларында: «Рұхпен нандыратыны» — делінген.

6) «Маған салса» — «Айқап» журналы бойынша қабылданды. Өзге баспаларында: «Маған десе» — деп алынған.

7) «Талайлы жұрттардың» — «Айқап» журналы мен 1933 жылғы жинақ бойынша жіберілді. Өзге баспаларында «Талапты жұрттардың» — делінген.

8) «Шарт та шұрт» — «Айқап» журналы мен 1933 жылғы баспасы бойынша беріліп отыр. 1950, 1957 жылғы жинақтарда: «Сарт та сұрт» — деп алынған.

9) «Хақ» — «Айқап» журналы бойынша жіберілді. Өзге жинақтарда: «Ақ» — делінген.

181 бет.

Ауырмай есімнен жаңылғаным (1913). — Алғаш «Айқап» журналында (1913, № 17, 375—378 беттер) басылған. Ақынның 1933, 1950, 1957 жылғы жинақтарына еніп келді. Осы басылуында «Айқап» журналындағы текст негізге алынып отыр.

1) «Тмышып отыра алмадым» — «Айқап» пен 1933 жылғы жинақ бойынша берілді. 1950, 1957 жылғы баспаларында:

«Тмыштап отыра алмадым» — делініп келген.

2) «Сырбаздың тап өзі екен» — «Айқап» пен 1933 жылғы жинақ бойынша алынды. 1950, 1957 жылғы баспаларында:

«Сабаздың дәл өзі екен» — делінген.

3) «Ес жоқ, түс жоқ» — «Айқап» журналы бойынша қабылданды. 1933, 1950, 1957 жылғы баспаларында:

«Есі-түсі жоқ» — деп алынған.

4) «Кітабыңызды ала жүріңіз» — «Айқап» журналы бойынша беріліп отыр. 1933, 1950, 1957 жылғы баспаларында бұл сөздер жоқ.

5) «Зарлы» — «Айқап» пен 1933 жылғы баспа бойынша берілді. 1950, 1957 жылғы жинақтарда бұл сөз жоқ.

6) «Екі сым борбайды» — «Айқап» журналы бойынша берілді. Өзге баспаларында: «Екі сым борбайды» — делінген.

7) «Неке сол» — «Айқап» журналы бойынша жіберілді. Негізгі жинақтарда бұл сөз қалып қойған.

8) «Жуан молда дан» — «Айқап» журналы бойынша берілді. 1933, 1950, 1957 жылғы баспаларында: «Жуан-жуан молда дан» — делінген.

9) «Дуылдастын» — «Айқап» журналы мен 1933 жылғы жинақ бойынша қабылданып отыр. Басқа жинақтарда: «Дуылдасты» — деп басылған.

10) «Киіне бастадым» — «Айқап» журналы бойынша берілді. Өзге баспаларында: «Кете бастадым» — деп жарияланып келген.

11) «Доп-домалақ» — «Айқап» журналы негізге алынды. Өзге баспаларында: «Домалақ» — делінген.

12) «Деп айтуға қане» — «Айқап» журналы бойынша берілді. Өзге жинақтарда: «Деуге ғана» — деп басылған.

13) «Құрмайтын ба» — «Айқап» пен 1933 жылғы баспасы бойынша жіберілді. Өзге жинақтарда: «Құрмадық ба» — делінген.

14) «Баспалатуларымызға қарсы» — «Айқап» пен 1933 жылғы баспасы бойынша берілді. 1950, 1957 жылғы жинақтарда: «Баспалатуларына қарсы» — деп алынған.

15) «Бұрқырап тұра келгенінде» — «Айқап» журналы мен 1933 жылғы баспасы бойынша берілді. 1950, 1957 жылғы жинақтарда: «Бақырып тұра келгенінде» — деп басылған.

16) «Ырза, ырза, көптен ырза» — «Айқап» журналы бойынша жіберілді. Өзге баспаларында «Разы, разы, көп разы» — болып басылып келген.

17) «Олла алмаймын» — «Айқап» журналы бойынша берілді. Өзге жинақтарда: «Қол да алмаймын» — деп басылып келген.

18) «Көз жасты алмаймын» — «Айқап» пен 1933 жылғы баспасы бойынша берілді. 1950, 1957 жылғы жинақтарда: «Көз жасына қалмаймын» — делінген.

186 бет.

Қазақ тіліндегі өлең кітаптары жайынан (1913). — Алғаш 1913 жылы «Айқаптың» (№ 19, 404—405 б., № 20, 319—420 б., № 22—23, 451—452 б.) сандарында жарияланып аяғына: «С. М. Т.» деп қол қойылған. Бұл мақала негізгі жинақтардың бәріне де енді.

1) «Орданданқыраса да» — деп «Айқап» журналы бойынша алынса, өзге баспаларында: «Одыраңданқыраса да» — деп қабылданған.

2) «Сонан бері» — «Айқап» журналы бойынша берілді. Басқа жинақтарда: «Содан бергі» — делінген.

3) «Құр туғанына ғана» — «Айқап» журналы бойынша жіберілді, өзге жинақтарда осындағы «ғана» деген сөз түсіп қалған.

4) «Екеу-үшеуін былай қойғанда» — «Айқап» пен 1933 жылғы жинақ бойынша жіберілді. 1950, 1957 жылғы баспаларында бұл сөздер жоқ.

5) «Яза бер, ойыңа алған кәлеміңді» — «Айқап» журналы мен 1933 жылғы жинақ бойынша берілді. Ал 1950, 1957 жылғы баспаларында: «Яза бер, ойыңа алған қаламыңды» — делінген.

6) «Ішінен дін үйренген ғалым шығып» — «Айқап» журналы бойынша берілді, ал негізгі баспаларында: «Ішінен дін үйренген ғалым шығып» — деп басылып келген.

7) «Қайда көңілге, тілге ойнау» — «Айқап» журналы бойынша жіберіліп отыр. Өзге жинақтарда: «Қайда көңілге, тілге ұнау!» делінген.

8) «Сыбдырынан табырлық» — «Айқап» журналы бойынша жіберіліп отыр. 1933 жылғы жинақта: «Сыбдырынан табырлық» — болып, ал кейінгі жинақтарда: «Сыбдырынан табарлық» — деп басылған.

9) «Шын жылаған жастың тамшысы» — «Айқап» пен 1933 жылғы жинақ бойынша беріліп отыр. 1933 жылғы жинақта соңғы сөз: «Шын жылаған жастың қамшысы» болып, ал, 1950, 1957 жылғы жинақтарда: «Шын жылаған көз жастың тамшысы» — делінген.

10) «Қайта өзіңді сүйсіндіріп» — «Айқап» журналы бойынша берілді. Ал, өзге жинақтарда: «Қайта өздеріңізді сүйсіндіріп» — деп басылған.

11) «Нағыз шынын айтқан уақытта» — «Айқап» журналы бойынша қабылданды. Негізгі баспаларында: «Нағыз шынын айтқанда» — делінген.

12) «Шата тілдердің шатысуынан» — «Айқап» пен 1933 жылғы жинақ бойынша берілді. 1950, 1957 жылғы жинақтарда: «Шала тілдердің шатасуынан» — делініп келген.

13) «Саяси істерде қазақ һәм басқа шарық халқының хайлакер, ант бұзғыш, сұз-қасд өкендігі Русь үкіметі қасында енық мағлұм болмағандықтан Әбілқайыр ханның бұл өтініші жоғарғы дәлтираларда қуанышпен қабыл етілді» — «Айқап» журналы бойын-

ше жіберіліп отыр. Ал, осы үзіндідегі «болмағандықтана» деген сөз 1933, 1950, 1957 жылғы жинақтарда «болғандықтана» — делініп басылған. Егер соңғы жинақтардағыдай дегіні болсақ, онда контекстен мүлдем бөлек, басқа мағына туады.

14) «Бір шернеф еді» — «Айқап» журналы бойынша алынды. 1933, 1950, 1957 жылғы жинақтарда:

«Бір шарып еді» — делінген.

15) «Жоғарғы мынау сөздің ағылына салыстырып қараңыз: «Қазақта бір мақал бар еді: «батыр деген бір барақ ит, екі қатымының бірі табады, би деген ақ шарығат, ілуде бір-ақ қатым табады» деген. Сол айтылған билер ұлы жүзден шықты: Үйсін Төле би, Орта жүзден шықты: Аргын Төйтеке би, Кіші жүзден шықты: Алшын Әйтеке би, ең ақыры көше қазақ Рессияға қаратқан заманда Шоң билер болды. Ол қазақтың ортасымен құдай жаратқан билері бар заманда халық қандай халде болды? Қой үстіне торғай жұмыртқалаған заман болды. Кеше Шоң деген кісі тоқты ұрлаған ұрыны тарттырып өлтіртті. Жеті ұрыны бір көлдік басында тарттырып өлтіргеннен сол көл «Ұрының көлі» атанды».

Міне бұл тым армантындағы кісінің сөзі емес, мұнан 50—60 жыл ғана бұрын жазылған сөз — «Айқап журналы мен 1933 жылғы жинақта осы үзінді толық берілген. Ал, 1950, 1957 жылғы жинақтарда бұл үзінді алынып тасталған. Сондықтан ұсынылып отырған жинаққа бұл үзінді қайта қосылды.

16) «Сөз боп жазылады» — «Айқап» журналы бойынша қабылданды. 1933 жылғы жинақта: «Сөз болып жазылды» — деп, ал 1950, 1957 жылғы баспаларында: «Сөз болып жатылса да» — делінген.

17) «Құлақты саңырау» — «Айқап» пен 1933 жылғы жинақ бойынша жіберілді. 1950, 1957 жылғы жинақтарда:

«Құлағы саңырау» — деп басылған.

192 бет.

Жазықсыз тамған қан (1915). — 1933, 1950, 1957 жылғы баспаларында: «Өлеңмен жазбақ драманың материалы» деген атпен өніп келді. Және бұлардың бәрінде де шығарманың ағылына «1915 жыл» деп көрсетілген. Алайда, 1916 жылы «Қазақ» газетінің 168 санында «Жазықсыз тамған қан» деген атпен қоқшау сөз деп жарияланып, аяғына «Торайғыр» деп қол қойылған. «Жазықсыз тамған қанның» осы жинақта «Қазақ» газетіндегі тексті жіберіліп отыр.

«Жазықсыз тамған қанның» газеттегі нұсқасы мен кейінгі баспаларындағы текст арасында көп айырма бар. 1933 жылғы жинақты құрастырушылар осы шығармаға берген түсініктерінде автор қолжазбасында өшірілген кейбір сөз, сөйлемдерді текстке қайта енгізіп отырғандарын ескерткен. Және кейінгі баспалар мен газеттегі тексті салыстырудан жинақты құрастырушылардың кейде негізгі тексте бар сөйлем, сөздерді өздері алып тастап отырғандығы да байқалады. Сөйтіп осының нәтижесінде шығарманың жарияланған нұсқасы мен жинақтардағы нұсқасы арасында көптеген айырма, өзгешелік туған. Асылы 1933 жылғы жинақты құрастырушылар шығарманың әбден өкшеліп, өңделіп, ықшамдалған, ақын көзі тірісінде жарық көрген нұсқасын негізге алмай, қолжазбаға сүйенгені көрініп тұр. Сонымен қатар 1933 жылғы жинақтағы тексте құрастырушылар тарапынан біраз өңдеулер болғаны да аңғарылады.

197 бет.

Сақып пен Жантұрсын (1915) — 1933, 1950, 1957 жылғы жинақтарда бұл «Өлеңмен жазбақ драманың материалы» деген шығарманың жалғасы ретінде басылып келген еді. Бірақ оның қалайша жалғасы болатындығы жөнінде ешбір дерек жоқ, жөнді дәлел де келтірілмеген. Біз бұл үзіндіні аяқталмаған жеке шығарма ретінде беруді мақұл таптық.

198 бет.

«Социализм» (1918).— Ақынның аяқталмаған мақаласы. Алғаш рет «Абай» журналының 1918 жылғы 3-санында (1—2 бетте) жарияланған. Сұлтанмахмұттың 1933, 1950, 1957 жылғы баспаларына да еніп келді. Ұсынылып отырған жинаққа сол «Абай» журналында басылған текст негіз етіп алынды. Журналдағы мақалаға «Сұлтанмахмұт» деп қол қойылып, «Аяғы бар» деп көрсетілген.

Бұл мақаланың «Социализмді» сөз ететін екінші бөлімі жоғалып кеткен. Бар бөлігінің өзінде автор адамзат қоғамының басынан кешірген тарихын айта келіп, ендігі ұрпақтың оның ішінде қазақ төрізді әртта қалып қойған елдердің адам баласының миллиондаған жылдар бойындағы тәжірибесін пайдалана отырып, тез арада мәдениетке не болатындығына сенім білдіреді. Демек, жазушының бұл мақаласы, ең жақсы дегенде, ағартушылық идеясы көлемінде ғана жазылған. Сонымен қатар осы мақалада өрескел қателер де бар, оларды да естен шығармай ескерген қажет.

1) «Тама-тама жасалған нәрсе дария болса» — «Абай» журна-

лы бойынша берілді. 1933, 1950, 1957 жылғы баспаларында: «Жасалған дария болса» — делінген.

2) «Жол табысу керек» — «Абай» журналы мен қолжазба бойынша қабылданды. Өзге жинақтарда: «Жол табу керек» — деп алынған.

3) «Неше мың жылдар бұрынғы қалпында жатыр. Сонша көп» — «Абай» журналы мен қолжазба бойынша беріліп отыр. Өзге жинақтарда: «Неше мың жылдар көп» — деп басылған.

4) «Бір жігітің» — «Абай» журналы мен қолжазба бойынша беріліп отыр. 1933, 1950, 1957 жылғы баспаларында: «Жігітің» — деп алынған.

5) «Басынан өткізіп» — «Абай» журналы мен қолжазба бойынша жіберілді. Өзге жинақтарда: «Басынан өткізгендері» — деп жарияланып келді.

6) «Кететіні секілді Европа жұртының қазақ халіндегі халінен мыңдап жылдары өткізіп барып жеткен осы күнгі біз сұқтанатын халінен» — «Абай» журналы бойынша беріліп отыр. 1933, 1950, 1957 жылғы жинақтарда: «Кететіні сияқты, Европа жұрты да қазақ халіндегі халінен мыңдап жылдарды өткізіп барып жеткен. Осы күнгі біз сұқтанатын халінен» — деп басылып келген.

7) «Ұшып тұра келгенде, желкелеп жығып» — «Абай» мен қолжазба, 1933 жылғы баспасы бойынша берілді. 1950, 1957 жылғы жинақтарда: «Ұшып келгенде, желкелеп шығып» — деп берілген.

8) «1895 жылда Қытайды шалқасынан түсірді» — «Абай» журналы мен қолжазба бойынша берілді. Өзге баспаларында бұл сөйлем жоқ.

9) «1904 жылда» — «Абай» журналы мен қолжазба бойынша жіберілді. 1933, 1950 жылғы баспаларында: «1904 жылдар» — болып, ал 1957 жылғы жинақта: «1904 жылғы соғыстан» — делінген.

10) «Телеграмн» — 1933 жылғы жинақ, «Абай» журналы мен қолжазба бойынша қабылданды. Ал, 1950, 1957 жылғы баспаларында: «телеграф» — деп алыныпты.

11) «Тағы-тағы сондайлар» — «Абай» журналы мен қолжазба бойынша жіберілді. 1933, 1950, 1957 жылғы жинақтарда: «Тағы-тағылар» — деп басылған.

12) «Түрлісі күн көрістің» — «Абай» журналы мен қолжазба бойынша қабылданды. 1933 жылғы баспасында: «Түр күн көрістің», ал 1950, 1957 жылғы жинақтарда «Түрлі күн көрістің» — болып басылып келген.

13) «Миллион жас жігіттер мүшелерінен айрылып» — «Абай»

журналы мен қолжазба бойынша жіберілді. 1933, 1950, 1957 жылғы баспаларында: «Миллион жастардың мүшелерінен айрылып» — делінген.

14) «Болып үйіліп» — «Абай» журналы мен қолжазба, 1933 жылғы жинақ бойынша берілді. 1950, 1957 жылғы баспаларында: «үйіліп» деген сөз түсіп қалған.

15) «Басында жастық, аузында сусын жоқ, қара жермен» — «Абай» журналы бойынша алынды. 1933, 1950, 1957 жылғы баспаларында бұл сөздер жоқ.

16) «Зорлауы мен таланда» — «Абай» журналы мен қолжазба бойынша қабылданды. Ал 1933, 1950, 1957 жылғы жинақтарда: «Зорлау менен талауда» — делінген.

17) «Ұялмай» — «Абай» журналы бойынша берілді. Өзге баспаларында: «Ойламай» — деп жарияланған.

18) Кейбіреулер қорқырап — «Абай» журналы бойынша берілді. Өзге баспаларында: Кейбіреулер қорқырап — делінген.

19) «Оңай» — «Абай» журналы мен 1933 жылғы жинақ бойынша берілді. 1950 жылғы баспасында:

«Ондай» — деп, ал 1957 жылғы жинақта:

«Ондай ғып» — болып алынған.

20) «Апаттан адам баласының» — Қолжазба мен 1933 жылғы баспасы бойынша жіберілді. «Абай» журналында: «Уақыттан адам баласының» деп, ал, 1950, 1957 жылғы жинақтарда: «Апаттан өнер күшімен соғысқан апат арқасында адам баласының» деп басылған.

21) «Бір бәлесі: өмірлік құл қылуға себеп болды» — «Абай» журналымен қолжазба бойынша қабылданды. 1933 жылғы баспасында: «Бір бәлесі: өмірлік құл қылуға себеп болуы» — деп, ал 1950, 1957 жылғы жинақтарда: «Бір бәлесі: адамды өмірлік құл қылуға себеп болуы» — деп басылып келген.

22) «Алып жейтін» — «Абай» журналы бойынша берілді. 1933, 1950, 1957 жылғы жинақтарда бұл сөздер жоқ.

23) «Малы болуына» — 1933, 1950, 1957 жылғы баспалары бойынша жіберілді. «Абай» журналында: «Малдануына» — болып жарияланған.

24) «Сияқтыларға» — Қолжазба мен 1933, 1950, 1957 жылғы жинақтар бойынша алынды. «Абай» журналында: «Сондайларға» — деп басылған.

25) «Бұлар неге неленбейді!» — «Абай» журналы бойынша қа-

былданды. 1933, 1950, 1957 жылғы баспаларында: «Олар неге келендірмеді?» — делінген.

26) «Төрнхтан да» — «Абай» журналы бойынша жіберілді. 1933, 1950, 1957 жылғы жинақтарда бұл сөз жоқ.

27) «Еуропа оларға қарағанда періштесінген хайуандарды нанға у қосып беріп қиналғанын қызық көрмеді ме?» — «Абай» журналы мен қолжазба бойынша жіберіліп отыр. 1933 жылғы баспаларында: «Еуропаларға қарағанда періштесінген хайуандарға у қосып беріп қиналғанын қызық көрмеді ме?» — делінсе, ал 1950, 1957 жылғы жинақтарда: «Еуропаларға барғандарына періштесінген хайуандар у қосып беріп қиналғанын қызық көрмеді ме?» — деп басылып келді.

28) «Төрелер» — «Абай» мен қолжазба бойынша жіберілді. Өзге баспаларында: «Түрлер» — деп алыныпты.

29) «Жақсысының мойнына бұршағын салып айтқан» — «Абай» журналы бойынша жіберілді. Қолжазба мен 1933, 1950, 1957 жылғы жинақтарда: «Жақсы бұршағын салып айтқан» — делінген.

30) «Қару, өнері бар деп көнді» — Қолжазба бойынша алынды. Өзге жинақтарда: «Қару бар деп көнді» — деп басылған.

31) «Русь жұртында бізден гөрі өнердің ер жеткендігінен тапқан пайдамыз. Русьтың не қыл дегеніне көніп тұру болатын» — «Абай» журналы мен 1933 жылғы жинақ бойынша беріліп отыр. 1950, 1957 жылғы баспаларында: «Орыс патшалығында бізден гөрі өнердің ер жеткендігінен тапқан пайдамыз» — деп басылып келген.

32) «Қалған бірі өгізіндей жегілі» — «Абай» журналы бойынша алынды. 1933 жылғы жинақта:

«Қалған ірі өгіздеі жегілі» — болып, ал 1950, 1957 жылғы жинақтарда:

«Қалғандары өгіздеі жегілі» — деп басылыпты.

33) «Неге өлгенше» — «Абай» журналы бойынша қабылданды. Өзге жинақтарда: «Өлгенінше», — делінген.

34) «Жеңіл күн көріс, бақытқа жете алмайтыны» — «Абай» журналы бойынша берілді. Өзге жинақтарда бұл сөз жоқ.

206 бет.

Құрметті Шәйбәй туысқаным (1912). — Ақынның бұл хаты 1933 жылғы жинақта «Зарландым» атты әңгімесімен хоса басылды. Жинаққа бірінші рет жеке беріліп отыр.

207 бет.

207 бет.

Құрметті басқарушы (1912).— Ең алғаш «Айқап» журналында (1912. № 14, 313—314 беттер), «Басқармаға келген хаттар» деген рубрикамен басылған, бұл да бірінші рет беріліп отыр.

208 бет.

Басқарушы мырза (1913) — Алғаш «Айқап» журналында (1913. № 15, 338—339 беттер), «Басқармаға келген хаттар» деген атпен жарияланды. Ақын жинағында бірінші рет басылып отыр.

209 бет.

Өтініш [1913].— Тұңғыш рет «Айқап» журналының сол жылғы 16 санында жарияланған. Бұл да жинаққа бірінші рет беріліп отыр.

210 бет.

«Айқап» басқармасына хат [1913].— Бұл хат та «Айқап» журналында (1913. № 19), «Ішкі хабарлар» деген рубрикамен басылды. Аяғына ақын «С. М. Т.» деп қол қойған.

212 бет.

Тарбағатайға хат [1916].— Ең алғаш ақынның 1933 жылғы жинағында басылды. Жинаққа бірінші рет жеке беріліп отыр.

213 бет.

Елден, Устькаменогорск уезден (1915).— Алғаш «Айқап» журналында (1915. № 5, 75-бет) жарияланды. Жинақта тұңғыш рет басылып отыр.

216 бет.

Ескі сөз (1918) — «Абай» журналының сол жылғы 4 санында (12 бет) жарияланып, аяғына «Төруші Сұлтанмахмұт» деп қол қойған. Ақын жинағына бірінші рет беріліп отыр.

Естеліктер

220 бет.

Өлкей Марғұланның естелігі — Алғаш рет 1940 жылы 22 майда «Лениншіл жас» газетінде басылды. Естелік сол газеттен алынды.

222 бет.


Шәйбай Аймановтың естелігі — Ш. Айманов тапсырған қолжазбадан алынған, бірінші рет басылып отыр.

228 бет.

Нүрке Жаналжіннің естелігінен — Қазақ ССР Ғылым академиясының Орталық ғылыми кітапхана қорынан (папка № 655) алынып, бірінші рет беріліп отыр.

230 бет.

Кенжетай Аймановтың естелігінен — Бұл да Қазақ ССР Ғылым академиясының кітапхана қорынан (папка № 655) алынып, бірінші рет басылып отыр.



МАЗМУНЫ

Кім жазықты?	8
Қамар сұлу	81
Әңгіме, өлең, мақалалар, хаттар	180
Естеңігіңіз	218
Соңғы сөз	234
Түсініктер	292

Султанмахмут Торайгирев
ПРОИЗВЕДЕНИЕ В 2-х ТОМАХ
ТОМ II

(на казахском языке)

Издательство «Жазушы» — 1967

Редактор **Т. Молдагалеев**
Художник **А. Дячкин**
Худож. редактор **Э. Полякова**
Техн. редактор **М. Проказева**
Корректор **М. Рзагалиева**



Сдано в набор 5/VIII-66 г. Издано
№ 245. Подписано к печати 13/XII-66 г.
УГО2094. Бум. тип. № 1, 70×108¹/₃₂—
10 л. л.— усл. л. л. 14 л. (Уч.-изд.
14 л.). Тираж 17900 экз. Цена 70 коп.

Заказ № 2145. Полиграфкомбинат
Главполиграфпрома Государственно-
го комитета Совета Министров Ка-
захской ССР по печати, г. Алма-Ата,
ул. Пастера, 39.